



Қарашығанақ: тұрақты дамудың бүгінгі райы

КПО тұрақты

даму есебі

2019

МАЗМҰНЫ



КІРІСПЕ

Тұрақты даму есебі жөнінде
Бас директордың алғысөзі
Өндіріс шеңберінде

КОРПОРАТИВТІ БАСҚАРУ

4 Маңызды тақырыптар және
стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу
6
11 Менеджмент саласындағы әдістер
Бизнес-этика

ЖАУАПТЫ ОПЕРАТОР

23 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы **34**
Өндіріс тұтастығы және қауіпсіздікті
қамтамасыз ету **50**
32 Денсаулықты сақтау **60**
Қызметкерлер және олардың дағдылары **67**



ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

2019 жылғы қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары **82**
Санитарлық қорғау аймағы **85**
Қоршаған орта мониторингі **90**
Атмосфераға тасталатын шығарындылар **94**
Энергия тиімділігі **100**
Су қорларын тұтыну және қайта пайдалану **102**
Қалдықтарды басқару **106**
Биотүрлілік **110**

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

Әлеуметтік инвестициялар **113**
Жергілікті халықпен қарым-қатынас **116**
Жеткізілімдерді ұйымдастыру **123**
Жергілікті қамтуды дамыту **125**

ЕСЕП БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

GRI көрсеткіштері **131**
Тәуелсіз растау туралы есеп **143**
Глоссарий **144**
Кері байланыс **147**

КІРІСПЕ

Тұрақты даму есебі жөнінде / 4

Бас директордың алғысөзі / 6

Өндіріс шеңберінде / 11

2019 ЖЫЛЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗГЕН НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІМІЗ

Осы есеп – «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясының тұрақты даму туралы он екінші есебі. Бұл құжатта біз 2019 жыл бойынша тұрақты дамудың үш бағытындағы қызметіміздің нәтижелерін жариялаймыз. Сонымен қатар есепте мүдделі тараптармен әрекеттесу арқылы жүзеге асырылған басқару саласындағы біздің әдістеріміз, әлеуметтік серіктестіктеріміз, экологиялық бастамаларымыз және жобаларымыз да берілген.



Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі, млн адам сағатқа шаққанда

0,06



Тіркелетін оқиғалардың жалпы жиілігі, млн адам сағатқа шаққанда

0,28



Жол-көлік оқиғаларының жиілігі, млн км жүріп өткен жолға шаққанда

0,02



Тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған көмірсутектерді өндіру

10 147

МЫҢ ТОННА

Сатып алудағы қазақстандық қамту үлесі

57%

Газды кәдеге жарату

99,91%

Шетелдік қызметкерлерді жергілікті мамандармен алмастыру:

басшылық құрам

79%

білікті мамандар мен супервайзерлер



96%

1-сурет. Тұрақты даму мақсаттарына КПО Тұрақты даму кодексінде айқындалған қағидалар арқылы жету



ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЕСЕБІ ЖӨНІНДЕ

«Біз тұрақты даму кодексінде айқындалған және бүгінгі қажеттіліктерді болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндіктеріне еш қауіп төндірмей орындайтын деп кең мойындалған тұрақты даму анықтамасына толықтай жауап беретін қағидастарды сақтауға тырысамыз».

КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстан филиалының (бұдан әрі КПО) негізгі міндеті – Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнын табиғатқа қамқорлық және экономикалық тиімділік қағидастары негізінде және жергілікті халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуы және өркендеуі үшін мүмкіндіктер жасай отырып игеру.

Бұл мақсатқа жету жолында КПО өз қызметіне тұрақты даму қағидастарын енгізуді жалғастырып келеді және келесі шарттарды орындауда өз үлесін қосады:

- ▶ Компанияның шарушылық қызметімен байланысты ықтимал теріс әсерді азайту және мүмкіндіктерді барынша арттыру;
- ▶ Қарашығанақ кен орнын игеру барысында қабылданып отырған шешімдерінің ұзақ мерзімді салдарларын ескеру;
- ▶ Мүдделі тараптарды сындарлы сұхбатқа тарту;
- ▶ Өндірісті ұйымдастырудың озық әдістерін енгізу және ашықтықты қамтамасыз ету.

Компания өз бизнесін жүргізу үшін тұрақты дамудың кодексінде айқындалған 10 қағидасын басшылыққа алады. Бұл қағидалар БҰҰ тұрақты дамудың 12 мақсатына сәйкес келеді.

Есепті қолдану аясы мен шегі

/ GRI 103-1, 102-1, 102-50, 102-51, 102-52 /

КПО тұрақты даму туралы есебінің шегі Компанияның Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны мен Қарашығанақ-Орынбор, Қарашығанақ-Атырау экспорттық құбыр жүйелері аумағындағы барлық қызметіне қатысты.

Осы есеп КПО Компаниясының 2019 жылғы қызметін қамтиды. Құжатта біздің 2019 жылғы нәтижелеріміз де, 2020 жылға жасаған жоспарларымыз да берілген. Көрсеткіштеріміз алдыңғы бірнеше жылмен салыстыра жарияланған. Осылайша біздің қызметіміздің тұрақтылығы көрсетілген. Қалыптасқан тәртіпке сай біз қол жеткізген жетістіктерімізді де, тап болған қиындықтарымызды да сипаттаймыз. Өзіміз айқындаған маңызды аспектілеріміз есептің мазмұнында да, бір аттас тарауда да берілген.

Тұрақты даму бойынша 2018 жылғы есеп 2019 жылдың қыркүйек айында жарияланды. Одан бұрынғы есептерді КПО веб-парақшасындағы «Тұрақты даму» бөлімінен табуға болады. Сонымен қатар, біздің есеп GRI ұйымының сайтында www.globalreporting.org және корпоративтік жауапкершілік туралы есеп берудің әлемдегі ең үлкен электронды анықтамасы болып табылатын Corporate Register анықтамасының деректер қорында жарияланған (www.corporateregister.com).

КПО – Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орнының акционерлер атынан қызмет атқаратын оператор және 1998 жылы Нидерланд елінде тіркелген оператор. Бүгінгі таңда КПО халықаралық консорциум құрамына «Шелл», «Эни», «Шеврон», «ЛУКОЙЛ» және «ҚазМұнайГаз» ҰК компаниялары кіреді. КПО өз қызметін акционерлер мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған өнімді бөлу туралы

түпкілікті келісім (бұдан әрі – ӨБТК) шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

Филиалды акционерлер қаржыландырады және, ӨБТК-ге сәйкес акционерлердің бекітілген құқығын ескере отыра, КПО салған немесе сатып алған барлық негізгі мүлік есептен шығарылмайды, сарқылмайды және амортизацияланбайды. ӨБТК қарыз немесе капитал бойынша капиталдандыруды қарастырмайды. Осылайша, КПО қаржылық есеп беруі сату көлемдерін және қаржылық-шаруашылық қызмет нәтижелерін қамтымайды. КПО қызметінің нәтижелері Қазақстан Республикасының Үкіметі мен акционерлер арасында бөлініп, олар, өз бетінше, қаржылық қызметтері туралы мәліметтерді, соның ішінде кіріс, таза сатылым, капиталдандыру және басқа да ақпаратты өз қаржылық есептерінде жариялайды. / GRI 102-7 /

2019 жыл бойынша Тұрақты даму есебі КПО директорлар комитетімен мақұлданды, және акционер компаниялардың тұрақты даму бойынша қосалқы комитет мүшелерімен келісілді.

Тұрақты даму саласында қолданылатын есеп беру бойынша стандарттар / GRI 102-54 /

Осы есеп КПО үшін едәуір елеулі тақырыптар бойынша бірқатар көрсеткіштерді анықтаумен GRI стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалды. Есепті дайындау барысындағы біздің басты мақсатымыз GRI стандарттары талап ететін ақпараттың ашықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету болды.

Сонымен қатар біз GRI G4 нұсқаулығынан мұнай-газ бойынша бірнеше индикаторларды да ашып баяндадық.

КПО тұрақты даму туралы есептерін дайындау туралы сөз қозғаған кезде, осыдан бұрынғы 2017 және 2018 жылдар басылымдары GRI стандарттары талаптарына сай жасалғанын айта кеткен жөн. 2013 жыл мен 2016 жыл аралығында шығарылған КПО есептері GRI G4 есеп беру бойынша жаһандық бастаманың төртінші нұсқаулығына сәйкес дайындалды және КПО Қазақстан аумағында осы GRI G4 нұсқаулығының талаптарын қолданған алғашқы компанияларды бірі болды. Одан бұрынғы есептер GRI G3 үшінші нұсқаулығы бойынша дайындалған болатын.

Ақпараттың тәуелсіз расталуы

/ GRI 102-56 /

Іріктемелі жарияланатын мәліметтерді GRI халықаралық стандарттары бойынша тәуелсіз растау үшін КПО EY (Ernst & Young) компаниясының көмегіне жүгінді. EY компаниясының ішінара көрсеткіштерді тәуелсіз растау туралы есебі [143-бетте](#) берілген.



Осы есеп КПО үшін едәуір елеулі тақырыптар бойынша бірқатар көрсеткіштерді анықтаумен GRI стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалды

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

/ GRI 102-14 /

Құрметті оқырмандар,

Назарларыңызға «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы Қазақстандық филиалының тұрақты даму туралы есебінің он екінші басылымын ұсынамыз.

КПО-ның тұрақты даму туралы есебі кәсіпорынның экологиялық, экономикалық, әлеуметтік салалардағы басты жетістіктері туралы ақпарат береді. Есепте кәсіпорнымыз әрі мүдделі тараптарымыз үшін маңызды деп танылған мәселелер туралы баяндаймыз.

/ GRI 102-15, 103-1 /

Есептік 2019 жыл КПО үшін мерейтойлық жыл, себебі біз Қарашығанақ кен орнының 40 жылдығын тойладық және КПО үшін барлық бағыттар бойынша айтарлықтай сәтті болды. Әрі қарай негізгі қызметтеріміз бойынша қысқаша шолу көрсетілген.

Эдвин Блом

КПО бас директоры

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы

Біздің міндетіміз – өндірісте жарақаттану мен апаттарды түбегейлі болдырмау. Қауіпсіздік техникасы талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге біздің мердігерлерімізбен қоса КПО-дағы барлық қызметкерлер өз үлестерін қосуда.

Еңбек ресурстарының құндылығы қауіпсіздік техникасын, еңбек пен қоршаған ортаны қорғауды және өндіріс тұтастығын қамтамасыз етуде біздің басты назарымызда.

2019 жылы біз ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында үздік көрсеткіштерге қол жеткіздік. Өндірісте 1-класс тораптар мен жабдықтардың жұмысында айтарлықтай ақаулар тіркелген жоқ, ал КПО тарихындағы ең ауқымды жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде барлық қажетті жөндеу және техникалық қызмет көрсету жұмыстары орындалды. Біздің өндірістік процестердің қауіпсіздігіне қойылатын жүйелі әдістеріміз және қолданыстағы қорғаныс тосқауылдары қызметкерлерге жабдықты пайдалану кезінде қажетті ережелерді сақтауға мүмкіндік береді, осылайша оның жоғары сенімділігі қамтамасыз етіледі.

Компаниядағы ҚТ мәдениетін жақсарту үшін қызметкерлердің өз тәртіптерін өзгертуге ынталандыру мақсатында біз ҚТ бойынша көшбасшылық жоспарын енгіздік. Еңбекті қорғау мен қауіпсіздік саласындағы көшбасшылық және мәдениет бағдарламасы осы жоспардың маңызды құрамдас бөліктерінің бірі. Бағдарламаның міндеттері – кейін жұмыс алаңындағы жұмыскерлерді жұмысты қауіпсіз орындау әдістерін қолдануға үйрету үшін топ жетекшілерінің дағдыларын дамыту және жақсарту.

Ақсай және Орал қалалары арасында қызметкерлерді тасымалдау үшін КПО екінші жыл теміржол көлігін пайдаланып келеді (арнайы пойыз жалданады). 2019 жыл-

дың соңынан бастап Компания қызметкерлеріне өз отбасы мүшелерін тасымалдауға рұқсат берілді.

Былтырғы жылмен салыстырғанда 2019 жылы КПО-да еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар саны (0,29-дан 0,06-ге дейін) және есепке алынуы тиіс жарақаттар саны (0,50-ден 0,28-ға дейін) айтарлықтай азайды. Жол-көлік оқиғалар жиілігі көрсеткіші 0,03-тен 0,02-ге дейін төмендеді: 2019 жылы бір жол-көлік оқиғасы тіркелді.

Жыл ішінде КПО Батыс Қазақстан облысының басқа мұнай-газ кәсіпорындарымен еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау және импорты алмастыру мәселелері бойынша бірлесіп белсенді әрекет жасады. ТШО, НКОК мен КПО компаниялары арасында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ортақ мәселелерді шешу, қауіпсіз тәртіп мәдениетін қалыптастыру, тәжірибемен және ақпаратпен сындарлы алмасу бойынша өзара әрекеттестік орнатылды. Сондай-ақ, 2019 жылдың қыркүйегінде КПО Каспий аймағындағы еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау, қауіпсіздік және әлеуметтік жауапкершілік мәселелеріне арналған Қазақстандағы Халықаралық мұнайшы инженерлер қоғамының 1-симпозиумына қатысты.

Медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында жұмыстанып, есептік жыл ішінде Компания қызметкерлер мен олардың отбасыларының денсаулығына қатысты қамқорлықты тұрақты түрде көрсетіп келді. Медициналық сақтандыру бойынша жаңа келісімшарт аясында медициналық мекемені өздігімен таңдауға, сонымен қатар, бір отбасы мүшелерінің сақтандыру бойынша шоттағы қаражатты басқаруға мүмкін болды. 2019 жылы басталған Ақсай қаласы ауруханасын жаңарту жобасы Компания қызметкерлері мен жергілікті тұрғындардың мүдделері үшін жедел медициналық көмек көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

КПО өз өндірістік қызметінде
экологиялық көрсеткіштер бойынша
ақпараттық ашықтықтың жоғары
деңгейлі компаниясы ретінде
танылды



Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойылғалы бері 2019 жылдың аяғына дейін Қарашығанақ кен орнын игеруге жұмсалған жалпы инвестиция саны

\$26 млрд
доллардан асты

Өндірістік қызметтер, өнімді сату және кен орнын игеру жобалары

2019 жылы өндірісті оңтайландыруға ерекше мән бере отырып, ұңғымаларды бұрғылау және оларды өндірістік нысандарға байланыстыру бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырдық. Бұрғылау және күрделі жөндеу жұмыстарын орындау үшін кен орында екі бұрғылау қондырғысы жасады. Біз жаңа 5-ішкі кәсіптік құбыр үшін бірінші газ айдау ұңғымасын сәтті іске қостық, сонымен қатар жаңа екі ұңғыма бұрғылады. Жанама оқпандарды бұрғылау арқылы үш ескі ұңғыма көлденең ұңғымаларға өзгертілді. Нәтижесінде коллектор қабатының аз зерттелген аймағын игерудің бірінші кезеңі аяқталды және осы бағыттағы жұмыстар үшін жағдайлар жасалды.

2019 жылы Компания тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер, тазартылмаған және отын газы ретінде 138 млн мұнай эквивалентіндегі баррель (БМЭ) өнім өндірді. Қабат қысымын ұстап тұру үшін 8,710 млн текше метр газ қабатқа кері айдалды. Жалпы сатылымдар көлемі 134,7 млн БМЭ құрады. Өндірілген сұйық өнімнің шамамен 99,8%-ы тұрақтандырылған мұнай күйінде Каспий құбыр желісі консорциумы, Атырау-Самара құбыр желісі арқылы және әрі қарай Транснефть желісі бағытымен батыс нарықтарына сатылды. 9,1 млрд м³ газ өндіріліп, Орынбор газ өңдеу зауытында өңделу үшін толықтай «ҚазРосГаз» ЖШС-не сатылды.

Қабат қысымын ұстап тұру және сұйық көмірсутектер өндірісін арттыру мақсатында 2019 жылы КПО қабатқа 8,7 млрд м³ газды кері айдады, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің шамамен 47%-на тең.

2019 жылдың күзінде біз барлық негізгі нысандардың Компания тарихындағы ең ауқымды жоспарлы

жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Жоспарланған жұмыс көлемі уақытылы және ешқандай оқиғасыз орындалды, бұл өндірістің қауіпсіздік және жабдықтың сенімділік деңгейін айтарлықтай арттырды. Жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде жаңа жобалар үшін барлық механикалық қосылымдарды аяқтадық.

2019 жылы консорциум серіктестері ГҚДҚ-2-де 4-газды кері айдау компрессорын орнату жобасын мақұлдау туралы келісіміне қол қойғаны туралы айтып кеткен жөн. Бұл ҚМГКК игерудің маңызды кезеңін тудыратын елеулі жетістік. Өндіру көлемін барынша ұстап тұруын қамтамасыз ететін 5-ішкі кәсіптік құбыр іске қосылды. Өндіру деңгейін арттыру бойынша екі жоба, яғни өндірістік шектеулерді алу және 4-ші компрессорды орнату жобалары қазіргі кезде іске асырылуда. Қарашығанақты кеңейту жобасы (1-кезең) бойынша жоба алды жұмыстары кезеңі аяқталды.

Қоршаған ортаны қорғау шаралары / GRI 102-15 /

КПО табиғатты қорғау қызметінде жаңа технологияларды белсенді қолданып, эмиссияларды азайту, қалдықтарды кәдеге жарату және биотүрлілікті сақтау шараларына ерекше мән береді. 2019 жылы КПО-да газды кәдеге жарату бойынша 99,91%-н, ал газды алауда өртеу көлемі жалпы газ өндірісінің 0,09%-н құрады. Біз 224 мың тонна парниктік газ шығарындыларын азайтуға қол жеткіздік, бұл жоспарланған шамадан екі есе жоғары. Бұл негізінен ұңғымаларды сынақтан өткізу және тазалау кезіндегі мұнай мен газ өндірісі технологияларын пайдалану арқасында жүзеге асты. КПО-ның өндірілген өнім бірлігіне шаққандағы салыстырмалы шығарындылар көрсеткіші 1 мың тонна өндірілген көмірсутектерге шаққанда 0,29 тоннаны құрады. IOGP халықаралық қауымдастығының есептерімен салыстырғанда КПО-ның парниктік газ іс жүзіндегі салыстырмалы

шығарындылары 2019 жылы еуропалық көрсеткіштер деңгейінен 23%-ға және халықаралық көрсеткіштер деңгейінен 52%-ға төмен.

Компанияның 2019 жылы ҚМГКК мен оның санитарлық қорғау аймағындағы тарихи және мәдени ескерткіштерді анықтау және зерделеу бойынша археологиялық зерттеу жұмыстары мәдени мұраны сақтауда маңызды оқиға болды. Аталмыш жұмыстар нәтижелері Компанияның өндірістік қуатын арттыру кезінде кен орны картасын жаңарту және тарихи-мәдени нысандарды тіркеу үшін қолданылады. Сонымен қатар, Компанияның бұзылған жерлерді қайта қалпына келтіру бойынша жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келетінін айтып өту керек.

1998 жылдан бастап 2019 жылдың аяғына дейін КПО қалдықтарды азайту шараларымен бірге әртүрлі қоршаған ортаны қорғау шаралары мен бастамаларына 405 млн АҚШ долларын инвестиция ретінде жұмсады. Орташа алғанда жыл сайын ҚМГКК өндіру кезінде 60 мың тонна қалдық шығады, оның 55 мың тоннасы қайта өңделеді, қайта қолданылады және кәсіпорында қауіпсіз орналастырылады. Үшінші тарап кәсіпорындарға тек шамамен 5 мың тонна қалдық жіберіліп, олардың 3 мың тоннасы қайта қолдануға жаратылады.

КПО өз өндірістік қызметінде экологиялық көрсеткіштер бойынша ақпараттық ашықтықтың жоғары деңгейлі компаниясы ретінде танылды. 2019 жылы міндетті экологиялық аудит жүргізілді. Біз әртүрлі экологиялық рейтингілер мен байқауларға белсене қатысамыз. 2018–2019 жылдары КПО ҚР Энергетика Министрлігінің қолдауымен Ресейдің дүниежүзілік жабайы табиғат қоры және «КРЕОН» тобымен ұйымдастырылған Қазақстан мұнай-газ компанияларының экологиялық жауапкершілігі бойынша рейтингінде екінші орынға ие болды. 2019 жылы «жасыл экономика» саласындағы серіктестік бойынша Қазақстанның

халықаралық бастамасын жүзеге асыру аясында КПО «Жасыл көпір» серіктестік бағдарламасымен ұсынылған» деген арнайы белгісіне ие болды.

КПО үш жыл бойы табиғатты пайдаланушылар, мемлекеттік органдар, сарапшылар және үкіметтік емес ұйымдарымен өзекті экологиялық мәселелерді талқылау үшін қолайлы алаңға айналған Орал қаласында Uralsk Green Forum халықаралық экологиялық форумын жүргізіп келеді. 2019 жылғы 6 маусымда өткен форумның басты тақырыбы жаңа экологиялық кодекстер болды. 2020 жылға қоршаған ортаны қорғау саласындағы ең жақсы қолжетімді технологияларды қолдану аспектілерін талқылау жоспарланды. Сонымен қатар, КПО жыл бойы қоршаған ортаны қорғау және жер қойнауын пайдалану саласында нормативтік-құқықтық актілерді дайындау бойынша жұмыс топтарына белсене қатысып отырды.

Кадрларды дайындау / GRI 102-15 /

Жоғары білікті мамандарды жұмысқа тартып, оларды ұстап қалу бәсекеге қабілетті болуға және инновацияларды енгізуге кепіл болады. КПО ұжымда адал әрі сенімді қарым-қатынас орнатуды көздейді. 2019 жылы КПО еңбек ресурстары бөлімінің құрамында еңбек қатынастарды реттеу бойынша жаңа бөлімше құрды. Бұл мердігерлер қызметкерлері құқықтарының сақталуын қамтамасыз етуде маңызды қадам болды.

Кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы аясында 20 шетел азаматтары жасаған лауазымдарға жергілікті жұмыскерлер тағайындалды. Шетелдік қызметкерлер жасап жатқан бес лауазым қысқартылды. 2019 жылдың аяғында техникалық қызметкерлер құрамының 96%-ын, жетекшілік лауазымдардың 79%-ын, ал барлық қызметкерлердің 93%-ын Қазақстандық қызметкерлер құрады.

Бұрын басталған оқыту және дамыту бағдарламалары 2019 жылы да жалғасты, оларға жедел дамыту бағдарламалары, өндіріс және техникалық қызмет көрсету мамандарын кәсіби даярлау бағдарламалары, сондай-ақ бұрғылау, апатқа қарсы әрекет ету, келісімшарттар мен сатып алуларды басқару, ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы сертификаттау, аудит сияқты салалардағы халықаралық сертификаттау бағдарламалары кірді.

ӨБТК қол қойылғаннан бері Компания үздік халықаралық оқыту және дамыту орталықтарын, сондай-ақ өз оқыту орталықтарын пайдаланып жергілікті мамандарды кәсіби даярлау мен біліктіліктерін арттыруға 225 млн АҚШ долларынан астам қаржы бөлді.

Цифрландыру жобасы / GRI 102-15 /

КПО-ның цифрландыру бойынша әзірленген жол картасы цифрландыру саласындағы қысқа, орта және ұзақ мерзімді мүмкіндіктерді жүзеге асыруға бағытталған. Аталмыш құжатта цифрлық технологияларға көшудің және өндіріс, ұңғымаларды пайдалану, игеру жобалары, жергілікті қамту мен өндірістік инфрақұрылым салаларындағы бизнес процестерді жетілдірудің негізгі кезеңдері белгіленген. Ағымдағы іс-шаралар өндірісті оңтайландыруға, ұңғыма жұмыстары параметрлерін бақылауға, жобаларды жүзеге асыруда смарт қондырғылар мен цифрлық трансформацияларға, қағазды қажет ететін процестерді азайту мен автоматтандырылған жұмыс процестерін барынша көбейтуге, қойманы басқаруға, мониторинг және жөндеу-қалпына келтіру шараларын жетілдіруге, сондай-ақ цифрлық экожүйені ынталандыру мен жергілікті ресурстарды дамыту мақсатында Қазақстандық университеттермен және институттармен ынтымақтастық орнатуға бағытталған.

Бұл цифрландыру жобасы негізгі цифрлық мүмкіндіктер бәсекеге қабілетті болу үшін міндетті шарт деген



түсінікке негізделген. Сондай-ақ, цифрландыру бастамалары ұзақ мерзімді жоспарда ақпараттық технологиялар саласында БҚО-да компаниялар кластерін құра алатын жергілікті ұйымдарды анықтау арқылы жергілікті қамтуды дамытуға ынталандырады және жергілікті ресурстарды дамытады.

КПО, БҚО әкімдігі мен ҚР Білім және ғылым министрлігі арасында жаңа қызметкерлерді оқыту және стартаптарды қолдау арқылы жергілікті қамтуды дамыту бойынша ынтымақтастық жөнінде хаттамаға қол қойылды.

Экономикаға инвестициялар және жергілікті халықпен қарым-қатынас / GRI 102-15 /

Компания Қарашығанақ жобасында жергілікті қамту үлесін арттыруға және жергілікті тауар өндірушілерді қолдауға елеулі үлес қосып келеді.

Есептік жылы КПО-ға жеткізілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамтудың үлесі 57%-ға жетіп, ақшалай шамамен 683,5 млн АҚШ долларын құрады. 1997 жылы ӨБТК қол қойылғаннан бері КПО-ның тауарлар, жұмыстар мен қызметтердегі жалпы жергілікті қамту үлесі 7,7 млрд АҚШ долларынан асты.

Компания бұрын басталған тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің жергілікті кәсіпорындармен қамтамасыз етілу бастамаларын жыл бойы жалғастырды. КПО жалпы сатып алу көлемінен 30% Қазақстандық тауарларды сатып алды. Оған қоса, жергілікті өндіруші тауарларын сатып алуға жеті келісімшарт беріліп, жергілікті компаниялар арасында 32 «Қазақстандық тендер» жүргізілді.

КПО жыл сайын Батыс Қазақстан облысында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыра-

ды. Бұл жобаларға тас жолдарды, көшелерді, көпірлерді, сондай-ақ денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт нысандарын салу мен жөндеу жұмыстары кіреді. Бұл жұмыстарды тек Қазақстандық мердігерлер орындайды. 2019 жылы КПО БҚО аймағында үш әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаны жүзеге асырып, 12 жаңа жобаны орындауға кірісті. 2018–2022 жж. аралығында облыстың әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларын жүзеге асыру үшін қосымша 50 млн АҚШ доллар бөлінді, сондай-ақ бұрын жұмсалмаған қаражат есебінен 15,3 млн АҚШ долларын құрайтын әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалардың жаңа тізбесі бекітілді.

2019 жыл аяғында КПО-ның БҚО әлеуметтік инфрақұрылымына жұмсаған инвестиция көлемі 400 млн АҚШ долларын құрады.

КПО қайырымдылық жобалар өткізу, сондай-ақ жергілікті потенциалды арттыру арқылы жергілікті тұрғындарға қажетті қолдау көрсету үшін жұмыстанып келеді. Өткен жыл ішінде КПО жергілікті билік органдарымен бірлесіп, ұңғымаларды қосу мен құрылыс жобаларының қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша 10 қоғамдық тыңдау өткізді. Қайырымдылық бағдарламасы аясында зейнеткерлерге «Ақжайық» шипажайына 200 жолдама беріліп, Орал қаласындағы жазғы лагеріне демалысқа 78 оқушы жолдама алды.

Жыл бойы Компания Березов пен Бестау ауылдарынан көшірілген тұрғындар жағдайларын қадағалауды жалғастырды. Жаңа қонысқа көшірілген тұрғындарды қара топырақпен қамтамасыз ету, құрылыс ақауларын жөндеу және жергілікті әлеуметтік нысандарды абаттандыруда барынша қолдау көрсетіп келеміз. КПО мамандары Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан алты елді мекенде, атап айтқанда Приурал, Өспен, Жаңаталап, Жарсуат, Қарашығанақ және Димитрово ауылдарында алты Консультативтік кеңес отырысын өткізді. Әлеуметтік, қоршаған ортаны қорғау және апаттық жағдайлардағы эвакуация мәселелері

КПО-ның тұрғындармен өткізген жиналыстарының басты тақырыптары болды.

2019 жылдың аяғында Қарашығанақ жобасы серіктестері Қарашығанақ кен орнын игеру үшін 26 млрд АҚШ долларын жұмсады, ал ҚР бюджетіне міндетті төлемдер мен салықтар төлемі 1,6 млрд АҚШ долларын құрады.

2019 жылдың аяғында КПО QRA рейтингілік агенттігінің IX жыл сайынғы есептер сайысында 2018 жылғы тұрақты даму есебі бойынша «Тұрақты даму туралы ақпаратты үздік ашып көрсету» категориясында бірінші орынға ие болды. Бұл аталмыш сайыстағы соңғы үш жыл бойы алып отырған марапатымыз.

КПО барлық мүдделі тараптармен жақсы қарым-қатынаста болу, қызметкерлерді қауіпсіз әрі толық жарамды жұмыс ортасымен қамтамасыз ету, жергілікті тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерін азайту бағытындағы жұмыстарын жалғастырады.

2020 жылдағы коронавирус жайылуына қарсы КПО компаниясының әрекет ету шараларын да атап өткен жөн. Осы есепті шығару уақытында біз вирустың өндірісте таралуының алдын алу бойынша барлық қажетті шараларды қолға алдық. Соның ішінде, бірақ солармен ғана шектелмей: мемлекеттік органдардың нормативтік ұйғарымдарын орындау, санитарлық шараларды және әлеуметтік қашықтықты сақтау саясатын енгізу. Біз қызметімізді қауіпсіздіктің барлық талаптарымен және 2020 жылға белгіленген өндірістік мақсаттармен қатаң сәйкестікте жүргізуді жалғастырып келеміз. Десек те, пайда болатын мәселелерді шешу жолында КПО өз басымдылықтары мен бизнес үдерістерін қайта қарауға мәжбүр болатыны анық.

Эдвин Блом
КПО бас директоры

ӨНДІРІС ШЕҢБЕРІНДЕ

Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В. (КПО) Қазақстандық филиалы Қазақстан Республикасы аймағында өндірістік және геологиялық барлау қызметін жүргізетін халықаралық мұнай және газ, конденсат компаниясы. КПО өз қызметтерін Қазақстанның солтүстік-батысында орналасқан және 280 шаршы км астам аймақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ, конденсат кен орындарының бірі болып табылатын Қарашығанақ кен орнында жүргізуде. / GRI 102-3, 102-4, 103-1 /

Қарашығанақ кен орны шалғай және пайдалануға қиын аймақта орналасқан. Бұл жерде қоршаған орта температурасы қыста –40°C, жазда +40°C аралығында болуы мүмкін. Үстіңгі қабаты 3 500 м тереңдікте орналасқан қар қалыңдығы 1 600 м - құрайды әрі аса күрделі және ерекше болып табылады. Көмірсутектерінің құрамында 4,5%-ға дейін улылығы жоғары күкіртсутегі және белгілі бір жағдайларда коррозиясы жоғары болуы мүмкін көмірқышқыл газы (CO₂) бар.

Бүгінгі таңда Қарашығанақ жобасын бес құрушы компания – «Эни», «Шелл», «Шеврон», «Лукойл» және «ҚазМұнайГаз» басқарып, Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісім және Реттеу жөніндегі келісім негізінде бірлесіп жұмыс атқарып келеді.

ҚР қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссияның 17.11.2017 күнгі отырысында қабылданған Қарашығанақ кен орнындағы мұнай-газ, конденсат және ілеспе компоненттер қорын қайта есептеу туралы соңғы КПО есебінің бағалауы бойынша Қарашығанақта 13,6 млрд баррель сұйық көмірсутек пен 59,4 трлн текше фут газ бар, және олардың 13%-на жуығы 2019 жылғы жағдай бойынша өндірілген. / OG-1 /

Жыл сайын Компания экономикалық кірісті тұрақты көбейтуге және қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуға бағытталған алдыңғы қатарлы технологияларды қолдануға қаржы жұмсап келеді. 1997 жылы Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге қол қойылғалы бері 31.12.2019 жылғы жағдай бойынша Қарашығанақ кен орнын игеруге жұмсалған жалпы инвестиция саны 26 миллиард АҚШ долларынан асты. 2019 жылдың соңында КПО-да 4 532 адам еңбек еткен. / GRI 102-7 /

КПО өндірістік нысандары

/ GRI 102-7, 102-4 /

Көмірсутектерді өндіру, дайындау және өңдеу жұмыстары өзара байланысқан негізгі үш қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГҚДҚ-2 мен ГҚДҚ-3. Негізгі нысандарды байланыстырып, өндірістік ағындарды ұңғымадан қондырғыларға қарай және қондырғылар арасында бағыттап, өнімдерді жинауға және бөлуге арналған ішкі өндірістік өткізгіш құбырлар жүйесі шамамен 2000 шақырымды құрайды. Сондай нысандардың қатарына Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы мен Экоорталық жатады. Қарашығанақ кен орнының жалпы көрінісі 2-суретте берілген.


КПО-да қолданылатын тұрақтандырылған сұйық көмірсутектерді тасымалдау жүйесіне негізгі экспорттық бағыт – «Қарашығанақ – Атырау» тасымалдау жүйесі (ҚАТЖ) және біреуі ҚӨК, ал екіншісі Үлкен Шаған ауылында оған кіретін екі сорғы станциясы, сондай-ақ КПО-ның Атырау терминалында өнімді қабылдау және сақтауға арналған нысандары кіреді. Екінші экспорттық бағыт – газды Ресей Федерация-

сында орналасқан Орынбор газ өңдеу зауытына тасымалдау үшін КПО қолданатын «Қарашығанақ-Орынбор» тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ).

2019 жылдың аяғына қарай Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры 466 ұңғыманы құрады, оның ішінде 110 өндіру мен 18 кері айдау ұңғымалары жұмыс істейді. 2019 жылдың желтоқсан айында Қарашығанақ өндіру деңгейін арттыру жобаларын жүзеге асыру шеңберінде, КПО компаниясы үш айдау ұңғымаларымен байланысқан 5-магистралды құбыржолды сәтті іске қосты. Бесінші магистралды құбыржол бүкіл кен орны бойынша сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін арттыру мақсатында газды кері айдау мүмкіндіктерін жетілдірді.

Ұңғымалар қорының алдыңғы жылдармен салыстырғанда (2018 жылы 462 ұңғыма) 4 ұңғымаға артуы, негізінен, жаңа жазық ұңғымалардың (өндіріс ұңғымаларының қоры), бесінші магистралды құбыржолға арналған бір көлденең айдау ұңғымасының және шағын бақылау ұңғымаларының (арнайы ұңғымалар қоры) бұрғылануынан орын алды. Ұңғымалар қорының алдыңғы жылдармен салыстырғанда баяу өсуінің себебі – 2019 жылы бұрғылау жұмыстарының көбі ұңғымалардың бүйір оқпанын бұрғылауды немесе қолданыстағы ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізуді қамтығаны.

2-сурет. Қарашығанақ нысандары мен өнімдері / GRI 102-7 /



Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар / GRI 102-2, 102-6 /

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, тазартылмаған газды және жанармай газын өндіреді және өңдейді. Алынған көмірсутек өнімдерінің басым көпшілігі сатудан түсетін кірісті көбейту мақсатында экспортталады.

2019 жылы өндірілген сұйық өнімнің 99,8% жуық көлемі тұрақтандырылған мұнай күйінде батыс нарықтарына келесі жолдар арқылы сатылды:

- ▶ Каспий құбыр консорциумы (КҚК),
- ▶ Атырау-Самара құбыр желісі және «Трансмұнай» құбыр жүйесі арқылы одан әрі.

КҚК құбыр желісі арқылы КПО мұнайы Новороссийсктің Қара теңіз портына (Южная Озереевка ауылы) жеткізіледі, ал Атырау-Самара құбыр желісі мұнайды Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына жеткізуге пайдаланылады (3-сурет).

Маркетингтің негізгі мақсаты – таза бағасы ең жоғары құбыр желісі болып табылатын КҚК арқылы экспортты және мұнайды сату көлемін барынша арттыру. Атырау-Самара бағытымен тасымалданатын өнімнің таза бағасы КҚК құбырынан сәл төмен болғандықтан, ол КҚК желісінде қандай да бір іркілістер жағдайында қосалқы тармақ болып қала берді.

2019 жылы мұнай сатылымдары бойынша оңтайлы нұсқаларды үздіксіз іздеу нәтижесінде КПО жалпы 10,16 млн тонна мұнай көлемінің 10,08 млн тоннасын Компания үшін табыстылығы ең жоғары КҚК құбыр желісі арқылы экспортқа жіберді. Сонымен қатар, аталған уақыт ішінде Атырау-Самара құбыр желісі арқылы рекордтық төмен көрсеткіштегі – 0,08 млн мұнай көлемі шығарылды. Сұйық көмірсутектердің қалған көлемі Орынбор ГӨЗ арқылы Ресейге және

жергілікті нарыққа тұрақтандырылмаған конденсат күйінде жеткізілді.

Кен орнында алынған газ қабаттық қысымды ұстап тұру үшін қайтадан қабатқа айдалады, сонымен қоса «КазРосГаз» ЖШС-мен жасалынған Газды сату бойынша ұзақ мерзімді келісім бойынша тазартылмаған газ күйінде сатылады немесе КПО нысандарының қажеттіліктері және жергілікті электр қуатын таратушы компаниялар үшін электр энергиясын өндіру мақсатында күкіртті сутектен (H₂S) тазартылады.

Жоспарлы жөндеу жұмыстарына өндірістік нысандардың толықтай тоқтатылғанына қарамастан, 2019 жылы Орынбор газ өңдеу зауытына (ГӨЗ) кейінгі өңдеу үшін КПО «КазРосГаз» ЖШС компаниясына 9,1 млрд м³ шикі газ сатты. Орынбор бағытына

3-сурет. КПО экспорттық бағыттары / GRI 103-1 /



шикі газды сатудың бұл көлемі – КПО тарихындағы 2018 жылғы 9,5 млрд м³ рекордынан кейінгі екінші көрсеткіш.

Газды өңдеу қызметінің тұрақтандырылмаған конденсат жеткізілмдеріне тәуелділігін жою жобасының аяқталуымен, 2018 жылғы 17 қыркүйектен бастап, КПО тұрақтандырылмаған конденсатты Орынбор бағытында жіберуді тоқтатты. Осылайша, Компания сұйық көмірсутектер ағынын Орынбор бағытынан КҚК құбыр желісіне және «Конденсат» АҚ-ның мұнай өңдеу зауытына жіберу арқылы табысты ұлғайтуға мүмкіндік алды.

Қарашығанақ кен орнында

13,6 млрд баррель

сұйық көмірсутек пен

59,4 трлн текше

фут газ бар,
және олардың

13%-на

жуығы
өндірілген



2019 жылдағы өндіріс және сатылым

/ GRI 102-2, 102-7 /

2019 жылы КПО компаниясы тұрақты және тұрақсыз сұйық көмірсутек пен газ күйіндегі 137,9 млн баррель мұнай эквивалентінде (БМЭ) өнім өндірді. 2019 ж. газды жеткізу көлемі 9,1 млрд текше метрге жетті.

1-кесте. 2019 жылғы өндіріс көлемі

		2017	2018	2019*
Жалпы өндіріс көлемі**	млн БМЭ	145,8	147,5	137,9
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың тонна	11 247	10 953	10 147
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн м ³	18 924	18 913	18 614
Газды кері айдау <i>қабатқа кері айдалған газ</i>	млн м ³	9 289	8 589	8 710
Тазартылған газ <i>кен орны қажеттіліктеріне пайдаланылған</i>	млн м ³	739,5	723,6	685,4

* Жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу жылы

** Өндірістің жалпы көлеміне қабатқа кері айдалған газ көлемі кірмейді

2-кесте. 2019 жылғы сатылымдар

		2017*	2018*	2019
Сатылымның жалпы көлемі	млн БМЭ	142,3	143,5	134,7
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер <i>Орынбор ГӨЗ және «Конденсат» АҚ-ның мұнай өңдеу зауытына жеткізілетін тұрақтандырылмаған конденсат</i>	мың тонна	657	615*	9,9**
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер <i>КҚК және Атырау-Самара құбыры арқылы жеткізілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат</i>	мың тонна	10 715	10 365	10 160
Тазартылмаған газ <i>Орынбор ГӨЗ-на</i>	млн м ³	8 782	9 493	9 113
Отын газы <i>Электр қуаты ретінде БҚО халқына жеткізіледі</i>	млн м ³	97,7	95	89

* 2018 ж. қыркүйегінен бастап конденсаттың Орынборға жеткізілуі тоқтатылды

** Конденсаттың «Конденсат» АҚ-ның мұнай өңдеу зауытына ғана жеткізілуі

Бұрғылауда қолданылатын технологиялар

2019 жылы біздің ұңғыма операциялары бөлімі 2,8 млн адам/сағаты көрсеткішіне қол жеткізді. Өкінішке қарай, қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуге бағытталған үздіксіз шараларымыз барлық оқиғаның алдын алу үшін жеткіліксіз болды: жұмыс алаңдарымызда екі жеңіл жарақат және бір ықтимал қауіпті оқиға орын алды. Жол қауіпсіздігі бойынша біз 3,5 млн км-ден астам 4 500 апатсыз сапарларды жасай отырып, елеулі нәтижені көрсете алдық.

КПО компаниясы ұңғымаларды бұрғылау және оларға қызмет көрсету жұмыстарының қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін азайту бойынша жұмысын жалғастыруда. Өткен жылдардағыдай, 2019 жылы біз нөлдік эмиссия мақсатына жеткізетін жолымызды жалғастырдық, сонымен қатар парниктік газдар шығарындыларын және су мен ресурстарды тұтынуы азайту бойынша төменде көрсетілген шараларды қолдандық:

- ▶ Судың орнына көмірсутек негізіндегі игеру және қарқындалуға арналған ығыстырушы сұйықтықты пайдалану;
- ▶ Ұңғыма жабдығын қарқындалудан кейінгі фрезерлеу бұрын иілгіш құбыр қондырғысымен және сұйықтықты ығыстырғыш қозғалтқышпен жасалған болса, енді бұл әрекет электр қондырғыларының көмегімен іске асырылатын желілік фрезерлеумен алмастырылды. Нәтижесінде, жоюды қажет ететін ластанған сұйықтық пен жағу қажеттілігі пайда болмайды;
- ▶ Алауда жағуға мәжбүр болған кезде экологиялық тиімділігі жоғары оттықтарды пайдалану;

- ▶ HGVF сорғысын өндірілген көмірсутекті алауда жағудың орнына жоғары қысымды өндіріс желісіне кері айдау үшін пайдалану;
- ▶ Өндірілген суды буландыру.

КПО компаниясы бұрғылау жұмыстарын жетілдіруге бағытталған технологиялар мен инновацияларды дамыту бойынша үздіксіз жұмыс істеп келеді. Осы тұрғыда 2019 жылы келесі нәтижелерге қол жеткіздік:

- ▶ 2019 жылы тың құрылымды жаңа газ айдау ұңғымасы жеткізілді. Бұл ұңғыманың айдау жылдамдығы күніне 10 млн м³ жоғары.
- ▶ Өндірісті арттыру үшін екі жаңа мұнай өндіруші ұңғыманың және қосымша үш ұңғыманың бүйір оқпаны бұрғыланды.
- ▶ Резервуардағы аз игерілген қабаттарды көздеген Пермь I кезеңі деп талаған іс-шара сәтті жүзеге асырылды.
- ▶ Кен орнында бұрғылау жұмыстарының жалпы көрсеткіштері мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін RFID активті айналым клапаны сияқты бұрғылаудың жаңа технологиялары алғаш рет қолданылды.
- ▶ Аймақтық оқшаулаудың жоғары сапасына қол жеткізу үшін, КПО инженерлері мен біздің цементтеу қызметін көрсетуші мердігеріміз жеңіл цемент ертіндісін жасап шығарды. Жеңіл цемент ертіндісі технологиясы ұңғымаларды салу уақыты мен құнын едәуір төмендетуге мүмкіндік беретін жетілдірудің қосымша мүмкіндіктерін береді.



2019 жылы өндірілген сұйық өнімнің

99,8%

жуық көлемі тұрақтандырылған мұнай күйінде батыс нарықтарына сатылды

2019 жылы КПО қабатқа 8,7 млрд м³

газды кері айдады, бұл жалпы

өндірілген газ көлемінің шамамен

47%-на тең

Жоспарлы жөндеу жұмыстары

КПО-ның жоспарлы жөндеу бойынша стратегиясы қауіпсіз үздіксіз өндірісті және заң нормаларына сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, жоспарлы жұмыстар арасындағы интервалдарды арттырып, оларды іс жүзінде жүргізу уақытын азайту есебінен өнім алуды оңтайландыруға және шығындарды төмендетуге бағытталған.

2019 жылы өткізілген кен орнын игеру тарихындағы ең ауқымды жоспарлы жөндеу жұмыстары (ЖЖЖ) кезінде өнімді жинақтау жүйесі, Қарашығанақ өңдеу кешені, ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3 нысандары толықтай тоқтатылды. Жоспарлы жөндеу жұмыстарына әр күн сайын күндізгі және түнгі ауысымдарды қосқанда 12 мыңға дейін жұмыскер қатыстырылды. ЖЖЖ шеңберінде 2300 инспекция өткізілді. Олардың барлығы КПО тарапынан үздіксіз қадағалаумен және қауіпсіздік техникасының барлық ережелерін қатаң сақтаумен, күрделі оқиғаларсыз және қоршаған ортаға ағындыларсыз жүргізілді.

2019 жылғы жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде орындалған жалпы адам-сағат саны 3,2 млн құрады. ЖЖЖ барысында медициналық көмек көрсетудің екі жағдайы тіркелді. Бақытқа орай қызметкердің екеуі де өз қызметтеріне келесі күні орала алды.

ЖЖЖ-на дайындық аясында КПО және мердігерлік ұйымдар басшылығымен «ЖЖЖ өткізу кезінде ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптарын сақтау жарғысын» қабылдады. Бұл жарғыға сәйкес компания өндірістік жабдықтың тұтастығын сақтай отырып, ЖЖЖ-на жоспарланған жұмыс көлемін жарақатсыз және қоршаған ортаға зиянсыз аяқтау бойынша міндеттемелерді өзіне алды. Осыған байланысты бірқатар шаралар орындалды, соның ішінде:

- ▶ Компания 212 мердігерлік ұйым жұмыскерлері қатысқан 2 216 оқыту курсы қамтитын кешенді оқытуды ұйымдастырды. Нәтижесінде 33 000 тиісті сертификат берілді;
- ▶ КПО басшылығы жұмыс орындарын аралап, ҚТ бойынша 101 тексеру өткізіп, қызметкерлерді қауіпсіздік техникасы ережелерін қатаң сақтауға шақырды;
- ▶ ҚТ бойынша кезектен тыс жалпы бес жиналыс өткізіліп, оған мердігерлерді қосқанда 9 229 адам қатысты;
- ▶ Өмірлік маңызы бар ережелердің сақталуын бақылау мақсатында жұмыс алаңдарында шығумен ҚТ бойынша 3 178 инспекция өткізілді;
- ▶ Тосқауылдар моделі көмегімен технологиялық қауіпсіздікпен байланысты 35 қауіпті жағдайдың алдын алу мүмкін болды, және ЖЖЖ аяқталысымен барлық тосқауылдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында КПО барлық технологиялық нысандары тексерілді;
- ▶ 495 көлік құралы тексерілді.

Жоспарлы жөндеу жұмыстары техникалық қызмет көрсету мен инспекциялар, өндірістік нысандарды жаңғырту, ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы шеңберінде қосылуларды жүргізу, 4-газды кері айдау компрессоры жобасын салу, 5-магистралды құбыр желісін салу және Қарашығанақты кеңейту жобаларын орындау бойынша міндетті жұмыстарды қамтыды. Жоспарланған жұмыс көлемі қауіпсіз, толықтау және кестеден бұрын орындалды.

Су қорларын басқару

Қарашығанақ кен орнындағы ең күрделі мәселелерінің бірі – өндіріс барысында пайда болған суды және ағын суды кәдеге жарату.

КПО су мәселелерін шешуге бағытталған бүкіл кен орны аясындағы су ресурстарын басқарудың стратегиясы ағынды суларды тазарту және кәдеге жарату, өндірістік қажеттіліктер үшін өндірістік сумен үздіксіз қамтамасыз ету мәселелерінің теңгерімді шешімін табуға бағытталған. Стратегия бірнеше жылдар ішінде өзара байланысқан жобалар портфолиосын іске асырудан тұрады, ал оның жиынтық тиімділігі Компанияға үнемі өзгеріп тұратын жағдайда тұрақты жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Іске асырылуы 2022 жылға жоспарланған 10 жобаның екеуі 2019 жылы орындалды: Мұнай сепарациясы жүйесін жетілдіру жобасы су бөлуді және ҚӨК нысанындағы ағын суды тазарту қондырығысының жаңа катридждік фильтрлерін іске қосуды жақсартты. Бұл жобалар



**2019 жылдың аяғына қарай
Қарашығанақ кен орнының
жалпы қоры 466 ұңғыманы
құрады, оның ішінде 110 өндіру
мен 18 кері айдау ұңғымалары
жұмыс істейді**

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 1

6" АШЫҚ ОҚПАНДЫ БІР

ТҮСІРІЛІМДЕ БҰРҒЫЛАУ ҮШІН ҰҢҒЫМАЛЫҚ

СОҚҚЫЛАР МЕН ДІРІЛДІ АЗАЙТУ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Жалпы, ұңғыманы бұрғылау – қомақты қаражатты қажет ететін жұмыс. КПО ұңғыма операциялары тобы Компания табысын арттыру үшін, ұңғымаларды бұрғылауға кететін уақыт пен құнын азайтуға бар күшін салып келеді. Бұрын осы бағытта қолданылған көптеген жетілдіру шаралары жүзеге асырылды, енді бұрғылау жұмыстарын жетілдіру әрбір келесі ұңғымамен жұмыс істеген сайын қиындай түсуде.

Мақсаты:

Бұл жоба қауіпсіздік техникасы және сапа бойынша жоғары стандарттарды сақтай отырып, ұңғымаларды арзанырақ және тезірек бұрғылауда қажетсіз операциялық әрекеттерді анықтап, оларды жоюды көздейді.



Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

Ұңғымаларды құрастыру тобы қызмет жеткізушілермен және құрушы компаниялардың сарапшыларымен бірге ұңғыма құралдарының бөлшектер жиынтығын, арнайы стандартталған бұйымдар мен жабдықтарды КПО нақты шарттарына сәйкес келу үшін толық қайта жобалау бойынша жұмыс істеді. Олар радиожилікті анықтау (RFID) технологиясының көмегімен жерасты ұңғымасының жаңа заманауи жабдығын сынақтан өткізді. Бұл шара бұрғылаудың қатаң ортасында резервуардың қасиеттерін сезімтал және жұмсақ құралдармен бұрғылауға және бағалауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жерасты ұңғымалар жағдайларын дәл модельдеу жұмыстары және жаңа ультра жеңіл цемент ертіндісі бойынша үздіксіз зертханалық тексерулер ұңғымаларды құрастыру үлгісін үдерісін оңтайландырды. Ал бұл әрекет, өз алдына, ұңғымаларды құрастыру әрекетін бұдан әрі жеңілдетуге жол ашты.

Нәтижесі:

Бұл бастамалар жақында іске қосылған 9871-ұңғымада сәтті жүзеге асырылды, онда:

- ▶ ұзын 7" (2 260 м) құбыр бір айналымда орнатылып, шыны микроспорлары бар ультра жеңіл цемент ертіндісін пайдалана отырып, еш шығынсыз цементтелді;
- ▶ 6" ашық оқпан ұңғымалық соққылар мен дірілдің минималды саны арқылы бір түсірілімде бұрғыланды.

Нәтижесі көрсеткендей, ұңғымаларды салу кезеңі бұдан дейінгі ең жақсы нәтижелермен салыстырғанда 7 күнге тез аяқталды.

2019 жылы КПО компаниясы тұрақты және тұрақсыз сұйық көмірсутек пен газ

күйіндегі

137,9 млн баррель мұнай эквивалентінде

өнім өндірді, оның ішінде

тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі

10 147 мың тонна,

газ өндірісінің жалпы көлемі –

18 614 млн м³

2019 ж. КПО Орынбор газ өңдеу зауытына

9,1 млрд м³

шикі газын кейінгі өңдеу үшін жеткізді



зиянды өндірістік факторлардың жұмысшыларға әсер ету қауіпін төмендетіп, сонымен бірге мұнай өндірісін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

2020 жылы КПО өндірістік шектеулерді алып тастайтын, операторға әсер ететін зиянды факторларды төмендетуге мүмкіндік беретін және ағын сулардың шығарындылар сапасына сәйкестігін жақсартатын қосымша төрт жобаны асыруды жоспарлап отыр:

- ▶ су айдаудың екі ұңғымасын күрделі жөндеу;
- ▶ газолиндегі меркаптандарды алу қондырғыларын модификациялауды іске қосу;
- ▶ жаңа 10 дюймдік су айдау желісінің құрылысы;
- ▶ H₂S тазарту үшін ГҚДҚ-3 нысанындағы ағын суды өңдеу жүйесі.

Сонымен қатар, 2020 жылы КПО ұзақ мерзімді перспективада ағынды сулардың ұлғаю көлемін қауіпсіз түрде өңдеу мүмкіндіктерімізді арттыруға бағытталған бірнеше қосымша жобаларды дайындау мен жүзеге асыруда алға жылжуды көздейді.

Электр қуатын өндіру

КПО Қарашығанақ кен орнының өндірістік қажеттіліктеріне электр қуатын өзінің газтурбиналы электр станциясы арқылы (бұдан әрі – ГТЭС) өндіреді. Бұл электр энергиясының көлемі компания нысандарына: ҚӨК, ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, өнімді жинақтау жүйесі, Экоорталық, Пилот қалашығы, Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесі, оның ішінде Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы мен 1-26 желілік тораптарына жіберіледі.

КПО ГТЭС нысанында 4 турбина жұмыс істеуде, және оның үшеуі қос-отынды. Жоғарыдағы айтылғанмен қатар, КПО компаниясы Батыс Қазақстан облысы тұрғындарын қысқы кезеңде 42 МВт-ға дейін, ал жазғы уақытта 27-ден 42 МВт-қа дейін мөлшерде электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

2019 жылы ГТЭС нысанының № 3 турбинасын күрделі жөндеу жұмыстары, № 3 генератордың шағын тексерісі және № 1 пен № 4 турбиналарының жану камераларының инспекциясы өткізілді.

2019 жылы компания ҚКЖ-1 болашақ жобаларын энергиямен қамтамасыз етудің қолданыстағы және қосымша мүмкіндіктерін, соның ішінде жаңартылатын қуат көздерімен, сондай-ақ қолданыстағы газтурбиналы генераторлардағы шығарылған газдар жылуының қазандық-утилизаторларын орнату арқылы жеткізуді жан-жақты зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Аталмыш зерттеу жұмыстары 2019 жылы зерттеу тиісті концепцияны таңдауды қамтыған экономикалық тиімділікті тексерудің екінші сатысынан өтті.

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 2

МҰНАЙ СЕПАРАЦИЯСЫ

ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОБАСЫ



Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Ұңғымалардан шығатын, бірақ ҚӨК жобалық шектеулеріне байланысты өндірілмейтін судың көбеюі салдарынан көмірсутектерді өндіруде КПО кейбір шектеулерге тап болды.

Мақсаты:

Жоба өндірілетін судың өсіп келе жатқан көлемінің мұнай өндірісін және түсетін табысты шектемеуі үшін Қарашығанақ өңдеу кешенінің су өңдеу қабілетін жетілдіруге бағытталған.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

Компания бұл мақсатқа ҚӨК нысанында кірме құбырында орнатылған қосымша үш фазалы сепараторларды енгізу арқылы қол жеткізді. Бұл, өз алдына, өндірілген суды ерте кезеңде бөлуге және суды тұзсыздандырғышты айналып, тікелей суды тазарту қондырғысына жіберуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, тұзсыздандырғыштардың суды өңдеу қабілетіндегі шектеулер алынып, ҚӨК суды өндіру қабілеті жетілдірілді.

Нәтижесі:

КПО Қарашығанақ өңдеу кешенінің су өндіру қабілетін арттыру арқылы болашақ өндірісті ұлғайту үшін мүмкіндік жасады.

Сонымен бірге, үш фазалы сепараторларды орнату әрекеті мұнай технологиялық желісі ластануының елеулі азаюына алып келді. Өндірісті жетілдірумен қатар, бұл жоба өндіріс тұтастығымен байланысты қауіп-қатерлерді азайтуға және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге үлес қосты, себебі рейбойлерді жуу кезінде операторлар зиянды және қауіпті факторларға азырақ ұшырайды.



Кен орнын игеру жобалары

Қазақстан Республикасының мердігері ретінде КПО-ның мұнай кен орындарын пайдаланудың әлемдік оңтайлы тәжірибесіне сәйкес кен орнының келісілген аумағында мұнай өнімдерін шығаруға және өндіруге қажетті барлық мұнай-газ операцияларын өткізу бойынша міндеттемесі бар¹. Қарашығанақты игерудің II кезеңінің бастапқы бағдарламасын 2003 жылы аяқтағаннан соң, КПО өндірістік қызмет бағдарламасының II сатысын қаржыландырып және жүзеге асырып келеді. Бұл саты Қарашығанақ кен орнын одан әрі дамытуды, оның ішінде жаңа пайдалану ұңғымаларын бұрғылауды, бұрыннан бар ұңғымаларды күрделі жөндеуден өткізуді, өндірістік нысандарды жетілдіруді, өндірістің жоғары деңгейін сақтауға және Қазақстан Республикасының игілігі үшін табыстылықты арттыруға қажетті басқа да жобаларды қамтиды.

Нақтылап айтқанда, ұлғайып бара жатқан газ факторы қолданыстағы газ дайындау нысандардың қуаттылығы бойынша шектеуге себеп болып, сұйық көмірсутектер өндірісінің азаюына әкеліп соғатын жағдайларды болдырмау үшін қосымша нысандар, өндірістік инфрақұрылым және ұңғымалар қажет. Осыны ескере отырып, 2014 жылы КПО өндіру деңгейін арттыру жобалары бағдарламасын әзірледі.

2019 жылы өндіріс деңгейін арттыру жобаларының портфолиосын дайындауды жалғастырды. ГҚДҚ-2 газды кері айдау жүйесін жетілдіру жобасы шеңберіндегі 5-магистралды құбыр желісін тарту және газды кері айдау ұңғымаларын қосу жобалары бойынша құрылыс кезеңі алғашқы 3 айдау ұңғымамен бірге желтоқсанда басталды.

ГҚДҚ-2 нысанының 4-газды кері айдау компрессоры жобасы бойынша түпкілікті инвестициялық шешім 2019 жылдың сәуір айында қабылданды. Сол уақыттан бері, мердігер жұмылдырылып, бір жыл ішінде құрылыс жұмыстарының бір бөлігі аяқталды, құбырды дайындау жұмыстары басталды, құбыр жүргізу жұмыстары жалғасуда және компрессорды учаскеге ішінара жеткізу жүзеге асырылды.

ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы бойынша толық жобалау және құбырды жүргізу жұмыстары 2019 жылы аяқталды. Жалпы, құрылыс жұмыстары жалғасып келе жатыр, ал азаматтық құрылыс -бітуге жақын. Drizo®, модульдік қосалқы станциялар жұмыс алаңында орнатылды. ЖЖЖ кезінде бұл жоба қолданыстағы өндірістік нысандарға қосылып, құбырлардың гидросынағы басталды.

Қарашығанақ кеңейту жобасы

Қарашығанақ кеңейту жобасының 1-сатысын (ҚКЖ-1) жүзеге асыру Құрушы компанияларға да, Қазақстан Республикасына да қосымша табыс әкелетіні сөзсіз. Бұл табыс кен орындағы өсіп келе жатқан газ факторымен (байланысты мәселені шешу үшін қосымша ұңғымаларды, көмірсутек шикізатын өңдеу мен дайындау нысандарын және газ айдауды іске қосу арқасында тұрақты сұйық көмірсутектерді өндіру және дайындау көлемін сақтап тұру арқылы пайда болады.

Нысандарды орналастырудың ұсынылған үлгісі қауіп-қатерлерді іс жүзіндегі ең төмен жетімді деңгейге дейін азайтуды көздейді.

ҚКЖ-1 жобасындағы негізгі нысандар келесілерді қамтиды:

- ▶ Жаңа нысандарды пайдаланудың бүкіл мерзімі ішінде технологиялық қауіпсіздікке, өндіріске жұмылдырылған қызметкерлерге әсер ететін қауіп-қатерлерді (соның ішінде улы газдар әсерінен болатындарын) азайту үшін жүйелер және жабдықтар құрылысындағы қауіпсіздік қызметтер.
- ▶ Қоршаған ортаға тиетін әсерді барынша азайту. ҚКЖ-1 ұсынатын жаңа нысандарды дамыту қолданыстағы ең үздік әдістерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. ҚКЖ-ның атмосфераға шығарылуды модельдеудің үздік тәжірибелері кен орны айналасындағы санитарлық-қорғаныс аймағының (СҚА) шекарасына тиетін кез келген әсерді бағалау үшін жүргізіледі.

2019 жылғы қыркүйек айында жоба бойынша алдын ала жобалау жұмыстарын сәтті аяқтады. Алдын ала жобалау – салынған нысандардағы жұмыстар, бір уақытта жасалатын операциялар (SIMOPS), ұзақ жеткізілетін жабдықтар тізімін анықтау, компрессорлық қондырғы, жинақтау жүйесі жобасы және дайындық жұмыстарының көлемін анықтау сияқты іс-әрекеттердегі жоба қауіп-қатерлерін толық түсінуін қамтамасыз ететуге бағытталған инженерлік және жобалық көлемді әрі қарай дамыту кезеңі. Алдын ала жобалаудың инженерлік кезеңі сәтті аяқталған соң, ҚКЖ-1 жобалардың тиімділігін бағалау өткізіледі. Жобаны санкциялауға ұсыну үшін 2020 жылға жоспарланып отыр.

2019 жылдың сәуір айында ҚКЖ-1 жобасындағы жергілікті қамтуды дамыту мақсатында КПО электр жабдықтары мен кабельдер бойынша халықаралық және жергілікті өндірушілерге Орал қаласында семинар өткізді.

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 3

САНАУЫШТАРДАН ЭЛЕКТР ҚУАТЫН КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕСЕПКЕ АЛУДЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕСІ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Компания қашықта орналасқан нысандарындағы есептеу аспаптарынан электр қуаты көрсеткіштерін жинау үшін көп ресурстар жұмсауға мәжбүр болды. Электр қуатын тұтыну туралы ақпарат алу үшін КПО қызметкерлеріне ай сайын кен орнындағы барлық есептеу станцияларын аралап шығу қажет болды. Орташа алғанда, жұмыс істеп тұрған ұңғымаларды қосқанда жұмысты аяқтауға 3-5 күнге дейін уақыт кететін еді. Осыған байланысты санауыштардан электр қуатын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу қажеттілігі пайда болды.

Мақсаты:

- ▶ Электр қуатын тұтыну туралы деректерді санауыштардан қашықтықтан жинауды қамтамасыз ету
- ▶ Деректерді жинау жүйесін заңды және нарықтық талаптарға сәйкес келтіру
- ▶ Көлік шығындарын азайтып, қызметкерлердің қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерді азайту

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

КПО компаниясының өндіріс және электр қуатын тарату бөлімдері санауыштардан серверге GSM желісі арқылы деректерді жіберу үшін электр қуаты санауыштары мен модемдерді орнатты. Осылайша, Электр қуатын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі бағдарламасының талаптарына сәйкес, есептерді шығаруға, шығарылған есептерді KEGOC деректер қорына жіберуге мүмкіндік беретін деректерді онлайн жинау қамтамасыз етілді. Техникалық талаптарға сәйкес, КПО компаниясының орнатылған автоматтандырылған жүйесі көтерме сауда нарығының жүйелік операторының электр қуатын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесіне қосылды.

Өндірістік ерекшеліктер аймақтары кеңеюіне байланысты жобаны іске асыру бірнеше жылға созылып, 2019 жылы жоба іске қосылды, ал жоспарлы жөндеу жұмыстары барысында 6 кВ ГП-2 кірістерінде қалған санауыштардан деректер жіберілді.

Нәтижесі:

Қазіргі уақытта ГТЭС-да өндірілетін электр қуаты бойынша деректер және ҮПЖӨБ, ҚАТЖ, кен орны нысандарының электр қуатын тұтыну бойынша деректері автоматты түрде серверге жіберіледі.

Электр қуатын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің арқасында, КПО мен сыртқы тараптардың қажеттіліктеріне сәйкес, инженерлер мен техник мамандар жұмыс станциясын қашықтықтан басқаруға, ақпаратты өңдеп, оны мүдделі тараптарға жіберуге мүмкіндік алды. Санауыштардан көрсетулерді алу мақсатындағы сапарлардың тоқтатылуы нәтижесінде, көлік шығындары азайып, қауіпсіздікке байланысты қауіп-қатерлер жойылды.

2019 жылы КПО өлшеу жүйесі сертификатталып, «KEGOC» АҚ жүйелік операторы тізіміне енгізілді.

Электр қуатын есепке алудың автоматтандырылған жүйесін енгізу заңнама мен электр энергетикасы нарығының талаптарына сәйкес электр қуатын есепке алуды жетілдіруге мүмкіндік берді.



¹ Мұнайды пайдалану бойынша әлемдік жақсы тәжірибе дегеніміз – халықаралық мұнай өндірісінде шығындарды азайту, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау мақсатында саналы операторлар әдетте қорларды түпкілікті игеру кезінде экономикалық тиімділікті арттыру үшін тиісті әдістер мен процестерді пайдалануға байланысты аспектілерге қатысты қолданылатын, дұрыс, қауіпсіз және тиімді өндірістік қызмет пен рәсімді білдіреді. Бұл анықтама «Agencia Nacional de Hidrocarburos, Hydrocarbon Exploration and Production Contract No. 09 OF 2008, la Cuerva» құжатында келтірілген.

КОРПОРАТИВТІ БАСҚАРУ

Маңызды тақырыптар және
стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу / 23

Менеджмент саласындағы әдістер / 27

Бизнес-этика / 32

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАР ЖӘНЕ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Маңызды тақырыптар

/ GRI 102-44, 102-46, 103-1 /

Тұрақты даму туралы есеп стейкхолдерлермен тиімді диалог құрудың маңызды құралдарының бірі. Бұл құжаттың мақсаты мүдделі тараптарға КПО үшін де, мүдделі тараптар үшін де маңызды мәселелерді, және екі жақтың өзара әрекеті арқылы оларды шешу жолдарын жеткізу.

КПО бірінші тұрақты даму туралы есебін 2008 жылы шығарды. Сол кезден бері біз жыл сайын мүдделі тараптарымызға тұрақты даму саласындағы жұмысымыз туралы есеп береміз. Есепті әзірлеу барысында біз құрушы компаниялардың тәжірибесін қабылдадық және қаржылық емес есептілік саласындағы көпшілікке танылған халықаралық тәжірибенің талаптарын ұстанамыз.

Тұрақты даму туралы есеп беру процесі ақпарат алмасу, деректерді жинау және Компанияның ішінде және одан тыс жерлерде салааралық өзара әрекетті қамтиды. / GRI 103-1 / Ұзақ жылдар бойы біз бірқатар маңызды тақырыптарды анықтап, олардың даму динамикасы туралы ақпарат беріп келеміз. 2019 жылы біз барлық тақырыптардың тізімін талдап, олардың барлығы есептік кезеңде маңызды болып қалған деген қорытындыға келдік. 4-суретте 2019 жылы біз үшін маңызы бар барлық тақырыптар көрсетілген.

Маңызды тақырыптар аясын анықтауда қосымша құрал ретінде біз Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (GRI) стандарттарын басшылыққа аламыз. Есептегі негізгі тиімділік көрсеткіштер Мұнай және

газ өндірушілерінің халықаралық қауымдастығы ұйымының (IOGP) көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде жарияланып, басқару әдістері мен Компанияның негізгі тиімділік көрсеткіштерін ескеріп, қолдануға жарамды GRI стандарттарына сәйкес тиімділік стандарттарымызды жария еттік. Сонымен қатар, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер бағаланып, алға қойылған мақсаттар алдыңғы кезеңдердің жетістіктерімен сандық түрде салыстырылады.

Стандарттардың талаптарына қарамастан біз Компанияның жұмысы мен тұрақты даму саласындағы маңызды тақырыптар туралы толық ақпарат беруге тырысамыз. Сондықтан ұсынылған ақпарат GRI көрсеткіштерінен әлдеқайда көбірек.

Есепте талқыланатын маңызды тақырыптар жалпы КПО қызметінен, және жеке өндірістік операцияларынан болатын Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік ықпалына қатысты мәселелер қамтылған. Өзара әрекеттің ішкі және сыртқы сипаты бар. Тақырыптардың маңыздылығын стейкхолдерлердің сол тақырыптарға деген қызығушылығынан байқауға болады (5-сурет).

Стандарттардың талаптарына қарамастан біз Компанияның жұмысы мен тұрақты даму саласындағы маңызды тақырыптар туралы толық ақпарат беруге тырысамыз. Сондықтан ұсынылған ақпарат GRI көрсеткіштерінен әлдеқайда көбірек

4-сурет. Тұрақты дамудың маңызды тақырыптары / GRI 102-47, 102-44, 102-46 /

**Әлеуметтік және экологиялық тақырыптар**

- ▶ Қызметкерлеріміздің еңбегін қорғау және қауіпсіздік техникасы
- ▶ Қызметкерлеріміздің денсаулығын сақтау
- ▶ Өндіріс тұтастығы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету
- ▶ Төтенше жағдайларға қарсы әрекет ету дайындығы және жергілікті қауымдастықтармен әрекеттесу тәсілдері
- ▶ Жергілікті тұрғындардан шағымдар мен жолдауларды қабылдау
- ▶ Жергілікті қоғамдастықтармен өзара әрекеттесу; әсер ету деңгейін бағалау және бәсеңдету тәсілдері

**Экологиялық және экономикалық тақырыптар**

- ▶ Энергия тиімділігі
- ▶ Табиғатты қорғау заңнамасын сақтау
- ▶ Қоршаған ортаны қорғау мәселесіне қаражат бөлу
- ▶ ISO 14001 және ISO 50001 бойынша сертификаттау



Есептілік кезеңінде қамтылған тақырыптар жыл сайын көп жақты өзара әрекет процесінде КПО құрушы компанияларымен, PSA ЖШС-мен, әртүрлі реттеуші органдармен, мердігерлермен, бизнес серіктестермен, жергілікті тұрғындармен және бұқаралық ақпарат құралдар (БАҚ) өкілдерімен қадағаланып отырады. Мүдделі тараптар өзекті мәселелерді түрлі жиналыстарда, атап айтқанда жергілікті тұрғындармен өткізілетін Консультативтік кеңестер, форумдар, конференциялар, қоғамдық тыңдаулар, ашық есік күндері, әлеуметтік сауалнамалар мен тексерулер жүргізу кезінде, сондай-ақ Компаниямен тікелей байланысу арқылы көтереді. / GRI 102-43 /

Есепті дайындау барысында осы есепте жарияланатын маңызды тақырыптар туралы қызметкерлеріміздің және басқа да мүдделі тараптардың хабардарлығын үнемі арттыруға тырысамыз. Есептеріміздің соңғы екі жылдағы басып шығарылған көшірмелерінде оқырмандар толтыратын кері байланыс формасы бар, ал веб-сайтымызда кері байланыстың онлайн формасы бар.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу | GRI 102-42, 102-43 |

Тұрақты даму саласындағы жетістік бизнес пен мүдделі тараптар арасындағы диалогтың тиімділігіне байланысты. Біз мүдделі тараптарымызбен тығыз байланыс орнаттық, олардың пікірлері біз үшін маңызды.

КПО қызметтерінің ауқымдылығына байланысты мүдделі тараптарымыз көптеген топтар мен ұйымдардың өкілдері болып табылады. Біз үшін маңызды стейкхолдерлер топтары және олармен өзара әрекет жолдары 5-суретте көрсетілген. Көптеген мүдделі тараптар қатысқан тақырыптар: еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, төтенше жағдайларға әрекет

етуге дайындық, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық талаптарға сәйкестік.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу Компанияда қазіргі кезде орындалып жатқан қызметтер шеңберіндегі күнделікті іс-әрекет және ол заңнама мен ішкі саясаттарға сәйкес жүзеге асырылады. КПО бөлімдері мүдделі тараптарды өздері анықтайды, және олармен өзара әрекеттесу тәжірибесімен осы есепте бөліседі. Бұл жоспарлау және ақпаратты құжаттау негізінде ұйымдастырылған және реттелген процесс.

Басып шығарылған тұрақты даму есептері бойынша пікірлер телефон және Sustainability@kpo.kz электрондық поштасы, сондай-ақ www.kpo.kz КПО ресми веб-сайты арқылы жинақталады. Келіп түскен пікірлер мен ұсыныстар келесі есепті дайындауда ескеріледі.

Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу

Компанияда қазіргі кезде орындалып жатқан


қызметтер шеңберіндегі күнделікті іс-әрекет

және ол заңнама мен ішкі саясаттарға сәйкес

жүзеге асырылады

5-сурет. КПО стейкхолдерлері және 2019 жылы олармен өзара әрекеттесудің негізгі жолдары | GRI 102-40, 102-42, 102-43, 102-44 |

Маңызды тақырып	Құрушы компаниялар	«PSA» ЖШС	Қызметкерлер	Жергілікті билік	ҚР министрліктері/агенттіктері	Реттеуші органдар	Контрагенттер	Бизнес серіктестер	БАҚ	Жергілікті тұрғындар	ҰЕУ	Кәсіптік одақтар	БАРЛЫҒЫ
Корпоративтік басқару және менеджмент саласындағы ұстанымдар	✓	✓	✓										3
Қызметкерлердің еңбектерін қорғау және қауіпсіздік техникасы, апатсыз өндіріс	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓				✓	9
Технологиялар мен инновациялар	✓	✓			✓		✓	✓					5
Басқару жүйелері (ISO 14001, ISO 50001 мен OHSAS 18001 сәйкестік)	✓	✓	✓			✓	✓				✓		5
Төтенше жағдай кезінде әрекет етуге дайындық	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓		✓	10
Қызметкерлер денсаулығын сақтау	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓					✓	8
Жұмысқа орналастыру және еңбекақы	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓			✓		✓	7
Қызметкерлерді дамыту және оқыту	✓	✓	✓			✓						✓	5
Әлеуметтік, мәдени және гендерлік түрлілік және тең мүмкіндіктер	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓		✓	5
Қызметкерлер мен басшылық арасындағы өзара қарым-қатынас	✓	✓	✓			✓	✓					✓	3
Кәсіби одақтарға мүшелік және ұжымдық келіссөздер жүргізу еркіндігі	✓	✓	✓			✓						✓	3
Жеке және өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓			✓	6
Адам құқықтарын қауіпсіздік қызметі арқылы сақтау	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓					✓	3
Жемқорлыққа қарсы әрекет	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	7
Қоршаған ортаны қорғау	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	8
Экологиялық стандарттарға сәйкестік	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	9
Жергілікті тұрғындармен өзара әрекет: әсерді бағалау және азайту әдістері	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓		✓	4
Шағымдар мен өтініштерді қабылдау (жергілікті тұрғындарға тиетін әсер, еңбек қатынастары, экологиялық тақырыптар)	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓	✓	✓	6
Сатып алулар тәжірибесі мен жеткізілімдерді ұйымдастыру	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓				✓	4
Қазақстандық қызметкерлер санын көбейту	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓			✓		✓	8
Импортты алмастыру және тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу кезінде жергілікті қамтуды арттыру	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓			✓	5
Әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар мен қайырымдылық шаралары	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓		✓	7
Жергілікті желілерді электр энергиясымен қамтамасыз ету	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓		✓	5
Мемлекетке төленетін төлемдердің ашықтығы (ЕСАБ)	✓	✓	✓	✓	✓	✓	✓		✓	✓		✓	6



МЕНЕДЖМЕНТ САЛАСЫНДАҒЫ ӘДІСТЕР


Басқарма құрылымы / GRI 102-18 /

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстан филиалы 1997 жылы Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің (бұдан әрі – ӨБТК) талаптарына сәйкес Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнын (бұдан әрі – Қарашығанақ кен орны немесе ҚМГКК) пайдалану бойынша қызметті жүзеге асыру үшін бірлескен кәсіпорын ретінде құрылды. / GRI 102-5 /

Компанияда қауіп-қатерлерді басқаруды, ішкі бақылауды және нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етуді қоса алғанда, басқарудың кешенді және жөнге салынған үдерістер қолданылады. Бұл кәсіпорынның табысты да сәтті де дамуының кепілі. Жүйелі басқару тәсілінің негізгі міндеті жоғары басшылық бекіткен стратегияларды және алға қойған міндеттер мен нұсқауларды жүйелі және тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін сауатты шешімдер қабылдау және бақылау тетіктерін енгізу болып табылады.

КПО компаниясының ұйымдық құрылымы сыртқы экономикалық жағдайларға тұрақты бейімделуді ескере отырып, алға қойылған бизнес-міндеттерге қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының «PSA» ЖШС өкілетті органының және біздің құрушы компанияларымыздың игілігі үшін әзірленді. / GRI 102-44 /


КПО бес халықаралық мұнай-газ компанияларының (бұдан әрі – мердігерлік немесе құрушы компаниялар) озық тәжірибелерін жинақтап, бойына сіңіріп алды:



КПО компаниясының екі негізгі басқару органдары: Басқару жөніндегі бірлескен комитет (ББК) және Өнімді өткізу жөніндегі бірлескен комитет (ӨБК) ӨБТК талаптарына сәйкес бес құрушы компаниялардың әрқайсысының және өкілетті органның өкілдерінен құрылды. Атап айтқанда, ББК және ӨБК мәжілістерінде өкілетті органда бір дауыс бар және құрушы компанияларда, тұтастай алғанда, бір дауыс бар. Шешім қабылдау үшін барлық тараптардың оң дауысы қажет етіледі.

Осы комитеттерден басқа компанияда арнайы сұрақтармен айналысатын шағын комитеттер құрылды. Комитеттер мен шағын комитеттердің функциялары 2018 жылғы Тұрақты даму туралы есепте егжей-тегжейлі сипатталған (33-34 беттер). Басқарудың толық құрылымы 6-суретте көрсетілген.

6-сурет. Қарашығанақ жобасын басқарудың жоғары буындары (31.01.2019 ж. жағдай бойынша) / GRI 102-18, 102-44 /



Ескерту: "PSA" ЖШС Қазақстан Республикасының өкілетті органы

КПО басқару жүйелері

/ GRI 103-2 /

ӨБТК-ге сәйкес КПО өз қызметінің барлық аспектілері бойынша жұмысты КПО басқару жүйесінің негізін құрайтын бірқатар ережелер, процедуралар және тиісті ұтымды тәжірибелер арқылы енгізілетін халықаралық стандарттарды басшылыққа ала отырып, жүргізеді.

Тұрақты дамуға байланысты мәселелерді қарастыратын КПО менеджмент жүйелері келесі кестеде келтірілген (3-кесте):

КПО корпоративтік басқару жүйесі бойынша нұсқаулық

КПО корпоративтік басқару жүйесі бойынша нұсқаулықта КПО қандай құрылымдық элементтерден тұратыны және ұйымдық үдерістер, мүліктер мен ресурстар арқылы кәсіпорынды басқару қалай жүзеге асырылатыны туралы жалпы түсінік берілген. Бұл құжатта КПО басшылығына және акционерлеріне компанияда бизнесті жүргізу қағидаттарының қолданыстағы халықаралық тәжірибелерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін түсіндіру мақсатында талаптардың орындалуын бақылау жөніндегі негізгі қағидаттар баяндалған. Бұл құжат КПО қызметкерлерінің Тәртіп кодексіне және Компанияның басқа да ішкі регламенттеріне сәйкес өз жауапкершіліктері туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді.

Корпоративті басқару мәселелері жөніндегі директоратының басқару жүйесі

Бұл басқару жүйесі Корпоративтік басқару жөніндегі директораттың барлық қызметкерлерінің компания қызметіне барынша үлес қосуды қамтамасыз ету үшін ұйымдық құрылымды белгілейді. Бұл құжатта КПО ішкі талаптарының орындалуын бақылау жөніндегі қағидаттарды қоса алғанда, негізгі міндеттер, мақсаттар мен құжаттар сипатталып, жобалардың тиімділігін бағалау, ішкі құжат айналымы мен хат-хабарды басқару, бизнес жоспарлау, өндірістік көрсеткіштерді бақылау және аударма қызметтерін көрсету үдерістері қарастырылды.

3-кесте. КПО тұрақты даму мәселелері бойынша басқару жүйелері

Корпоративтік басқару	Өндірістік мәселелер	Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндірістік тұтастық	Әлеуметтік салаға үлес қосу	Құқықтық және этикалық нормалардың сақталуы
<ul style="list-style-type: none"> КПО корпоративтік басқару жүйесі бойынша нұсқаулық; Корпоративтік басқару мәселелері бойынша менеджмент жүйесі. 	<ul style="list-style-type: none"> Өндірісті басқару жүйесі бойынша нұсқаулық; Маркетинг директоратын басқару жүйесі; Қаржы директоратын басқару жүйесі; Біліктілікті басқару жүйесі бойынша саясат. 	<ul style="list-style-type: none"> ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы саясат және нұсқаулық; ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жақсарту бойынша жыл сайынғы жоспар; Еңбекті қорғау және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша саясат; Энергия саясаты және энергоменеджмент жүйесі бойынша нұсқаулық; Қауіпсіздікті басқару жүйесі бойынша нұсқаулық. 	<ul style="list-style-type: none"> Жергілікті қамту саясаты; Нұр-Сұлтан қаласындағы кеңсені және ББК-ің хатшылығын басқару жүйесі; КПО әлеуметтік қызметі саласындағы ереже мен стандарттар; Демеушілік және қайырымдылық саласындағы саясат; Еңбек ресурстарын басқару бойынша ереже; / GRI 103-2 / Әлеуметтік жобалар бөлімінің басқару жүйесі. 	<ul style="list-style-type: none"> КПО тәртіп кодексі; Мүдделер қақтығысы саясаты; Сәйкестікті қамтамасыз ету саясаты.

► ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біріктірілген басқару жүйесі / GRI 103-2 /

КПО компаниясында OHSAS 18001:2007 халықаралық стандарты талаптарына сәйкестігі сертификатталған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ біріктірілген басқару жүйесі қолданыста. Бұл сертификат 2020 жылға дейін қолданыста болып, 2018 жылы жарияланған ISO 45001:2018 жылғы жаңа стандартының талаптарына сәйкестігін сертификаттау үдерісі жоспарланған.

КПО ISO 45001:2018 стандартының талаптарына сәйкестік бойынша кемшіліктерді анықтау үшін 2018 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша менеджмент жүйесінің қолданыстағы құжаттамасына талдау жүргізудің бірінші кезеңін өткізді. 2019 жылы КПО компаниясында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ менеджмент жүйесіне талдаудың бірінші кезеңінен кейін екінші кезеңі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ ішкі құжаттарына енгізілген талаптардың орындалуын және сертификаттауға дайындығын тексеру мақсатында жүргізілді. Екі талдаудың нәтижелері бойынша кемшіліктер анықталды, олар 2020 жылы қайта сертификаттық аудит жүргізілгенге дейін жойылатын болады.

2019 жылы КПО 12 ішкі аудит және мердігерлік ұйымдарда 16 аудит өткізді.

Қауіп-қатерлерді басқару

/ GRI 102-15 /

Мұнай-газ операцияларын ұйымдастыру және жүргізу жұмыстары қызметкерлердің денсаулығына, қоршаған ортаға және өндірістік активтерге ықтимал әсер етуін ескере отырып, мұқият қарауды талап етеді. Адал жер қойнауын пайдаланушы ретінде КПО компаниясы жеке және технологиялық қауіпсіздік, атмосфераға тасталатын шығарындылар, су және топырақ ресурстарының ластану, қалдықтардың пайда

болу қауіп-қатерлерін басқаруға ерекше көңіл бөледі. Сонымен қатар негізгі қауіп-қатерлер келесіні қамтиды, дегенмен олармен шектелмейді:

- ▶ персоналдың қауіп-қатерге шалдығу: күкіртсутектің әлеуетті шығарындылары (H₂S);
- ▶ өндіріс тұтастығының заңсыз қосылулар қауіпіне ұшырау;
- ▶ қоршаған ортаның ластану қауіпі: әлеуетті төгінділер, қалдықтардың пайда болуы және атмосфераға шығарындылар;
- ▶ біздің қызметкерлеріміздің, мердігерлеріміздің және қосалқы мердігерлердің этикалық нормаларды сақтамау тәуекелдері;
- ▶ білікті жергілікті кадрларды тартумен және ұстап қалумен байланысты қиындықтар.

КПО-да оның қызметі барысында қауіп-қатерлерді анықтау және тиімді басқару мақсатында қауіп-қатерлерді басқару үдерісі ресми түрде қолданылады. Қауіп-қатерлерді басқару процедурасы бұл үдерісті анықтайды, сипаттайды және функциялар мен міндеттердің бөлінуін белгілейді.

Корпоративті басқару мәселелері жөніндегі директоры қауіп-қатерлерді басқару жүйесін жетілдіруге жәрдем көрсетеді және қауіп-қатерлердің корпоративтік тізілімін жүргізеді. Осы тізілім әлеуетті қауіп-қатерлер тізбесін және оларды азайтуға бағытталған тиісті іс-шаралар жоспарларын қамтиды. / GRI 102-29 /

Барлық қауіп-қатерлер КПО жоғары басшылығының қатысуымен Қауіп-қатерлерді басқару жөніндегі комитетінің тоқсан сайынғы кеңестерінің қарауына шығарылады. Осы комитеттің әрбір мәжілісінен кейін Корпоративтік басқару мәселелері жөніндегі Директор құрушы компаниялар комитетіне КПО компаниясының аса маңызды қауіп-қатерлері туралы толық

ақпаратты көрсете отырып, тоқсан сайынғы қауіп-қатерлер тізілімін ұсынады. / GRI 102-33 /

Белгілі бір қауіп-қатерлерді азайту шаралары бұдан әрі егжей-тегжейлі тиісті тарауларда сипатталған.

Сапа кепілдіктері / GRI 103-3 /

КПО компаниясы аудитті компания қызметінің талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету үшін құралдардың бірі ретінде пайдаланады. КПО-ның ішкі корпоративтік аудит жөніндегі бөлімі ұйымды басқару үдерістеріндегі кемшіліктерді және қауіп-қатерлерді азайту бойынша іс-шаралардың жеткіліксіздігін анықтауға бағытталған талдауды қамтамасыз етеді. Қауіп-қатерлерді басқару, бақылау және басқару процестерінің тиімділігін бағалау және ұлғайту үшін жүйелік және жан-жақты тәсілді қолдану КПО компаниясына алға қойған өндірістік мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі.

КПО қызметтің барлық аспектілері бойынша жылдық жоспарды әзірлейді, соның ішінде бизнес-процестердің тиімділігі, заңнаманы және ішкі регламенттерді сақтау, қаржылық және басқару есептілігінің нақтылығы, сондай-ақ анықталған кемшіліктерді түзету бойынша салалар және кейінгі іс-әрекеттер. Бұдан басқа, КПО-ның құрушы компаниялары қауіп-қатерлерді бақылау және басқару саласында қосымша сапа дәрежесін қамтамасыз ету үшін жыл сайын аудит жүргізеді. Аудит нәтижелері КПО жоғары басшылығына және аудит жөніндегі шағын комитет шеңберінде құрушы компанияларға хабарланады.

Сонымен қатар, Компания жобалардың тиімділігін бағалау механизмін қолданады. Бұл әдіс КПО-ның барлық жобаларға қолданылады және инвестициядан барынша қайтарымды алу мақсатында жобаға

жауапты адамға жәрдемдесуге арналған жобаның күрделілігіне байланысты оңай бейімделетін механизм болып табылады. Сонымен қатар, шығындардың тиімділігін бағалау, сондай-ақ функционалдық техникалық тексерулер, сараптамалық көмек және семинарлар әр кезеңде, яғни жобаны сәйкестендіру кезеңінен бастап жобаны пайдалануға беру кезеңіне дейінгі көп сатылы тексеру шеңберінде жүргізіледі. Құрушы компаниялар өкілдері ірі күрделі жобалардың тиімділігін бағалау үдерісіне қатысады, ал шағын жобалар бойынша ұқсас жұмыстар тікелей КПО-да жүзеге асырылады.

Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы

КПО Қазақстан Республикасы (ҚР) табиғи ресурстарын басқару кезіндегі табыстар айқындығы мен барлық құнды құру тізбегін қамтамасыз етуге бағытталған Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасын (ӨСАБ) қолдайды.

4-кесте. КПО төлеген салықтар мен міндетті төлемдер, 2014–2019 жж. (АҚШ долл.)

2014	2015	2016	2017	2018	2019
2,1 млрд	1,2 млрд	369 млн	897 млн	1,9 млрд	1,6 млрд

2019 жылғы Өндіруші салалардың ашықтығы бастамасы бойынша 15-Ұлттық есепке сәйкес 2019 жылы КПО ҚР бюджетіне салық және төлемдер ретінде 1,6 млрд АҚШ долларын (31.12.2018 жылғы ҚР Ұлттық банкі бағамы бойынша) төлеген. / GRI 102-13 /

КПО өз салық міндетемелері бойынша ӨСАБ есептерін ҚР құзіретті органдарына өздігінен 2014 жылдан бері ұсынып келеді. 4-кестеде КПО-ның 2014 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңдегі төлемдер деректері берілген.

КПО компаниясымен ҚР мемлекеттік бюджетіне төленген салықтар жөніндегі мәліметтер «ҚР мұнай-газ және тау-кен өндіру секторларының төлеушілердің салықтық және салықсыз төлемдер/түсулер бойынша қорытынды есептеме» бөлімшесінде <http://egsu.energo.gov.kz> сілтемесі бойынша ашық қолжетімділікте жарияланған.



БИЗНЕС-ЭТИКА / GRI 102-16 /

КПО бизнес қағидалары

КПО өзінің қызметін 2019 жылы енгізілген «КПО бизнес қағидаларына» сәйкес жүзеге асырады.

Біздің қағидаларымыз бизнесімізді жүргізу жолдарын айқындап, жұмысымызды орындаудың және этикалық тәртіптің жоғары стандарттарын белгілейді. Мүдделі тараптарымыз, соның ішінде мердігерлер мен жеткізушілер, осы бизнес қағидаларын құрметтейді және орындайды деп күтеміз.

«КПО бизнес қағидалары» құжатымен және тақырып бойынша бейнебаянмен КПО сайтында келесі [сілтемеде](#) таныса аласыздар.

Тәртіп кодексі / GRI 103-2 /

КПО-ның нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттейді және оларға басшылық етеді. Тәртіп кодексі осы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудегі негізгі құжат. Құжат этикалық қағидаларды, құндылықтарды және Компанияның ішкі және сыртқы әрекеттері кезіндегі, соның ішінде жеткізушілермен, өндірушілермен және басқа да серіктестермен қатынасудағы этикалық қағидаларды, тәртіп ережелері мен құндылықтарын анықтайды.

Сақталуы біздің қызметкерлерден талап етілетін «Бизнес қағидаларымызды», тиімділік стандарттары мен этикалық тәртіп нормаларын қолдану жолдары бойынша КПО қызметкерлеріне толық нұсқаулықты

Біздің бизнес қағидаларымыз негізгі жеті категорияны қамтиды:

1 Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау



2 Іскерлік этиканың нормаларын сақтау



3 Экономика



4 Қызметкерлер



5 Жергілікті қауымдастықтар



6 Ақпараттандыру және өзара әрекеттесу



7 Құқықтық нормалардың сақталуы



ұсынатын Тәртіп кодексімен біздің «Бизнес қағидаларымызбен» бірге танысу қажет. Тәртіп кодексі сыртқы сауда, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, ақпараттандыру, сыйлықтар мен қонақжайлылық білдіру белгілері сияқты сұрақтарды айқындайды. «Тәртіп кодексі» құжаттың толық нұсқасы КПО сайтында келесі [сілтемеде](#) орналасқан.

Тәртіп кодексі және жемқорлық жөнінде ақпарат тарату және оқыту / GRI 412-2, 205-2 /

Компания КПО-ның тәртіп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

КПО-ның жаңадан қабылданған қызметкерлерінің барлығы КПО тәртіп кодексіне кіріспе курсынан өтеді. Бұған қоса, КПО-ның барлық қызметкерлері талаптармен танысқандығын осы салаға қатысты ұсынылаған жеке міндеттемелермен келісу арқылы жыл сайын растау қажет. Тәртіп кодексі және басқа да этикалық сәйкестік саясаттары, сондай-ақ практикалық тестілер әрбір қызметкерлер үшін КПО-ның интранет желісіне жүктелген. 2019 жылдың желтоқсан айының соңына қарай КПО қызметкерлерінің 99% нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтырды. Этикалық сәйкестік бойынша хабардарлықты және бұл үдеріске мердігерлер арасындағы қатысу деңгейін арттыру шеңберінде 2019 жылдың маусым және қараша айларында КПО мердігерлік ұйымдарға этикалық талаптарды сақтау жөнінде семинар өткізді. Семинар жұмысына 58 мердігерлік компанияның 61 делегаты және оператор компаниялардың өкілдері ретінде «Шелл» және «Эни» компанияларының қызметкерлері қатысты.

Сәйкестікті сақтау жедел желісі және басқа да шаралар / GRI 102-16, 102-17, 103-3 /

Компанияның нормативтік құқықтық сәйкестік бағдарламасын іске асыру мақсатында, КПО-ның тегін, анонимдік және құпия жедел желісі 2012 жылдан бері жұмыс істеп келеді.

Жедел желі КПО қызметкерлері, жеткізушілері және мүдделі тараптары үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын құрудағы маңызды құрал болып табылады. Жедел желі арқылы хабарланатын тақырыптарға ықтимал құқықтық және этикалық тәртіп бұзушылық, соның ішінде дискриминация, жыныстық алым-сақтық, мүдделер қайшылығы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық кіреді.

2019 жылы келіп түскен барлық шағымдар мұқият талданып, мәселе бойынша шешім қабылданған жағдайда тиісті шара қолданылды. Шағымдардың көбі қызметтік қарым-қатынастармен байланысты болды. Қолданыстағы арыздарды өңдеу процедураны және тәртіптік мәселелерді қарастыру тәртібіне сәйкес және жағдайдың сипатына байланысты бұл шағымдар шешілді. Этикалық тәртіпсіздік мәселелері нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету бойынша тергеу нұсқаулықтары негізінде қаралып, олар жөніндегі есептер КПО-ның сәйкестік сақтау комитетіне тиісті шаралардың қолданылуы үшін жіберілді.

Контрагенттердің этикалық сәйкестігін тексеру / GRI 102-16, 205-2 /

КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіптерді анықтау үшін және бұл қауіптерді төндіруі мүмкін мәселелерін реттеу шараларын айқындау мақсатында этикалық сәйкестікті тексеру бағдарламасын 2012 жылдан бері жүргізіп келеді.

Әрбір ықтимал бизнес серіктесімізге меншіктік түрі және иесі, жетекшілер және шаруашылық-саудалық қызмет жүргізу тәжірибесі, соның ішінде оның этикалық іскерлік қағидалары туралы ақпарат алу мақсатында сауалнама жіберіледі. Ықтимал серіктес компания туралы корпоративтік ақпаратты растау және оның іскерлік тәжірибесі туралы қандай да бір жағымсыз есептердің жоқтығын тексеру үшін КПО қауіп-қатерді басқару және нормативтік-құқықтық сәйкестік мәселелері бойынша «Доу Джонс» халықаралық деректер қорын және басқа да салықтық, заң дерекқорларын пайдаланады. Содан кейін, компанияның бизнес серіктес болуға сәйкестігін, сондай-ақ, қажет болған жағдайларда, қалдықтық қауіптерді азайтуға қолданылатын тиісті шараларды анықтау мақсатында қауіптерді бағалау жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар, КПО өзінің бизнес серіктестерінен КПО-ның келісімшарттық стандартты үлгісі болып табылатын міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

Осы шаралардың барлығы серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын көрсететініне сенімдіміз. Біз жемқорлық пен парақорлықтың алдын алу мақсатында бизнес серіктестерімізді қолдап, олармен ынтымақтастықта қызмет етудеміз.

ЖАУАПТЫ ОПЕРАТОР

ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ / GRI 102-15 /

Кез келген мұнай, газ және конденсат кен орнын игеру мен пайдалануда еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету табыстың маңызды факторлары болып табылады. КПО әлеуметтік жауапты компания ретінде тиімді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәдениетін ұстануды өз міндетіне алды. Әрбір жұмысшы үйіне аман-есен оралып, өндірісте ешқандай ағын болмау керек.










Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы / 34

Өндіріс тұтастығы және қауіпсіздікті қамтамасыз ету / 50

Денсаулықты сақтау / 60

Қызметкерлер және олардың дағдылары / 67

5-кесте. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндеттеріміз / GRI 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттеріміз	Орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау мақсатында жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҰҰ ТДМ
ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ				
<ul style="list-style-type: none"> ▶ 2019 жылдың мамыр айында ISO 14001:2015 және OHSAS 18001:2007 стандарттарына сәйкестікке бақылау аудитін өткізу. ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ БЖ жаңа ISO 45001 стандартының талаптарына сәйкестігі бойынша айырмашылықтарды талдаудың екінші кезеңін өткізу. ▶ Тиісті қызметкерлерге ISO 45001 стандарты бойынша оқыту жүргізу. Сертификаттауға дейін басшылық тарапынан талдау жүргізу. 	 орындалды	Барлық шаралар 100%-ға орындалды.	<ul style="list-style-type: none"> ▶ 2020 жылы ISO 14001:2015 стандарты талаптарына сәйкестігін қайта сертификаттау аудитін және ISO 45001:2018 сертификаттау аудитін жүргізу. ▶ Тиісті қызметкерлерге ISO 45001 стандарты бойынша оқыту жүргізу. 	 
КПО компаниясының жұмыс алаңындағы учаске басшыларына ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілікті бағалауды қамтамасыз ету (2019 жылға 40%-ы жоспарланған).	 орындалды	2019 жылы КПО жұмыс алаңындағы учаске басшыларының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілікті бағалау ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ 10 элементі бойынша өткізілді. 2019 жылғы жоспарлы жөндеу жұмыстарына байланысты 2019 жылға жоспарланған 40%-дың 30% супервайзеріне бағалау жүргізілді.	КПО өндіріс директорының жұмыс алаңындағы учаске басшыларына ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілікті бағалауды 100%-ға өткізу.	
Келісімшарт иелерінің келісімшарт мәселелерін басқару үдерісіндегі ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ талаптары туралы хабардардылығын қамтамасыз ету.	 орындалды	Келісімшарт иелеріне, келісімшарт әкімшілеріне және шарт жұмыстары мен сатып алу мамандарына 5 сессия өткізілді. Сессиялар ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ аса маңызды мәселелері тұрғысынан КПО шарт жұмыстары мен сатып алулардың жалпы процесіне және ҚР заңнамалық талаптарына шолуды қамтыды.	Мердігер ұйымдардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді басқару стратегиясын жаңарту және оқыту семинарларын өткізу.	
Қауіпсіздік техникасын үздіксіз жетілдіру үдерісін жүзеге асыру.	 орындалды	Қауіпсіздік техникасын үздіксіз жетілдіру бойынша белгіленген барлық іс-шаралар орындалды. Егжей-тегжейлі ақпарат әрі қарай «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша өзара әрекеттесу және ақпарат алмасу» бөлімінде берілген.		
Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын жүзеге асыру бойынша қысқа мерзімді іс-шараларды орындау.	 орындалды	2019 жылға жоспарланған жол қауіпсіздігін жақсарту жоспары аясындағы 12 қысқа мерзімді іс-шара орындалды. Егжей-тегжейлі ақпарат әрі қарай «Жол қауіпсіздігі» бөлімінде баяндалады.	Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету жоспарын жүзеге асыру бойынша іс-шараларын орындау.	

ЕҚ және ҚТ бойынша көрсеткіштер / GRI 103-3, 403-2 /


Бұл бөлімде 2011–2019 жылдар аралығындағы еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы көрсеткіштері ұсынылған, және оның ішінде 2019 жылғы деректерге ерекше көңіл бөлінген. Біз қарқынды қадағалап, бағыттарды зерттеп, болашаққа жұмыстарды жоспарлаймыз. Қызметіміздің сәтті орындалуы адам-сағаты ескеріліп, белгілі бір жұмыс көлемі барысында орын алған оқиғалар жиілігімен анықталады.

1-сызбада еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) көрсетілген.

2019 жылы КПО компаниясында еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген және есепке алынуы тиіс оқиғалар санының айтарлықтай азайғаны байқалды. 2019 жылы КПО-да ЕЖОЖ 0,06-ны (2018 жылғымен салыстырғанда 0,29), ал ЕТОЖ 0,28-ді (2018 жылғымен салыстырғанда 0,50) құрады.

КПО оқиғалардың қайталануын алдын алу мақсатында барлық оқиғаларды тексеріп зерттейді. Сондай-ақ, біз қауіпсіздік техникасын жақсарту мақсатында оқиғалардан алынған сабақтармен мердігер ұйымдарымызбен және мүдделі тараптарымызбен бөлісіп, басқа да компаниялар қызметтерінен сабақ аламыз.

1-сызба. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі мен есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігер ұйымдар, 2011–2019 жж. / GRI 403-2 /



● Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі
● Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі

Ескерту.: ЕЖОЖ бен ЕТОЖ көрсеткіштерін есептеу үшін КПО-да келесі әдістер қолданылады:

Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) = еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелетін оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + адам қазасымен аяқталған оқиғалар) x 1 000 000 / адам сағат;

Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕТОЖ) = есепке алынуы тиіс оқиғалар саны (еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар + жеңіл жұмысқа ауыстыруға әкелген жағдайлар) x 1 000 000 / адам сағат.

6-кестеде КПО-дағы соңғы үш жылдық ЕЖОЖ көрсеткіштері мердігер ұйымдардағы ЕЖОЖ көрсеткіштерімен салыстырып берілген. КПО мен мердігер ұйымдардың деректері бөлек берілген. Жалпы көрсеткішті алу үшін деректерді біріктірудің қажеті жоқ, оның орнына есептеу формуласын қолданған жөн.

6-кесте. Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігер ұйымдармен салыстырғанда, 2017–2019 жж. / GRI 403-2 /

Тиімділіктің көрсеткіштері	2017	2018	2019
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (КПО)	0,14	0,53	0,13
Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,05	0,20	0,04

7-кестеде КПО ЕТОЖ көрсеткіштері мердігер ұйымдардағы ЕТОЖ көрсеткіштерімен салыстырмалы түрде көрсетілген.

7-кесте. Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі КПО мен мердігер ұйымдармен салыстырғанда, 2017–2019 жж. / GRI 403-2 /

Көрсеткіштер	2017	2018	2019
Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (КПО)	0,14	0,66	0,13
Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,10	0,44	0,33

* Ескерту.: Алғашқы медициналық көмек көрсетілген оқиғалар өндірістік жарақаттар санына қосылмайды.

КПО компаниясы ешбір оқиғасыз және жарақатсыз жұмыс ортасын қалыптастыруға бар күш-жігерін салып келеді, дегенмен 2019 жылы Компанияда әртүрлі жарақат алумен аяқталған 10 оқиға орын алды, оның ішінде тоғыз мердігер қызметкері және бір КПО қызметкері жарақат алды.

8-кесте. 2019 жылғы оқиғалар / GRI 403-2 /

Жарақат түрі	Сипаттамасы	Саны
2 еңбек қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар	Рацияның биіктіктен құлау салдарынан көз жарақаты	1
	Жұмыс алаңында құлау нәтижесінде бас жарақаты	1
	Баспалдақтан құлау нәтижесінде қол жарақаты	1
	Құбырлы манипулятор сымарқандар соққысы нәтижесінде бас жарақаты	1
	Қақпаның қате жабылуы нәтижесінде табан жарақаты	1
	Қоршаудың жиналып қалу нәтижесінде саусақтың қысуы	1
	Сүрініп кетудің нәтижесінде тобық жарақаты	1
	Алақанды шамалы кесіп алу	1
	Құлау нәтижесінде тізе жарақаты	1
	Жұмысшының орнынан қозғалған құбырмен қысып тастауы нәтижесінде жеңіл жарақат	1
Барлығы		10

КПО көліктері 2018 жылдың 38 млн километрмен салыстырғанда 2019 жылы 42,7 млн километр жолды жүріп өтті.

1 млн км жүріп өткен жолға шаққандағы жол-көлік оқиғалар жиілігі (ЖКОЖ) 2018 жылғы 0,03 көрсеткішінен 2019 жылы 0,02-ге төмендеді. Бұл 2019 жылы жол қауіпсіздігі жоспарын жақсарту мақсатында жүргізілген бірқатар шараларды орындаумен байланысты болды. Сонымен қатар, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мен ҚӨК газ бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасын жүзеге асыруды бастау себебінен көлік құралдарының жүрген жолдарының артуымен байланысты болды.

2019 жылы бір ауыр жол-көлік оқиғасы орын алды – үшінші тарап көлігін басып озу кезінде Тойота Прадо мердігер ұйым көлігінің жүргізушісі көлікті басқара алмай, жол жанына (жыраға) түсіп кетті.

2019 ж. еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі 2018 жылғы




0,29

көрсеткішімен салыстырғанда

0,06-ны құрады

2-сызба. Ауыр жол-көлік оқиғаларының жиілігі: КПО және мердігер ұйымдар, 2017–2019 жж. / GRI 403-2 /



КПО-да қолданылатын ЖКО жиілігін есептеу әдісі: ЖКО жиілігі = ЖКО саны (ауыр) x 1 000 000 / км жүріс


2019 ж. тіркелетін оқиғалардың жалпы жиілігі 2018 жылғы

0,50 көрсеткішімен салыстырғанда

0,28-ді құрады



3-сызба. Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігер ұйымдар, 2017–2019 жж. / GRI 403-2 /



Ескерту.: КПО-да қолданылатын адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігін есептеу әдісі: Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (жұмыс істеген бір миллион сағатқа шаққанда) = адам қазасымен аяқталған оқиғалар саны x 1 000 000 / жұмыс істеген адам сағаттар. 2018 жылы КПО-да адам қазасымен аяқталған бір оқиға орын алды.

9-кесте. Жол-көлік оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігер ұйымдарды салыстырғанда, 2017–2019 жж. / GRI 403-2 /

Тиімділіктің көрсеткіштері	2017	2018	2019
Жол-көлік оқиғалар жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,00
Жол-көлік оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,06	0,03	0,03

Ескерту.: 2017 жылдан бастап Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) нұсқаулығына сәйкес ЖКО жиілігі КПО-мен келісімшарт бойынша жұмыстарды атқарған кезіндегі жүріс негізінде есептеледі.

10-кесте. Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі: КПО мен мердігер ұйымдарды салыстырғанда, 2017–2019 жж. / GRI 403-2 /

Тиімділіктің көрсеткіштері	2017	2018	2019
Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (КПО)	0,00	0,00	0,00
Адам қазасымен аяқталған оқиғалар жиілігі (мердігер ұйымдар)	0,00	0,05	0,00



Саланы басқа компанияларымен салыстыру / GRI 103-3 /


Жыл сайын біз ҚТ саласындағы көрсеткіштерімізді басқа мұнай және газ өндіруші операторлардың көрсеткіштерімен салыстырып отырамыз. КПО негізгі тиімділік көрсеткіштері әлемдік оператор-компаниялардың ұсынылған Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) жыл сайынғы есебінде берілген көрсеткіштерімен салыстырылады.

2019 жылы еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалардың саны КПО-да айтарлықтай азайды. Саладағы басқа да компаниялармен салыстырғанда 2019 жылы КПО еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалардың жиілігі 2018 жылдың IOGP 10 үздік компаниясы мен IOGP орташа көрсеткішінен жоғары. (4-сызбаны қараңыз). IOGP ЕҚ және ҚТ бойынша көрсеткіштері жыл сайын www.iogp.org сайтында жарияланады.



2019 жылы КПО жұмыс алаңындағы учаске басшыларының ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілікті бағалау ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ 10 элементі бойынша өткізілді

4-сызба. IOGP ұқсас көрсеткіштерімен салыстырғандағы КПО көрсеткіштері, 2006–2019 жж. / GRI 403-2, 103-3 /



2019 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары / GRI 102-11, 103-3 /

Жыл сайынғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспарын әзірлеу кезінде КПО күнделікті қызметтер аясынан тыс ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын одан әрі жетілдіруге бағытталған іс-шараларды таңдайды. Бұл жоспар өткен жылдың қорытындыларына және халықаралық озық тәжірибелерге негізделген.

2019 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру іс-шаралар жоспарын дайындаған кезде аталмыш жоспардың және негізгі тиімділік көрсеткіштерінің жарасымдылығын қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жүйесін жетілдіру міндеттерін орындау мақсатында жаңа «тақырыптық»

тәсілдеме қабылданды. Жарақатсыз көрсеткішке қол жеткізу және өндірістік тұтастықты қамтамасыз ету үшін жетілдіру бойынша негізгі тақырыптар төрт «мақсатты элемент» топтарына бөлінді, олар:

- I. Көшбасшылық және қауіпсіздік мәдениеті;
- II. Қауіп-қатерлерді басқару;
- III. Қоршаған ортаны қорғау және қуатты үнемдеу;
- IV. Көлік.

2019 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары әрбір «мақсатты элементтің» тақырыптарын орындалуын қамтамасыз ететін жетілдіру бойынша 33 негізгі іс-шарадан және ұсыныстардан құралған. Жоспар 94%-ға орындалды, ал бірқатар басқа іс-шаралардың орындалуын 2020 жылғы жоспар аясында жалғастырамыз.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша өзара әрекеттесу және ақпарат алмасу / GRI 102-11 /

КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы көрсеткіштерді жақсарту және Компания мен мердігер ұйымдар қызметкерлерінің қауіпсіздік мәдениетін жақсарту мақсатында 2019 жылы алты элементтен тұратын ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында көшбасшылықты жақсарту бағдарламасын бастады:

- ▶ Ережелерді біріктіру;
- ▶ Салдарларды басқару;
- ▶ Көшбасшылық және тәлімгерлік;
- ▶ Басшылықтың жұмыс алаңдарында болуы;
- ▶ Ынталандыру механизмі;
- ▶ Қауіпсіздіктің жүйелі тосқауылдарын басқару

Ережелерді біріктіру

КПО үш «Алтын ережелерге» қоса 2019 жылы 11 өмірді сақтайтын ережелерді енгізді.

КПО қауіпсіздік мәдениетін арттыру, барлық мұнай газ өнеркәсібі ұйымдары арасында стандарттау және білім, алынған сабақ пен тәжірибемен алмасу мақсатында Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдас-тығымен (IOGP) дайындалған «Өмірді сақтайтын ережелерді» қабылдады. «Өмірді сақтайтын ережелер» «Алтын ережелерді» нығайтып, басты назарды 11 қауіп-қатер деңгейі жоғары жұмыс түріне аударады.

«Алтын ережелер» мен «Өмірді сақтайтын ережелер» КПО-ның, мердігер ұйымдардың және қосалқы мердігер ұйымдардың барлық қызметкерлеріне қатысы бар, себебі қызметкерлердің орынды не орынсыз әрекеттері ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жағдайына елеулі әсер етеді.

Қауіп-қатер деңгейі жоғары жұмыс түрлері:



Салдарларды басқару

Әділ тәсілдер мен сенім мәдениетін қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылы «ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ сала-сындағы тәртіптік жауапкершілік және салдарларды басқару» үлгісі жаңартылды. Бұл үлгі қызметкердің оң не теріс салдары бар оның тәртібін жүйелі түрде зерттеуді және лайықты көтермелеуді не жазалауды анықтауды қамтамасыз етеді. Жаңа үлгіге келесілер қосылды:

- ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы мінездік талдау формасы,
- ▶ Жағымды және жағымсыз тәртіптің нәтижелері мен салдары егжей-тегжейлі баяндалған,
- ▶ «Өмірді сақтайтын ережелерді» сақтамаудың мысалдары мен ықтимал салалары.

Көшбасшылық және тәлімгерлік

2019 жылы Компанияда «Көшбасшылық және қауіпсіздік техникасы мәдениеті» бағдарламасы сәтті енгізілді. Компанияның және мердігер ұйымдардың 1000-нан артық супервайзерлері осы курстан өтіп, өз білімін, коучинг, қатыстыру мен араласу дағдыларын жетілдірді. Қызметкерлердің хабардарлық деңгейін арттыру мақсатында ҚТ корпоративтік мәселелер бөлімі жобаларды дамыту бөлімінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімшесімен бірге «Қауіпсіздік техникасы бойынша көшбасшылық пен коучинг бағдарламасы» тақыры-бында бейнебаян түсірді.

Басшылықтың жұмыс алаңдарында болуы

Компанияның жоғары басшылығымен және нысандар/бөлімдер жетекшілерімен ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексеріп шығу бағдарламалары ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ жалпы көрсеткіштері мониторингі, және КПО саясатына, заңнама талаптарына және озық сала тәжірибесіне сәйкес үздіксіз жақсартуға бағытталған әрекеттерді үйлестіру мақсатында КПО-ның барлық жетекшілеріне жұмыс алаңдарына бару мен жұмыс-керлермен өзара әрекеттесу қажеттілігін белгілейді.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ тексерулері екі деңгейде өткізіледі: КПО директорлары мен басқарушыларының, сондай-ақ мердігер ұйымдар басшыларының қатысуымен жоғары басшылық тексерулері, және Компа-нияның орта буын жетекшілерінің тексерулері.

2019 жылы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулердің жалпы саны жоғары басшылықтың қатысуымен жоспарланған 60-пен салыстырғанда 85-і өткізілді (жоспардың орындалуы 142%), ал басшылықтың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тексерулер саны 476 болды, жоспарланған саны 350 (жоспардың орындалуы 136%). ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында көшбасшылықты жақсарту бағдарламасы аясында тексеріп шығу нұсқаулығы жаңартылды.

Ынталандыру механизмі

КПО басшылығы қызметкерлерін қауіпті жағдай, қауіпті әрекет немесе ықтимал қауіпті жағдай сияқты кез келген қауіпті жағдайларды уақытылы анықтау, араласу және хабарлау дағдыларын дамыту арқылы ҚТ бойынша алдын алу көрсеткіштеріне қол жеткізуге ынталандырады. Ынталандыру механизмі табысты іске асқан тәжірибе үлгісі ретінде көрсетілген.

Қауіпсіздіктің жүйелі тосқауылдарын басқару

Компанияның нысандарды жобалау, құрылысы, пайдалану мен техникалық қызмет көрсетуге жұмыл-дырылған қызметкерлердің біліктілігін қамтамасыз ету саясаты шеңберінде жоғарыда айтылған қызмет-керлердің біліктілік деңгейін арттыру мен тексерудің негізгі принциптерін және жақсарту аясын анықтай-тын құжат әзірленді. Сонымен қатар, негізгі орта буын басшылардың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында біліктілігін бағалау жүргізілді. Жұмыс 2020 жылы жалғасады.

2019 жылы КПО 12 ішкі

аудит және мердігерлік

ұйымдарда 16 аудит өткізді



Мұнай саласындағы компания-операторларымен серіктестік

«Тенгизшевройл» (ТШО), КПО және «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» (НКОК) компанияларының қауіпсіз әрекет мәдениетін бірлескен күш-жігермен қалыптастыру мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ынтымақтастық бастамасы 2019 жылы да сәтті жалғасын тапты. Оған қоса ақпаратпен, оқиғалардан алған сабақтармен және озық тәжірибемен алмасу жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ бұл бастама мұнай мен газ саласында біріңғай талаптар мен практикалық шешімдерді жеңілдетуге, стандарттауға және енгізуге бағытталған.

2019 жылы барысында Ақсай (КПО), Атырау (НКОК) қалаларында және Тенгиз кен орнында үш кездесу ұйымдастырылды. Бұл кездесулер барысында оқиғалардан сабақ алу, қауіпсіздік мәдениеті мен көшбасшылық, мердігер ұйымдарды басқару үдерісі, жол қауіпсіздігі, еңбекті қорғау мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар және апаттық жағдайға әрекет ету сияқты мәселелер талқыланды. Барлық тараптар бұл ортақ жұмысты өзара тиімді деп бағалады. Бұл бағыттағы жұмыс 2020 жылы да жалғасады.

Жол қауіпсіздігі

Жол қауіпсіздігі (ЖҚ) бойынша тұрақты көрсеткіштерді қамтамасыз ету мақсатында, КПО компаниясы ЖҚ жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыруды жалғастыруда. 2019 жылы осы жоспардың қысқа мерзімді іс-шаралары 100% толықтай орындалды, соның ішінде:

- ▶ ЖҚ бойынша ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы 4-жылдық стратегиялық жоспарында негізгі мақсаттар айқындалды;

- ▶ ЖҚ басқару бойынша комитет құрылды;
- ▶ Мердігерлік ұйымдар көлік құралдарының техникалық инспекциясы, техникалық қызмет және жөндеу жұмыстары жүргізілуінің сапасын бақылау үшін көлік құралдарындағы ҚТ бойынша екі жаңа инспектор қызметке алынды;
- ▶ Көлік құралдарын бақылау жүйесі жұмысы Халықаралық мұнай және газ өндірушілерінің қауымдастығы (IOGP) критерийлеріне сәйкес келтіріліп реттелді; жүргізушілердің көлік айдау мәнері бойынша көрсеткіштері апта сайын КПО директорларына жіберіліп, ішкі интранет-порталына жүктеледі;
- ▶ КПО негізгі бағдарлары бойынша жол қауіп-қатерлерін бағалау жүргізілді.

Сонымен қатар, жол қауіпсіздігі саласында қоғаммен жұмыс шеңберінде келесі шаралар іске асырылды:

- ▶ ЖҚ бойынша 5 билборд Ақсай қаласында орнатылды;
- ▶ Маусым айында Халықаралық балалар қорғау күніне арналған ЖҚ бойынша іс-шаралар және қыркүйек-қазан айларында Бөрлі ауданының аудандық орта білім беретін мектептерінің кіші сынып оқушыларының жол полициясы өкілдерімен кездесулері ұйымдастырылды;
- ▶ Қауіпсіздік белдіктерін тағу, жылдамдық режимін сақтау, жаяу өтпе жолдарды қауіпсіз жүріп өту, көлікте балалар креслоларын пайдалану, көлік жүргізу кезінде шылым шегудің және мас күйде көлік жүргізудің қауіпі және т.б. тақырыптардағы аудио-роликтер жергілікті радио арнасы арқылы таратылды.

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бағдарламасы / GRI 102-11, 103-3 /




5-сызбада 2017–2019 жылдар аралығындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар әдісі арқылы берілген бақылаулардың талдауы көрсетілген. 2019 жылғы жасалған бақылаулар 2018 жылмен салыстырғанда біраз өсті.

«Тенгизшевройл» (ТШО), КПО және «Норт Каспиан Оперейтинг Компани» (НКОК) компанияларының қауіпсіз әрекет мәдениетін бірлескен күш-жігермен қалыптастыру мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы ынтымақтастық бастамасы 2019 жылы да сәтті жалғасын тапты. Оған қоса ақпаратпен, оқиғалардан алған сабақтармен және озық тәжірибемен алмасу жүргізіліп жатыр

КПО екінші ISO 14001, ISO 50001 және OHSAS 18001 стандарттарына сәйкестікке бақылау аудитінен өтті. ISO 45001 стандартын енгізу бойынша дайындық шаралары жүргізіліп жатыр



5-сызба. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бағдарламасы бойынша бақылаулар, 2017-2019 жж.



- Қауіпті фактор
- Жақсы тәжірибе
- Қауіпті іс-әрекет
- Ұсыныс



СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 4

ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТАЛАНДЫРУ

БАҒДАРЛАМАСЫ

Мәселенің мазмұны / қысқа сипаттамасы:

Ынталандыру бағдарламасы 2012 жылы қызметкерлерді қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау саласында алдын алу көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін және осы саладағы мәселелерді ілгері жылжыту бағдарламасында қатысуға ынталандыру әдісі ретінде Компанияда енгізілді. Бағдарламада қызметкерлерді жоғары көрсеткіштер үшін жыл сайын ақшалай және естелік сыйлықтармен марапаттау қарастырылған.

Мақсаты:

- ▶ Қызметкерлерді қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау саласында орынды әрекетті көрсету және КПО-ның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы бағдарламаларда және бастамаларда белсенді қатысуға ынталандыру;
- ▶ КПО мен мердігер ұйымдарда қауіпсіздік техникасы мәдениетін дамыту;
- ▶ Қауіпсіз пайдалану қызметтерін жүргізу және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

2019 жылы КПО басшылығымен келесі алдын алу көрсеткіштері таңдалды:

1. Ықтимал қауіпті жағдайлардың тіркелген саны есепке алынуы тиіс жалпы жарақаттар санымен ара қатынасы 11:1 кем емес болу. Ауыр оқиғаларды тергеу барысында олардың алдында көбінесе ескерілмеген шағын оқиғалардың/жағдайлардың болғаны анықталады. Ықтимал қауіпті жағдайларды тергеу мен қадағалау шығынсыз сабақтарды алуға және кез келген жарақат түрін алдын алуға мүмкіндік береді.
2. КПО қызметкерлерінің ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бағдарламасы бойынша электронды оқытудан 100%-ға өтуі. Электронды оқыту қызметкерлерді қауіпті жағдайларды немесе қауіпті әрекет және ықтимал қауіпті жағдайларды анықтауды және бақылау кезінде уақытылы араласуды үйретеді.

Нәтижесі:

2019 жылы ынталандыру бағдарламасы шеңберінде КПО және мердігер ұйымдардың 1 715 қызметкері белсенді қатысқандары үшін естелік сыйлықтармен марапатталды. 88 қызметкер компанияда қауіпсіздік техникасын жетілдіруге үлес қосқан үшін ақшалай сыйақы алды.

2019 жылы есепке алынуы тиіс жалпы жарақаттардың санына шаққандағы ықтимал қауіпті жағдайлардың саны 11:1 құрады (10 ЕТО-ға 111 ЫҚЖ). Компания ұжымының 100%-ы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бағдарламасы бойынша электронды оқытудан өтті. Қойылған көрсеткіштерге қол жеткізу қызметкерлердің қауіпті әрекетті бақылау үдерістеріне қатысуға ынталарының жоғары екенін көрсетеді. Бұл, өз кезегінде оқиғалардың тиімдірек алдын алу ықтималдығын және Компанияда жалпы қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттырады.



Қызметкерлерді ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында қосқан үлестері үшін марапаттау

2019 ж. барысында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар бағдарламасы бойынша

29 342-ден
астам бақылау өткізілді



1 млн км жүріп өткен
жолға шаққандағы
жол-көлік оқиғалар жиілігі
2018 жылғы

0,03
көрсеткішінен 2019 жылы



0,02-ге
төмендеді



СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 5

ЕҚ, ҚТ ЖӘНЕ ҚОҚ КАРТАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ

БОЙЫНША 2019 ЖЫЛҒЫ НӘТИЖЕЛЕР



Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

КПО қызметкерлердің қауіпсіздігіне және ықтимал қауіпті жағдайлардың алдын алуына аса көңіл бөледі. ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бағдарламасы КПО-да 2012 жылдан бері қолданылып келеді, және кәсіпорында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласында қауіп-қатерлерді басқару бойынша алдын алу бағытындағы негізгі құралдардың бірі болып табылады. Бағдарлама көмегімен әрбір қызметкер қауіпті жағдайларды анықтау мен жою үшін өз үлесін қоса алады. Басында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасы басып шығарылған. Кейін олар барлық қызметкерлерге онлайн режимде қолжетімді электрондық нұсқада жасалды.

Мақсаты:

- ▶ Оқиғалар мен жарақаттар жағдайларын алдын алу, қауіпті жағдайларды анықтау және жою;
- ▶ Қауіпсіз тәртіп мәдениетін қалыптастыру, қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуге жеке жауапкершілікті арттыру және қоршаған адамдарға қамқорлық көрсету;
- ▶ Компанияда қауіпсіздік техникасын жетілдіру бойынша ұсыныстар мен кері байланысты алу.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

2012 жылы КПО-да оқиғаларды алдын алу және қауіпсіз жұмыс жағдайларын құру мақсатында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бағдарламасы енгізілді. Бұл бағдарлама қызметкерлерге кез келген байқаған қауіпсіз жағдайлар/әрекеттер мен ықтимал қауіпті жағдайларды бақылауға, араласуға, және қажет жағдайда жұмысты тоқтатуға және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ картасы арқылы хабарлауға мүмкіндік береді.

Компанияның нысандарында карталарды басқару бойынша комитеттер ұйымдастырылған. Бұл комитеттер бақылауларды талдап, түзету әрекеттерін анықтайды және олардың жүзеге асырылуын қадағалайды. Сонымен қатар комитеттер қауіпті әрекеттің негізгі себептерін анықтайды және қауіпті жағдайларды анықтау мен жіктеу бойынша оқытуларды ұйымдастырады.



Нәтижесі:

ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бағдарламасы әлі күнге дейін сәтті жұмыс істеп келеді, ал қызметкерлердің қатысуы жыл сайын артып келеді, себебі карта қауіпсіз техникасы бойынша ұсыныстарды және мәселелерді шешудің ең ыңғайлы әрі қарапайым құралы.

Бағдарламада КПО мердігер ұйымдардың өкілдері де қатысады. 2019 жылы 69 мердігер ұйым 19 676 бақылау жасап, пікір ұсынды, бұл жалпы келіп түскен карталардың 70%-ын құрады.

- ▶ 2019 жыл қорытындысы бойынша карталар бағдарламасына 4 145 қызметкер қатысты.
- ▶ 2019 жылы 29 342 іс-әрекет бақыланды.
- ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар бағдарламасы арқылы 61 ықтимал қауіпті оқиға туралы хабарланды, және аса ауыр оқиғалардың алдын алу үшін бұл оқиғалар бойынша тергеу жұмыстары жүргізілді.
- ▶ 17 308 астам іс-әрекетке араласып, түзету шаралары белгіленді. Олардың 92%-ы жылдың аяғына қарай толық атқарылды.
- ▶ Қызметкерлердің 100%-ы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары бағдарламасы бойынша оқудан өтті.

Апаттық әрекет ету жүйесі

/ GRI 103-1, 103-2, 102-11 /

Апаттық жағдайларға дайын болу және қарсы әрекет ету апаттар мен күтпеген жағдайларды анықтау, сонымен қатар олардың пайда болуының алдын алу мен адамдардың қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуды қамтиды.

Қарашығанақ кен орны аймағында күкіртсутегінің (H₂S) ықтимал апаттық шығарындылары жағдайында күкіртсутегі әсерінің қатерін төмендету мақсатында КПО 2018 жылғы желтоқсанда «КПО мен мердігерлік ұйымдар қызметкерлерін күкіртсутегі әсерінен қорғау стратегиясын» дайындап шығарды. Стратегия талаптарын орындау мақсатында Компания фильтрлі құтқарғыштар мен жеке газ детекторларды КПО және мердігерлік ұйымдар қызметкерлеріне сатып алды.

Жеке қауіпсіздік құралдарын үлестірудің орталықтан-дырылған нүктесін қамтамасыз ету мақсатында, жеке тыныс алу мүшелерінің қорғаныс құралдарын беру орталығы Ақсай қаласында ашылды.

2019 жылғы мамыр айынан бастап КПО компаниясының, кадрлық агенттіктердің барлық қызметкерлері және Компанияға келушілер Қарашығанақ кен орны аймағына кіргенде өзімен бірге Компаниямен берілген фильтрлі құтқарғыштар мен жеке газ детекторларын алып жүруге тиіс. 2020 жылғы ақпаннан бұл талап мердігерлік ұйымдар қызметкерлеріне де қатысты тарала бастады.

КПО-да кез келген оқиға, апат немесе төтенше жағдай туындаған жағдайда жедел іс-шараларды жүргізу, сондай-ақ олардың ауқымын бағалау, оларды оқшаулау және жою жөнінде ұсыныстарды әзірлеу үшін

қажетті сенімді үш деңгейлі әрекет ету жүйесі қолданылады. Аталмыш жүйе 7-суретте берілген.

Компания жүйесі жыл сайын апаттық әрекет етудің I, II және III деңгейлері бойынша апаттық жаттығуларды және оқу-жаттығуларды өткізу жоспарына сәйкес әртүрлі оқу-жаттығуларда сыналады. Жүйелі практикалық оқу-жаттығуларын бөлек, 2019 жылы апатқа қарсы әрекет етудің жауапкершілігі әртүрлі деңгейдегі ұйымдардың қатысуымен кең ауқымды оқу-жаттығулары өткізілді. Сонымен қатар, апаттық басқару топтарымен кен орны және Ақсай қаласы аумағында апталық оқу-жаттығулар өткізілді. Бұл шараларда нысандардың апаттық жағдайларын жою жоспарлары бойынша әртүрлі сценарийлер қарастырылды.

Бұған қоса, бекітілген жылдық жоспарға сәйкес, 2019 жылы апатқа қарсы әрекет ету тобы КПО ны-

сандарының апаттық координациялық орталығы негізіндегі апаттық басқару штабы қызметкерлерімен теориялық оқу-әдістемелік жаттығуларды да ай сайын өткізді. Бұл жаттығуларға ГҚДҚ-2, ГҚДҚ-3, ҚӨК, Экоорталық нысандары және ұңғымалық операциялар, ұңғымаларды пайдалану және өндіру бөлімдері қатысты.

Жыл ішінде әр апта сайын теориялық және практикалық оқу-жаттығулары КПО апаттық-құтқару қызметтерін, атап айтқанда:

- ▶ өрт сөндіру қызметін;
- ▶ газдан құтқару қызметін;
- ▶ газдан құтқарудың ерікті жасақтарын;
- ▶ медициналық қызметкерлерді тартумен өткізілді.

Сондай-ақ, 2019 жылы КПО ҚР Заңнамасы талаптарына сәйкес компания қызметкерлерін азаматтық қорғау бойынша электронды оқытуды жалғастырды. КПО басшылығы және КПО апаттық-құтқару қызметтері мен нысандарының жетекшілері БҚО төтенше жағдайлар департаментінде азаматтық қорғау бойынша оқытудан және ҚР ИІМ төтенше жағдайлар комитетінің оқыту орталығында біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Сонымен қатар, жыл ішінде апаттық басқару топтарының 36 мүшесі кең ауқымды апаттық оқиғаларды басқарудың арнайы курсынан өтті.

Оған келесі сілтеме арқылы өте аласыздар: <https://www.kpo.kz/kz/ornyty-damu/e-t-zhne-o-blimi/auipsizdik-tekhnikasy/apatty-basaru.html>

Төтенше жағдай мәселелері бойынша жергілікті халықпен қарым-қатынас / GRI 102-11, 103-3 /

ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау терминалы экспорттық құбыр желісінің маңызы, апаттық әрекет ету жүйесі, экспорттық құбырдағы ықтимал төтенше жағдай (ТЖ) кезінде жергілікті халықты құлақтандыру және бұл ТЖ жою сияқты әртүрлі сұрақтарға түсініктеме беру мақсатында КПО мамандары кен орнының санитарлы-қорғау аймағына және ҚАТЖ құбыр желісіне жақын орналасқан елді мекендердің лауазымды тұлғаларымен кездесулерді жүйелі түрде өткізіп тұрады.

2019 жылы 28 елді мекенде 131 адамның қатысуымен 32 кездесу өткізілді.

Бекітілген жоспарға сәйкес, 2019 жылы елді мекендердің тұрғындарын эвакуациялау бойынша оқу-жаттығулары 78 адамның қатысуымен өтті. Билік органдарымен және кен орнына жақын орналасқан елді мекендер тұрғындарымен өрт қауіпсіздігі, қауіптің көзі болуы мүмкін бейсауат мал/жабайы жануарлар сияқты тақырыптарға 103 адамды қамтыған 10 кездесу өткізді.


Нәтижесінде, барлық тұрғындардың ҚМГКК аумағында ықтимал ТЖ орын алуы кезіндегі әрекет ету тәртібінен хабардар болу деңгейі өсті.

Қарашығанақ кен орны аумағына жақын орналасқан елді мекендердегі тұрақты дайындықты сақтау мақсатында 2019 жылы КПО апаттық әрекет ету тобының халықты қорғау мамандары мердігерлік ұйымдар өкілдерімен бірге апаттық құлақтандырудың дабыл жүйесін ай сайын тестілеп отырды.

Бұған қоса, 2019 жылы ауыл тұрғындарына ауызша нұсқауларды беру үшін қосымша дауыс зорайтқыштарды орнату арқылы КПО Приурал, Жаңаталап, Өспен және Жарсуат ауылдарында жалпы құлақтандыру жүйесін жетілдіру жобасын бастады және аяқтады.

Сонымен қатар, КПО жергілікті атқарушы органдармен су тасқыны, өрт қауіпі болуы ықтимал және қысқы кезеңдерде тығыз ынтымақтастықты жалғастыруда. Бұл кездесулер туралы ақпарат біздің сайтымыздан таба аласыздар. Оған <https://www.kpo.kz/kz/ornyty-damu/e-t-zhne-o-blimi/auipsizdik-tekhnikasy/apatty-basaru.html> сілтемесі арқылы өтуге болады.

7-сурет. КПО апаттық әрекет ету жүйесі / GRI 103-2 /



ӨНДІРІС ТҰТАСТЫҒЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Өндіріс тұтастығы / GRI 103-2, 102-11, OG-13 /

КПО өндірістік қызметіне қауіп төндіруі мүмкін қатерлерді бақылауға және қауіпсіздік тосқауылдары жүйесі арқылы жоғары дәрежелі қауіп-қатерлерді азайту жолдарын іздестіруге тырысып келеді. КПО өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі кез келген апатқа себеп болуы мүмкін ақауларды (тосқауылдардағы осал жерлерді) анықтау мақсатында қауіпсіздік тосқауылдарының «жарамдылық күйін» үнемі бағалап отырады.

11-кесте. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету саласындағы міндеттер / GRI 102-11, 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҮҮ ТДМ
Тосқауылдар моделіне арналған жаңа бағдарламалық жасақтаманы енгізуді аяқтау және сынау кезеңіне көшу	орындалды	2019 жыл барысында бағдарламалық жасақтаманың конфигурациясы КПО талаптарына сай реттелді. Жыл сонында бұлттық ортада бағдарламаның бастапқы функционалды тестілеу үдерісі аяқталды	Тосқауылдар моделінің жаңа бағдарламалық жасақтамасын қорытынды қабылдау тестілеуін өткізу	
Техникалық қызмет көрсету тиімділігінің әсерін бағалауды аяқтау және оларды қолдану саласын анықтау	орындалды	2019 жыл барысында 2017/2018 жылдары әзірленген техникалық қызмет көрсетуді орындау стандарттары жаңартылды. Жалпы 32 стандарт қайтадан шығарылды. Қазіргі таңда, бұл стандарттар, техникалық қызмет көрсетуді компьютермен басқару жүйесінің мамандарымен SAP жүйесіне енгізілуде. Стандарттар Жобаларды жүзеге асыру директорына орындалуға жіберілді		
II кезеңді аяқтап, апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жобасының III кезеңіне (өзгерістер енгізу) дайындалу (2020 ж.)	орындалуы жалғасуда	2019 жылы КПО апаттық дабылдар тиімділігінің критерийлерін анықтауды жалғастырды. Бұл жұмыс апаттық дабылдар дерекқоры және критикалық апаттық дабылдарға жауап беру нұсқаулығы мен апаттық дабылдарды оңтайландыру туралы есептерді құрумен қорытындылады.	Бекітілген өзгертулерді апаттық дабылдарды оңтайландыру жобасына енгізу	
<ul style="list-style-type: none"> 2019 жылғы жоспарлы жөндеу жұмыстары мен күнделікті жұмыс барысына технологиялық қауіпсіздік негіздерін енгізу Тосқауылдар тиімділігін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарын іске асыруды бастау 	орындалуы жалғасуда	Технологиялық процесс қауіпсіздігі негіздері туралы қызметкерлердің хабардарлығын арттыру үшін бірқатар шаралар өткізілді (бейнероликтер көрсетілді, жоспарлы жөндеу жұмыстары алдында жиналыстар өткізілді, анықтамалар мен нұсқаулықтар таратылды).	Технологиялық қауіпсіздік туралы хабардарлықты арттыру науқанын жалғастырып, қолданыстағы тосқауылдарды бақылау және қадағалауды күшейту мақсатында берілген пікірлерді талдау негізінде іс-шаралар жоспарын әзірлеу.	
ҚӨК каустикті бейтараптандыру қондырғысының тұтастығын қамтамасыз ететін жұмыс параметрлер аралығын әзірлеу	орындалды	ҚӨК каустикті бейтараптандыру қондырғысының тұтастығын қамтамасыз ететін жұмыс параметрлер аралығын белгілейтін құжат шығарылды.	ГҚДҚ-3 қондырғысының тұтастығын қамтамасыз ететін жұмыс параметрлер аралығын анықтау	

КПО өндіріс тұтастығын басқару жүйесі – ірі ауқымды апаттардың алдын алу және Қарашығанақ кен орнында жұмыс істейтін барлық КПО қызметкерлерінің, мердігерлердің және қосалқы мердігерлердің қауіпті факторлар туралы хабардарлығын арттыру бойынша шаралар кешені.

2014 жылы іске қосылған нысан тұтастығын қамтамасыз ету жүйесіне сәйкес келесі негізгі құралдар қолданылады:

1. Тосқауылдар моделі;
2. Өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері (ТНК);
3. Кен орны құрылыс нысандарының модификациялық өзгерістерін басқару жүйесі;
4. Технологиялық процес қауіпсіздігі негіздері бойынша науқан.

КПО өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімінің тосқауылдар моделі

/ GRI 102-11, 103-2 /

КПО тосқауылдар моделі – бұл өндіріс тұтастығы мен қауіп-қатер деңгейі негізіндегі процестер қауіпсіздігі мәселелері бойынша жинау, басқару, бағалау және есеп беру үшін құрылған бірыңғай ақпарат көзі ретінде әзірленген деректер қоры.

КПО өндіріс тұтастығы тосқауылдар моделінің дерекқоры 2014 жылы қолданысқа енгізілді. Дерекқорды әзірлеудің келесі сатысы ретінде технологиялық процесс қауіпсіздігінің жағдайын визуалды түрде көрсету үшін КПО негізгі нысандарының орналасу жоспарлары интерактивті картаға жүктелді. КПО өндірістік және корпоративтік бөлімдері шешім қа-

былдауды жеңілдету және салдарлар (бақылау шаралары) мен шешімдерді (жобалар) жеңілдетуге бағытталған қысқа және ұзақ мерзімді шараларды жүзеге асыру мақсатында үнемі тосқауылдар моделінің дерекқорын пайдаланады.

2019 жылы өндірістің тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі дерекқордың функционалдығы мен тиімділігін арттыру мақсатында қолданыстағы бағдарламаны ауыстыру туралы шешім қабылдады. 2019 жыл бойы бөлім мамандары жобаны әзірлеушімен (RiskPoint) бірігіп, бағдарламалық жасақтаманы арнайы түрде конфигурациялау бойынша жұмыстанды.

Жаңа бағдарламалық жасақтамасының ұлғайтылған функционалдық мүмкіндіктері онлайн режимдегі нақты деректер көмегімен үдеріс тиімділігін арттыруға және анықталған ықтимал қауіптерге қарсы әрекет ету уақытын қысқартуға мүмкіндік береді. Жылдың соңында бұлттағы ортада бастапқы функционалды тестілеу үдерісі аяқталды. Қорытынды қабылдау тестілеу 2020 жылға жоспарланды.



Тосқауылдар моделін қолдану нәтижесінде

114

қауіптің

19-ы

жойылды

2019 ж. алғашқы қорғаныш қабаты

тұтастығының бұзылуымен байланысты

2-дәрежелі тек 1 оқиға тіркелді

Өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері / GRI 103-3 /

КПО-ның өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштерінің (ТНК) мақсаты – неғұрлым ауыр салдарға әкелуі мүмкін оқиғалар мен жағдайларды анықтау немесе олардың алдын алу. КПО нысан тұтастығы ТНК туралы есеп беру бойынша API RP 754 ұсынылған тәжірибесіне, IOGP 456 стандарты ұсынымдарына, «Эни» және «Шелл» компанияларының басшылық ететін қағидаттарына сәйкес кешіктірілген және жетекші көрсеткіштерді бақылап жүреді. ТНК-нің жаңа үлгісі енгізіліп, 2018 жылдың наурыз айында күшіне енді.

2018 жылдан бастап қайта құрылымдалған көрсеткіштер жүйесі мен ақпараттық панельді қолданғаннан бері нысан тұтастығы мен әр аймақ жұмысының қауіпсіздігі үшін жауапкершіліктің айтарлықтай артқаны байқалды. Бұл бірнеше мәселелерді қайта қарастыруға және жаңа іс-шаралар жоспарлары мен жобаларға кірісуге мүмкіндік берді, мысалы:


1. Жарылыстан қорғалған жабдықты тексеру және ауыстыру: ақаулы жарылыстан қорғалған жабдықты тексеру мен ауыстыру үшін құрылған топтастырылған бағдарлама.
2. Дабыл жүйесін оңтайландыру: жобаның бірінші кезеңі 2018 жылы аяқталды, екінші кезең 2019 жылы басталып жалғастырылды, үшінші кезең 2020 жылы басталады.
3. Қорғаныш жүйелерін ажырату үдерісін басқару: тиісті процедура жаңартылып, саланың алдыңғы қатарлы тәжірибесіне сәйкес енгізілді.
4. Қауіпсіздіктің негізгі компоненттеріне техникалық қызмет көрсетуді кейінге қалдыру кезеңі 7 күннен 48 сағатқа дейін қысқартылды, алайда мерзімі өткен техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыс көлемі артпады, бұл талаптарға сәйкестік деңгейінің күрт жоғарлағанын көрсетеді.

2020 жылы нысан тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі КПО жалпы цифрландыру бағдарламасы аясында бағалау карталары мен ақпараттық панельдерге енгізілетін деректерді цифрландыру және жетілдірілген функционалдылықпен автоматты түрде өңдеу мүмкіндіктерін анықтауды мақсат қойды.

Алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы / OG-13 /

Ірі ауқымды апаттардың орын алуына әкелуі мүмкін қауіпті факторларды бақылау және талдау – технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғалардың алдын алудың және олардың күрделілік дәрежесін төмендетудің негізі болып табылады. Технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиға орын алса, ол «Synergi» дерекқорында тіркеліп, тергеу басталады.

6-сызба. Өндірістік нысандар бойынша технологиялық жабдықтың алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы жағдайлары, 2017–2019 жж.



Ескерту: Технологиялық қауіпсіздікпен байланысты оқиғаларды анықтау үшін (1/2/3-дәрежелі) IOGP 456 Халықаралық стандартымен танысып шығыңыз.

КПО тергеу тобы негізгі себептерді талдап, кеңестер мен лайықты шаралар жоспарын әзірлейді. Жоспардың орындалуы «Synergi» деректер қоры арқылы қадағаланады.

2017–2019 жылдарғы статистикалық сараптама бойынша 2018 жылға қарағанда 2019 жылы алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуымен байланысты оқиғалардың саны 6%-ке дейін төмендегенін көрсетті, сонымен қатар оқиғалардың күрделілік дәрежесі төмендеген. 2-дәрежелі тек 1 оқиға тіркелді, ГҚДҚ-2 нысанында газды кері айдау құбырының 2" байпас желісіндегі RB-0041 шарлы кранның со-ташығында газдың шығуы анықталды (6-сызбаны қараңыз).

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 6

КПО ТОСҚАУЫЛДАР МОДЕЛІ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Қарашығанақ кен орны сияқты күрделі, капиталды қажет ететін кәсіпорынның функционалды, механикалық және пайдалану тұтастығын динамикалық және сенімді басқару КПО-ның ұзақ мерзімді және тұрақты дамуының негізі болып табылады.

Өндірістің тиімділігі мен қауіпсіздігін, сондай-ақ тұрақты дамуды арттыру үшін Компанияда нысан тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі құрылды. Технологиялық қауіпсіздік қауіп-қатерлерін басқаруға бағытталған өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету стратегиясын әзірлегеннен кейін, КПО Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының № 415 есебінде жарияланған Джемс Ризонның моделі негізінде тосқауылдар моделінің дерекқорын әзірлеуді бастады.

Бұл модель қауіпсіздіктің негізгі жүйелеріне немесе «Швейцар ірімшігі» кесектері ретінде ұсынылған тосқауылдарға негізделген. Модель – қауіптерді бақылау үшін топтастырылған тосқауылдардың жиынтығын құрайды. Әрбір тосқауылдың өз осалдығы бар, олар «ірімшіктің тесіктері» ретінде көрсетілген. Егер қауіпсіздіктің тиісті критикалық компоненті дұрыс жұмыс істемесе, әрбір тосқауылда «тесіктер» пайда болуы мүмкін.

Мақсаттар / міндеттер:

Технологиялық қауіпсіздікті басқару құралы қауіпті оқиғаларға немесе апаттарға, соның ішінде адам өліміне, жарақат алуға, мүлікке зиян тигізуге және қоршаған ортаға зиян келтіру жағдайларына әкелуі мүмкін уытты заттардың әсері, өрттер немесе жарылыстар сияқты оқиғалардың салдарын болдырмауға және бақылауға арналған. КПО басшылығы мен нысан тұтастығын қамтамасыз ету бөлімінің міндеті – КПО нысандарындағы ірі ауқымды апаттың пайда болу қауіпін ең төменгі деңгейге дейін азайту.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

КПО өндірістік нысандарында ірі ауқымды апаттың пайда болу қауіп-қатерін бақылау мен азайтуға бағытталған дерекқорды құру туралы міндет қойылды. Бұл дерекқор қауіп-қатерлерді жіктеу жүйесіне сәйкес технологиялық қауіпсіздігіне төнген қауіп-қатерлерді нақты анықтауға және бағалауға, сондай-ақ оларды басқарудың барлық деңгейлерінде бақылауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әрекеттер:

1. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ететін тосқауылдар моделі КПО-ның негізгі өндірістік нысандарының картасын қоса алғанда, анағұрлым озық функциялары бар Excel файл негізінде жасақталды, онда барлық қауіп-қатерлер нысан аумақтары бойынша бөлінген. Бұл ерекшелік КПО-ның өндірістік алаңдарындағы қауіп-қатерлерге жан-жақты және жүйелі шолу жасауға мүмкіндік берді.



2. 2018 және 2019 жылдар барысында КПО, тосқауылдар моделі дерекқорының функционалдығы мен тиімділігін арттыру мақсатында арнайы бағдарламалық жасақтаманы әзірледі. Ол 2020 жылы іске қосылады.

Нәтижесі:

Енгізілген жүйе бақылау іс-шаралары мен КПО бөлімдері арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, 2019 жылы бұл жүйе арқылы қауіп-қатерлердің жалпы саны (өте жоғары, жоғары және орташа) 17%-ға азайтылды (114 қауіптің 19-ы жойылып қауіптер саны 95-ке дейін азайды).

Тосқауылдар моделін қолдану нәтижелерін айта кеткен жөн:

- ▶ КПО қызметінің қауіп-қатерлерін басқару процесінің бір бөлігі ретінде Компанияның қауіпсіз және тұрақты өндірістік қызметін қамтамасыз ету жөніндегі стратегиясын сәтті іске асыру мақсатында құрылымдық тәсілді қолдану;
- ▶ Адамдарды, қоршаған ортаны, мүлікті, өндірісті және Компания беделіне зиян тигізетін ірі ауқымды апаттар қауіп-қатерлерін азайту.

Апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жобасы / GRI 103-3 /

2019 жылы КПО дабыл жүйесінің тиімділігін өлшеуді жалғастырып, апаттық дабылдарды оңтайландыру бағдарламасының екінші кезеңін жүргізді. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету мен орталықтандырылған техникалық қызмет көрсету бөлімдерінің өкілдері және техникалық сарапшылар мен бақылау пункті операторлары қатысқан бірнеше семинар өткізілді. Осы семинарлардың нәтижелері бойынша дабылдар дерекқоры және маңызды дабылдарға жауап қайтару нұсқаулықтары мен дабыл жүйесін оңтайландыру қадамдарын енгізу туралы есептер әзірленді. Бұл құжаттар 2020 жылы орталықтандырылған техникалық қызмет көрсету бөлімі бастайтын III кезеңді жүзеге асыруға арналған бастапқы материал болып табылады.

Нысандар модификациялау өзгерістерін басқару жүйесі

Өзгерістерді басқару – енгізу кезеңіне дейінгі жабдықтарды модификациялауға байланысты бағалау, бекіту және мониторинг жүйесі. Бұл жүйе арқылы өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі барлық өзгерістерді тиісті түрде тіркей алады. Бүгінгі таңда, жабдықты өзгерту жобасына қатысатын КПО бөлімдері аталмыш жүйені кеңінен қолданып келеді.

2019 жылдың соңында өзгерістерді есепке алу жүйесі іске қосылғаннан бері тіркелген 1 756 электрондық өтінімнің 678-і жабылып, 221-і орындалу барысында. Есеп беру жылы өзгерістер бойынша өтінімдер санының көбеюі жоспарлы жөндеу жұмыстары кезіндегі үлкен жұмыс көлеміне байланысты болды.

Пайдаланушы бөлімдердің белсенді қолдануы арқасында барлық кезеңдерді қоса алғанда 600 өтінімнің уақытылы орындалмай қалғандығы анықталды. Өндіріс тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі 2020 жылға дейін өтінімдер бойынша артта қалушылықтарды азайтып, тіркелген өтінімдердің жиналуын болдырмау үшін жүйенің тиімділігін арттыру шараларын қолдануды жоспарлаған.

Технологиялық процесс қауіпсіздігі негіздері бойынша науқан

/ GRI 103-3, 102-11 /

Технологиялық процесс қауіпсіздігі негіздері (ТПҚН) бойынша науқан 2017 жылы басталды. Бұл өндірістік нысандарды пайдалану кезінде орын алуы мүмкін қауіптер туралы өндірісте қызмет ететін қызметкерлердің хабардарлығын арттыруға бағытталған.

2019 жылы аталмыш науқанды жалғастыру шеңберінде келесі шаралар өткізілді:

- ▶ Алғашқы қорғаныс қабаты бұзылуының нақты мысалдары көрсетілген 10 ТПҚН туралы оқыту бейнематериалы шығарылды;
- ▶ Жоспарлы жөндеу жұмыстарына дейін ТПҚН туралы хабардарлықты арттыру сессиялары өтті, оған өндірістік бөлімдердің 700-ге жуық қызметкері қатысты;
- ▶ Технологиялық процес қауіпсіздігі негіздері бойынша 1 800 анықтамалық қағаздар басып шығарылды және таратылды;
- ▶ Технологиялық процес қауіпсіздігі негіздері бойынша нұсқаулық шығарылды;
- ▶ ТПҚН санатына қатысты 753 ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталары тіркелді және қаралды.

КПО нысан тұтастығын қамтамасыз ету бөлімі Компанияның өндірістік қауіпсіздік мәдениетін жақсарту мақсатында ТПҚН науқанын жүзеге асыруды келесі жылы да жалғастырады.



Бүгінгі таңда, жабдықты өзгерту жобасына қатысатын КПО бөлімдері модификациялау өзгерістерін басқару жүйесін кеңінен қолданып келеді

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету

КПО өндірістік нысандардың тұтастығын сақтауға және өз қызметкерлері мен мердігер қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бар күшін салып келеді.

12-кесте. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі міндеттеріміз / GRI 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҰҰ ТДМ
КПО экспорт құбыр желілеріне заңсыз қосылу жағдайларын мүлдем болдырмау.	✓ орындалды	Заңсыз қосылулар болған жоқ. «Optasense» дабыл беру жүйесі мен мобильді топтар күшімен экспорт құбыр желісінің барлық аймақтарында күнделікті бақылау жүргізілді. Құбыр бойындағы елді мекендердің жергілікті тұрғындарымен және полиция бөлімдерімен өзара іс-қимыл күшейтілді.	КПО экспорт құбыр желілеріне заңсыз қосылу жағдайларын мүлдем болдырмау.	12 17
«Optasense» жүйесінің жабдығын және бағдарламалық жасақтамасын жаңарту.	🔄 жартылай орындалды	2020 жылға арналған бағдарламалық жасақтаманы жаңарту бойынша келісімшартқа қол қойылды	«Optasense» жүйесінің жабдығы мен бағдарламалық жасақтамасын жаңасына ауыстыру	
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметін көрсететін ұйымдарды, соның ішінде олардың жаңа қызметкерлерін адамның қауіпсіздігі мен құқықтарының ерікті қағидалары бойынша оқытуды жалғастыру және осы қағидалардың орындалуын бақылау.	✓ орындалды	2019 жылы, КПО қауіпсіздік қызметін көрсететін мердігерлік ұйымдардың барлық қызметкері оқудан өтті.	Қауіпсіздік қызметін көрсететін ұйымдардың жаңа қызметкерлеріне адамның қауіпсіздігі мен құқықтарының ерікті қағидалары бойынша оқыту жүргізу.	
Қауіпсіздікті басқару жүйесін жобалауды аяқтау және оның құрылысын бастау (2-кезең).	🔄 жартылай орындалды	2-кезең шеңберінде (кен орнының стратегиялық нысандары) қауіпсіздіктің электронды жүйелерін жобалау, сатып алу және орнату бойынша келісімшарт жасалды. Негізгі жобалау жұмыстары аяқталды.	Қауіпсіздіктің электронды жүйесі бойынша толық жобалауды, сонымен қатар, құрылыс және орнату жұмыстары кезеңін кем дегенде 50%-ға аяқтау. Үлкен Шаған мұнай айдау станциясының нысанында қорғаныс қоршаулары мен қауіпсіздіктің электронды жүйелерін орнатуға дайындық жұмыстарын бастау.	
<ul style="list-style-type: none"> ▶ Компанияның барлық нысандарында кіріп-шығуды бақылайтын электронды жүйені орнату және оның жұмысын реттеу. ▶ Кен орны аумағындағы екі бақылау-өткізу пунктін қайта құру және жаңарту. 	✓ орындалды	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Террористік қатынаста осал болып табылатын адамдардың жаппай жиналу орындары нысандары 100%-ға қамтылды. ▶ Қосымша жабдықтар сатып алынып, іске қосылды, мәліметтерді оқып алу алгоритмі және жүктеп алу процесі өзгертілді. ▶ Екі бақылау-өткізу пунктін қайта құру және жаңарту жұмыстары сәтті өткізілді. 		
Қауіп-қатерлерді бағалауға арналған SVA-Pro құралын сатып алу және іске қосу.	✓ орындалды	Қауіп-қатерлерді бағалау құралын сатып алу бойынша тендер өткізілді. Қауіп-қатерлерді бағалау құралы сатып алынды.	Жұмыс ортасына орнатылған чиптер және жетілдірілген мүмкіндіктері бар бейдждің жаңа түрлерін енгізу. Барлық Компания нысандары қауіпсіздігінің қауіп-қатерлерін бағалау.	

2019 жылы
қауіпсіздікті басқару
жүйесінің

2-ші
кезеңін
іске асыру жалғасты



Компанияның екі
мердігерлік ұйымының
барлық қызметкері
жыл сайын адам
құқықтары қағидалары
бойынша арнайы
оқытудан өтеді

КПО қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімі, өз саласындағы Компанияның және жаһандық тәжірибесін талдау негізінде қауіп-қатерлерді үнемі бағалап отырады. Бағалау нәтижелері бойынша КПО ықтимал қауіп-қатерлерді болдырмау мақсатында қауіпсіздік шараларын әзірлеп енгізеді және жетілдіреді.

2019 жылы, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімі (ҚҚБ) қауіпсіздік саласындағы қауіп-қатерлерді бағалауға арналған толыққанды құрал сатып алды. Қолайлы интерфейсмен қамтылған ол құралдың бағдарламасы халықаралық жобаларды іске асыру тәжірибесі мен қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелерге негізделген.

Қауіпсіздік қызметінің 850-ден астам кәсіби қызметкері үздіксіз патрульдеу мен бақылау жүргізу арқылы КПО нысандары, офистеры мен құбыр желісінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. КПО қауіпсіздікті қамтамасыз ету бөлімінің 2019 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша келесі бұзушылықтар анықталды:

- ▶ Тауар-материалдық құндылықтарды тасымалдау мен кіріп-шығу ережелерін бұзу – (103 оқиға);
- ▶ ҚМГКК кен орнына рұқсатсыз кіру (14 оқиға);
- ▶ Алкогольге қатысты саясат талаптарын бұзу (31 оқиға);
- ▶ Мүлікті рұқсатсыз әкету (15 оқиға).

2019 жылы КПО 10 ішкі қызметтік тергеу ісін жүргізіп, құқық қорғау органдарына жолданған бес өтінішті тіркеді. Құқық қорғау органдарына түскен шағымдардың нәтижелері бойынша Қарашығанақ кен орнында басқа адамдардың мүлкіне заңсыз қол сұғушылық жасағаны үшін екі адам сотқа беріліп, қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

КПО қауіпсіздік қызметі Компанияның аумақтарынан мүлікті рұқсатсыз алып кетуге жол бермеумен қатар Бөрлі ауданының құқық қорғау органдарымен бір-

лесіп, бұрын ұрланған Компанияның мүлігін қайтарып беруді жүзеге асырды.

2019 жылы қауіпсіздікті басқару жүйесінің екінші кезеңін іске асыру жалғасты. Барлық қажетті жүйелердің құрылысы мен орнатылуын 2020 жылы бастап кету үшін негізгі және егжей-тегжейлі жобалау жұмыстары жүргізілді. / **GRI 103-2, 103-3** / Сондай-ақ, өткен жылы екі сыртқы бақылау-өткізу пункті жаңартылды: БӨП-4 және БӨП-1. Жаңартылған бекеттерде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің заманауи электронды құралдары орнатылды. Бұл құралдар Компания нысандарында кіріп-шығуды бақылау үдерісін жетілдіруге және жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Экстремизм және басқа да заңсыз әрекеттердің пайда болу белгілерінің алдын алу шеңберінде КПО жергілікті, облыстық және республикалық деңгейдегі құқық қорғау органдарымен үнемі бірлесіп әрекет жасап отырады. Мысалы, 2019 жылы КПО құрушы компаниялардың қауіпсіздік департамент өкілдері мен Батыс Қазақстан облысы құқық қорғау органы өкілдерінің қатысуымен семинар-кеңес ұйымдастырылды. Кеңес барысында қауіпсіздік саласындағы көкейтесті мәселелер мен күтпеген жағдайларда әрекеттесу жолдары талқыланды.

Әрекеттесудің тағы да бір ерекше мысалы ретінде 2019 жылы жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде құқық қорғау органдары жағынан берілген жәрдемдерін айтуға болады. Жөнге салынған және келісілген іс-әрекеттерге байланысты бұл кезеңде Компания мүлігіне ешқандай заңсыз қол сұғушылық жіберілген жоқ, сонымен қатар, кен орнында жол қозғалысын ұйымдастыруда КПО атынан баға жетпес көмек көрсетілді.

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 7

КПО ЭКСПОРТТЫҚ ҚҰБЫР ЖЕЛІСІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Қолданыстағы экспорттық құбыр желісіне заңсыз қосылу жағдайларын және оларды болдырмауға бағытталған тәжірибені ескере отырып, КПО мұндай жағдайлардың қайталануын мүлдем болдырмауға тырысып келеді.

Мақсаты:

Құбыр желілеріне заңсыз қосылу әрекеттерін мүлдем болдырмау, ал орын алған жағдайда, белгіленген нұсқаулықтар мен ережелерге сәйкес оның орын алған жерін тез анықтап, қажетті іс-шараларды қолдану.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

КПО Қарашығанақ-Атырау және Қарашығанақ-Үлкен Шаған экспорт құбыр желісінің барлық аймақтарын, нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін «Optasense» дабыл беру жүйесі көмегімен және қауіпсіздік қызметінің мобильді топтары жүргізетін патрульдеу арқылы тәулік сайын бақылап отырады.

Құбыр желісінің бүтіндігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жергілікті тұрғындардың көмегі мен қолдауы маңызды фактор. 2019 жылы нақты ақпаратпен алмасу мақсатында құбырлар бойындағы елді мекендердің жергілікті тұрғындарымен және полиция өкілдерімен өзара жүйелі іс-қимыл күшейтілді. Жергілікті тұрғындармен кездесулер барысында нақты оқиға орын алған жағдайдағы эвакуация процедурасы және апаттық әрекет ету жаттығуы бойынша ақпарат беріледі. Кездесулер қатысушыларының барлығынан құбыр желісі қасындағы кез келген күдік туғызатын әрекеттер туралы алдын ала және бірден хабарлауды сұралады. / **GRI 102-44** /

Нәтижесі:

Қабылданған шаралар КПО экспорттық құбыржолдардың күзетілетін нысандарына заңсыз кірумен байланысты қауіп-қатер деңгейін едәуір төмендетуге ықпал етеді.

Құбыр желісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі сүбелі үлес арқасында 2012 жылдан бері КПО экспорттық құбырына заңсыз қосылудың бірде-бір жағдайы тіркелмеген.



Қауіпсіздік қызметінің

850-ден

астам кәсіби қызметкері
үздіксіз патрульдеу мен
бақылау жүргізу арқылы
КПО нысандары, офистеры
мен құбыр желісінің
қауіпсіздігін қамтамасыз
етеді



Екі сыртқы бақылау-өткізу пункті қауіпсіздікті қамтамасыз

етудің заманауи электронды құралдарымен жаңартылды.

Құралдар Компания нысандарында кіріп-шығуды бақылау

үдерісін жетілдіруге және жеңілдетуге мүмкіндік береді

Құбыр желісі қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі

сүбелі үлес арқасында 2012 жылдан бері КПО

экспорттық құбырына заңсыз қосылудың

бірде-бір жағдайы тіркелмеген

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 8

ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ЕРІКТІ

ҚАҒИДАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ / GRI 410-1 /

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

КПО Біріккен Ұлттар Ұйымының қауіпсіздік және адам құқықтарының ерікті қағидаларын ұстанады. Бұл тәжірибе 2015 жылдан бері құрушы компаниялардан алынған.

Мақсаты:

Қауіпсіздік қызметін атқаратын мердігерлердің барлық қызметкерлерін қауіпсіздік және адам құқықтарының ерікті қағидаларына сәйкес іс-қимыл алгоритмдерімен таныстыру және оқыту, осылайша қауіпсіздік қызметкерлерінің өз қызметтік міндеттерін орындауда адам құқықтарын құрметтеу аясында білікті көзқарасты қамтамасыз ету.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

КПО кен орны аймағындағы, Ақсай қаласындағы нысандарда және экспорттық құбыр желілерінде қауіпсіздік қызметін көрсететін екі мердігерлік ұйымның барлық қызметкері жыл сайын Компания қызметіне қатысты қауіпсіздік пен адам құқықтары қағидалары бойынша арнайы кіріспе және қайталама оқытуынан өтеді.

Әр жылдың бірінші тоқсанында қауіпсіздік қызметінің мамандары қауіпсіздік және адам құқықтарының ерікті қағидаларын сақтау бойынша оқытудан өтеді. Оқыту ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бағдарламасы аясында әр ауысым сайын жүргізіледі. Жаңадан жұмысқа қабылданған әрбір қызметкер осы оқытудан өтуге келісімін беріп, оқытуды аяқтағанын жазбаша растайды. Күнделікті жұмыс жиналысы барысында жеке ескерту беріледі.

КПО қауіпсіздік қызметін атқаратын мердігерлермен осы бағытта ынтымақтастықты жалғастыруға ниетті, ал қауіпсіздік пен адам құқықтарының ерікті қағидалары бойынша оқытуды жүргізу келісімшарттардың бір бөлігі болып табылады. Осыған орай, барлық қызметкерлерді оқыту үшін арнайы оқыту бағдарламалары әзірленді. 2019 жылдың соңында қауіпсіздік қызметін көрсететін мердігерлік ұжымдардың 100%-ы оқытудан өтті.

Нәтижесі:

Қауіпсіздік қызметін атқаратын екі мердігердің 100% қызметкері жүйелі түрде қауіпсіздік және адам құқықтарының ерікті қағидалары бойынша оқытудан өтіп тұрады. Бұл шара Қарашығанақ кен орнының қауіпсіздік сапасына жағымды әсер ететін жақсы тәжірибе.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

КПО компаниясы қызметкерлердің денсаулықтарын зиянды факторлардан сақтау және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша барлық орындауға мүмкін шараларды жүзеге асыруда белсенді жұмыс жүргізіп келеді.

13-кесте. Денсаулықты сақтау саласындағы міндеттеріміз / GRI 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттеріміз	Орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау мақсатында жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҰҰ ТДМ
Сабырлылық, шаршаумен байланысты қауіп-қатерлерді бақылау және жүрек-қан тамырлары аурулары профилактикасы бағдарламаларына назар аударып, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша санитарлық және ағартушылық жұмысты жалғастыру	орындалды	Кен орны нысандарында ҚТ бойынша жиналыстарда презентациялар жүргізілді. Ақпараттық тақталарда тақырыптық постерлер ілініп, интранетте жарияланды. Тамақ ішу орындары мен жиналыс бөлмелерінде көрнекі ақпараты бар постерлер ілінді.	<ul style="list-style-type: none"> Global Challenge бағдарламасын жүзеге асыру; «Менімен бір нәрсе болып жүр» психикалық денсаулық бағдарламасын әзірлеу және енгізу; Мамандардың қатысуымен денсаулық күндерін өткізу. 	12
Қызметкерлер денсаулығына төнетін қауіп-қатерлерді бағалау бойынша іс-шараларды жалғастыру.	орындалды	Іс-шаралар жұмыс орындардың эргономикалық талдауын, жұмыс орнындағы ауа сапасы бойынша зерттеулер мен басқа тапсырмаларды қамтыды.	Өнеркәсіптік гигиена саласындағы халықаралық стандарттарды енгізуде сарапшыны жұмылдыру мүмкіндігін қарастыру.	
Легионелла қауіп-қатерін Компания және мердігер ұйымдары қызметкерлерінің денсаулығына әсер ету қауіпін төмендету бойынша іс-шараларды жалғастыру.	жартылай орындалды	Легионеллез пайда болу қауіп-қатерін төмендету бойынша іс-шаралар жоспары жүзеге асырылып жатыр.	Легионеллез қауіп-қатерін төмендету бойынша жоспардың жүзеге асырылуына аудит өткізу.	
Сабырлылық бағдарламасын жүзеге асыруды әрі қарай жалғастыру.	орындалды	Бағдарлама 2018 жылдан бастап жүзеге асырылғалы бері 115 үйлестіруші оқудан өтіп, 2 864 адам қатысуымен 314 сессия жүргізілді.	Сабырлылық бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмысты жалғастыру	3
«Қызметкерлерге қамқорлық» бағдарламасы шараларын бақылау және үйлестіру, сондай-ақ оның Компанияның барлық директораттарында біріктірілуін қамтамасыз ету мақсатында аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру бойынша комитеттер құру.	жартылай орындалды	Жобаларды жүзеге асыру директоратында комитет құрылуына байланысты, Денсаулық сақтау бөлімі қатысуымен мердігер ұйымдардың санитарлық-тұрмыстық жағдайлары тексерілді.	Компанияның басқа бөлімдерінде «Қызметкерлерге қамқорлық» бағдарламасы бойынша комитеттер құруды одан әрі жалғастыру.	
Қажығандықпен байланысты қауіп-қатерлерді бақылау бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру.	орындалды	Онлайн оқытудың үш модулі іске қосылды. Басшылар құрамына семинарлар өткізілді. Көлік және кер орындағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімдерінде қажығандық қауіп-қатерін бағалау және қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді азайту жоспарын әзірлеу бойынша пилоттық жоба іске асырылды.	Пилоттық жоба нәтижелері негізінде Компанияның басқа бөлімдерінде бағдарламаны жүзеге асыру.	
Автоматтандырылған сыртқы дефибрилляторды (АСД) орнату бағдарламасын енгізуді жалғастыру	орындалуы жалғасуда	Нұсқаушыларды куәландыру өткізілді. Қызметкерлерді АСД қолданумен алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту басталды. Компанияның бес ғимараттарында АСД орнатылды.	Автоматтандырылған сыртқы дефибрилляторды орнату бағдарламасын аяқтау.	

Жұмыс орнындағы алғашқы медициналық көмек

КПО-ның кен орнында және Ақсай қаласында орналасқан медициналық клиникалары Компанияның қызметкерлеріне медициналық қызмет көрсетудің алғашқы буыны болып табылады. Сондай-ақ, медициналық қызмет көрсетуден басқа клиникаларда кен орны қызметкерлерінің ауысым алды тексерулері, оның ішінде кездейсоқ алкоголь тексерулері жүргізіледі. КПО медициналық топтың қарамағында қарапайым және жол талғамайтын реанимацияға қажет құралдармен жабдықталған жедел жәрдем машиналары бар. 2019 жылы шұғыл медициналық көмек көрсету тобының қызметкерлері ACLS жүрек қызметін ауруханаға дейін сақтау туралы және ITLS жарақат алған кезде тіршілік әрекетін сақтау туралы оқытуларды халықаралық стандарттарға сай аяқтап шықты. Сонымен қатар КПО-ның жедел жәрдем машиналарының барлық жүргізушілері үш күндік арнайы жарық пен дыбыс дабылдарын беру құрылғыларымен жабдықталған көліктерді жүргізу бойынша оқытудан өтті.

14-кесте. 2019 жылғы медициналық қызмет көрсету көрсеткіштері

Медициналық қызмет көрсету көрсеткіштері	
Клиникаға жолыққан пациенттер саны	2 169
Медициналық мекемелерге жеткізілген пациенттер саны	84
Оқытулар мен тәжірибелік сабақтар саны	402
Жедел жәрдем көрсету үшін оқытылған қызметкерлер саны	287
Ауысым алдындағы медициналық тексерулер (жүргізушілер/операторлар/электриктер)	
Тексерулердің саны	91 300
Жұмысқа жарамсыздық жағдайларының саны	8
Алкогольге іріктеп тексеру	1 308
Алкогольге іріктеп тексерудің оң нәтижелері	0

2018 жылдың ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ көрсеткіштерін жақсарту жоспарында медициналық эвакуация мүмкіндіктерін жақсарту қадамдары да қамтылған болатын. Кіші авиацияны тарту мүмкіндігі бағаланып, шақыру бойынша тікұшақты қамтамасыз ететін қызмет жеткізушісі іріктелді. 2019 жылы медициналық эвакуацияға арналған санитарлық авиация қызметтерін көрсету бойынша келісімшартқа қол қойылды. Осының арқасында Компания бір қызметкердің медициналық эвакуациясын сәтті жүзеге асырды.

2018 жылы енгізілген шұғыл реанимация қызметін көрсету үшін АСД орнату бағдарламасы аясында 2019 жылы қызметкерлерге First Aiders АСД-жаттығу құрылғымен алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту жүргізілді. Жоспар бойынша КПО-ның бес ғимаратында АСД орнатылды.

КПО компаниясының саясаты бойынша қызметкерлер алкогольге не есірткіге мас күйінде жұмыс орнында болуға тыйым салынады. Көп жағдайда мемлекеттік емдеу мекемесінде мас күйінде болу фактісін растауды талап ететін медициналық тексерулер кезінде аса маңызды фактор – уақыт көп кететін еді.



Жедел реанимацияға арналған автоматтандырылған сыртқы дефибриллятор

2019 жылдан бастап Бөрлі орталық аудандық ауруханасымен шартқа отыру туралы шешім қабылданды. Шарт бойынша тексеруді барлық рұқсат құжаттары бар және кен орнында тәулік бойы жасайтын медициналық қызметкер өткізетін болды.

2019 жылы Денсаулық сақтау бөлімі медициналық тексерудің электрондық жүйесін жеткізу туралы келісімшартқа қол қоюды бастады. Бұл жүйе бағдарламалық-аппараттық кешен, оның көмегімен ауысым алды медициналық тексеруді қысқа мерзімде автоматты түрде өткізуге мүмкіндік берді. Бір минут ішінде қызметкердің қан қысымы, тамырдың соғуы және дене қызуы өлшеніп, тыныс шығару ауасында алкогольдің болуы және есірткінің қолдануы анықталады. Барлық деректер орталықтандырылған жолмен қызметкердің тікелей басшылығына жіберіледі. Алдымен екі кешенді сатып алу жоспарланып отыр. Пилоттық жоба сәтті жүзеге асса, тағы бес қондырғы сатып алынады.

2019 жылы КПО Ақсай қаласы ауруханасының шұғыл әрекет ету қызметінің сапасын жақсарту жобасын жүзеге асыруды бастады. Осы жобаны жүзеге асыру туралы шешім КПО қызметкерлерінің 2014–2018 жылдар аралығында Ақсай қаласы ауруханасына жеткізілген 254 жарақат алу жағдайларын талдау негізінде «Эни» және «Шелл» құрушы компаниялары берген ұсыныстары бойынша қабылданды. Осы талдау қарқынды терапия бөлімінің талап етілген халықаралық стандарттарға сай еместігін және күрделі оқиғалар немесе апаттар салдарынан жарақаттанған адамдарға жедел білікті медициналық көмек көрсетуге жарамсыздығын көрсетті.

Жоба тәуелсіз сарапшылардың қажеттілікті бағалау процесі өткізілгенін көздейді. Ұсыныстардың негізінде жедел көмек көрсету бөлімін жабдықтау бойынша жоспар құрылады. Жоспар қызметкерлерді дайындау және жабдықтарға техникалық қызмет көрсетуді қамтиды.

Қызметкерлердің сырқаттануын бақылау / GRI 403-3, 403-4 /

Компания 2019 жылы жаңа қызметкерлерді медициналық сақтандыру келісімшартына қол қойды. Өзгертілген шарттар ішінде:

- ▶ Сақтандырылған қызметкерлер медициналық қызмет көрсетушіні таңдау мүмкіндігі.
- ▶ Тіс емдеу қызметтері мен дәрі-дәрмек бойынша өтеу шегі 30%-ға артты. Ал жұмсалмаған қаржы отбасы мүшелері арасында бөлініп пайдалануы мүмкін болды.

Медициналық сақтандыру қызметтерін жеткізуші емдеушілердің (КПО қызметкерлері және олардың отбасы мүшелері) ауруханаға жатқызу, оған қоса жатып емдеу алып жатқан пациенттердің денсаулық жағдайын бақылау динамикасы бойынша күн сайынғы есептерді КПО денсаулық сақтау бөліміне тапсырып отырады. Денсаулық сақтау бөлімі қызметкерлердің жұмыс орнында болмау жағдайларын еңбекке жарамсыздық қағаздары бойынша қадағалайды.



Ауысым алдындағы медициналық тексерулерді электрондық медициналық тексеру жүйесін қолдану арқылы автоматтандыру



Сәйкестендіру



Алкогольдік мастықты анықтау



Орталық жүйке жүйесінің функционалдық жағдайын бақылау



Тексеру барысындағы фото және бейнежазба



Қан қысымы, тамыр соғысы, дене қызуының өзгеруі



Заң тұрғысынан маңызды құжаттарды басып шығару



Деректерді сақтау және талдау




Жүрек-қан тамырлары ауруларының қауіп-қатерлерін бағалау

Қызметкерлердің жұмыс орнында денсаулыққа байланысты болмауын қадағалау / GRI 403-2, 403-3 /

Алдыңғы жылдармен салыстырғанда қызметкерлердің жұмыс орнында денсаулыққа байланысты болмауы айтарлықтай өскен жоқ. Бірақ, олар сала бойынша орта есебінен едәуір жоғары. Бұл еңбекке жарамдылықты уақытша жоғалтуға әкелетін ауру-сырқауларды басқару әдісін өзгертуді талап етеді.

2019 жылы Компанияда жаңа тәжірибе енгізілді. Егер қызметкердің есепті жыл бойы үш немесе одан көп еңбекке жарамсыздық парағы болса, онда ол денсаулық сақтау бөлімінің кәсіби патология дәрігерімен денсаулығының жағдайын талқылауға шақырылады. Кәсіби патология дәрігері қызметкердің қалауынша және қажет жағдайда терең тексерудің түрлерін ұйымдастыру бойынша немесе Қазақстанның мамандандырылған клиникаларында емделу туралы ұсыныстар жасайды. Бұл тәжірибе ерікті түрде жүргізіледі.

7-сызба. КПО жұмыс орнында болмау көрсеткіші, 2014–2019 жж.



Ескерту: Жұмыс орнында болмау көрсеткішін есептеу үшін КПО-да келесі әдіс қолданылады:

- ▶ Жұмыс орнында болмау көрсеткіші = жұмыс орнында болмау салдарынан (ауруға байланысты) жоғалған күндердің нақты саны x 100 / қызметкерлердің жалпы саны. Басқа себептерге байланысты жұмыс орнында болмауы туралы деректер жоқ.
- ▶ КПО-да жұмыс орнында болмау көрсеткіші қызметкерлердің саны негізінде (адам-сағат емес) есептеу әдістемесі қабылданған, өйткені бұл әдістеме реттеуші органдардың талабы.

Жыл	Жұмыс орнында болмау көрсеткіштері
2014	582
2015	598
2016	605
2017	713
2018	718
2019	691

Кәсіби аурулар / GRI 403-2, 403-3 /

2017–2019 жылдар аралығында КПО-да кәсіби аурулар анықталмады.

Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау / GRI 403-3, 403-4 /

Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау Компаниядағы денсаулық сақтау жүйесінің негізгі аспектісі. 2019 жылы «Шелл» құрушы компаниясының сарапшылары КПО-ның өнеркәсіптік гигиена қызмет жүйесінің халықаралық стандарттарға сәйкестігін талдады. Жақсы жақтарымен қоса кемшіліктері де байқалды. Ұсыныстардың біреуі зиянды факторларды толығымен қамту мақсатында, және олардың сандық бағалауы мен қауіп-қатерді нақты саралау мақсатында денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау әдістемесіне өзгертулер енгізу болды.

Жұмысқа жарамдылық

Жұмысқа жарамдылықты анықтайтын міндетті медициналық тексеруден өту талаптары барлық қызметкерлер үшін бірыңғайландырылды. Енді медициналық тексеру белгілі бір кезеңге байланысты емес, яғни қызметкерлер өткен медициналық қорытындының қолданылу мерзімі аяқталғанда тексеруден өздеріне ыңғайлы уақытта өтуі мүмкін. Процедураның өзі IOGP нұсқаулығы талаптарына сәйкестендірілген.

Салауатты өмір салтын насихаттау / GRI 103-2 /

«Қызметкерлерге қамқорлық» бағдарламасы

Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасы – жеке қызметкердің тәртібін, сондай-ақ оның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ және компанияның қызмет көрсеткіштеріне көзқарасын қалыптастыратын Компанияға ортақ құндылықтарды анықтайды. Бағдарламаның мақсаты әрбір қызметкерге жұмысты тиімді орындау үшін барлық қажетті жағдайды жасау, оның ішінде материалдық құралдар: жұмыс жабдықтары, жұмыс орны мен құрылдар, сонымен қатар материалды емес: құрмет көрсету және қастерлеу.

Бағдарламаны іске асыру стратегиясы алты элементтерді кезең-кезеңмен енгізуді қамтиды:

- ▶ Тұжырымдаманы қабылдау
- ▶ Кодексті әзірлеу,
- ▶ Комитеттер құру,
- ▶ Сауалнамаларды өткізу,
- ▶ Жоспарларды әзірлеу,
- ▶ Жоспарларды жүзеге асыру мониторингі.

Өкінішке қарай, бағдарламаға Компанияның тек біраз директораттары қатысты. Ең белсенді қатысқан – Жобаларды жүзеге асыру директораты. 2019 жылы Денсаулықты сақтау бөлімнің қолдауымен мердігер ұйымдардың жұмыс орындары, асханалары мен тұрғын жайларының санитарлық-тұрмыстық жағдайлары тексерілді.

Бағдарламаның әрі қарай іске асуына пандемияның үлкен ықпалы тигеніне қарамастан, бағдарламаның негізгі қағидалары болып табылатын қызметкерлердің қолайлы еңбек жағдайлары мен демалысын қамтама-сыз ету – тұрақты болып қалады.

Қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді басқару бағдарламасы

2019 жылы қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді басқару процедурасын жүзеге асыру аясында келесі жұмыстар атқарылды:

- ▶ Электронды оқыту курстары әзірленді және енгізілді;
- ▶ Басшылық құрамына оқыту семинарлары өткізілді;
- ▶ Көлік бөлімінде және кен орнында орналасқан ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бөлімінде пилоттық жоба іске қосылды.

2020 жылы процедураны Компанияның қалған бөлімшелерінде енгізу жоспарланған. Бұл жерде де пандемия айтарлықтай түзетулер енгізді. Мысалы, ауысымды қызметкерлер кейбір жағдайларда ұзартылған вахтада қызмет атқарды, бұл әрине қажығандықпен байланысты қауіп-қатерді арттырды. Осындай кезеңдерде қызметкерлерге ауыр жұмыстан кейін қалыпқа келу үшін желілік басшылардан икемділік танытып, қалыптан тыс ойлау күтілді. Қысқартылған жұмыс

15-кесте. Физикалық факторларды бақылау, 2019 ж.

Физикалық факторлар	2017		2018		2019	
	Зерттеулер саны	Сәйкессіздіктер саны	Зерттеулер саны	Сәйкессіздіктер саны	Зерттеулер саны	Сәйкессіздіктер саны
Шу	426	106	400	93	440	114
Діріл	81	19	69	14	78	25
Электромагниттік өріс	3 936	11	3 888	44	4 164	36
Электростатикалық өріс	2 133	0	2 129	0	2 322	0
Жарықтылық	2 741	765	2 879	815	3 085	703
Микроклимат	6 630	387	6 522	336	6 630	502
Жұмыс аймағы ауасы	Бағаланбады	Бағаланбады	14 595	0	15 471	0
Барлығы:	15 947	1 288	30 482	1 302	32 190	1 380

уақыты, жоспарланған демалыс күндері, қосымша адам ресурстарын тарту және т.б. – осы жағдайлардың шешімдерінің мысалдары болып табылады.

Өнеркәсіптік нысандардың өндірістік бақылауы

КПО өнеркәсіптік нысандардың санитарлық-гигиеналық жағдайын жүйелі түрде бақылап тұрады. Соңғы екі жылдың мониторинг деректері 15-кестеде берілген.

2019 жылы жұмыс орындарында сыртқы орта факторлары көрсеткіштерінің жалпы сынамалар саны өсті. Бұл көрсеткіштер бойынша азғантай сәйкессіздіктер санының өсуі байқалды.

Шу рауалы деңгейінің асуы компрессорлар, генераторлар, көтергіш-көлік, қосалқы жабдықтар (желдету қондырғысы, ауа кондиционерлері) және т.б. жұмыс істейтін өндірістік бөлмелерде байқалды. Бұл бөлмелерде өлшеу құралдарының өлшемдерін алу және

жабдықтарға техникалық қызмет көрсету сияқты уақытша жұмыстар атқарылады.

Шу шығаратын жабдықтар орналасқан барлық өндірістік бөлмелерде ескерту белгілері орнатылып, жұмыстар міндетті есту мүшелерін қорғайтын жеке қорғаныс құралдары (ЖҚҚ) пайдалануымен орындалады.

Өндірістік шу әсерін азайтуға бағытталған іс-шаралар аясында есту мүшелерін қорғау бағдарламасы әзірленіп енгізілген. Бұл бағдарламаның мақсаты өндірістік шу әсеріне ұшырайтын жұмысшылардың есту қабілетін жоғалтуды болдырмау. Осыған орай, өндірістік нысандарда есту мүшелерін қорғау бойынша келесі шаралар орындалады:

- ▶ Өндірістік аймақтарда шу шығаратын жабдықтарға санитарлық-гигиеналық бақылау жүргізіледі.
- ▶ Шу шығаратын жабдықтар орналасқан негізгі өндірістік бөлмелерде ескерту белгілері бар.

СӘТТИ ЖОБА ҮЛГІСІ 9

САБЫРЛЫЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мәселенің мазмұны / қысқа сипаттамасы:

Стресс адамдардың денсаулығына және еңбек қабілеттілігіне, нәтижесінде барлық жұмысның өнімділігіне кері әсер тигізу мүмкін.

Стресске төзімділік – бұл позитивтік психология арқылы дамытуға болатын дағды. КПО-ның 2018 жылы енгізілген сабырлылық бағдарламасы осыған негізделген.

Мақсаты:

- ▶ Компанияда стресске төзімді адамдардың санын арттыру,
- ▶ Қызметкерлердің стресске төзімділік дағдыларын дамыту және стресске байланысты аурулардың (депрессия, араққұмарлық, өз-өзіне қол жұмсау қатері) ықтималдығын барынша азайту.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

Сабырлылық бағдарламасы ерікті және шағын топтарға арналған 13 модульден тұрады. Бағдарламаға қатысушылар денсаулық сақтау бөлімімен ұйымдастырылған оқыту курсынан өткен кейін үйлестіруші бола алады. Оқыту курсынан кейін үйлестірушілер денсаулық сақтау бөлімі қолдауымен әріптестеріне модульдерді өз бетімен жүргізеді.

«Диспозициялық сабырлылық деңгейі, DRS-15» тест арқылы топтың сабырлылық деңгейін бағалауға болады. Үйлестірушілер бағалауды бағдарламаның басында және аяғында өткізеді.

Денсаулық сақтау бөлімі қатысушылардың сабырлылық деңгейін тіркеу мен бақылауды жүргізеді.

Нәтижесі:

Әзірлеу жұмыстарынан кейін еріктілер арасынан 110 үйлестіруші оқытылды. Олар өз кезегінде әр модуль бойынша сессиялар өткізу үшін топтарды құрды.

2018 және 2019 жылдары 2 864 адамның қатысуымен 314 сессия өткізілді.

Стресске төзімділік деңгейін бағалаудың алғашқы кезеңінде диспозициялық төзімділік шкаласы-15 қолданылды. Бұл шкала бүкіл әлем бойынша психологтар мен ғалымдардың неғұрлым кеңінен қолданылатын сабырлылықты бағалаудың сенімді жүйесі болып табылады. Бағалау нәтижесі бойынша қатысушылардың сабырлылық деңгейі 30,7 баллды құрады, бұл осы методиканы қолданған ел тұрғындарының орташа статистикалық көрсеткіштеріне сай келеді. 2019 жылдың аяғында өткізілген аралық бағалау 32,5 баллды құрады, бұл сабырлылық деңгейінің өсуін және бағдарламаның тиімділігін көрсетеді.





- ▶ Шулы аймақтарда жұмыс істейтін жұмысшылар халықаралық стандарттарға сай ЖҚҚ-мен жабдықталған. Компания процедуралары бойынша осындай аймақтарда есту мүшелерді қорғайтын ЖҚҚ-сыз жұмыс жасауға тыйым салынады.
- ▶ Жыл сайынғы мерзімді медициналық тексеру барысында, шулы аймақтарда жұмыс істейтін жұмысшыларға аудиометрия жүргізіліп, кейінгі аудиометриялық бағалау мен мониторинг өткізіледі.
- ▶ Барлық нысандарда барлық қызметкерлерге қолжетімді шудың шекті рауалы деңгейінен асатын аймақтар белгіленген «шу карталары» бар.
- ▶ Шулы аймақтарда жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері, есту мүшелеріне арналған ЖҚҚ пайдалану ережелері және нысандардың шу карталарын көрсету әрбір нысанның жоспарлы және кіріспе нұсқамалық бағдарламасына міндетті түрде енгізілген.

2019 жылы электромагниттік өрістердің жоғары деңгейде болу себебін анықтау үшін сервистік және электр қызмет көрсету қызметтері шақырылды. Тексеру нәтижелерінде анықталған ақаулардың себептерін жою бойынша кейінгі түзету әрекеттердің тиімділігін құралды бақылаумен қоса іс-шаралар жүргізілді. Алынған нәтижелердің талдауы көбінесе жарықтылықтың төмен деңгейі әкімшілік ғимараттар жұмыс орындарында болғанын байқатты. Осы фактордың жұмысшыларға кері әсерін азайту мақса-

тында жұмыс орындарында жарық ортасын оңтайландыру үшін іс-шаралар қолданылды. Қолданыстағы жарықтандыру қондырғының күйіне талдау жасалды.

Компания нысандардағы жарықтандыру жүйелерін жаңғыртуды жүргізіп келеді. Осылайша, люминесценттік шамдарды жарық шашу тиімділігі артығырақ жарықдиодты шамдарға кезең-кезеңмен алмастыру үдерісі де 2019 жылы өз жалғасын тапты.

Микроклимат параметрлері (температура, салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысының жылдамдығы) тек өндірістік бөлмелер мен жұмыс орындарында анықталған болатын. Микроклимат көрсеткіштері сәйкессіздіктерінің ең көбісі тұрақты жұмыс орны болып табылмайтын өндірістік аймақтарда тіркелді. Бұл аймақтарда технологиялық үдеріс ерекшеліктері температураның нормативтік мәннен өзге белгілі параметрлерін сақтауды талап етеді. Бұл аймақтардағы жұмыс түрлеріне технологиялық жабдықтардың жұмысын мезгілді әрі қысқа мерзімді бақылау жатады. Осыған орай, төмен және жоғары температуралардың жұмысшылардың денсаулығына кері әсері уақыт бойынша шектеулі.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАҒДЫЛАРЫ


Компанияның бизнес мақсаттарын табысты жүзеге асыру көбінесе сол компания қызметкерлерінің біліктілігі мен еңбек сапасына байланысты. Қызметкерлеріміз Қарашығанақ кен орнын игеру мен пайдалануда шешуші рөл атқарады.

ӨБТК талаптарына сәйкес, КПО жергілікті қызметкерлердің кәсіби дамуы мен оқудан өтуін қамтамасыз етуге міндетті. Компания қызметкерлерді дамытуда құрушы компаниялардың тәжірибесі мен білімін бөлі-

су, жергілікті және халықаралық оқу орындарын жұмылдыру арқылы қажетті кәсіптік оқытуды ұйымдастыру сияқты әдістерді қолданады. / GRI 103-1 /


2019 жылдың соңында Компанияда және уақытша жобаларда жұмыс істейтін КПО қызметкерлерінің жалпы саны 4 532 адам болды, оның ішінде 4 202-сі жергілікті, ал 330-ы шетелдік қызметкерлер. / GRI 102-7 /

8-сызба. 2017–2019 жж. КПО қызметкерлер саны / GRI 102-8 /



● Жергілікті қызметкерлер
● Шетелдік қызметкерлер

9-сызба. 2017–2019 жж. еңбек шарты түрі бойынша КПО қызметкерлер саны / GRI 102-8 /



● Шетелдік агенттіктер арқылы жалданған қызметкерлер саны
● Құрушы компания қызметкерлер саны
● Қазақстандық агенттіктер арқылы жалданған қызметкерлер
● КПО-ның тікелей келісімшарт негізінде жасайтын қызметкерлер саны



Жергілікті қызметкерлерді дамыту / GRI 405-1, 103-3 /

Компанияда қызметкерлерді кәсіби дамыту үздіксіз негізде жалғасып келеді. Қызметкерлердің кәсіби біліктілік деңгейін сақтау және одан әрі дамыту оқытудың және дамытудың жүйелері арқылы жүзеге асырылады.

Компанияда қызметкерлерді кәсіби дамыту үздіксіз негізде жалғасып келеді. Қызметкерлердің кәсіби біліктілік деңгейін сақтау және одан әрі дамыту оқытудың және дамытудың жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Компания жергілікті тұрғындардың жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін және оларды оқытуға инвестиция бөлуді барынша арттыруға бағытталған кадрлардағы жергілікті қамтуды арттырудың 2015–2020 жж. арналған бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастыру-

да. Осылайша, 2019 жылы шетел мамандары жасаған 20 лауазымға жергілікті қызметкерлер тағайындалып, 5 лауазым қысқартылды. 2019 жылдың желтоқсан айына қарай компания ұжымының 93%-н жергілікті қызметкерлер құрады. Жалпы, 1999 – 2019 жж. аралығында 210 астам шетелдік қызметкерлер жергілікті мамандармен алмастырылған, ал шетел қызметкерлері жасаған 185 қызмет қысқартылған. Санат бойынша көрсеткіштер 16-кестеде берілген. / GRI 103-2 /

16-кесте. КПО кадрдағы жергілікті қамтуды арттыру көрсеткіштері, қызметкерлер санаттары бойынша / GRI 202-2, 103-3 /

Санаты	Сипаттамасы	ҚР заңнамалық талабы	2017 жыл бойынша кадрдағы жергілікті қамту көрсеткіштері	2018 жыл бойынша кадрдағы жергілікті қамту көрсеткіштері	2019 жыл бойынша кадрдағы жергілікті қамту көрсеткіштері
1+2	Бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері	74% кем емес	76%	77%	79%
3+4	Мамандар / білікті жұмысшылар	92% кем емес	95%	95%	96%

Компания барлық бөлімшелер бойынша қызметкерлерді дамыту және көтермелеу үшін әртүрлі әдістерді қолданып келеді. Әсіресе, талантты және әлеуеті жоғары жергілікті қызметкерлерді дамытуға ерекше назар аударылады.



Техникалық салалардың 790 қызметкері бастапқы бағалаудан өтіп, біліктілік сертификаттарын алды


Сонымен қатар кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасының мақсаттарына сәйкес КПО Батыс Қазақстан облысында тіркелген мердігерлік ұйымдардағы жергілікті қамту статистикасын да жүргізеді. 2019 жылы 40 компания кадрдағы жергілікті қамту бойынша мәліметті тоқсандық, жарты жылдық және жылдық негізде ұсынды. Бұл ұйымдардағы жергілікті қамту үлесі бірінші жетекшілер және олардың орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелер жетекшілері категориясында 78%-ды, ал мамандар / білікті жұмысшылар категориясында 92%-ды құрады.



КПО техникалық қызметкерлер біліктілік стандарты талаптарына сәйкестігінің 87% көрсеткішіне қол жеткізді

14-сызбада Компания құрылымындағы жоғарғы және орта буын шетелдік және жергілікті жетекшілердің жас және жыныс белгілері бойынша жалпы саны берілген. Бұл КПО құрылымын, соның ішінде уақытша жобаларды қамтиды.

14-сызба. Жасы және гендерлік белгілері бойынша жергілікті және шетелдік менеджерлер саны, 2019 жж. / GRI 405-1 /



- Ер адамдар (Шетел)
- Әйел адамдар (Шетел)
- Ер адамдар (Жергілікті)
- Әйел адамдар (Жергілікті)

Біліктілікті басқару жүйесі / GRI 103-2, 103-3 /

КПО-ның біліктілікті басқару жүйесі қызметкерлердің біліктілік деңгейін анықтаудың ең тиімді әдісі болып табылады.

Бұл жүйенің мақсаты – қауіпті өндіріс нысандарында жұмыс істейтін техникалық қызметкерлердің біліктілігін қажетті деңгейге көтеру және біліктіліктің жеткіліксіз деңгейіне байланысты өндірісте орын алатын жазатайым оқиғалардың санын барынша азайту мен олардың алдын алу. Бұл жүйе біліктілікті бағалау нәтижелерінің негізінде қызметкерлерді одан әрі оқыту құралдарын дайындауға мүмкіндік беріп, осылайша қаражаттың мақсатына сәйкес жұмсалуды қамтамасыз етеді.

Біліктілікті басқару жүйесінің саясаты бойынша КПО-ның нысандарында немесе жабдықтарымен жұмыс істейтін, келісімшарттың тәуекелі жоғары немесе орта деңгейдегі әрбір мердігер компания өзінің біліктілікті басқару жүйесін әзірлеуге және іске қосуға тиіс. Мердігер компанияның қызметкерлері жұмысты қауіпсіз, техникалық тұрғыдан сауатты түрде, жауапкершілігіне сай орындауларына білімі мен дағдылары бар екенін көрсете алуы керек. Осы бағыттағы жұмысын КПО 2019 жылы бастады. Негізгі талаптар, енгізудің кезеңдері мердігер компаниялардағы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша КПО тексерістері кезінде айқындалады және белгіленеді.

КПО-ның біліктілік жүйесі ОРІТО аккредитациясынан 2013 жылы өтті. Жыл сайын ОРІТО ұйымының тексерушілері компанияның аталмыш жүйесін қадағалау тексерісін өткізеді. 2019 жылдың тамыз айында КПО біліктілікті басқару жүйесі аккредитациясының қол-

данылу мерзімі 2022 жылдың 30 қыркүйегіне дейін ұзартылды.

ОРІТО аккредитациясының шеңбері келесілерді қамтиды:

- ▶ Кәсіби-бағытталған бес мамандық: өндіріс операторы, техник-электрик, бақылау-өлшеу құралдарының технигі, техник-механик және мастер. 2019 жылғы аккредитация шеңберіне (өндірістегі) топ жетекшісінің лауазымы қосылды.
- ▶ Кен орнындағы алты өндіріс нысаны мен бөлімшесі – ҚӨК, ГКДҚ-3, ГКДҚ-2, техникалық қызмет көрсету бөлімі және ұңғымаларды пайдалану мен өндіру бөлімі. 2019 жылы аккредитация шеңберіне Экоорталық нысаны қосылды.

2019 жылы техникалық кәсіптің 790 қызметкері бастапқы бағалаудан өтіп, біліктілікті растау сертификаттарын алды. Нәтижесінде, КПО біліктілік стандартының талаптарына техникалық қызметкерлердің сәйкестігінің 87% көрсеткішіне қол жеткізді.

Қызметкерлерді оқыту / GRI 103-1, 103-3 /


Өндірістік қызметтің қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында басты және сонымен бірге күрделі міндеттердің бірі – ең жақсы қазақстандық кадрларды сақтай отырып, компаниядағы қызмет барысында алынған қызметкерлердің кәсіби практикалық дағдылары мен білімдерін сақтау.

Әрбір қызметкерді оқыту мен дамытудағы қажеттіліктеріне сай жеке жоспар дайындалады. Компания қызметкерлерге кәсіби дамудың мамандандырылған бағдарламаларын, соның ішінде ұйым ішінде

және одан тыс кәсіби оқытудан өту, және құрушы компанияларда тағылымдамадан өту нұсқаларын ұсынады. Мұндай әдістеме Компания қызметінің нақты саласындағы әрбір қызметкерді үздіксіз бағалау мен оның жеке қажеттіліктеріне сай кәсіби дамыту жоспарын өзгертуді қажет етеді. Сонымен қатар, бұл қызметкерлердің тиімділігі мен біліктілігі тұрғысынан бюджет пен жоспардың орындалуын және оқыту мен кәсіби дамыту бойынша нәтижелерін тиімді қадағалануын қамтамасыз етеді.

2019 жылы аралығында КПО арнайы халықаралық бағдарламалар бойынша, сондай-ақ кәсіби және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқытулар жүргізді (15-сызбаны қараңыз).

15-сызба. 2019 ж. халықаралық біліктілік бағдарламалары бойынша оқытылған КПО қызметкерлер саны



- CIPS институтының халықаралық сатып алу туралы дипломы
- Сертификатталған ішкі аудитор (CIA)
- OPITO сараптамалық сараптамасы
- Бұзбай бақылау бойынша сертификаттау (NDT)
- OPITO стандарты бойынша апаттық жағдайда әрекет ету бойынша MEMIR курсы
- Денсаулық, қоршаған орта және қауіпсіздік саласындағы халықаралық сертификат (NEBOSH)
- Ұңғыманы басқару/мұнай, газ-су белгілері кезіндегі ұңғыманы қысымын қадағалау (IWCF)


Оқыту бойынша статистика / GRI 404-1 /

2019 жылы 686 709 адам-сағат (2018 жылы – 454 471 адам-сағат) оқыту өткізілді, оның ішінде 363 286 адам-сағат (2018 жылы – 286 789 адам-сағат) КПО жұмыскерлеріне берілді. Қалған 323 423 адам-сағат (2018 жылы – 167 682 адам-сағат) мердігер жұмыскерлеріне ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ бойынша міндетті оқытудан өту үшін берілді.

Жауапты ұйым ретінде КПО қауіпсіздік техникасы бойынша мердігер компаниялары үшін арнайы оқыту-ды қамтамасыз етеді.

2019 ж. барлығы 28 620 адам оқудан өтті, оның 3 605-сі КПО қызметкерлері, ал 25 015-сі мердігер компания қызметкерлері. Оқыту түрлері бойынша бір жұмыскерге жұмсалған оқыту сағатының орта саны 16-сызбада берілген.

16-сызба. Оқыту түрлері бойынша бір жұмыскерге жұмсалған оқыту сағатының орта саны, 2019 ж. / GRI 404-1 /



- Тіл үйрену курстары
- Сертификатталған бағдарламалар
- Кәсіби курстар
- Техникалық және қауіпсіздік техникасы бойынша курстар

СӘТТИ ЖОБА ҮЛГІСІ 10

КЕН ОРНЫ БӨЛІМІНІҢ (ӨНДІРІСТЕ)

ТОП ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІК ДЕҢГЕЙІН БАҒАЛАУ

Мәселенің мазмұны / қысқа сипаттамасы:

Біліктілікті басқару жүйесінің шеңберінде КПО қолданыстағы және бекітілген стандарттарға техникалық қызметкерлердің сәйкестілігін мерзімді бағалауды өткізеді.

2018 жылы құрушы компаниялардың тексерушілері берген ұсынымдардың негізінде (өндірістегі) топ жетекшілері үшін біліктілік стандарттары дайындалды. Сонымен қатар, қауіпті өндіріс нысандарында жұмыстардың қауіпсіз және тиімді орындалуын қамтамасыз ету мақсатында бағалау үдерісі басталды.

Біліктілік стандарты келесіні қамтиды:

- ▶ Тұлғалық және басқарушылық біліктілік;
- ▶ Техникалық біліктілік;
- ▶ ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласындағы біліктілік.

Өткізілген бағалау нәтижелері негізінде қызметкерді дамытудың және оқытудың жеке жоспары дайындалады.

Бұдан басқа, 2019 жылы тәуекелі жоғары және орта деңгейдегі мердігер компаниялардағы біліктілікті басқару жүйелерінің дайындалуы мен енгізілуі басталды. Мердігер компаниялардың қызметкерлері өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлердің басым бөлігін құрайды. Соған орай, олардың біліктілігі жұмыстардың қауіпсіз жүргізілуіне едәуір әсер етеді.

Мақсаты:

1. Бекітілген стандартқа сәйкес біліктілікті дамыту және тиісті деңгейге жеткізу аймақтарын анықтау;
2. Біліктілікті басқару жүйесін тәуекелі жоғары және орта деңгейдегі мердігер компанияларда енгізу.

Шешімі / қолданылған әрекеттер:

2018 жылғы іс-әрекеттер:

- ▶ Экоорталық нысанының 10 (өндірістегі) топ жетекшісінің біліктілігі бағаланды.

2019 жылғы іс-әрекеттер:

- ▶ Экоорталықпен қоса, OPITO аккредитация шеңбері кеңейтілді. ГҚДҚ-3, ҚОТЖ, ГҚДҚ-2 нысандарының және өндіріс пен ұңғымаларды пайдалану бөлімдерінің (өндірістегі) топ жетекшілерінің біліктіліктерін бағалау шаралары басталды.
- ▶ Кен орны бөлімінің тәуекелі жоғары және орта деңгейдегі жеті мердігер компаниясы тексерілді. Тексеріс нәтижесінде, біліктілік басқару бойынша өз жүйелерін дайындау және енгізу туралы ұсынымдар берілді.

2020–2021 жж. ҚӨК нысанының (өндірістегі) топ жетекшілерінің және орталық техникалық қызмет көрсету бөлімінің инженерлерінің біліктілігін бағалау жоспарланған. Компания талаптары өзгені белгілемесе, тексерістер – 5 жылда бір реттен кем емес жиілікпен өткізілуге тиіс.

Нәтижесі:

1. 2018–2019 жж. – Экоорталық нысанының (өндірістегі) топ жетекшілерінің біліктілігін бағалау процессі аяқталып, бағалау енді ГҚДҚ-3, ГҚДҚ-2, ҚОТЖ және ұңғымаларды пайдалану және өндіру нысандарында басталды.
2. 7 мердігер компания өздерінің біліктілікті басқару жүйесін әзірлеу мен енгізу нәтижелерін КПО-мен тоқсандық жиналыстарында ұсынды.

Компания қызметкерлері үшін 2019 жылы ұйымдастырылған оқыту 17-кестеде санат бойынша бөлініп келтірілген.

17-кесте. Санат бойынша қызметкерлерді оқыту, 2017–2019 жж. / GRI 404-1 /

Санаты	2017	2018	2019
1. Жоғарғы және орта буын жетекшілері	125 адам (1 жұмыскерге 29,27 сағат)	172 адам (1 жұмыскерге 54,84 сағат)	161 адам (1 жұмыскерге 66,60 сағат)
2. Білікті мамандар / топ жетекшілері	1 749 адам (1 жұмыскерге 59,64 сағат)	1 364 адам (1 жұмыскерге 67,96 сағат)	1 250 адам (1 жұмыскерге 88,96 сағат)
3. Техникалық қызметтегі жұмыскерлер	1 356 адам (1 жұмыскерге 113,43 сағат)	1 494 адам (1 жұмыскерге 121,07 сағат)	2 044 адам (1 жұмыскерге 111,73 сағат)
4. Офистік-әкімшілік қызметтегі жұмыскерлер	138 адам (1 жұмыскерге 18,96 сағат)	84 адам (1 жұмыскерге 44,99 сағат)	150 адам (1 жұмыскерге 86,53 сағат)

2017–2020 жылдарға арналған жеделдетілген кәсіби дамыту бағдарламасы

КПО жеделдетілген кәсіби дамыту бағдарламасы кәсіби даму әлеуеті жоғары қызметкерлерден кадрлық резервті құруға және 2017–2020 жылдары аралығында оларды дамытуға бағытталған. Компанияның бизнес-тапсырмаларын жүзеге асыру мақсатында болашақ жетекші лауазымдарға тағайындау үшін бағдарламаны іске асыру барысында қатысушылардың әрқайсысына кәсіби дамудың жеке жоспары дайындалады.

2019 жылы КПО оқыту және дамыту бөлімі осы бағдарлама қатысушыларының жеке кәсіби даму жоспарларын жүзеге асырылуын жалғастырды. Аталмыш бағдарламаны жүзеге асыру барысында басты назар ресми оқытуға, құрушы компаниялар офистерында тағылымдамадан өтуді ұйымдастыруға, сертификатталған бағдарламалар мен коучинг құралдарына оқытуға берілген.

2019 жылы қызметкерлерді кәсіби дамытудың құралы ретінде басты назар коучингке аударылды. «Коучингтегі халықаралық бағыттар» тақырыбында семинар өткізіліп, ол қатысушылардың көңілінен шықты. Жыл соңында

осы бағдарламаға қатысқан қызметкерлердің арасында коучинг құралдарына оқыту көрсеткіші 72%-ға жетті.

2019 жылы осы бағдарлама аясында «Шелл» университетімен өткізілетін көшбасшылық біліктілікті дамыту бағдарламасының екінші тобы оқуын бастады. Бағдарлама өзін-өзі басқару, топты басқару және бизнесті басқарудағы көшбасшылық дағдыларды дамытуды көздейді.

Жүзеге асыру барысында жеделдетілген кәсіби дамыту бағдарламасына қабылдау бойынша барлық ақпарат SAP жүйесіне аударылды, сонымен қатар қатысушылардың тағайындалған коучтарымен және тікелей жетекшісімен өзара әрекеттесуі үшін, сондай-ақ оқыту және дамыту бөлімінің үдерісті басқару үшін формулярлар жасалды.

Жеделдетілген бағдарламаның қатысушысы Габдулов Бекжанды, бақылау-өлшеу құралдарының инженерін атап кеткен жөн. Ол өзінің жеке даму жоспары шеңберінде 2019 жылдың қаңтар айында көп бейінді кәсіби жаһандық инженерлік ұйым – Ұлыбритания инженерия және технология институтының мүшесі атанды. Инженерия және технология институты әлемдік технологиялық инновацияларды қолдайды, және оның 150 елден 168 мың мүшесі бар. Бүгін Бекжан техникалық инженер (EngTech) ретінде институт мүшесі, ал алдағы уақытта өзінің кәсіби

дамуын институттың талаптарына сай жалғастыруды және дипломы бар инженер статусына қол жеткізуді жоспарлап отыр.

КПО-дағы қосарлы білім беру

КПО қосарлы білім беру бағдарламасын 2005 жылдан бері қолданып келеді. 2019 жылы да 2018 бастау алған «OPITO мұнай және газ академиясының халықаралық стандарты бойынша өндіріс операторы және жабдықты пайдалану техниктері» кәсіби дамыту бағдарламасы бойынша оқыту өз жалғасын тапты.

2019 жылдың мамыр айында 48 тағылымгер техник-механик және өндіріс операторы мамандықтары бойынша осы бағдарламаның теориялық бөлігін аяқтап, өндіріс және техникалық қызмет көрсету бөлімдеріне практикалық тағылымдамадан өтуге жіберілді. 2019 жылдың соңында 19 тағылымгер Компанияға жұмысқа орналастырылды.

2019 жылы 36 тағылымгер «өндіріс операторы» және «бақылау-өлшеу құралдарының техник-электрші» мамандықтары бойынша осы бағдарлама бойынша оқытуды бастады.

Еңбек ақысы және жеңілдіктер

Компания еңбектің лайықты шарттарын ұсынуды қолдайды. Негізінде, бұл шарттар бәсекелі жалақы және әртүрлі жеңілдіктер арқылы қамтамасыз етіледі.

Компаниямен еңбек шарт жасасқан барлық қызметкерлерге ақшалай төлемдерден және ақшалай емес сыйақылардан тұратын жеңілдіктер пакеті ұсынылады. / GRI 401-2 / КПО-да кадр агенттігі арқылы жұмыс істейтін қызметкерлерге сол агенттіктің ұжымдық шарттары қолданылады.

Жеңілдіктердің басым бөлігі ұжымдық шартта қарастырылды. Бұл ұжымдық шарт 2019 ж. қайта қаралып, оның қолданылу мерзімі 2019–2021 жылдары ішінде жарамды болып табылады. / GRI 102-41 / Жаңа шарттағы өзгертулер көбінесе еңбекақы төлеуге, әлеуметтік төлемдерге және жеңілдіктерге қатысты орын алды. Ең елеулі өзгерістерді атап өтсек, олар: ең төмен базалық еңбекақысының 10%-ға артуы, 2019–2021 жылдары базалық еңбекақысының жыл сайын қайта қарастырылуы, 8-11 грейдтердің мөлшерлемелерінің ұлғаюы, өндірістік көрсеткіштер үшін қосымша сыйақылардың төленуі, мектепте оқитын үш және одан көп баласы бар қызметкерлеріне әлеуметтік төлемдердің төленуі, шипажайлық-курорттық емдеуге төлемдердің өсуі және т.б.

Қызметкерлердің құндылығын және маңызын, сондай-ақ олардың Компания қызметіне құштарлықпен қатысуын сақтауда материалдық емес сыйақының мәні аса жоғары. КПО компаниясында қызметкерлерді ынталандырудың әртүрлі әдістері бар, солардың қатарында құрмет қағаздары, алғыс хаттары, ҚТ көрсеткіштері бойынша сыйақылар, жұмыс нәтижелері бойынша салтанатты шараларға және кәсіби мерекелерге қатыстыру және т.б. Мәселен, 2019 жылы КПО түрлі бөлімдерінің қызметкерлері ҚР Энергетика

министрлігінің, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, «КАЗЭНЕРДЖИ» мұнай-газ кешені ұйымдары қауымдастығының және жергілікті атқарушы органдарының ведомстволық марапаттарына ие болды.

2019 ж. өткізілген КПО жалақысының Қазақстандағы мұнай-газ саласындағы нарықтық еңбекақы деңгейіне сәйкестігін жыл сайынғы талдау негізінде КПО жұмысшыларының орташа еңбекақысы Батыс Қазақстан облысы бойынша орта көрсеткіштен үш есе жоғары екені анықталды. Осы талдау нәтижелері негізінде, жалақы мөлшеріне қосымша түзетулер 2019 ж. енгізілген жоқ. / GRI 202-1 /

Компанияның бекітілген процедуралары аясында КПО өз жұмыскерлерінің еңбекақысын жыл сайын қайта қарастырып отырады. Бұл инфляцияның жылдық деңгейі ескерілген жыл басындағы еңбекақыны көтеруді, жыл бойы орындаған жұмыс қорытындылары бойынша оң баға алған жұмыскерлерге сыйлықақыны жыл сайын төлеуді, сонымен қатар жалақыны жекелей көтеру және қосымша бір жолғы берілетін төлемдерді қамтиды.

2019 ж. жалпы еңбекақы мөлшері алдыңғы 2018 жылғы инфляция деңгейімен тең 7,3%-ға және ұжымдық шарт бойынша қосымша 2%-ға артты.

Қызметкерлердің орындаған жұмысын бағалау нәтижелеріне негізделген жалақыны жекелей көтеру қызметкерлерді ынталандырудағы қосымша құрал болып қалады. Грейд бойынша жалақының ең жоғары көрсеткішіне қол жеткізген қызметкерлер үшін біржолғы төлем қарастырылған.

2019 жылы Компания КПО және кадрлық агенттіктердің барлық жұмыскерлеріне өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізуге және Компания тарихындағы

ерекше мәні бар күндерді атап өтуге орай кезектен тыс сыйлықақы төледі. Қарашығанақ кен орнының 40 жылдығына орай базалық жалақының 70% көлеміндегі сыйақы 2019 жылдың мамыр айында төленді. Ал 2019 жылдың тамыз айында базалық жалақының 70% көлеміндегі кезектен тыс сыйлықақы берілді. Оған қоса, КПО тарихында ең күрделі жоспарлы жөндеу жұмыстары сәтті аяқталғанына орай базалық жалақының 80% көлеміндегі сыйақы 2019 жылдың қараша айында төленді.

Қызметкердің жұмысты орындауын және дамуын бағалау / GRI 404-3, 103-3 /

Қызметкерлердің жұмыс тиімділігін бағалау кері байланыстың маңызды құралы болып қала береді. Оның мақсаты – еңбек өнімділігінің көрсеткіштерін арттыру мен қадағалау. Жұмыс орындалуын бағалау және қызметкерлерді дамыту үдерісі КПО компаниясында жарты жылдан кем емес уақыт бойы жұмыс істеген қазақстандық жұмыскерлерге ғана қатысты.

Бұл үдерістің бағалау нәтижелері оның негізінде берілетін сыйақыдан бөлек, өндірістік көрсеткіштері үшін берілетін сыйлықақыға тікелей ықпал етеді. Бағалаудан өтетін барлық КПО жұмыскерлерінің жиынтық саны ең төмен 80% құрайтын 'ерекше', 'үздік', 'тиімді' баға алғаны – негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Жетекші лауазымдағы қызметкерлер үшін тиімділіктің негізгі жылдық көрсеткіштеріне жетуді бағалаудың бөлек үдерісі бар.

Еңбек қатынастары / GRI 102-44 /

Ұжымдық келіссөздер жүргізудің Компаниядағы маңызы зор. КПО өз қызметкерлерінің кәсіподақ қозғалысын ұйымдастыру және ұжымдық шарт бойынша келіссөздерге қатысу құқығын құрметтейді. Компанияда қызметкерлер мүдделерін үш кәсіподақ қорғайды:

- ▶ «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ;
- ▶ «КПО Б.В. және мердігер компаниялар қызметкерлерінің жергілікті Қарашығанақ кәсіптік одағы» ҚБ;
- ▶ «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.», «TRUST» және мердігер ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ.

Кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қарым-қатынасының әртүрлі аспектілері бойынша Ұжымдық шарттың жобаларын әзірлейді және Компаниямен келіссөздер жүргізеді. 2019 ж. 2019–2021 жылдарға қол қойылған Ұжымдық шарт өз күшінде болды. / GRI 102-41 / Ұжымдық шарт ережелері кәсіподақ құрамындағы мүшелігіне қарамастан, КПО ұжымына қабылданған барлық қызметкерлерге қатысты. / GRI 103-2, 103-3 /

КПО-да кері байланыстың бірнеше механизмі бар: еңбек ресурстары басқармасына тікелей немесе кәсіподақ арқылы және «Жедел желі» арқылы хабарласу. 2019 жылы Еңбек ресурстары басқармасына 35 шағым мен өтініш келіп түсті. Келіп түскен шағымдарда еңбек тәртібінің бұзылуы, жұмысқа орналасу, даулы мәселелерді шешу, қызметтік өкілеттікті асыра қолдану, мердігер қызметкеріне қатысты заңсыз әрекет мәселелері қозғалды. Шағымдардың барлығы сәйкесінше қарастырылып, лайықты шешім қабылданған болатын. / GRI 102-17, 103-2 /

Ұжымдық шарт ережелеріне сәйкес, қызметкерлер жағдайларының нашарлауына әкелетін кейінгі қызметкерлерді қысқарту немесе еңбекақы төлеу жүйесіндегі немесе мөлшеріндегі өзгерістермен бірге Компанияны тарату (жою) жағдайында, КПО кәсіптік одақтарды кемінде 2 ай (8 апта) бұрын хабардар етуге міндетті. / GRI 402-1 /

Ұжымдық шарт және 2017 жылғы Еңбек кодексі аясында әрекет ететін еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзу бағдарламасына сәйкес 2019 ж. Компанияның 42 қызметкері еңбек қатынастарын ерікті түрде бұзу туралы өтініш білдірді (2018 ж. – 24 қызметкер, 2017 ж. – 45 қызметкер).

Өндірістік қатынастар / GRI 407-1 /

КПО компаниясы «Қызметкерлерге қамқорлық» бағдарламасын жүзеге асыруда. Бағдарлама бойынша мердігер және қосалқы мердігер ұйымдар қызметкерлері үшін қолайлы жұмыс жағдайларын қамтамасыз ету және қолдау қарастырылған.

Басты назар салауатты жұмыс ортасын, Тәртіп кодексі талаптары мен жалпыға ортақ нормалар мен тәртіп стандарттарын сақтауға, сонымен қатар КПО мердігер және қосалқы мердігер ұйымдар еңбек ұжымдарында наразылық және әлеуметтік шиеленіс ошақтарының пайда болуына әкелуі мүмкін себептер мен жағдайлардың алдын алуға аударылады.

2019 жылдың шілде айында КПО еңбек ресурстары бөлімінде жаңа өндірістік қатынастар бөлімі ашылды. Оның қызметі келесі шараларды іске асыруға бағытталған:

- ▶ Мердігер және қосалқы мердігер ұйымдары еңбек ұжымдарындағы жағдайды тұрақты қадағалау және талдау;

- ▶ Мердігер және қосалқы мердігер ұйымдардың еңбек ұжымдары басшылығы мен өкілдерімен, еңбек заңнамасы талаптарының сақталуы мен жұмыс үдерісінің ұйымдастырылуына жауапты лауазымды тұлғалармен және жұмыскерлердің алқалық одақтарымен (кәсіподақтар, жұмыс комитеттері, өндірістік кеңестер) ақпараттық-практикалық өзара әрекеттесу.

2019 жылы әзірленген құжаттарға, яғни Өндірістік қатынастар саясатына және ҚР Энергетика министрлігімен мақұлданған «КПО мердігер ұйымдарындағы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге және наразылық науқандарын ескертуге бағытталған іс-шаралардың кешенді жоспарына» сәйкес КПО келесі міндеттерді жүзеге асыруға мақсат қойды:

- ▶ КПО жауапкершілігі аймағындағы қақтығыстық жағдайлардың пайда болуы және әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси ахуалдың ушығуының/шиеленісуінің қауіп-қатерлерін барынша азайту;
- ▶ Еңбек ұжымдарындағы моральдық және психологиялық ахуалдың нашарлануы салдарынан пайда болатын әлеуметтік шиеленіс ошақтарының туындау себептері мен шарттарын уақытылы анықтау және жою;
- ▶ мердігер/қосалқы мердігер ұйымдардың ағымдағы өндірістік-шаруашылық қызметін еңбек заңнамасының және КПО компаниясының өндірістік қатынастар саласындағы ішкі саясаттардың/процедуралардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету.

Қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Компанияда 2019 жылы ҚМГКК аумағындағы жұмыскерлер саны ең көп мердігер/қосалқы мердігер ұйымдар өкілдері шаруашылық-өндірістік қызметін іске асыратын өндірістік аймақтарға/алаңдарға жүйелі түрде сапарлар ұйымдастыру бойынша жұмыстар басталды. Осы

шаралар барысында жұмыс алаңдарын, қызметкерлерді тасымалдау үшін жиналу орындарын, демалу мен тамақтану, ықшамды тұрғын орындарын (болған жағдайда) және алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орындарын аралау мен қарап тексеру жүргізіледі.

Сондай-ақ қызметкерлер арасында еңбек ақысы мен басқа да төлемдердің толықтығы мен уақытылы төленуі, тамақтану сапасы мен тамақ түріне қанағаттанушылық, тұрғылықты орын жағдайлары, арнайы киіммен қамтамасыз етілуі туралы ішінара сауалнама жүргізіліп тұрады.

Келіп түскен мәліметтер негізінде КПО төрт келісім-шарт иелеріне және тоғыз ірі мердігер ұйымдардың басшылығына жұмысшыларға арналған лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдаймен және тиісті санитарлық-гигиеналық талаптармен қамтамасыз етуде анықталған сәйкессіздіктер бойынша ұсыныстар жасалды.

Осылайша, өндірістік қатынастар бөлімімен 2019 ж. орындалған жұмыс КПО жауапкершілігі аймағында тұрақты әлеуметтік жағдайдың құрылуына және мердігер/қосалқы мердігер ұйымдары еңбек ұжымдарында әлеуметтік наразылықтың алдын алуға өз үлесін қосты.



КПО кадрлар бөлімі өкілдері, Бөрлі ауданының жұмыспен қамту орталығы, БҚО жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өкілдері, Алматы қ. мамандары және практикант студенттер Ақсай қ. кездесуде

Шәкіртақылық бағдарламалар

/ GRI 404-2 /

Қазақстандық қызметкерлер мен олардың балаларына арналған шәкіртақылық бағдарлама қызметкерлердің біліктілігін арттыруға және олардың қосымша кәсіби білім алуына елеулі ынталандыру құралы болып табылады.



2019 жылы шетел мамандары


жасаған 20 лауазымдарға

жергілікті қызметкерлер


тағайындалды

2019 жылы аталмыш бағдарлама аясында КПО-ның 19 қызметкеріне және олардың 39 баласына шәкіртақы ретінде 31 900 млн теңге (82 332 АҚШ доллары) бөлінді.

17-сызба. КПО шәкіртақылық бағдарламасына қатысу қарқыны, 2009–2019 жж.



18-сызба. КПО шәкіртақылық бағдарламасы бойынша жұмсалған қаражат көлемі, 2009–2019 жж. (млн теңге) / GRI 404-2 /




КПО-ның қазақстандық жоғары оқу орындарымен серіктестігі / GRI 102-44 /

КПО жас мамандарды жұмысқа тарту мақсатында қазақстандық ЖОО-мен өзара әрекеттестікті жалғастыруда. КПО компаниясында жоғары оқу орындарымен (ЖОО) өзара әрекет тиісті шарттар негізінде студенттік практика бағдарламасы шеңберінде жүргізіледі.

2019 жылы 24 мамандық бойынша 31 оқу орнынан келген 313 студент КПО-ның әртүрлі бөлімдерінде өндірістік және дипломалды практикасын өтті. 2013 және 2019 жылдар аралығында студенттік практикадан өткен студенттер арасынан 172 адам Компанияға жұмысқа алынды.

19-сызба. 2017–2019 жж. КПО-да студенттік практикадан өткен студенттер саны



Бұдан басқа, Компания республикалық жастар практикасы бағдарламасын жүзеге асыруға қатысады, осылайша Берлі ауданы тұрғындары болып табылатын кәсіптік оқыту орындары түлектеріне қолдау көрсетіп келеді. Аталмыш бағдарлама 2009 жылы басталғаннан бері 175 жас маман Компанияда жастар практикасынан өтті. 2019 жылы тағылымдамдан өткен 33 түлектің алтауы КПО компаниясына және төртеуі КПО мердігерлік ұйымдарына жұмысқа тұрды.

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 11

СТУДЕНТТІК ЖАСТАРДЫ КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСТЫРУ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

2019 жыл Қазақстан Республикасында жастар жылы болып жарияланғаны бәрімізге мәлім. Тұрақты даму саласындағы инновациялық идеяларды іздестіруге жастарды тарту кез келген ұйымның бәсекеге қабілеттілігі үшін пайдалы. Өз кезегінде, КПО компаниясы түрлі университеттердің студенттерін өндірістік және жастар практикасына қабылдайды, сонымен қатар практика барысында белсенді оқыған және қызметте көмектесуге талпынған студенттерді жұмысқа қабылдайды.

Мақсаты:

- ▶ БҚО студенттерінің КПО компаниясы табиғатты қорғау бойынша қызметі жайында хабардардылығын арттыру;
- ▶ Озық жастарды тұрақты даму мақсаттарына жету жолына және өзекті мәселелерді шешуге тарту, және жаңашыл идеяларды КПО табиғат қорғау бойынша кезекті шараларына қосу;
- ▶ Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына ынталандыру.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мен КПО арасында қол қойылған бағдарлама аясында облыс студент жастары арасында экологиялық инновациялық идеялар байқауы өткізілді. Бұл шара жас буынға аймақтың тұрақты дамуы туралы өз көзқарастарын ұсынуға және инновациялық және экологиялық идеялар мен ұсыныстарды әзірлеу арқылы тұрақты дамуға өз үлестерін қосуға мүмкіндік берді. Экологиялық инновациялық идеялар байқауы жеңімпаздары 2019 ж. 6 маусымда өткен «Uralsk Green Forum» III Халықаралық экологиялық форумында марапатталды.

11 маусымда КПО байқау қатысушыларымен және студенттік жастармен кездесу өткізді. Бұл кездесуде Компанияның табиғатты қорғау қызметі туралы мәлімет беріліп, байқаудың жеңімпазы атанған «Өзіңнен баста» атты экологиялық бейнебаян және «Экологиялық көшбасшылық» тақырыбында мастер-класс өткізілді. Жұмыстары жоғары бағаланған студенттер дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Нәтижесі:

КПО инновациялық экологиялық байқауының жеңімпаздары Қазақстанның жаңартылатын энергия көздері саласын дамыту мәселелеріне арналған «Solar Fest Qazaqstan» I Халықаралық іскерлік фестиваліне қатысты. Фестиваль 4 маусым күні Бурабай курорттық аймағында өткізілді.

Фестиваль аясында студенттік жастар және олардың тәлімгерлері жаңартылатын энергия көздері саласын дамыту сарапшылармен кездесті.

Батыс Қазақстан Инновациялық-технологиялық университетінің ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры Бурахта Вера Алексеевна атап өткендей, мұндай конкурстар прогрессивті жастарды өзекті мәселелерді шешуге тартуға мүмкіндік беріп, сонымен қатар студенттерді ғылыми-зерттеу жұмыстарына ынталандырады.



Бурабай ауылында өткізілген I халықаралық «Solar Fest Qazaqstan» фестивалінің қатысушылары

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

2019 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар
жоспары / 82

Санитарлық қорғау аймағы / 85

Қоршаған орта мониторингі / 90

Атмосфераға тасталатын шығарындылар / 94

Энергия тиімділігі / 100

Су қорларын тұтыну және қайта пайдалану / 102

Қалдықтарды басқару / 106

Биотүрлілік / 110

Кемірсу тектерді өндіру және өңдеу қызметі кез келген компанияға қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан үлкен жауапкершілікті жүктейді. КПО компаниясы Қарашығанақ кен орнының қоршаған ортаға минималды әсермен игерілгенін көздейді.

Өз қызметін КПО тұрақты даму қағидаларын сақтай отырып, қоршаған ортаны қорғауды жоғары стандарттарына сәйкес атқарады. Компанияның еңбек қауіпсіздігі, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саясатының негізгі міндеттері:

- ▶ қоршаған орта ластануының алдын алу;
- ▶ қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді үздіксіз арттыру;
- ▶ биотүрлілікті және экожүйелерді сақтау, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану;
- ▶ қоршаған орта қауіпсіздігін қамтамасыз ету. / GRI 103-2 /

Біз озық жабдықты және әлемдік деңгейдегі технологияларды қолдана отырып, парниктік газдар шығарындыларын азайту және табиғат қорларын сақтау мәселесі бағытында жұмыс атқарып келеміз. / GRI 103-1 /

Біз озық жабдықты және әлемдік
деңгейдегі технологияларды
қолдана отырып, парниктік газдар
шығарындыларын азайту және табиғат
қорларын сақтау мәселесі бағытында
жұмыс атқарып келеміз

2019 ЖЫЛҒЫ ҚОҚ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ / GRI 103-2, 102-44 /

Қоршаған ортаны қорғау саласында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін КПО жыл сайын Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарын (әрі қарай ҚОҚШЖ) әзірлейді.

ҚР Экологиялық кодекс ережелеріне сәйкес қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсат алу үшін КПО рұқсат алу кезеңіне ҚОҚШЖ рұқсатты беруші

органға ұсынады. Жоспарда айқындалған шаралар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, ҚОҚ саласындағы әдістер мен технологияларды жетілдіруге, табиғат қорларын тиімді пайдалануға және ISO 14001 мен ISO 50001 халықаралық стандарттарына сәйкестік деңгейін сақтап тұруға бағытталған.

2019 жылы КПО өз өндірістік қызметтерін 18-кестедегі берілген эмиссияларға рұқсатқа және әзірленген ҚОҚШЖ негізінде жүзеге асырды. Сәйкесінше 2019–2020 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспары берілген рұқсат қағаздар мерзімдері бойынша жоспарланды.

18-кесте. КПО-ның 2019-2020 жж. қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарлары және берілген рұқсаттары / GRI 307-1 /

№	2019 жылға келісілген ҚОҚ іс-шаралар жоспарлары	2019 жылға алынған рұқсаттар	Рұқсатты беретін орган
1	2019 жылғы ҚМГКК арналған КПО ҚОҚШЖ	Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсат. 27.12.2018 жылғы № KZ68VCZ00223819 (қолдану мерзімі: 2019 жылғы 1 қаңтар мен 2019 жылғы 31 желтоқсан аралығы)	ҚР Энергетика министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау комитеті мемлекеттік мекемесі
2	Қарашығанақ өңдеу кешені-Үлкен Шаған-Атырау (БҚО) экспорттық конденсат құбыр желісіне арналған КПО-ның 2016–2020 жж. ҚОҚШЖ	Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсат. 12.08.2015 жылғы № KZ68VDD00021755 (қолдану мерзімі: 2016 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығы)	БҚО әкімдігі, Батыс Қазақстан облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы
3	КПО-ның 2016–2020 жж. ҚОҚШЖ (Атырау облысы)	Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға рұқсат. 07.08.2015 жылғы № KZ87VDD00021510 (қолдану мерзімі: 2016 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығы)	Атырау облысының әкімдігі, Атырау облысы бойынша табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы

2019 жылғы ҚМГКК-да КПО-ның ҚОҚ шараларын жүзеге асыруға жұмсалған жалпы нақты шығыны 9,64 млрд теңгені құрады, яғни игерілген қаржының 66%-ы және жоспарланған жұмыс көлемінің 109%-ы. 2019 жылғы ҚМГКК бойынша жоспарланған шығын көлемі – 14,53 млрд теңгені құрады. 2019 жылғы жоспарланған және іс жүзіндегі шығындар көрсеткіштерінің айырмашылығы «Әуе бассейнін қорғау»

бөлімшесі бойынша қаражаттың толықтай игерілмегенімен (59%) байланысты, алайда оның 120% жұмыс көлемі орындалды. Ұңғымалар жұмыстарын орындау барысында заманауи жабдықтарды пайдалану нәтижесінде Компания жоспарланған қаражатты аз игеріп, атмосфераға тасталатын ластаушы заттар (ЛЗ) көлемін күтілген 8 мың тоннадан 11 мың тоннаға азайтты.

**2019 жылғы ҚМГКК-да
КПО-ның ҚОҚ шараларын
жүзеге асыруға жұмсалған
жалпы нақты шығыны
9,64 млрд теңгені құрады**

КПО-ның 2019 жылғы ҚОҚШЖ бөлімшелері бойынша шаралардың орындалуы 19-кестеде көрсетілген.

19-кесте. 2019 жылғы ҚОҚ іс-шаралар жоспарын орындау, % / GRI 102-44, 103-2 /

№	ҚОҚ іс-шаралар жоспарының бөлімшелері	КПО іс-шараларын орындау проценті:		
		- Қарашығанақ кен орнында	- ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбыр желісінде (БҚО)	- ҚӨК-Үлкен Шаған-Атырау экспорттық конденсат құбыр желісінде (АО)
1	Әуе бассейнін қорғау	120%	100%	100%
2	Су ресурстарын қорғау және тиімді пайдалану	100%	НП*	НП*
3	Жер ресурстарын қорғау	88%	НП*	НП*
4	Жер қойнауын қорғау және тиімді пайдалану	100%	НП*	НП*
5	Флора мен фаунаны қорғау	100%	НП*	100%
6	Өндіріс және тұтыну қалдықтарын өңдеу	110%	30%	43%
7	Радиациялық, биологиялық және химиялық қауіпсіздік	140%	НП*	НП*
8	Басқару жүйелерін және үздік қауіпсіз технологияларды енгізу	100%	НП*	НП*
9	ҚОҚ саласындағы ғылыми-зерттеу және жобалау-ізвестіру жұмыстары	87%	100%	100%
10	Экологиялық ағарту жұмыстары және насихаттау	148%	100%	100%
БАРЛЫҒЫ:		109% (9,64 млрд теңге/ 25 млн АҚШ доллары)	83% (11,12 млн теңге/ 29 мың АҚШ доллары)	89% (22,40 млн теңге/ 58 мың АҚШ доллары)

* ШҚ – шаралар қарастырылмаған.



ҚОҚШЖ іс-шараларын жүзеге асыру қорытындылары 20-кестеде көрсетілген.

20-кесте. 2019 жылы КПО компаниясының ҚОҚ іс-шараларын жүзеге асыру қорытындылары / GRI 102-44 /

Атмосфераға тасталатын шығарындылар	Қалдықтарды және ағынды суларды басқару	Топырақты қалпына келтіру / GRI 304-3 /
<ul style="list-style-type: none"> ▶ 11 ұңғыманы игеру кезінде жоғары қысым сепараторларын пайдалану атмосфераға тасталатын ластаушы заттардың көлемін жоспарланған 6 770 тоннадан 7 986 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді; ▶ 13 ұңғымада жоғары қысымды мұнай айдау сорғысын пайдалану атмосфераға тасталатын ЛЗ көлемін күтілген 404,3 тоннадан 402 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді. ▶ Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды (Lamix немесе Deisel) пайдалану атмосфераға тасталатын ЛЗ көлемін күтілген 394 тоннадан 722 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді. 	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Қайта пайдалануға жарамсыз коммуналдық және өндірістік қалдықтардың 849,2 тоннасы сұрыпталып жалпы мақсаттағы пеште өртеуге жіберілді. Бұл 2018 жылмен салыстырғанда 13,3%-ға көп (736,5 тонна). ▶ Қайта өңдеуге және қайталама шикізат ретінде қайта пайдалануға сұрыпталған және жіберілген көлем: <ul style="list-style-type: none"> ▶ макулатураның 100,3 тоннасы, 2018 жылмен (95,6 тонна) салыстарғанда 4,6%-ға артық; ▶ 10,8 тонна метал сынықтары, 2018 жылмен (8,5 тонна) салыстарғанда 21%-ға артық; ▶ 30,4 тонна пластик, 2018 жылмен (25,2 тонна) салыстарғанда 17%-ға артық. ▶ 7,5 тонна әйнек қалдықтары, 2018 жылмен (7,82 тонна) салыстарғанда 4,6%-ға кем; ▶ 2019 жылы сұйық қалдықтарды өңдеудің жалпы көлемі 6 207,72 тоннаны құрады. ▶ 2019 жылы жиналған қалдықтарды қатты қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін сақтау алаңынан алып, Экоорталық айналмалы пешінде қайта өңдеу жұмыстары жалғасты. Жыл бойы 3 758 тонна қалдық қайта өңделді. ▶ 2019 жылы техникалық қажеттіліктерге тазартылған ағынды сулардың 38 545 м³ қайта пайдаланылды, олардың негізгі көлемі бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін жұмсалды. Бұл көлем Қоншыбай жырасынан пайдаланған техникалық су көлемінің 8,9%-ын құрады. Осылайша Компания таза суды өндірістік қажеттіліктер үшін пайдалану көлемін азайтады. 	<ul style="list-style-type: none"> ▶ 2019 жылы ұңғыма операциялары мен құрылыс жұмыстарынан зақымдалған жердің 63,3 га қалпына келтірілді.

Экологиялық айыппұлдар

/ GRI 307-1 /

КПО өз қызметін Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады. Өндірістік қызмет шеңберінде Компания жыл сайын Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғат қорлары министрлігіне шығарындыларға, ластаушы заттар тастандыларына, және өндірістік және тұтыну қалдықтарын орналастыруға шектеуді

белгілейтін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсат сұратымын жіберіп, сол құзіретті органнан алады.





2019 жылы, және оған дейінгі жылдары да, КПО рұқсаттарда белгіленген эмиссиялар шектеулерінен асырмағанын айта кеткеніміз жөн.

Сонымен бірге, 2019 жылғы Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау заңнамасы талаптарын сақтау бойынша төрт экологиялық тексеру нәтиже-

сінде Компания 19,3 млн теңге көлемінде әкімшілік айыппұл төледі (бұл жағдайлар 2018 жылға қатысты). Компания тағылған айыппен келіспеді, және белгіленген тәртіп бойынша жоғары тұрған органға және соттарға осы айыппұлдар бойынша шағым жасады, алайда аталмыш орган мен соттар Компания шағымын қанағаттандырмады. Сонымен қатар, 2019 жылы Компания ҚОҚ саласындағы 2017–2018 жылдарда орын алған жағдайларға қатысты қойылған азаматтық талап бойынша 3,5 млн теңге төледі.

САНИТАРЛЫҚ ҚОРҒАУ АЙМАҒЫ

21-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз / GRI 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҰҰ ТДМ
ТОПЫРАҚ				
<ul style="list-style-type: none"> ▶ ҚМГКК және санитарлық қорғау аймағында (СҚА) тарихи-мәдени мұралар (ТММ) ескерткіштерін анықтау және зерттеу бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу; ▶ ҚМГКК есепті СҚА ұымдастыру мен абаттандыру жобасын әзірлеуді бастау. 	 орындалды	722 км ² аумағында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тарихи-мәдени мұралардың нақты орналасқан жері мен қазіргі күйі атқарған жұмыс есебінде сипатталған. Зерттеу шекараларында тарихи-мәдени тірек жоспары дайындалды. Табылған нысандарды қорғау және зерттеу бойынша іс-шаралар ұсынылды. Мүдделі тараптардан қажет сын пікірлер мен келісулер алынды.	«ҚМГКК есепті СҚА ұйымдастыру мен абаттандыру» жобасын әзірлеуді аяқтау.	
ҚМГКК және СҚА аймағында бұрын отырғызылған ағаштарды күту жұмыстары	 орындалды	126,01 га жерде орналасқан ағаштарға күтім жасалды; 57,30 га жерде механикалық ағаштарды егу мен оларға күтім жасау жұмыстары атқарылды; 2006–2014 жылдары 426,66 га жерде егілген екпе ағаштарға өртке қарсы іс-шаралар қолданылды.	2016–2019 жылдары 188,31 га жерде егілген ағаштарға күтім жасау және 2006–2014 жылдары 426,66 га жерде отырғызған екпе ағаштарға өртке қарсы іс-шараларды қолдану.	

ҚМГКК аумағындағы жаңа санитарлық қорғау аймағы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді.

КПО 2018 жылдан бері ГҚДҚ-2 нысанын жаңғырту және ескі СҚА аумағындағы жаңа ұңғымаларды бұрғылау жұмыстарын жүргізуде. Кен орнының болашақ даму нысандары КЕР-1А және КЕР-1 2020 жылдан кейін жүзеге асырылуға жоспарланған.

Жаңа санитарлық қорғау аймағының шекарасы шеңберінде болған Березов және Бестау ауылдарының тұрғындары 2015–2017 жылдар аралығында санитарлық-гигиеналық нормалар тұрғысынан қолайлы тұрғылықты мекендері бар Ақсай қаласына көшірілді.

Жаңа ҚМГКК-нің санитарлық қорғау аймағының шегі әртүрлі. Мәселен, оңтүстік-батыс бағытында 5 000 м дейін, ал оңтүстік-шығыс бағытында 9 440 м дейін өзгереді. СҚА картасы 9-суретте берілген.


2019 жылы КПО қолданыстағы экологиялық мониторинг станцияларын жаңа СҚА аумағына кезең-кезеңімен көшіруді жалғастырды. Жалпы, 11 экологиялық мониторинг станциясы көшірілуі тиіс болды. 2018 жылғы желтоқсан айында үш ЭМС (№ 10, 13, 14) көшіріліп, қосылды. Ал 2019 жылы тағы үш (№ 11, 16, 18) станциялар көшірілді. Барлық көшірілген станциялар штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Қалған бес станциялардың көшірілуі 2020 жылы жүзеге асырылады. Бұл КПО-ның 2020 жылғы ҚМГКК үшін ҚОҚ іс-шаралар жоспарына енгізілген.

2019 жылы 2018–2026 жылдар аралығында ҚМГКК СҚА кейінгі дамыту жобасын орындау аясында КПО ҚМГКК және СҚА аймағында археологиялық зерттеулерді ұйымдастырды. Бұл зерттеулер Қазақстан қолданбалы экология агенттігі («ҚҚЭА» ЖШС) және арнайы бірлесіп орындаушы «Археологиялық экспедиция» ЖШС-ның қатысуымен жүргізілді.

Бұл жұмыстар тарихи-мәдениет мұра нысандарына (одан әрі ТММ) кері әсерді тигізбеу, сондай-ақ мұндай нысандарды анықтау, олардың орналасқан жерлері мен сипаттамаларын анықтау, оларды қорғау және/немесе зерттеу бойынша ұсыныстарды дайындау мақсатында атқарылды. Табылған ТММ нысандары болашақ жобалау, жер қазу және құрылыс жұмыстары кезінде есепке алынады.

9-сурет. ҚМГКК-ның 2019 жылдың аяғында СҚА көрсетілген карта-сызбасы

- ↔ Елді мекендерден жиынтық сызық шегіне дейінгі қашықтық
- ↔ Елді мекендерден жобаны санитарлық қорғау аймағына дейінгі қашықтық
- Мемлекеттік шекара
- ★ Автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС)
- Жиынтық сызық шегі
- Есептелген санитарлық қорғау аймағы (қолданысқа 2018 ж. 1 қаңтарында енді)
- Санитарлық қорғау аймағы 2018 ж. дейін
- КПО өндіріс нысандары
- Елді мекендер
- Тас жолдар
- Гидрография



СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 12

ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАРДЫ САҚТАУ БОЙЫНША

ЖҮРГІЗІЛГЕН ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Болашақта Қарашығанақ кен орнын әрі қарай дамыту мақсатында КПО компаниясы қолданыстағы өндірістік инфрақұрылымды кеңейтуді, жаңа нысандарды салуды, соның ішінде санитарлық қорғау аймағын абаттандыру шеңберінде теректер отырғызуды жоспарлап отыр.

2018–2026 жж. арналған санитарлық қорғау аймағын әрі қарай дамыту жоспарын жүзеге асыру мақсатында КПО ҚМГКК және СҚА аймағында тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін анықтау және зерттеу жұмыстарын жүргізуді қолдады. Зерттеу жұмыстары 2019 жылы жүргізілді.

Мақсаты:

- ▶ Тарихи-мәдени мұралар объектілеріне КПО компаниясы шаруашылық қызметінің теріс әсерін тигізбеу;
- ▶ Кен орнында жаңа нысандардың болашақ жобаларын дайындаған кезде анықталған тарихи-мәдени мұралар объектілерін және олардың қорғау аймақтарын ескеру.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

Археологиялық зерттеулер тарихи объектілерді анықтау, олардың сипаттамаларын, нақты орналасқан жерлерін анықтау, оларды қорғау және / немесе зерттеу үшін ұсыныстар дайындау мақсатында жүргізілді. Жұмыстарды «Қазақстан қолданбалы экология агенттігі» ЖШС («ҚҚЭА» ЖШС) және «Археологиялық экспедиция» ЖШС жүргізді.

Археологиялық барлау «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптары негізінде жүргізілді және шартты түрде үш кезеңге бөлінді:

Алғашқы кезең тарихи, ғылыми дереккөздермен және мемлекеттік тізілімдегі ескерткіштер жиынтығымен жұмысты, аймақтың топографиялық карталарын және ғарыштан алынған суреттерді зерттеуді қамтыды.

Далалық жұмыстар кезеңі келесілерді қамтыды:

- ▶ ТММ объектілер жағдайын анықтау және тіркеу мақсатында зерттеу аймағын және оның айналасын визуалды тексеру;
- ▶ Фотосуретке түсіру, сызба-кескінін дайындау, географиялық координаталарын белгілеу, барлық ТММ объектілерін сипаттау, стратиграфиялық жағдайды анықтау және талдау;
- ▶ Материалдарды жинау, табылған материалдардың сипаттамасын дайындау (бар болса).

Соңғы кезеңде алынған деректерді камералдық өңдеу, тіркелген ТММ объектілерін талдау және оларға түсінік беру жұмыстары жүргізілді.

Археологиялық барлау жұмыстары барысында 53 ТММ объектісі анықталып, құжатталды, оның ішінде:

- ▶ 34 археология ескерткіші;
- ▶ 3 сәулет және қала құрылысы ескерткіші;
- ▶ Жергілікті маңызы бар 16 киелі нысан.

Анықталған археологиялық ескерткіштердің негізгі бөлігі ерте темір дәуіріндегі жерлеу ескерткіштерімен ұсынылған және олар сармат тайпаларының шеңберіне, екі ескерткіш орта ғасырға және үшеуі этнографиялық кезеңге жатқызылды.


Нәтижесі:

Зерттеу нәтижесінде тарихи-мәдени мұра объектілерінің көпшілігі табиғи факторлардың әсерінен және жол салу, ағаш отырғызу және т.б. сияқты адамның іс-әрекеті салдарынан бұзылғаны анықталды. Сонымен қатар кен орнының заманауи инфрақұрылымы (жолдар, коммуникациялар және т.б.) техногендік әсер ету деңгейінің қосымша факторы болып табылады. Сондай-ақ 12 археология ескерткішіне қауіп төніп тұрғанын және олардың тарихи және мәдени әлеуетін сақтау мақсатында толық археологиялық зерттеу жүргізуге ұсынылғанын атап өткен жөн.

Жалпы археологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша КПО компаниясы келесі іс-шараларды жүргізді:

- ▶ Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес тарихи-мәдени мұралар объектілерінің кен орны мен санитарлық қорғау аймағында орналасу карталары әзірленді, қорғау белгілерінің дизайн-жобасы жасалды;
- ▶ Әр ТММ объектісі қорғау аймағының өлшемдері мен қажет қорғау белгілерінің саны анықталады;
- ▶ Археологиялық ескерткіштерге қорғау аймақтарын белгілеу мақсатында жер учаскелерін алу қажеттілігі анықталды;
- ▶ «БҚО тарихи мәдени мұрасын қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекция» МКҚК мақұлдаған археологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша есеп дайындалды. Есепке Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің рецензиялары берілді.

10-сурет. Анықталған тарихи-мәдениет мұра нысандары мен жергілікті маңызы бар киелі ескерткіштердің орналасу карта-сызбасы



Шартты белгілер

- Қорған қорымы
- Жалғыз қорған
- Ортағасырлық қорым
- Этнографиялық кезеңнің зираты
- Этнографиялық кезеңнің мекені
- Бекініс кешені
- Жергілікті құрмет нысаны
- Ескерткіш
- Заманауи зират
- Мемориалдық ескерткіш

Болашақ құрылыс нысандары

- Құбыр желілері
- Өндірістік алаңдар
- ҚМГКК басты нысандары
- Зерттеу аймағы
- Жиынтық сызық шегі
- Мемлекеттік шекара
- Елді мекендер



ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ / GRI 413-1 /

КПО компаниясы өндірістік қызметін атқарған кезде қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне аса көңіл бөледі. ҚР экологиялық заңнамасына сәйкес, КПО өндірістік қызметінің барлық аспектілерін қамтитын және қоршаған ортаны қорғау бойынша бірқатар бағдарламаларды жүзеге асыруда. Осындай бағдарламалардың негізгісі болып Өндірістік экологиялық бақылау (ӨАБ) бағдарламасы. Бұл бағдарлама ҚР Экологиялық кодексі талаптарына сәйкес және келесі міндеттерді атқару мақсатында дайындалған:

- ▶ кәсіпорындардың шығарындылары туралы және өндірістік қызметінің қоршаған ортаға әсері туралы сенімді ақпарат алу;
- ▶ қоршаған ортаға және адамның денсаулығына әсерді барынша қысқарту;
- ▶ күтпеген жағдайда шұғыл алдын-алу шараларын жүргізу;
- ▶ кәсіпорынның экологиялық қызметі туралы және халықтың денсаулығына төнетін қауіптер жөнінде мүдделі талаптарға (жергілікті халыққа, мемлекеттік бақылаушы органдарға, серіктес-компанияларға) хабарлау.

Аталмыш бағдарлама аясында қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға – яғни шығарындыларды, ағын сулар мен қалдықтарды қайта өңдеу және орналастыруға, сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына – атмосфералық ауаға, жер үсті және жер асты суларға, топыраққа бақылау жүргізіледі. 2019 жылы ӨЭБ үдерісі аясында 100 мыңнан астам сынамалар іріктеліп, 118 мың зертханалық талдамалар және 28 мың өлшеулер өткізілді.

Компания кеніштің аумағындағы, санитарлық қорғау аймағының шекарасындағы және Қарашығанақ кен

орнына жақын орналасқан елді-мекендердегі атмосфералық ауа сапасына айрықша мән береді.

Ауа сапасын қадағалау аккредиттелген зертхананың сынамалар алуы және талдауы арқылы, сондай-ақ 18 стационарлық автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС) көмегімен жүргізіледі. Атмосфералық ауаның сапасын бағалау үшін санитарлық-гигиеналық нормативтер немесе рұқсат етілген шекті шоғырлану (РШШ) талабы қолданылады. Атмосфералық ауаның ластану деңгейін анықтау үшін бақыланатын компоненттердің тіркеген шоғырлануын РШШ-мен салыстырып, бөлшектеп көрсетеді. Атмосфералық ауадағы ластаушы заттың рұқсат етілген шекті шоғырлануы – қазіргі және болашақ ұрпаққа өмір бойы тікелей немесе жанама еш зиянды әсер етпейтін, адамның еңбекке деген қабілетін төмендетпейтін, оның хал-жағдайын және санитарлық-тұрмыстық өмір салтын нашарлатпайтын шоғырлану.

22-кесте. Бақыланатын компоненттер шоғырлануының 2019 жылы ЭМС тіркеген орташа жылдық мәндері*

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	РШШ _{м.б.} ³ , мг/м ³	РШШ артуы _{м.б.} ^{**}
H ₂ S	0-дан 0,001-ге дейін	0,008	жоқ
SO ₂	0,003-тен 0,005-ке дейін	0,5	жоқ
NO ₂	0,002-ден 0,007-ге дейін	0,2	жоқ
CO	0,2-дан 0,3-ке дейін	5,0	жоқ

* 011 ЭМС-тің мәліметтері кестеде келтірмеген, себебі оның тасымалдауы 2019 жылы 26 желтоқсанда аяқталды.

** СҚА шекарасында ауа сапасының өлшем шарты РШШ болып табылады.

³ РШШ м.б. – елді мекендердің атмосфералық ауасындағы заттектің максималды бір мезгілдік рұқсат етілген шекті шоғырлануы [мг/м³]. Бұл шоғырлану 20-30 минут бойы тыныс алу кезінде адам ағзасында рефлекторлық реакцияны қоздырмауы тиіс (тыныс алудағы іркіліс, көздердің тітіркенуі, жоғарғы тыныс жолдары, т.б.).

Атмосфералық ауа сапасына автоматты экологиялық мониторинг станциялары арқылы бақылау жүргізу / GRI 413-1 /

ҚМГКК-де және СҚА периметрі бойынша орналасқан 18 автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС 001-018) қоршаған ортаны қорғау бірыңғай автоматты жүйесіне біріктірілген.

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап, кен орнының жаңа санитарлық қорғау аймағының шекарасы орнатылуына байланысты, ЭМС-ды жаңа СҚА аумағына тасымалдау жобасы басталды. 2019 жылдың соңына қарай СҚА шекарасында тоғыз ЭМС орнатылды: 007, 008, 010, 011*, 013, 014, 016, 017 және 018. Қалған ЭМС – 005, 006, 009, 012 және 015 – 2020 жылы кезең-кезеңмен тасымалданады.

ЭМС тіркеген бақыланатын компоненттердің 2019 жылғы орташа жылдық шоғырлануы 22-кестеде келтірілген. Бұл кестенің «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы әрбір ЭМС-ке бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.

Барлық ЭМС төрт негізгі ластаушылар (H₂S, SO₂, NO₂, CO) бойынша үздіксіз, яғни тәулігіне 24 сағат бойы, өлшеу жүргізеді. Экологиялық мониторинг станцияларынан 2019 жылы алынған мәлімет бойынша нақты орташа тәулік, орташа айлық, орташа тоқсандық, орташа жылдық бақыланатын компоненттердің шоғырлануы орташа тәулік РШШ деңгейінен аспады. Десек те, азғантай уақыт – 20 минут ішінде өлшенген РШШ максималды бір мезгілдік мөлшерінің артуы тіркелген. Бұл орайда, 23-кестеде келтірілген шоғырлану және КПО өндірістік нысандарының қызметі арасында қандай да бір қатынас бар екені орнатылмағанын айта кеткен жөн. РШШ_{м.б.} артуы тіркелген сәттегі КПО кен орнында орналасқан нысандары қызметінің метеопараметрлерді қоса алғандағы талдауы нәтижесінде барлық өндірістік нысандар әдеттегі тәртіпте жұмыс істегенін, алауда жағу болмағанын,

23-кесте. 2019 жылы РШШ_{м.б.} мөлшерінің артуының ЭМС арқылы тіркелуі

ЭМС №	Бақыланатын компоненттер	2019 ж. тіркелген нақты бір мезгілдік шоғырлану, мг/м ³	РШШ _{м.б.} ¹ мг/м ³	РШШ артуының жиілігі	Арту саны
ЭМС-007	H ₂ S	0,016	0,008	1,25 – 2,0	12
	SO ₂	0,606	0,5	1,212	1
ЭМС-008	H ₂ S	0,010	0,008	1,125 – 1,25	8
ЭМС-010	H ₂ S	0,009	0,008	1,125	1
ЭМС-013	H ₂ S	0,025	0,008	3,125	1
	NO ₂	0,523	0,2	2,1 – 2,615	2
ЭМС-016	H ₂ S	0,011	0,008	1,125 – 1,375	4

⁴ Бағыттық бекет – тасымалданатын жабдықтың көмегі арқылы өткізілетін, тіркелген аймақтарда ауа сынамааларын бақылау кезінде үнемі іріктеу үшін арналған бекет.

жабдықтардың іркіліс орын алмағанын және апатты жағдайлар тіркелмегенін көрсетті.

Ауа сапасын бақылау туралы барлық 18 автоматты ЭМС-нан алынған деректер Батыс Қазақстан облысының Қоршаған ортаны қорғау департаментіне «Экомонитор» порталы арқылы онлайн тәртібінде жіберіледі.

Қарашығанақ кен орнының СҚА шекарасындағы атмосфералық ауа сапасын бақылау

ЭМС арқылы үздіксіз ауаны бақылаумен қатар, аккредиттелген мердігерлік зертхана атмосфералық ауа сынамааларын ҚМГКК СҚА шекарасындағы 8 нүктеден (румб) іріктейді. СҚА шекарасында сынамалар бағыттық бекеттерде⁴ әр күн сайын келесі жиілікпен алынады:

- ▶ С, Ш, О, Б сынама алу нүктелерінде – күніне 4 рет;
- ▶ СШ, ОШ, ОБ, СБ – күніне 1 рет;

2019 жылы бағыттық бекеттерде атмосфералық ауаның 44 мың сынамасы зертханамен іріктелді және талдаудан өтті. Алынған сынамалар ЭМС станцияларымен өлшенетін құрамында бірдей компоненттердің: (H₂S) күкірт сутегінің, (SO₂) күкірт диоксидінің, (NO₂) азот диоксидінің, (CO) көміртек оксидінің, метанның (CH₄) және (CH₃SH) метилмеркаптанның болуына талданады. Оған қоса, ауа сынамаалары метан (CH₄) және метилмеркаптанға (CH₃SH) талданады.

2019 жылы ҚМГКК СҚА шекарасындағы 8 бақылау бағыттық бекеттерде атмосфералық ауада бақыланатын компоненттердің РШШ-нан асып кету жағдайлары тіркелген жоқ.

2019 жылы СҚА шекарасының атмосфералық ауа-сында бақыланатын орташа жылдық шоғырлану 24-кестеде келтірілген. «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы 8 нүкте бойынша бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.

24-кесте. 2019 жылы СҚА шекарасындағы атмосфералық ауада бағыттық бекеттерде тіркелген бақыланатын компоненттер шоғырлануының жылдық орташа мәні

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	Бір мезгілдік РШШ _{м.б.} , мг/м ³	РШШ артуы
H ₂ S	0,002	0,008	жоқ
SO ₂	МАШ мәнінен төмен* 0,003-ке дейін	0,5	жоқ
NO ₂	0,026-дан 0,027-ге дейін	0,2	жоқ
CO	МАШ мәнінен төмен*	5,0	жоқ
CH ₃ SH	тіркелмеген	0,006	жоқ
CH ₄	1,104-дан 1,110-ға дейін	50**	жоқ

* тіркелген өлшеулер минималды анықтау шегінен (МАШ) төмен
SO₂ үшін МАШ – 0,003 мг/м³;
CO үшін МАШ – 0,6 мг/м³;

** әсер етудің белгіленген болжамдағы қауіпсіз деңгейі. Метан үшін РШШ орнатылмаған.

Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан ауылдардың атмосфералық ауа сапасын бақылау / GRI 413-1 /

Кен орнының маңайында орналасқан 6 елді мекенде: Жарсуат, Жаңаталап, Димитрово, Қарашығанақ, Приурал, Өспен және Ақсай қаласында ауаны бақылаудың тұрақты бекеттері бар. Бұл бекеттерде қуәландырылған мердігерлік ұйым зертханасы күніне 4 рет сынама алады (мемлекеттік стандартқа сәйкес 01:00, 07:00, 13:00 және 19:00 уақытында). Ауа сынамаларын алу мердігерлік зертхананың аталмыш ауылдарда тұратын тұрақты қызметкерлерімен жүргізіледі. 2019 жылы 52 мың атмосфералық ауа сынамалары тұрақты бекеттерде іріктеліп талдаудан өтті.

Алынған сынамалар Ақсай қаласындағы зертханаға жеткізіліп, мемлекеттік стандарт және басшылыққа алынатын құжаттарға сәйкес негізгі бес компонент-

тің құрамына химиялық тұрғыдан тестіленеді: (H₂S) күкірт сутегі, (SO₂) күкірт диоксиді, (NO₂) азот диоксиді, (CO) көміртек оксиді және (CH₃SH) метилмеркаптан. Одан басқа, ауа құрамындағы ұшқыш органикалық байланыстардың бензол (C₆H₆), ксилол (C₈H₁₀), толуол (C₇H₈) құрамына мезгіл сайын (10 күнде 1 рет) бақылау жүргізіледі.

Ауа сапасын бақылаудың ай сайынғы нәтижелері жергілікті бұқаралық баспа ақпарат құралдарында жарияланады және ақпараттық тақтаға орнатылу үшін ауылдарға таратылады. Газ иісіне байланысты халықтың шағымдары түскен жағдайда тұрақты бекеттерде кезектен тыс сынамалар алынады.

2019 жылы (NO₂) азот диоксидінің орташа шоғырлануы РШШ асқан жоқ. Сонымен қатар, Өспен ауылында 2019 жылдың 1 тоқсанында (01.01.2019) азот диоксидінің (NO₂) 1,725 есе тәуліктік орташа шоғырлануының РШШ деңгейінен асуының 1 жағдайы тіркелді.

Орташа тәуліктік шоғырлану РШШ-0,04 мг/м³ – де 0,051 мг/м³ құрады.

Бұдан басқа компоненттер бойынша РШШ деңгейінен арту жағдайлары тіркелмеді. Жеті елді мекендердегі атмосфералық ауасында бақыланатын компоненттердің 2019 жылғы орташа шоғырлануы 25-кестеде келтірілген. «Нақты жылдық орташа шоғырлану» бағанасы бақыланатын ауа компоненттерінің орташа шоғырлануының максималды және минималды мәндерін көрсетеді.



2019 жылы ҚМГКК СҚА шекарасындағы сегіз бақылау бағыттық бекеттерде атмосфералық ауада бақыланатын компоненттердің РШШ-нан асып кету жағдайлары тіркелген жоқ

25-кесте. 2019 жылғы Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендердің атмосфералық ауадағы бақыланатын компоненттер шоғырлануының орташа жылдық мәндері / GRI 413-1 /

Бақыланатын компоненттер	Нақты жылдық орташа шоғырлану, мг/м ³	РШШ _{т.о.} ⁵ , мг/м ³	РШШ _{т.о.} артуы
H ₂ S	0,002	0,008 ⁷	жоқ
SO ₂	0,003-тен 0,004-ке дейін	0,05	жоқ
NO ₂	0,025-тен 0,026-ға дейін	0,04	жоқ
CO	МАШ мәнінен төмен ⁶	3,0	жоқ
C ₆ H ₆	0,151-ден 0,173-ке дейін	0,3 ⁷	жоқ
C ₇ H ₈	МАШ мәнінен төмен ⁶	0,6 ⁷	жоқ
C ₈ H ₁₀	МАШ мәнінен төмен ⁶	0,2 ⁷	жоқ
CH ₃ SH	тіркелмеді	0,006 ⁷	жоқ

⁵ РШШ_{т.о.} – елді мекендердің ауасында рұқсат етілген химиялық заттектердің тәуліктік орташа шекті шоғырлануы, мг/м³. Бұл шоғырлану анықталмаған уақыт бойы дем алу кезінде (жылдар бойы) адамға тікелей немесе жанама зиянды әсер етпеуі тиіс

⁶ Тіркелген деректер минималды анықтау шегінен (МАШ) төмен. Бақыланатын компоненттер үшін МАШ келесідей: CO – 0,6 мг/м³; C₇H₈ – 0,14 мг/м³; C₈H₁₀ – 0,14 мг/м³.

⁷ РШШ_{б.м.} – Күкірт сутегі және метилмеркаптан үшін РШШ_{т.о.} мөлшері бекітілмеген, сол себепті салыстыру үшін РШШ_{б.м.} қолданылады; сондай-ақ РШШ_{б.м.} атмосфералық ауа құрамындағы бензол, толуол және ксилол шоғырлану деңгейін бағалау үшін қолданылады, себебі осы компоненттер үшін сынамаларды іріктеу және талдау жиілігі – 10 күнде 1 рет

Ауа сапасын бақылаудың ай сайынғы нәтижелері жергілікті бұқаралық баспа ақпарат құралдарында жарияланады және ақпараттық тақтаға орнатылу үшін ауылдарға таратылады

2019 жылы бағыттық бекеттерде атмосфералық ауаның

44 мың

сынамасы, тұрақты бекеттерде

52 мың

атмосфералық ауа сынамалары іріктеліп талдаудан өтті

АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР / GRI 305-7 /

25-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз / GRI 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҰҰ ТДМ
АУАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР ЖӘНЕ ПАРНИКТІК ГАЗДАР				
ПГ шығарындылар көрсеткішін CO ₂ 280 мың тоннасына азайту	✓ орындалды	ПГ шығарындылары CO ₂ 464 мың тоннасына азайтылды	ПГ шығарындылар көрсеткішін CO ₂ 285 мың тоннасына азайту	13
ПГ салыстырмалы шығарындылар көрсеткішін өндірілген көмірсутектердің (КСШ) әрбір мың тоннасына шаққандағы 67 тонна CO ₂ көрсеткішінен асырмау.	✓ орындалды	ПГ меншікті шығарындылар көрсеткіші өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннасына шаққандағы 64 тонна CO ₂ құрады.	ПГ салыстырмалы шығарындылар көрсеткішін өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннасына шаққандағы 67 тонна CO ₂ көрсеткішінен асырмау.	13
Өндіріс шығынын 3,82%-дан асырмау.	✓ орындалды	Өндіріс шығынын 3,62%-дан асқан жоқ.	Өндіріс шығынын 3,82%-дан асырмау.	12

2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылғы атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көлемі 2%-ға төмендеп, 7 597 мың тоннаны құрады. Шығарындылардың бұл азаюы жоспарлы жөндеу жұмысы-

тарына байланысты жабдықтардың аз уақыт жұмыс істеуіне негізделген. 27-кестеде 2017–2019 жж. рұқсат етілген және нақты шығарындылар бойынша ақпарат.

Мәселенің біздер үшін маңызы

КПО сияқты өнеркәсіптік мекемелердің қызметі зиянды заттардың атмосфераға тасталуымен әрдайым байланысты болады. Уытты заттардың қоршаған ортада үлкен көлемде шоғырлануы экологиялық тепе-теңдіктің нашарлауына әкеледі. Компанияның бұл тұстағы мақсаты – өзінің қызметінен туындаған теріс әсерді барынша азайту.

КПО атмосфераға тасталатын шығарындыларын қоршаған ортаға ластаушы заттар эмиссиясы рұқсатында белгіленген шектеулер негізінде басқарады. Шығарындылардың негізгі көлемі отын газының газтурбиналық қондырғыларында, қазандарда, технологиялық пештер мен компрессорларда, сондай-ақ газ бен сұйықтықтарды алауларда жағу барысында пайда болады.

27-кесте. Ластаушы заттар шығарындыларының рұқсат етілген және нақты көлемі, 2017–2019 жж.

Ластаушы заттар шығарындыларының жылдық көлемдері, тоннамен:	2017	2018	2019
Ластаушы заттар эмиссияларына рұқсат бойынша	26 538	19 986	18 544
Нақты, оның ішінде:	8 569	7 759	7 597
Азот оксиді	1 967	1 931	1 636
Күкірт диоксиді	3 641	3 138	3 281
Көмірқышқыл оксиді	1 266	1 249	1 205
Ұшпа органикалық қоспалар	1 533	1 315	1 329
Күкіртсутегі	27	3	3
Қатты бөлшектер	48	65	80
Басқалары	87	58	63

Ескерту: Шығарындылар көлемі туралы деректер «2-ТП ауа» статистикалық есептер деректеріне сәйкес берілген.

20-сызбада атмосфераны негізгі ластаушы көздері бойынша ластаушы заттар шығарындылары көрсетілген.

20-сызба. Атмосфераны негізгі ластау көздері бойынша 2019 жылғы КПО ластаушы заттар шығарындыларының жіктелуі, %



2019 жылы өндірілген өнім бірлігіне шаққандағы меншікті шығарындылар көлемі өндірілген мың тонна көмірсутектің (КС) 0,29 тоннасын құрады. 2018 жылмен салыстырғандағы 2019 жылғы шығарындылардың шағын ғана көбеюі күрделі жөндеу жұмыстарын өткізуге байланысты өндірістің толықтай тоқтатылғанымен байланысты.

2017–2019 жж. КСШ өндіру және ластаушы заттар шығарындыларының көлемі



2019 жылы газды алауларда жағудың жалпы көлемі өндірілген жалпы газ көлемінің

0,09%-ын құрады



ПГ шығарындылары CO₂


464 мың тоннасына азайтылды

Парникті газ меншікті шығарындылар көрсеткіші өндірілген көмірсутектердің әрбір мың тоннасына шаққандағы


64 тонна CO₂ құрады

Газды алау қондырғыларында жағу / OG-6 /

22-сызба. Жағылған илеспе газ көлемі, млн м³



23-сызба. 2019 жылғы газды кәдеге жарату және жағу



- Газды айдау
- Жанармай газы
- Орынбор газ зауытына жеткізілім
- Жағылған газ

2019 жылы газды алауларда жағудың жалпы көлемі өндірілген жалпы газ көлемінің 0,09%-ын немесе өндірілген көмірсутек шикізатының мың тоннасына шаққанда 0,56 тоннаны құрады. Жағу нәтижесіндегі шығарындылардың мұндай қарқыны, 2018 жылғы IOGP есебінде көрсетілгендей, әрбір мың тоннаға 10,5 тоннадан келген әлемдік орташа өнеркәсіптік көрсеткішпен және әрбір мың тоннаға 3,2 тоннадан келген орташа еуропалық көрсеткішпен салыстырғандағы өте жоғары өндірістік көрсеткіштердің белгісі⁸, болып табылады.

2019 жылы КПО жоғары қысым сорғылары мен сепараторларын, сондай-ақ ұңғымаларды тазалау (игеру) кезіндегі атмосфераға тасталатын шығарындыларды азайтуға көмектесетін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды қолдануды жалғастырды. Аталмыш жабдықтар мен материалдарды пайдалану нәтижесінде ұңғымаларды игеру барысында өндірілген көлемнің 97%-на тең болатын сұйықтықтың 98 мың тоннасы жағылмады. Ұңғымаларды тазарту кезіндегі газды жағу көлемі 54 млн м³ (немесе ұңғымаларды игеру барысында өндірілген көлемнің 76%-на тең) азайды. 2018 жылмен салыстырғандағы газды жағу көлемінің ұлғаюуы жоспарлы күрделі жөндеу жұмыстарымен байланысты.

Газды кәдеге жарату / OG-6 /

2019 жылғы КПО-ның газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,91% (ал 2018 жылы – 99,94%) құрады. Бұл ретте, 2019 жылға илеспе газды өңдеуді дамыту бағдарламасы шеңберінде ҚР уәкілетті органымен бекітілген мақсатты көрсеткіш 99,61% құрайды. 2018 жылы Қазақстан Республикасы бойынша газды кәдеге жарату көрсеткіші 98,7% құрады⁹.

⁸ Деректер көзі – Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) жылдық есептері – «Қоршаған орта қызметінің көрсеткіштері – 2018».

⁹ Деректер көзі – «Қазақстан Республикасы Энергетика министрілігінің 2017–2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 571 бұйрығы

Парниктік газдардың тікелей шығарындылары / GRI 305-1 /

Компаниядағы парниктік газдардың (ПГ) тікелей шығарындылары қолданыстағы ұлттық квоталар сауда жүйесі аясында реттеледі. КПО шығарындылардың меншікті коэффициенттері (бенчмарк) негізінде 2018–2020 жылдарға арналған көлемі 6 927 159 тонна болатын парниктік газдар (CO₂) шығарындыларына квота алды. 2018–2019 жылдары жалпы нақты шығарындылар көлемі CO₂ 3 441 245 тоннасын, яғни алынған квотадағы көрсеткіштің 50% құрады.

ПГ шығарындыларын есепке алу көміртек диоксиді (CO₂), метан (CH₄) және азоттың шала тотығы (N₂O) бойынша есептеу әдісімен мекеме қызметі туралы мәліметтер (жанармай шығысы және жанармай құрамы бойынша зертханалық мәліметтер) негізінде жүргізіледі.

2018 жылғы ПГ шығарындыларын түгендеу туралы расталған есебіне сәйкес ПГ шығарындыларының жалпы көлемі CO₂ эквивалентінде 1 870 324 тоннаны құрады, оның ішінде CO₂ үлесіне қатысты 1 710 330 тонна CO₂ экв. (91,4%), CH₄ үлесіне – 151 653 тонна CO₂-экв. (8,1%), ал N₂O үлесіне – 8 342 тонна CO₂-экв. (0,5%).

ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы туралы ақпарат 28-кестеде көрсетілген. 2018 жылмен салыстырғандағы 2019 жылғы ПГ шығарындыларының шағын ғана азаю (1,2%-ға) нысандардың толық тоқтатылуы салдарынан негізгі және тұрақты көздердің жанармайды тұтыну деңгейінің төмендеуімен байланысты.

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 13

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛМАҒАН ШЫҒАРЫНДЫЛАР КӨЗДЕРІН МОНИТОРИНГІЛЕУ ІС-ШАРАЛАРЫ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Ұйымдастырылмаған шығарындылар көздерін¹⁰ мониторингілеу бойынша іс-шаралар КПО-да 2015 жылда жүргізіле бастады. Осыған дейін, 2015 және 2016 жылдары, аталмыш жұмысты «Эни» компаниясы КПО-мен бірге орындады.

Осы іс-шара жабдық бітеулігінің бұзылуы нәтижесіндегі газдың шығу жағдайларын анықтауға бағытталған.

Мониторингі жүргізу кезінде ұйымдастырылмаған шығарындылардың ықтимал көзі болып табылатын барлық жабдықтың техникалық құжаттамасы толығымен талданып, соның нәтижесінде КПО-ның ұйымдастырылмаған шығарындыларын кейін мониторингілеу үшін негіз болып танылған деректер базасы дайындалды.

Мақсаты:

- ▶ Ұйымдастырылмаған шығарындылар көздерін мониторингілеу іс-шараларын бастар алдында мүмкін болатын өзгерістерді анықтау және бағалау үшін техникалық құжаттама деректер базасын талдау;
- ▶ Оптикалық іздеу тәсілін қолдана отырып, тепловизор арқылы газдың ықтимал шығуын анықтау.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

2018 және 2019 жылдары:

- ▶ Мониторингі жүргізу үшін қажетті жабдық сатып алынды, қызметкерлерге оқыту жүргізілді.
- ▶ Ұйымдастырылмаған шығарындыларды мониторингілеу жөнінде ішкі процедуралар және ұйымдастырылмаған көздерден шығарындыларды есептеу нұсқаулығы дайындалды.
- ▶ ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3 нысандарындағы ұйымдастырылмаған шығарындыларға мониторинг жүргізілді.
- ▶ Есептеу нәтижелері «Эни» компаниясының өкілдерімен бірге келісілді.

Нәтижесі:

2019 жылы ұйымдастырылмаған шығарындылар көздерін мониторингілеу бойынша іс-шаралар келесі нәтижелерді көрсетті:

- ▶ ГҚДҚ-2 нысанында шығарындылардың 10 525 ықтимал көзінен газ шығуының 3 жағдайы анықталды.
- ▶ ГҚДҚ-3 нысанында шығарындылардың 15 217 ықтимал көзінен газ шығуының 4 жағдайы анықталды.

Жабдықты уақытылы жөндеу арқасында газдың шығуын дер кезінде анықтау және жою ауаға тасталатын шығарындыларды қысқартуға және апаттық жағдайды болдырмауға мүмкіндік берді.



¹⁰ Ұйымдастырылмаған шығарындылар көзі – ауаға бағытталмаған газ ағыны ретінде шығарылатын болжанбаған өнеркәсіптік шығарынды. Өнеркәсіптік мұнай-газ нысандары газдың шығуы және сіңуі мүмкін болатын жабдық компоненттерінде (клапандар, жалғағыштар, сорғылар, сынама алу орындары, компрессорлар, қысымды түсіру құрылғылары және ашық құбыр желілері сияқты) метан (CH₄) және ұшатын органикалық қосындыларын (ҰОҚ) бөлуі мүмкін.



КПО-ның жаңа экологиялық эмблемасы

28-кесте. КПО өндірістік қызметінің салдарынан ПГ шығарындыларының түзілу динамикасы


Парникті газ шығарындыларының жалпы көлемі (CO ₂ эквивалентінде, тоннамен)					
Отынды алаулар мен инсинераторларда жағудан	Отынды тұрақты көздерде жағудан	Ұйымдастырылмаған шығарындылар	2019 жылғы ПГ жалпы шығарындылары	2018 жылғы ПГ жалпы шығарындылары	2017 жылғы ПГ жалпы шығарындылары
146 751	1 574 585	148 988	1 870 324	1 893 447	1 928 700

Парниктік газдардың меншікті шығарындылары / GRI 305-4 /

2019 жылы өндірілген көмірсутек шикізатының мың тоннасына шаққандағы ПГ меншікті шығарындылары 64 тонна CO₂ құрады, бұл – өндірілген көмірсутек шикізатының мың тоннасына шаққандағы ПГ меншікті шығарындыларын 67 тонна CO₂ асырмау көрсеткішін сақтау бойынша мақсаттарға толықтай сәйкес келеді.

24-сызбада КПО ПГ меншікті шығарындылар динамикасы Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығымен берілген меншікті шығарындылар көрсеткіштері салыстырылған. КПО ПГ нақты меншікті шығарындылар деңгейі еуропалық көрсеткіштер деңгейінен 23%-ға, ал халықаралық көрсеткіштер деңгейінен 52%-ға төмен болды.

24-сызба. Көмірсутек шикізаты өндірісінің бірлігіне шаққанда ПГ меншікті шығарындыларының динамикасы¹¹



- КПО мәліметтері - CO₂ тоннасы/өндірілген КСШ мың тоннасы
- IOGP мәліметтері - CO₂ тоннасы/өндірілген КСШ мың тоннасы (халықаралық көрсеткіштер)
- IOGP мәліметтері - CO₂ тоннасы/өндірілген КСШ мың тоннасы (еуропалық көрсеткіштер)

¹¹ Деректер көзі ретінде Халықаралық мұнай мен газ өндірушілер қауымдастығының (IOGP) жыл сайынғы «Экологиялық нәтижелілік көрсеткіштері бойынша 2018 жылғы деректер» есептері алынды. 2019 ж. салыстыру үшін 2018 жылғы ақпарат қолданылды, себебі осы басылымды шығару кезінде IOGP 2019 жылғы есебі әлі дайын болмаған.

Парниктік газдар шығарындылар көлемін азайту / GRI 305-5 /

ПГ шығарындыларының (CO₂) көлемін жоспарлы азайту аясында, КПО 2019 жылы өндірісті оңтайландыру және қуат тиімділігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар жобаларды жүзеге асыру арқылы ПГ тікелей

шығарындыларын 280 мың тоннаға азайту мақсатын қойды.


29-кестеде көрсетілген алты жобаны жүзеге асыру нәтижесінде ПГ шығарындыларының нақты қысқаруы жоспарланған көрсеткіштен 2 еседен көп болды. ПГ шығарындыларын азайтуға негізгі үлесті (87%) ұңғымалардағы КСШ жағудың алдын алу шаралары қосты.

29-кесте. 2019 жылғы ПГ шығарындыларын азайту шаралары

№	Шаралар	Шығарындыларды азайту ПГ, тонна/жыл		Орындалу %
		Жоспар	Іс жүзінде	
1	Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сепараторды пайдалану	167	367	220%
2	Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сорғыны пайдалану	18	17	94%
3	Қабатқа әсер ету мақсатында көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды қолдану	18	19	106%
4	ҚӨК алау коллекторлары клапандарын жөндеу	19	24	126%
5	4-технологиялық желідегі бу шығынын есептегіш жұмысын реттеу	10	16	160%
6	ГҚДҚ-2 компрессорларының құбырлық байламасын жетілдіру	8	21	263%
Барлығы:		240	464	193%






Ұңғымаларды тазалау кезінде жоғары қысымды сепараторды пайдалану нәтижесінде шығарындылар саны жылына 367 мың тоннаға азайтылды

2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылғы атмосфераға тасталатын шығарындылардың жалпы көлемі 2%-ға төмендеді



ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ

30-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз / GRI 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҰҰ ТДМ
ЭНЕРГИЯ ТИІМДІЛІГІ				
<ul style="list-style-type: none"> Энергия менеджмент жүйесінің ISO 50001:2011 стандарты талаптарына сәйкестігіне бақылау аудитін жүргізу; КПО энергия менеджмент жүйесін жаңа ISO 50001:2018 стандарты талаптарына сәйкестендіру; 	 орындалды	Энергия менеджмент жүйесінің ISO 50001:2011 стандарт талаптарына сәйкестігіне бақылау аудиті жүргізілді. Аудит нәтижесі бойынша сертификациялау органы КПО энергия менеджмент жүйесінің ISO 50001:2011 стандарт талаптарына сәйкестігін растады. КПО-ның энергоменеджмент жүйесі негізгі процесстер мен құжаттарды қайта қарау және жаңарту арқылы ISO 50001: 2018 стандартының талаптарына сәйкестендірілді.	<ul style="list-style-type: none"> Келесі энергоаудитті ұйымдастыру, энергия сақтау әлеуетін анықтау және 2021–2026 жылдарға энергия сақтау және энергия тиімділігін арттыру жоспарын дайындау. Энергоменеджмент жүйесінің SO 50001: 2018 стандартының жаңа нұсқасы талаптарына сәйкестігіне сертификациялық аудит өткізу. 	 
«Uralsk Green Forum» II халықаралық экологиялық форумда қол қойылған БҚО Әкімдігі, КПО және Халықаралық жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалар орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы келесімді жүзеге асыру.	 орындалды	БҚО әкімдігі, КПО және Халықаралық жасыл технологиялар және инвестициялық жобалар орталығы арасындағы ынтымақтастық туралы келісім Қазақстан жастары күніне арналған БҚО студенттері арасындағы инновациялық экологиялық идеялар байқауы арқылы жүзеге асырылды («КПО-ның Қазақстандық жоғарғы оқу орындарымен серіктестігі» бөлімін қараңыз).		

Мәселенің біздер үшін маңызы

Бүгінгі таңда әлемдік қоғамдастық алдында тұрған күрделі міндеттердің бірі – төмен көмір-текті технологияларға көшуді жүзеге асыра отырып, өсіп келе жатқан энергия қажеттілігін қанағаттандыру.

Біздің мақсатымыз – қоршаған ортаға тиетін әсерді азайту және негізгі өндірістік және басқа да қосалқы процесстерде энергия ресурстарын тиімді пайдалану. Энергия тиімділігін арттыру бойынша шараларды енгізу осы қойылған мақсатқа жетуге мүмкіндік береді.

Энергетикалық менеджмент жүйесі / GRI 103-2, 103-3 /

2019 жылы КПО-да ISO 50001:2011 «Энергоменеджмент жүйелері» талаптарына сәйкестікті бақылау аудиті өткізілді. Аудит нәтижелері бойынша КПО-ның осы стандарт талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды жасалды. ISO 50001 сертификаты 2020 жылдың қыркүйегінде өткізілетін келесі сертификаттау аудитіне дейін жарамды.

ISO бойынша сертификаттау КПО-ның заңнамалық талаптар мен халықаралық стандарттарға сәйкес болу

үшін қажетті шараларды қабылдайтын Қазақстан Республикасының сенімді серіктесі ретінде іскерлік беделін одан әрі нығайтуға себептес болады.

Энергияны тұтыну / GRI 302-1 /

2019 жылы энергия ресурстарын жалпы тұтыну мөлшері 2018 жылғы 1 040 603 шартты отын тоннасымен салыстырғанда 1 021 957 шартты отын тоннаны құрады. 31-кестеде энергия түрлері бойынша энергияны тұтыну көлемдері берілген.

31-кесте. 2017–2019 жж. КПО-ның энергия ресурстарын тұтыну мөлшері / GRI 302-1 /

Энергия түрі	Өлшем бірлігі	Энергияны тұтыну, физикалық өлшем бірліктері			Энергияны тұтыну, шартты отын тоннасы			Энергияны тұтыну, ГДж		
		2017	2018	2019	2017	2018	2019	2017	2018	2019
Отын газы	мың м³	850 765	841 943	826 806	1 048 142	1 037 274	1 018 625	30 721 053	30 402 505	29 855 886
Электр энергиясы (сатып алынған)	МВт/ч	6 892	6 707	7 244	848	825	891	24 846	24 181	26 115
Дизель жанармайы	м³	772	839	739	911	1 058	932	26 696	30 997	27 468
Бензин	м³	287	245	226	316	271	249	9 274	7 934	7 301
Жылу (жалға алынған кеңселерде)	Гкал	7 468	8 219	8 731	1 068	1 175	1 249	31 301	34 449	36 595
БАРЛЫҒЫ					1 051 285	1 040 603	1 021 946	30 813 170	30 500 065	29 953 365


2019 жылғы жоспарлы күрделі жөндеу жұмыстарына байланысты, энергия ресурстарын тұтыну мөлшері 2018 жылмен салыстырғанда аз болды. 2019 жылы энергияны жұмсау көрсеткіші бір тонна көмірсутекке шаққанда 1,12 ГДж/тонна құрады, бұл IOGP (1,50) өз есептерін берген компаниялардың энергияны жұмсау орта көрсеткіштерінен төмен.

Энергияны сақтау шаралары

КПО-ның энергияны сақтау мен тиімділігін арттыру бойынша бекітілген жоспарына сәйкес 2019 келесі шаралар жүзеге асырылды:

- Өндірістік және қосалқы нысандарда шамдарды жарықдиодты шамдарға алмастыру жұмыстары жалғасты. 2019 жылы шамдардың 4 785 данасы ауыстырылды. Шамдарды ауыстыру бойынша шаралар арқасында қуат үнемдеудің есептелген көрсеткіші шамамен 383 680 кВт/сағ құрады.
- Жанармай газын есепке алуды жақсарту, соның ішінде өлшеуіш құралдарын орнатуға дайындық жұмыстары жүргізілді.






25-сызба. Энергияны жұмсау динамикасы, 2017–2019 жж. / GRI 302-3, 102-48 /



● КСШ өндірісі, мың тонна
 ● КПО энергетикалық қарқындылығы, ГДж/ КСШ тоннасы
 ● Есептерін IOGP қауымдастығына ұсынатын компаниялардың энергия қарқындылығының орташа көрсеткіші, ГДж/ КСШ тоннасы

СУ ҚОРЛАРЫН ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ

32-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз / GRI 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2019 ж. міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҰҰ ТДМ
САРҚЫНДЫ СУЛАР				
<ul style="list-style-type: none"> Бу бағанасының баламасы ретінде жер қабатына айдалатын өндірістік сарқынды суларды тазарту нұсқасының бірыңғай тұжырымдамасын дайындау ГҚДҚ-3 нысанындағы өндірістік сарқынды суларды күкіртті сутектен тазарту бойынша бу бағанасы жобасын дайындау (жобаны мақұлдау және аяқтау 2020 жылға жоспарланған) ҚМГКК өндірістік сарқынды суларды тереңде жатқан су тұтқыш жиектерге айдау жобасын түзету бойынша жол картасын жүзеге асырудың кесте-жоспарын және ҚОӘБ-ды орындау Өнеркәсіптік сарқынды жер астында көмудің №1 полигоны аймағында қосымша геологиялық барлау (барлау алды) жұмыстарының нәтижесі бойынша геологиялық есепті дайындау ҚМГКК-дағы өндірістік сарқынды суларды айдау жобасының жобалық көрсеткіштерді түзету бөліміне және оның ҚОӘБ тарауына №2 қосымшаны дайындау 	 орындалды	<p>Өндірістік сарқындардығы H₂S құрамын 50 мг/м³ дейін азайтудың бұдан да тиімді шешімі бумен тазарту бағанасы жобасының баламасы ретінде дайындалды және таңдалды. Бумен тазарту бағанасы жобасын жүзеге асыру уақытша тоқтатылды.</p>	<p>ГҚДҚ-3 нысанында қабатқа айдалатын өндірістік сарқындардағы H₂S құрамын 50 мг/м³ дейін азайту жабдығының жобасын дайындау, құрылысын аяқтау және іске қосу.</p>	
<ul style="list-style-type: none"> Өнеркәсіптік сарқынды жер астында көмудің №1 полигоны аймағында қосымша геологиялық барлау (барлау алды) жұмыстарының нәтижесі бойынша геологиялық есепті дайындау Сарқынды суларды айдаудың қолданыстағы жобасының жобалық көрсеткіштерді түзету бөліміне және оның ҚОӘБ тарауына №2 қосымша жобалық институтпен дайындалды. Жобалық құжат мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтті. 	 орындалды	<p>Өнеркәсіптік сарқындарды жер астына көмудің №1 полигоны аймағында қосымша геологиялық барлау (барлау алды) жұмыстарының нәтижесі бойынша геологиялық есепті дайындалды және ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы отырысында мақұлданды.</p>	<p>Сарқынды суларды айдаудың қолданыстағы жобасының жобалық көрсеткіштерді түзету бөліміне және оның ҚОӘБ тарауына №2 қосымша жобалық институтпен дайындалды. Жобалық құжат мемлекеттік экологиялық сараптамадан өтті.</p>	 


Мәселенің біздер үшін маңызы

Компания міндеті – су қорларын сақтау мақсатында оларды тиімді пайдалану. КПО кәсіпорындағы ауыз суды пайдалануды су қорларын сақтау бойынша шаралар кешені арқылы реттейді және мүмкіндігінше тазартылған суды қайта пайдаланады.

2019 жылы Компанияның жалпы су тұтынуы 527 853 м³ құрады, оның 434 397 м³ – техникалық су, ал 93 456 м³ – ауыз су болып табылады. / GRI 303-1 /

2019 жылғы КПО-ның өндірістік қажеттіліктер үшін 2018 жылмен салыстырғанда 3,1%-ға артық су тұтынды. Тұрмыстық қажеттіліктер үшін қолданылған су көлемі 2018 ж. көрсеткішке қарағанда аз болды.

26-сызба. 2017–2019 жж. КПО-ның су тұтынуы / GRI 303-1 /



Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік мақсаттарға қажетті сумен қамтамасыз етуші негізгі көз Қоншыбай жырасындағы №1 су қоймасы, ал шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін Жарсуат тоғаны болып табылады. Шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік қажеттіліктеріне сумен қамтамасыз ету көзі ретінде Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы (МАС) үшін Серебряков су тоғаны, ал Атырау терминалы МАС үшін

Қиғаш су тоғаны пайдаланылады. Басқа су тоғандарынан суды пайдалану су жеткізушілермен жасасқан шарт негізінде жүргізіледі. Өндірістік мақсаттардағы суды пайдаланудың қолданылу мерзімі 22.09.2020 ж. дейінгі арнайы рұқсаттамасына сәйкес, жыл сайынғы су алу шегі 595 047 м³ құрайды.

Ауыз су компания нысандарының шаруашылық-тұрмыстық қажеттіліктері үшін ғана пайдаланылады. Үлкен Шаған мұнай айдау станциясында су «Қазводхоз» РМК БҚО филиалымен қамтамасыз етіліп, ерт резервуарларын толтыру үшін ғана қолданады.

33-кестеде КПО-ның су көздері бойынша суды тұтыну мөлшері көрсетілген.

33-кесте. 2017–2019 жж. КПО-ның су көздері бойынша суды тұтыну мөлшері, м³ / GRI 303-1 /

№	Су көздері	Нысан	Су сапасы	Су тұтыну, млн м ³		
				2017	2018	2019
1	Жарсуат су тоғаны (тұрмыстық қажеттіліктерге)	Қарашығанақ кен орны	жер асты, ауыз су	89 034	92 888	91 851
2	Серебряков су тоғаны тұрмыстық қажеттіліктерге өндірістік қажеттіліктерге	Үлкен Шаған мұнай айдау станциясы	жер асты, ауыз су	1 656	1 476	1 605
				931	980	924
				725	496	681
3	Қоншыбай жырасының су тоғаны (өндірістік қажеттіліктерге)	Қарашығанақ кен орны	жер үсті, техникалық су	445 591	417 232	431 616
4	Қиғаш су тоғаны тұрмыстық қажеттіліктерге өндірістік қажеттіліктерге	Атырау мұнай айдау станциясы	жер үсті, техникалық су	2 183	3 545	2 781
				1 054	933	777
				1 129	2 612	2 004

Тазартылған сарқынды суларды төгу / GRI 306-1 /

Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық, өндірістік-нәсерлік және нәсерлік сарқынды сулар үшін КПО арнайы салынған жасанды құрылыстарды пайдаланады. Бұл құрылыстар топырақ және жер асты суларына ластаушы заттардың жайылуын болдырмайды, сонымен қатар техникалық қажеттіліктерге қайта пайдалану үшін тазартылған сарқынды суларды жинауға, осы арқылы жаңа судың шығынын төмендетуге мүм-

кіндік береді. Сарқынды суларды жинау құрылыстары 2018 жыл бойынша тұрақты даму есебінде берілген (40-кесте, 105-бет).

Көмірсутекті шикізатпен бірге өндірілетін ілеспе-қабат сулар және өндірістік сарқынды сулар тазартылып, өнеркәсіптік сарқынды жер астында көмудің №1 және №2 полигондарының тереңде орналасқан жерасты деңгейжиектеріне айдалады. Өнеркәсіптік сарқынды көму әдісі – тазарту кезінде тұзды қалдықтардың жер бетінде пайда болуынсыз сарқынды сулардың өңдеудің

әлемдік тәжірибесі. Деңгейжиектердің берік оқшаулануы және сарқынды суларды айдауға өте қолайлы болып табылатын жыр қыртысының қасиеттері сарқынды сулардың жоғарғы деңгейжиектерге көшуін болдырмайды. Сарқынды суларды және ластаушы заттарды төгудің көлемі ҚР Заңнамасы талаптарына сәйкес арнайы рұқсаттармен мөлшерленеді.

КПО-ның шаруашылық және өндірістік қызметі нәтижесінде пайда болатын сарқынды сулар табиғи су қоймаларына төгілмейді.

34-кестеде сарқынды су санаттары мен қабылдаушы нысандар бойынша КПО-ның 2017–2019 жж. төгу көлемдері келтірілген.

34-кесте. Сарқынды су түрлері мен қабылдаушы нысандар бойынша 2017–2019 жж. жалпы төгінділер көлемі мен құрамындағы ластаушы заттар (ЛЗ), м³ / GRI 306-1 /

Қабылдаушы нысан	Сарқынды сулар санаты	2017		2018		2019	
		Төгінділер көлемі, м ³	ЛЗ көлемі, тонна	Төгінділер көлемі, м ³	ЛЗ көлемі, тонна	Төгінділер көлемі, м ³	ЛЗ көлемі, тонна
Су жинақтауыш тоғандар	Тазартылған тұрмыстық-шаруашылық сарқынды сулар	63 935	40,94	68 752	38,8	68 763	35,72
Өнеркәсіптік сарқындарды жер астында көму полигондары	Өндірістік-нөсерлік сарқынды сулар, технологиялық және ілеспе-қабат сарқынды сулар	582 400	32 891,2	663 706	42 239,72	628 819	39 645,09
Үлкен Шаған және Атырау МАС-дағы жер рельефі	Еріген және жаңбырдың сарқынды сулары	2 862	0,92	2 694	1,51	3 546	2,05
ТӨГІНДІЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ КӨЛЕМІ		649 197	32 933,06	735 152	42 280,03	701 128	39 682,86

2019 жылғы сарқынды су төгінділерінің көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 4,6%-ға азайды. Соның ішінде, 2019 жылдағы өнеркәсіптік сарқындардың көлемі 2018 жылмен салыстырғанда 5,3%-ға төмендеді. Бұл өзгеріс нысандарды жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде тоқтатумен байланысты. Тазартылған сарқынды сулар түрлері мен құрамындағы ластаушы заттар туралы толық мәлімет 2017 жыл бойынша тұрақты даму есебінде (93-бет) берілген.

2019 ластаушы заттардың 39 682,86 тоннасы төгілді (2018 жылғы 42 280,03 тонналық көрсеткішпен салыстырғанда 6,1%-ға төмен). Оның ішінде 35 732,12 тонна РШТ нормативтері шегінде, ал 3 950,74 тонна – одан тыс төгілді.

Ластаушы заттардың нормативтерден тыс төгінділері жинақтауыш тоғандарға төгілетін тұрмыстық сарқындардағы аммонийлі азот, сульфаттар мен хлоридтер бойынша РШТ концентрациясының асып кетуімен, сонымен қатар өндірістік сарқындарды жерасты көмудің № 1 полигонына төгілетін сарқындар көлемінің өсуінен, олардағы қалқымалы заттар, мұнай өнімдері, күкіртті сутек, алюминий, мырыш, сульфаттар және хлоридтер бойынша жылдық РШТ нормативтерінен асып кетуімен байланысты. ҚР салық заңнамасы талаптарына сәйкес пайда болған нормативтік және одан артық ластаушы заттар төгінділері үшін Компания қажетті төлемдерді жасады.

Жалпы алғанда, сарқындар тереңде нық оқшауланған жерасты деңгейжиектерге айдалғандықтан, осы әрекет топырақ, өсімдіктер және жануарлар әлемі сияқты қоршаған орта компоненттеріне әсер етпейді. Бұл деңгейжиектердегі сулар жоғары минералданған және шаруашылық-ауыз су, бальнеологиялық және техникалық қажеттіліктер үшін, суару және мал шаруашылығы үшін колданылмайды.

Тазартылған сарқынды суларды қайта пайдалану

Бұрғылау, бұрғылау ерітіндісін дайындау, екпе ағаштарын суару, құрылыс алаңдарындағы және жолдардың шағын басу сияқты жұмыстарға және әрекеттерге арналған табиғи су алуды азайту мақсатында КПО тазартылған тұрмыстық, өндірістік-жаңбырлық және нөсерлік сарқынды суларды пайдаланады. Сарқынды суларды Компания нысандарында қайта пайдалану

2018–2022 жылдарға белгіленген технологиялық регламентке сәйкес жүзеге асырылады.

2019 жылы Компания техникалық қажеттіліктерге тазартылған сарқынды сулардың 38 545 м³ қайта пайдаланып, олардың негізгі көлемін бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін жұмсады. 2019 жылы КПО-ның техникалық қажеттіліктеріне қайта пайдаланылған сарқынды су көлемі Коншыбай жырасынан алынған техникалық 8,9%-ын құрады.

35-кесте. 2017–2019 жж. тазартылған сарқындарды қайта пайдалану, м³ / GRI 303-3 /

	2017	2018	2019
Жалпы қайта пайдалану, соның ішінде:	50 476	18 241	38 545
Бұрғылау қажеттіліктері мен бұрғылау ерітіндісін дайындауға	32 130	8 825	30 117
Суару, гидросынау және өрт резервуарларын толтыруға	6 506	1 040	1 088
Шаң басуға	11 840	8 376	7 340

2019 жылы Компания техникалық қажеттіліктерге тазартылған сарқынды сулардың 38 545 м³ қайта пайдаланып, олардың негізгі көлемін бұрғылау ерітіндісін дайындау үшін жұмсады



ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

36-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз / GRI 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҰҰ ТДМ
ҚАЛДЫҚТАР				
2018–2020 жылдарға арналған Қалдықтарды басқару бағдарламасына сәйкес 2019 жылға жоспарланған іс-шараларды іске асыру	✔ орындалды	2019 жылға жоспарланған барлық іс-шаралар жыл бойы орындалды, соның ішінде, қалдықтарды бөлек жинау, сұрыптау, қайта пайдалану, қайта өңдеу, көлемін азайту және қауіпті қасиеттерін төмендету.	КПО-ның 2018–2020 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасына сәйкес 2020 жылға жоспарланған шараларды жүзеге асыру	12 инициатива
Су мен мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің сазды бұрғылау шламын қайта пайдалану әдістемесін әзірлеу бойынша ғылыми зерттеулерді жалғастыру	🔄 жартылай орындалды	«Термомеханикалық өңдеуден кейін мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің сазды бұрғылау шламын пайдаланып, БҚО, Бөрлі ауданы Жаңақоныс ауылы кірме жолының эксперименттік учаскесі төсемін орташа жөндеу» жобасы әзірленді. Жартылай өнеркәсіптік сынақ өткізу бағдарламасы әзірленді.	Сазды бұрғылау шламын жартылай өндірістік сынақтан өткізу жұмыстарын орындау	

Мәселенің біздер үшін маңызы

КПО-дағы қалдықтарды басқару шаралары түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қауіпін азайтуға бағытталған. Біз қалдықтарды басқару саласындағы жаңа әдістер мен соңғы буын технологияларды үнемі зерттеп, қолданып отырамыз.

Біздің міндетіміз – нысандарымыздағы қалдықтарды қайта өңдеу және жою, полигондарға шығарылатын қалдықтар көлемін азайту және көмілген қалдықтар кері әсерін азайту.

КПО-ның 2018–2020 жылдарға арналған қалдықтарды басқару бағдарламасында жинақталған және түзілетін қалдықтардың көлемдерін біртіндеп азайту және қауіпті қасиеттер деңгейін біртіндеп төмендету бойынша көрсеткіштер мен шаралар қарастырылған. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады:


- ▶ қалдықтарды өндіріс процесіне қайта жіберу;
- ▶ қалдықтарды Экоорталық қондырғыларында қайта өңдеу;
- ▶ қалдықтарды Экоорталық нысандарына орналастыру;
- ▶ қалдықтарды кейінгі орналастыру, қайта өңдеу және жою үшін мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға жіберу. / OG-7 /

2019 жылы КПО нысандарында түзілген қалдықтардың жалпы мөлшері 57 786 тоннаны құрады. 2018 жылмен салыстырғанда КПО-ның 2019 жылғы қалдықтар көлемі 6 690 тоннаға артты.

27-сызбада КПО қалдықтарының барлық түрлері көрсетілген.

Біріңғай республикалық қалдықтар бойынша есеп берудің ақпараттық жүйелер формасына сәйкес 2019 жылғы түзілген қалдықтардың жалпы көлеміне түзілген қалдықтар, сондай-ақ қайта өңделген қалдықтар да жатады. Есеп берудің өзгеруіне байланысты келесі сызбадағы қалдықтар көлемі КПО-ның 2017 жылғы (96-бет) және 2016 жылғы (87-бет) Тұрақты даму есептерінде берілген деректермен салыстырғанда көбейді.

27-сызба. 2017–2019 жылдары КПО нысандарында түзілген қалдықтар мөлшері, тонна / GRI 102-48 /



Қалдықтарды қайта өңдеу және орналастыру

Компанияның өндірістік және тұтыну қалдықтарын қайта өңдеу Экоорталықтың немесе қалдықтарды кәдеге жарату кешені нысандарында жүргізіледі. Бұл нысан бұрғылау қалдықтары мен сұйықтықтардың экономикалық тиімді және экологиялық қауіпсіз кәдеге жарату мен қайта өңдеуді қамтамасыз етеді, және Батыс Қазақстан аймағындағы бұрғылау қалдықтарын басқаруда озық практиканың анық мысалы болып есептеледі. Қалдықтарды қайта өңдеу қалдықтардың көлемін азайтуға және қауіпін төмендетуге мүмкіндік беретін, сонымен қатар қалдықтардан құнды бөлшектерді бөліп алатын, және оларды қайта пайдалану үшін өңдей алатын технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Компанияда қолданылатын қалдықтарды өндіріс процесіне қайтару бұрғылау кезінде пайда болған қалдықтарды қайта пайдаланудың оңтайлы әдісі.

2019 ЖЫЛЫ ЭКООРТАЛЫҚТА КЕЛЕСІ ШАРАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ:

Мұнай негізіндегі қайта өңделген бұрғылау шламдарынан базалық май мен суды бөлу технологиясы көмегімен 2019 жылғы КПО-ның қалдықтарды орналастыру мөлшері бастапқы түзілген көлемнен 15%-ға азайтылды.

2019 жылы 12 507 тонна қалдық өңделіп, 1 621 тонна базалық май мен су бөлініп алынды, және термомеханикалық өңдеуден өткен 9 375 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонында орналастырылды.

Бұрғылау және өндіріс қалдықтарын айналмалы пеште өңдеу және залалсыздандыру технологиясын қолдану нәтижесінде қалдықтардың мөлшері бастапқы түзілген көлемнен орташа есеппен 23%-ға төмендетілді. 2019 жылы 9 672 тонна бұрғылау мен өндіріс қалдықтары өңделіп, термомеханикалық өңдеуден өткен 7 440 тонна қалдық қатты қалдықтарды көму полигонында орналастырылды.

Қалдықтарды жалпы мақсаттағы пеште жағу нәтижесінде пештен шыққан қалдықтар мөлшері 91%-ға азайтылды. 2019 жылы 883 тонна қалдық пеште жағылып, 84 тонна күл қатты қалдықтарды көму полигонында орналастырылды.

2019 жылы 6 373 тонна сұйық қалдықтар өңделді. Өңделгеннен кейін қайта пайдалану үшін, яғни тұздықтар мен ерітінділерді дайындау үшін 5 080 тонна тұздықтар мен ерітінділер тазартылды.

2019 жылы 1 419 тонна қатты тұрмыстық қалдықтың 882 тоннасы жалпы мақсаттағы пешке жағуға жіберілсе, қалдықтардың 164 тоннасы, оның ішінде макулатура, метал сынықтары, әйнек пен пластик мамандандырылған ұйымдарға қайта өңдеу мен қайта пайдалануға беру үшін сұрыпталған. Қатты тұрмыстық қалдықтың тек 89 тоннасы ҚТҚ полигондарында орналастыру үшін мамандандырылған ұйымдарға берілді. 2019 жылдың соңында уақытша сақтау орындарында қатты тұрмыстық қалдықтардың 70 тоннасы болған.

2019 жылдың аяғында қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында 12 ұяшық жабылды.

КПО Экоорталығында қалдықтарды өңдейтін бес қондырғы бар:

1. Шламды термомеханикалық өңдеу қондырғысы,
2. Айналмалы пеш,
3. Жалпы мақсаттағы пеш,
4. Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысы,
5. Қалдықтарды сұрыптау қондырғысы.

Мамандандырылған мердігерлік ұйымдар КПО-дан қабылданған қалдықтарды әрі қарай өңдеу әдістерін өздері анықтап, тоқсан сайын қалдықтарды орналастыру бойынша үшінші тараптарға есеп береді. Қалдық түріне байланысты мамандандырылған ұйымдар қалдықтарды кейін тұтыну тауарларын дайындау үшін қайта өңдеуге, сынаптан арылтуға, регенерацияға, термиялық өңдеуге, жағуға, физикалық және химиялық өңдеуге, сондай-ақ құрамдас бөліктерге бөлшектеп, мүдделі кәсіпорындарға қайталама шикізат ретінде пайдалануға жібереді.

37-кесте. 2019 жылғы КПО-ның қалдықтарды өңдеу тәсілдері, тоннамен / GRI 306-2 /

№	Қалдықтарды өңдеу тәсілдері	Түзілген қауіпті қалдықтар	Түзілген қауіпсіз қалдықтар	Коммуналдық қалдықтар	БАРЛЫҒЫ:
1	Кәсіпорында 2019 ж. басындағы түзілген қалдықтар мөлшері	321 255	2 073	0	323 328
2	Есептік жыл ішінде түзілген мөлшері	53 482	2 955	1 349	57 786
3	Кәсіпорында қайта пайдаланылған мөлшері	6 256	0	0	6 256
4	Кәсіпорын қондырғыларында қайта өңделген мөлшері	26 081	95	9	31 610
5	ЖМП өртелген мөлшері	71	3	882	955
6	Кәсіпорынның қалдықтарды орналастыру нысандарында орналастырылған және көмілген мөлшері	27 843	0	0	27 843
7	Мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға берілген мөлшері	2 564	3 985	380	6 929
8	Кәсіпорында 2019 жыл аяғындағы мөлшері	339 835	946	0	340 781

2011 жылдан 2019 жылдың аяғына дейін макулатура-ны бөліп жинау нәтижесінде шамамен 540 тонна өнім жиналып, тұтыну тауарларын дайындау үшін жергілікті кәсіпорындарға берілді. Компанияның барлық офистерында пайдаланылған батареяларды бөліп жинау ұйымдастырылған. 2019 жылы 67 кг батареялар жиналды.

Полигонда пластмасса, пластик, полиэтилен қалдықтарын және полиэтиленеретфалатты қаптаманы, макулатураны, картонды, қағаз қалдықтарын, әйнек сынықтарын орналастыруға тыйым салатын ҚР Экологиялық кодексінің 301-бабының күшіне енуіне байланысты Компания офис ретінде пайдаланатын ғимараттарда аталмыш қалдықтарды бөліп жинауды ұйымдастыру бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді. Бұл қалдықтар қайталама шикізат ретінде пайдалану үшін мамандандырылған кәсіпорындарға жіберіледі.

Компания ескі қатты қалдықтарды сақтау алаңында жиналған қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау ерітінділерін Экоорталықтың қатты қалдықтарды көму полигонына көшіру жұмыстарын жалғастыруда. 2019 жылы ескі алаңнан қалдықтарды алу, оларды шламды термомеханикалық өңдеу қондырғысы мен айналмалы пеште өңдеп, кейін қатты өнеркәсіптік қалдықтарды көму полигонында орналастыру жұмыстары жалғасты. Қалдықтарды полигонда орналастыру ҚР экологиялық заңнамасы талаптарына сәйкес жүргізіледі.

2019 жылы қатты қалдықтар мен пайдаланылған бұрғылау сұйықтықтарын сақтау алаңынан қайта өңдеуге 3 777 тонна жіберілген (2018 жылы 6 156 тонна). 2020 жылы қалдықтарды алаңнан алып, кейінгі қайта өңдеу жоспарланған.

Компания қалдықтарының басым бөлігі ұңғымаларды бұрғылаудан және жөндеуден түзіледі. Бұл ретте, қолданылатын бұрғылау ерітіндісі түріне байланысты су немесе мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау шламы түзіледі. 2019 жылы түзілген қатты және сұйық бұрғылау қалдықтарының көлемі 26 196 тоннаны құрады (бастапқы түзілген қалдықтар көлемінің 75%-ы).

38-кесте. 2017–2019 жж. өңдеу тәсілі бойынша ұңғымалық операциялардан түзілген қалдықтар / OG-7 /

№	Қалдық түрі	Түзілген көлемі, тоннамен			Өңдеу тәсілі
		2017	2018	2019	
1	Су негізіндегі пайдаланылған бұрғылау ерітінділері	2 943	324	427	Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу
		4 471	1 251	1 014	Орналастыру
2	Су негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау шламы	2 554	546	925	Көму
		–	–	182	Айналмалы пеште термиялық өңдеу
3	Мұнай негізіндегі пайдаланылған бұрғылау ерітінділері	2 043	1 618	2 676	Шламды термомеханикалық өңдеу қондырғысында (ШТӨҚ) және сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында (СҚТҚ) қайта өңдеу
4	Мұнай негізіндегі бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау шламы	12 808	8 049	9 022	Мұнай негізі мен суды алумен ШТӨҚ-да қайта өңдеу және қатты бөлігін кейінгі көму
		3 546	6 309	4 866	Сұйық қалдықтарды тазарту қондырғысында қайта өңдеу
5	Пайдаланылған тұздықтар	353	578	2 837	Орналастыру
		0	7	44	Айналмалы пеште термиялық өңдеу
6	Мұнайлы қалдықтар	0	7	44	Айналмалы пеште термиялық өңдеу
7	Жарамсыз мұнай	2	0	0	Мамандандырылған мердігерлік ұйымға беру


38-кестеде бұрғылау қалдықтарының негізгі түрлері, оларды қолдану әдістері бойынша бөлініп көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей көму полигонында тек су негізіндегі ерітінділер мен шлам орналастырылады. Мұнай негізіндегі бұрғылау шламы алдын ала өңделіп, құрамынан мұнай негізі алынып тасталғаннан кейін көмуге жіберіледі.

Өсімдіктер мониторингі
алаңдарындағы топырақтың
жай-күйін зерттеу жұмыстары
топырақтың мұнай өнімдерімен,
күкіртпен немесе суда еритін
тұздармен ластанғанын анықтаған жоқ



БИОТҰРЛІЛІК

39-кесте. Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз / GRI 103-2 /

2019 жылға қойылған міндеттер	Орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау үшін жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойылған міндеттер	БҰҰ ТДМ
БИОТҰРЛІЛІК				
Қарашығанақ кен орнындағы флораға, соның ішінде сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдік түрлеріне бақылау жүргізу, топырақты және өсімдіктердің құрамын ластағыш заттарға зертханалық талдау.	✔ орындалды	Флора мониторингі 2019 ж. мамыр айында жүргізілді, сонымен қатар, топырақ пен өсімдіктерге хлоридтер, нитраттар, сульфаттар, күкірт және мұнай өнімдері құрамына зертханалық талдау жүргізілді.	<ul style="list-style-type: none"> ▶ Қарашығанақ кен орнында энтомофауна мониторингін жүргізу ▶ 2021–2023 жж. арналған Биотүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу 	

КПО өз өндірістік қызметтерін биотүрлілікке және экожүйелерге барынша аз әсерімен жүргізу міндет-темесіне сәйкес жүргізіп келеді. Сондай-ақ Компания қызмет жүргізіп жатқан аймақта биотүрлілікті зерттеу бойынша жұмыстар жүргізуге жауапкершілік алған. / GRI 304-1 /

Биотүрлілікті сақтау шаралар жоспары (БСШЖ) экожүйелердің бұзылуын және биотүрліліктің азайып кетуін ескерту шараларының бірі. Аталмыш жоспар қызмет қауіп-қатерлері мен қоршаған ортаға ықтимал әсерді бағалауға негізделген, және ESHIA 1.3.1.47 стандартында және IPIECA мен IOGP қауымдастықтарының «Мұнай-газ өнеркәсібі үшін биотүрлілікті сақтау шаралары бойынша нұсқаулықта» қарастырылған методикаға сәйкес әзірленеді.

БСШЖ бойынша жұмыс көлемін орындау шеңберінде 2019 жылы өсімдіктер қауымдастығының өзгеру динамикасын байқау бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл ретте, алғаш рет топырақ және өсімдік жамылғысы жағдайындағы қандай да бір елеулі, өлшеуге келетін өзгерістердің барын анықтау мақсатында оның мониторингі жүргізілді. Бұл аймақтың

биотүрлілігін сақтап қалу және Компания қызметін бейімдеу үшін жасалды.

2013 мен 2017 жылдар аралығында жүргізілген зерттеу жұмыстары кезінде ҚМГКК аумағында өсімдіктердің негізгі түрлері мен бақылау аймақтары анықталып, өсімдіктер мониторингі жұмыстары жүргізілді. Топырақ мониторингі бұл аймақтарда алғаш рет жүргізілді.


2019 жылы бұрын анықталған 27 аймақтағы топырақ пен өсімдік мониторингі нәтижелері бойынша бұрынғы жылдармен салыстырып өсімдіктер анализі жасалды. Хлоридтер, нитраттар, сульфаттар, күкірт пен мұнай өнімдерінің мөлшерін тексеруге топырақ пен өсімдіктер сынамалары алынды. / GRI 304-2 /



2010 жылғы алғашқы зерттеуден кейін қоршаған тіршілік ортасының қандай да бір елеулі өзгерісін болжайтын шілмұрттың популяциясына кен орнының әсер ету белгілері анықталған жоқ

40-кесте. 2019 жылы ҚМГКК аумағындағы топырақ пен өсімдіктер мониторингі

Шаралар түрлері	Мониторинг нәтижелері	Қорытынды
Топырақ мониторингі	2019 жылы көктемде ҚМГКК аумағында өсімдіктердің жай-күйі мониторингімен қатар, топырақ мониторингі жұмыстары басталды. Топырақ мониторингі мақсаты топырақтың жай-күйі туралы аналитикалық ақпарат алу, өсімдіктердің өсуі мен дамуы және адам өмірінің ортасы ретінде олардың сапасын бағалау болды.	Өсімдіктер мониторингі алаңдарындағы топырақтың жай-күйін зерттеу топырақтың мұнай өнімдерімен, күкіртпен немесе суда еритін тұздармен ластанғанын анықтаған жоқ. Қоршаған орта реакциясы ҚМГКК аумағы топырағына тән көрсеткіштерге сәйкес келеді. ҚМГКК топырағында болатын мөлшердегі бақыланған ингредиенттер өсімдіктердің өсуіне және дамуына кедергі келтірмейді
Өсімдіктер мониторингі	Зерттеу аумағында Қазақстан «Қызыл кітабына» және жойылып кету қаупі төнген түрлердің тізбесіне енгізілген бес (5) түрі тіркелген, олар: Андржевский қалампыры (<i>Dianthus andrzejowski</i>), Шренк қызғалдағы (<i>Tulipa shrenkii</i>), Биберштейн қызғалдағы (<i>Tulipa biebersteiniana</i>), Көктем жанаргүлі (<i>Adonis vernalis</i>), Фишер құссүттігені (<i>Ornithogalum fischerianum</i>). Эндемикалық түрлерден Қысқабұршақ таспа (<i>Astragalus brachylobus</i>) кездеседі. Мониторинг алаңдарында өсетін сирек түрлерді есепке алудан басқа шілмұртты (<i>Fritillaria ruthenica</i>) есепке алу жүргізілді. Бұл суқорғау аймағында кездесетін сирек түр. 2019 жылы бұл өсімдік түрі Березовка өз. салаларының төрт аймағында тіркелген, жалпы саны алты (6) дана. 2010 жылғы алғашқы зерттеуден кейін қоршаған тіршілік ортасының қандай да бір елеулі өзгерісін болжайтын шілмұрттың популяциясына кен орнының әсер ету белгілері анықталмаған. Өсімдіктер санының жалпы артуы осы түрге ҚМГКК аумағында тікелей жойылып кету қаупі төніп тұрмағанын болжауға болады. Зерттеу жүргізілген әр учаскедегі жеке популяциялар жер бетінің бұзылуы сияқты апатты әсерлерге өте осал екенін атап өту керек, сондықтан оларды кен орнының осы бөлігінде жобаларды жоспарлау кезінде ескеру қажет.	Өсімдік жабыны мониторингі нәтижелері ҚМГКК өндірістік қызметі нәтижесінде өсімдікке әсер етудің негізгі теріс факторы физикалық әсер ету факторы екенін көрсетті, олар: мал жаю, ауылшаруашылық қызметі мен КПО қызметімен байланысты механикалық жұмыстар (ор қазу, құбыржол жүргізу, нысандар мен жолдар құрылысы және т.б.). Қатты бұзылғандар кен орны инфрақұрылымы нысандары радиусында және жолдар шетінде кездеседі. 2019 жылғы топырақ пен өсімдіктер жамылғысы мониторингі деректері КПО өндірістік қызметімен байланысты ЛЗ атмосфераға шығарындысынан қандай да бір теріс әсерді анықтаған жоқ. Қарашығанақ кен орнындағы өсімдіктердің жай-күйін қанағаттанарлық деңгейде деп сипаттауға болады.



ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮЛЕС

Әлеуметтік инвестициялар / 113

Жергілікті халықпен қарым-қатынас / 116

Жеткізілімдерді ұйымдастыру / 123

Жергілікті қамтуды дамыту / 125

ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Әлеуметтік инфрақұрылымға қолдау көрсету / GRI 203-1 /

КПО компаниясы өнімді бөлісудің түпкілікті келісімінің (ӨБТК) 5-қосымшасына сәйкес жыл сайын Батыс Қазақстан облысы аймағында әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырып келеді. / GRI 103-2 /

Басқару бойынша бірлескен комитеттің шешіміне сәйкес 2010 жылдан бастап КПО Батыс Қазақстан облысындағы әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жылына 20 млн АҚШ долларын бөліп келеді. 2018–2022 жылдары БҚО-да әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларға 50 млн АҚШ доллары көлемінде қосымша қаражат бөлу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, жұмсалмаған қаражат есебінен 2019–2021 жылдарға арналған жалпы сомасы 9,6 млн АҚШ долларын

құрайтын әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалардың қосымша тізбесі бекітілді.

Жоспарланған әлеуметтік жобалардың тізімі жыл сайын КПО және БҚО әкімдігімен облыстың әлеуметтік дамуының қажеттіліктеріне орай келісіледі. БҚО әкімдігі бұл тізімді мемлекеттік басымдықтарға сәйкес және Орал қаласының инфрақұрылымын, білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін, сонымен қатар өңірдегі дене шынықтыру мен спорт салаларын дамыту қажеттіліктері негізінде дайындайды.

Компания бұл жобалардың жобалау мен сатып алу кезеңі, құрылыстың толық аяқталуы және кейінгі Батыс Қазақстан облысы меншігіне өткізілуіне дейінгі барлық үдеріс үшін толықтай жауапты. Әлеуметтік жобалардың барлығы жергілікті мердігерлермен орындалуы тиіс. Жобалар жыл аяғына дейін толық орындалмаған жағдайда, игерілмеген қаржы келесі күнтізбелік жылға көшіріледі.

2019 жылы КПО компаниясы БҚО аумағындағы жаңа ірі ұзақ мерзімді жобаларды қоса алғанда, 12 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға кірісті. Атап айтқанда, темір жол арқылы өтетін жол өтпесін және Нефтебаза ауданы жол жабынын қайта құру, 450 орындық орта білім мектебі, көп функционалды мәдениет сарайы құрылысы, қалалық № 7 емхана құрылысы, Молдағұлова көшесінің күрделі жөнделуі, Орал қаласы халықаралық әуежайын қайта құру, Жаңғала және Жәнібек ауылдарында дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысы, Ақсай қаласы ауруханасының жедел жәрдем бөлімшесін жаңғырту бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу. Сонымен қатар, аталмыш жылы Компания 3 млрд теңгеден асатын (7,9 млн АҚШ доллары) үш әлеуметтік инфрақұрылымдық жобаны аяқтады. 2019 жылы орындалған жобалардың тізбесі 41-кестеде көрсетілген.

41-кесте. 2019 жылы Орал қаласында және маңындағы ауылдарда КПО-мен аяқталған әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобалар / GRI 203-1 /

Сала	Жоба атауы	Іс жүзінде игерілген қаражат (млн теңге)*
Жолдарды жөндеу және салу	1. БҚО, Зеленов ауданы, Белес ауылына апаратын ұзындығы 12,3 км тас жолды күрделі жөндеу және салу	2 164,7
	2. Орал қаласындағы Есенжанов көшесінің ұзындығы 3,3 км тас жолын Конкин көшесінен М-10 соңғы аялдамасына дейінгі күрделі жөндеу	542,5
Жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу	1. «Батыс Қазақстан облысының индустриялық аймағы» жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеу	323,3
Барлығы:		3 030,5

* Көрсетілген сомаларда қосылған құн салығы қоса есептелген



Батыс Қазақстан облысын электр қуатымен қамтамасыз ету / GRI 203-1 /

Қарашығанақ кен орнының негізгі өндірістік қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қатар КПО электр қуатын өндіріп, оны Батыс Қазақстан аймағына жеткізеді. Бұл Ақсай қаласы мен оның маңындағы ауылдарға КПО газ турбиналық электр станциясында өндірілетін 20 МВт-тан кем емес электр қуатын сатуды көздейтін Қарашығанақ кен орны өнімін бөлісу туралы түпкілікті келісім ережелеріне сәйкес (I бөлім. 1.1 – тарау) жүзеге асырылады. Бұл міндеттемені орындау қағидасы Басқару жөніндегі бірлескен комитеттің 2005 жылғы наурыз айындағы қаулысында бекітілген.

КПО электр қуатын «Ақсайэнерго» ЖШС және «Батыс Энергоресурстары» ЖШС энергиямен жабдықтау ұйымдарына жеткізеді, ал олар, өз кезегінде, БҚО-ның түпкілікті тұтынушыларын электр қуатымен қамтамасыз етеді.

42-кесте. КПО-ның отын газымен және электр қуатымен қамтамасыз ету көлемі, 2017–2019 жж.

Сипаттамасы	2017 ж.	2018 ж.	2019 ж.
БҚО аймағына жеткізілген электр қуаты, ГВт-сағ, соның ішінде:	307,64	305,06	330,26
«Ақсайэнерго» ЖШС үшін	35,04	29,90	26,28
«Батыс Энергоресурстары» ЖШС үшін	272,60	275,16	303,98
Батыс Қазақстан облысы үшін электр энергиясын өндіруге отын газын пайдалану, млн м³, соның ішінде:	102,63	101,82	112,06
Батыс Қазақстан облысына электр энергиясын өндіруге өз отын газын сату	97,72	94,91	88,98
Батыс Қазақстан облысына электр энергиясын өндіру үшін үшінші тарап жеткізушісінен сатып алу	4,91	6,91	23,08

2019 жылы КПО аймақтық желіге 36-43 МВт аралығында электр қуатын жеткізді. 2019 жылы БҚО-на жалпы 330,26 млн кВт-сағ электр қуаты берілді. 2017–2019 жылдар аралығындағы КПО-ның отын газымен және электр қуатымен қамтамасыз ету көлемі 42-кестеде берілген.

2019 ж. БҚО үшін электр қуатын тұтыну көлемі артып, 330,26 млн кВт-сағ жетті, бұл 2018 жылға қарағанда 8%-ға (25,2 млн кВт-сағ) артық. Бұл қысқа мерзімде турбиналар мен генераторлардың жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізу есебінен, сондай-ақ № 3 ГТГ күрделі жөндеуден өткізуді толыққанды жоспарлы жөндеу жұмыстары кезеңіне көшіру нәтижесінде қол жеткізілді. Бұл электр қуатын облысқа төмендетпей, көктем мезгілінде электр қуатын барлық төрт генератордың көмегімен өндіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Егер 2019 жылы «Ақсайэнерго» ЖШС үшін электр қуатын өндіру көлемі 3 МВт есебінен 26,28 млн кВт-сағ құраса, ал «Батыс Энергоресурстары» ЖШС үшін электр қуатын өндіру жоғарыда көрсетілгендей 25,2 млн кВт-сағ өсті.

2019 жылы электр қуаты, негізінен, ҚӨК-де өндірілетін газды пайдалану арқылы өндірілді. Өңір қажеттілігі үшін электр қуатын өндіруге үшінші тарап жеткізушісінен газды сатып алу үлесі ГТЭС тұтынатын барлық газдың шамамен 20,5%-ын құрады, және бұл негізінен КПО-ның меншікті газы өндірілмеген кезде, яғни жоспарлы жөндеу жұмыстары кезінде жүзеге асырылды.

Өткен жылы КПО компаниясында сыртқы қуат желілерінің әсерінен немесе турбинамен байланысты өндірістік шығындар болған жоқ.

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 14

2018 ж.

АҚСАЙ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫНА АРНАЛҒАН БАЛАЛАР

СПОРТ АЛАҒЫ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

КПО қызметкерлері мердігер ұйымдармен бірлесіп «Қарашығанақ балалар қайырымдылық комитетін» ұйымдастырып, бастамашылық еткен. Бірнеше жыл бойы аталмыш комитеттің қатысушылары Бөрлі ауданының аз қамтылған отбасы балаларын және мектеп-интернаттарын қолдау мақсатында қаражат жинап, қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастыруда. 2014 жылы қайырымдылық комитеттің еріктілері Ақсай қаласындағы № 5 мектеп-интернаттың балаларына арналған жаңа балалар алаңын салуды шешті, себебі интернатта ескі сынған турниктер мен әткеншек тіректерінен басқа ештеңе болмаған.

Комитет тарапынан заманауи жоғары сапалы жабдықтарды таңдау, оны орналастыруды жобалау, сондай-ақ жабдықтар мен материалдарды сатып алу, жеткізу және орнату бойынша үлкен жұмыстар атқарылды.

Мақсаты:

Ақсай қаласындағы № 5 мектеп-интернатының балалары үшін жабдықталған спорт алаңын салу



Ақсай қаласындағы № 5 мектеп-интернатының балалары үшін жабдықталған спорт алаңының ашылуы

Шешім / қолданылған шаралар:

2014–2018 жыл аралығында аталмыш алаң құрылысы идеясын іске асыру аясында қаражат жинау мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді. Бұл лотереялар, викториналар, спорттық жарыстар, музыкалық кештер мен дискотекалар сияқты шаралар болатын. 2018 жылы сатып алу және жобаны іске асыру үшін қажетті сома жиналды. Жалпы аталмыш бастаманы қаржыландыруға 10,3 млн теңге жұмсалды. Қаражат жинауға және алаң құрылысын дайындауға КПО мен оның мердігер ұйымдарының жүздеген қызметкерлері тартылды: атап айтқанда, Weatherford, KMG Parker Drilling Company, Elzhas LLP, BatysMunaiStroy Service Company LLP, Batys Kazakhstan Kuat Service LLP, MontazhSpetsStroy Company JSC, AksaiGasProject LLP, BONATTI SPA – MONTAZHSPETSSTROY JSC, Akbarys, Schlumberger, Welltec, Halliburton, KazBurGas, Baker Hughes, Filter Source, Nalco, NSC, KIOS & SMAPE және т.б.

Мектеп-интернат ғимаратының жанындағы ескі алаңның орнына салынған жаңа заманауи ойын кешені кіші және үлкен жастағы балаларға арналған қарапайым нысандар, сондай-ақ футбол мен волейбол ойнауға арналған жабдықталған алаңдарды, түрлі турниктер, қоссырықтар, баспалдақтар мен өз салмағымен дене жаттығуларын орындауға арналған көпфункционалды көше тренажерларын қамтиды. Спортпен шұғылдану арқасында интернат балалары денсаулықтарын нығайтып, өздеріне деген сенімділіктері артады.

Бұл алаң КПО-ның тәжірибелі мердігерлерімен барлық қауіпсіздік ережелерін ескере отырып салынған. Мектеп оқушыларына арналған көше тренажерлері де пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін ескере отырып орнатылды.

Нәтижесі:

2018 жылғы 4 қыркүйекте Ақсай қаласындағы № 5 мектеп-интернаттың аумағында жаңа ойын алаңының салтанатты ашылу рәсімі өтті, онда КПО бас директоры Эдвин Блом сөз сөйледі. Бұл шараға балалармен қоса демеушілер, Қарашығанақ балалар қайырымдылық комитеті мен жергілікті әкімдік өкілдері қатысты. Бұл бастама – КПО мен мердігер ұйым қызметкерлерінің ынтымақтастығының және Ақсай қаласының өсіп келе жатқан ұрпағының өміріне белсенді қатысуының жарқын мысалы.

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

КПО-ның жұмысты орындау жолы жергілікті халықпен өзара әрекеттесуді жақсарту және қоғамды дамытуға мүмкіндіктер жасау арқылы қызметінің теріс әсерін болдырмауға немесе барынша азайтуға және пайданы барынша арттыруға бағытталған.

КПО әлеуметтік қызметінде ерекше назар Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан елді мекендерге бөлінеді, яғни тікелей өндірістік әсері бар аймақтарға: Бөрлі ауданының Приурал, Өспен, Жаңаталап, Жарсуат, Қарашығанақ және Димитрово ауылдары. Бұл ауылдарда 2005 жылдан бастап қоғам өкілдерінің қатысуымен консультативтік кеңестер құрылды.

Жергілікті қоғам өкілдері бұл кеңестерде ауылдық округтарда әлеуметтік инфрақұрылымды және жергілікті халықтың әлеуметтік тұрмысын жақсартуға бағытталған ұсыныстарын енгізеді. Мұндай кеңестер жергілікті халықтың мүдделерін ескеруде және әлеуметтік тәуекелдерді барынша азайтуда қолданылатын тиімді механизм болып табылады.

43-кесте. Жергілікті халықпен қарым-қатынас бойынша қойылған міндеттер / GRI 103-2 /

2019 жылға қойған міндеттеріміз	Міндеттердің орындалуы	2019 жылғы міндеттерді орындау мақсатында жүзеге асырылған шаралар	2020 жылға қойған міндеттеріміз	БҰҰ ТДМ
Келісілген бюджетке сәйкес 2019 жылғы селолық округтарды дамытуға жәрдемдесу бағдарламаларын жүзеге асыру / GRI 413-1 /	✓ орындалды	«Ақжайық» шипажайындағы зейнеткерлердің демалысы мен «Евразия» жазғы лагеріндегі оқушылардың демалысын қоса алғандағы барлық бағдарламалар толық орындалды. / GRI 413-1 /	Келісілген бюджетке сәйкес 2020 жылға арналған селолық округтарды дамытуға жәрдемдесу бағдарламаларын жүзеге асыру. БҚО Бөрлі ауданы әкімдігімен бірге серіктестік туралы үш жақты Меморандумға қол қою	3 БАСАМАҚ БҰҰ ТДМ
Үш елді мекен тұрғындарымен (Приурал, Жарсуат және Өспен) дамытудың әлеуметтік және экологиялық аспектілері бойынша 12 консультативтік кеңес өткізу	✓ орындалды	2019 жылы үш елді мекенде (Приурал, Жарсуат және Өспен) жергілікті тұрғындар көтеріп жатқан дамытудың әлеуметтік және экологиялық аспектілері бойынша алты консультативтік кеңес өткізілді. Сонымен қатар, аталған елді мекендердің тұрғындарымен басқа сұрақтарға жауап беру мақсатында консультативтік кеңестерден тыс кездесулер өткізілді. / GRI 413-1 /	Үш елді мекен тұрғындарымен (Приурал, Жарсуат және Өспен) дамытудың әлеуметтік және экологиялық аспектілері бойынша 12 консультативтік кеңес өткізу	
Тұрғындардың шағымдарын қарастыру және уақытылы жабу	✓ орындалды	Барлық түскен шағымдар уақытылы қарастырылды және жабылды	Тұрғындардан келіп түскен барлық шағымдар мен өтініштерді қарастыру және уақытылы жабу	9 ИНТЕРНАЦИОНАЛ ДИВЕРСИОНАЛ БҰҰ ТДМ
Тіршілік етуге қажет қаражатты қалпына келтіруде қосымша қолдау қажеттілігін анықтау мақсатында Ақсай қаласы мен Аралтал шағын ауданына көшірілген отбасылары мониторингін жалғастыру	✓ орындалды	Көшірілген тұрғындар мониторингі бойынша жоспарланған шаралар толықтай орындалды.	Тіршілік етуге қажет қаражатты қалпына келтіруде қосымша қолдау қажеттілігін анықтау мақсатында Ақсай қаласы мен Аралтал шағын ауданына көшірілген отбасылары мониторингін жалғастыру	11 ТИРШІЛІК БҰҰ ТДМ

Жергілікті тұрғындармен диалог жүргізу / GRI 102-44, 103-2 /

Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаттары, процедуралары мен стандарттары Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) қызметтер стандарттарына негізделген. КПО-ның мүдделі тараптармен қарым-қатынас процедурасы, мәжбүрлі көшіру процедурасы, тұрғындардың шағымдар мен ұсыныстарын басқару процедурасы ХҚК стандарттарына негізделген. / GRI 102-12, 103-2 /

КПО өз мүдделі тараптарымен диалог орнатуда зор күш-жігер салып келеді. Мұндай диалог олармен сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. 2019 жылы Консультативтік кеңестер шеңберінде Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан алты елді мекенде, яғни Приурал, Өспен, Жаңаталап, Жарсуат, Қарашығанақ және Димитровда алты жиналыс өткізілді. Жиналыстар барысында әлеуметтік және экологиялық мәселелер, төтенше жағдай кезіндегі тұрғындардың әрекет ету ережелері талқыланды. Тұрғындардың әлеуметтік тұрғыдан қорғалмаған топтары басты назарда болды.

Жергілікті тұрғындарды дамыту бағдарламасы аясында Бөрлі ауданының зейнеткерлеріне «Ақжайық» шипажайына 200 жолдама және 78 оқушыға «Евразия» балалар лагеріне демалысқа жолдама берілді.

Қоғамдық тыңдаулар

Жаңа жобаларды жоспарлау және салу кезінде КПО үшін қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану мәселелері бойынша қоғамның пікірін білу маңызды. Мемлекеттік экологиялық экспертизалардың жариялылығы мен шешім қабылдауда тұрғындардың қатысуы қоғамдық тыңдауларды өткізу арқылы қамтамасыз етіледі. КПО қоғамдық тыңдауларда барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге өз пікірлерін білдіруге мүмкіндік береді. Қоғамның ұсыныстары мен ескертулері Компаниямен ескеріліп, жобалық құжаттаманы сапалырақ әзірлеуде жәрдемдеседі.

2019 жылы КПО Бөрлі ауданы әкімдігінің қолдауымен өндіру және газды кері айдау ұңғымалары, кәсіптік және технологиялық құбырлар, экологиялық мониторинг станциялары, сондай-ақ қолданыстағы қондырғыларды, құрылыстарды және жолдарды қайта құру мен күрделі жөндеумен қоса түрлі нысандардың құрылысы бойынша 41 жобаның қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша 10 қоғамдық тыңдау өткізді.



Бөрлі ауданының
200
зейнеткеріне

«Ақжайық»
шипажайына
жолдама берілді

78
оқушы

«Евразия» жазғы балалар
лагерінде демалды

2019 жылы КПО Қарашығанақ кен орнының айналасында орналасқан алты елді мекен тұрғындарымен алты консультативтік кеңестер жүргізді

КПО көшіру және мониторингілеу жоспарына сәйкес Аралталдағы 100 жер үйге көшірілген тұрғындарға



11 600

Тонна қара топырақ әкелді

Көшірілген тұрғындарға Аралтал ауылында 100 жер үй мен Ақсай қаласында 2 көпқабатты үй салынды

Жиналыстарға жергілікті атқарушы органдар мен мүдделі бақылау органдарының, БАҚ, тұрғындардың, КПО компаниясы мен мердігер жобалау ұйымдардың өкілдері қатысады. Тыңдаулар кезінде қатысушыларда КПО-ның жоспардағы жобалары, қоршаған ортаны қорғау бойынша шаралары туралы ақпарат алып, сұрақтар қоюға мүмкіндік болады. КПО және жобалау ұйымдар өкілдері қойылған сұрақтарға толық ақпарат береді. Көбінесе тұрғындар жобаны іске асыру мерзіміне, шығарындылар көлемі мен оларды азайту бойынша шараларға, қоқыстарды жою тәсілдеріне, сондай-ақ жұмыстар аяқталғаннан кейін жерді қайта қалпына келтіруге қатысты сұрақтарды қояды.

2019 жылғы қоғамдық тыңдауларда ұсынылған барлық жобалар осы тыңдауларға қатысқан қатысушылармен мақұлданды, бұл тиісті протоколдарда көрсетілген, аталмыш протоколдарды Бөрлі ауданы әкімдігінің парақшасында және КПО-ның <http://www.kpo.kz/kz> парақшасындағы «Тұрақты даму/Әлеуметтік жауапкершілік/Тұрғындармен қарым-қатынас/Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінен табуға болады.

Шағымдар мен өтініштерді қарастыру

/ GRI 103-2, 103-3, 413-1 /

КПО-да кәсіпорынның өндірістік қызметтерімен байланысты жолдауларды қарастыру бойынша ресми саясат бар.

Қарашығанақ кен орны өндірістік нысандары айналысында орналасқан Приурал, Жарсуат және Өспен елді мекендерінің кез келген тұрғыны КПО-ның тұрғындармен байланыс жөніндегі маманына ауызша немесе жазбаша, яғни арнайы форманы толтырып, сол ауылдарда орнатылған жәшіктерге тастап, кері байланысын жібере алады. Тұрғындарың кері байланысы оңды пікірлер, ұсыныс пен өтініштен тұруы мүмкін. Мұндай механизмді қолдана отырып, тұрғындар КПО қызметіне байланысты шағымдарын да жібере алады.

Маманның байланыс телефондары тұрғындармен кездесу шаралары кезінде хабарланады, және алты ауылдың қоғамдық орындарында орнатылған КПО-ның ақпараттық тақтайшаларында жазылған.

Тұрғындар үшін шағымдар немесе кері байланысты телефон арқылы хабарлау ең қолайлы жол болып шықты. Компания барлық шағымдарды/өтініштерді қарастырып, оларды шешу жолдарын ұсынады.

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 15

БЕРЕЗОВ АУЫЛЫНАН АРАЛТАЛ ШАҒЫН АУДАНЫНА ЕСКЕРТКІШТІ КӨШІРУ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Березов ауылының тұрғындарын көшіргеннен кейінгі мониторинг шеңберінде Компанияға жергілікті тұрғындардан Березов ауылынан Бөрлі ауданы Ақсай қаласына Ұлы Отан соғысы жауынгеріне арналған ескерткішті көшіруге қолдау көрсету туралы өтініш түсті.

Мақсаты:

Березов ауылынан көшірілген тұрғындар мен болашақ ұрпақтың тарихи ескерткішін сақтап қалу

Шешімі / әрекеттері:

КПО ескерткішті толығымен қалпына келтіру және оны жаңа орынға көшіру үшін қаражат бөлді. Ескерткішті және Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Березов ауылында өмір сүрген Ұлы Отан соғысына қатысқан 70 жауынгер есімдері жазылған тұғырды қалпына келтіру жұмысы Орал қаласындағы Халықаралық дизайнерлер ассоциациясының мүшесі Волкогонов Дмитрийдің басшылығымен және тікелей қатысуымен орындалды.

Березов ауылынан көшіп келген тұрғындардан құрылған бастамашыл топ, жергілікті атқарушы органдар өкілдері және КПО қызметкерлері ескерткіштің көшіру орнын таңдады. Ескерткішті Березов ауылынан көшіп келген балалар оқып жүрген Аралтал шағын ауданындағы мектеп маңайына орналастыруға шешім қабылданды, осы жерде жақын арада жергілікті тұрғындардың демалуына арналған саябақ құрылысы да жоспарлануда. 2020 жылы 9 мамыр күні тойланатын Ұлы Отан соғысының 75 жыл мерейтой қарсаңында көшірілген Ұлы Отан соғысы жауынгеріне арналған жаңартылған ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, бұл ескерткіш Березов ауылынан көшіп келген тұрғындары үшін кездесу орны болады.

Нәтиже:

2019 жылы 11 қыркүйекте болған ескерткіштің ашылу салтанатына жергілікті тұрғындар, жергілікті билік органдары мен БАҚ өкілдері қатысты. Ескерткіштің ашылуы кезінде КПО-ның жергілікті тұрғындарымен жұмыс жөніндегі бөлім бастығы Зульфия Музафарова: «Әлеуметтік жауапты қызмет жүргізетін компания ретінде КПО халықтың мәдени-тарихи мұраларын сақтауға бағытталған «Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасына қолдау көрсетеді», – деп айтты.



Бұрынғы Березов тұрғындары мен КПО өкілдері Аралталға көшірілген Ұлы Отан соғысы жауынгеріне арналған ескерткіштің жанында

Көшірілген тұрғындар мониторингі / OG-12 /


КПО 2017 жылдың аяғында Березов және Бестау ауылдарынан Ақсай қаласына көшіп келген тұрғындардың мекендеу мониторингін жалғастырып келеді. Көшірілген отбасылар үшін Аралтал шағын ауданында 100 үй және Ақсай қаласында екі 9 қабатты көп пәтерлі үй салынды. Тұрғындарды көшіру халықаралық озық тәжірибелерге сәйкес, жергілікті тұрғындардың ауқымды қатысуымен өтті. Сонымен қатар, тұрғындарға шағымдар мен өтініштер процедурасының қызметі жанжақты түсіндірілді. 2015–2018 жылдар аралығында жалпы 465 отбасы көшірілді.

Мониторинг тұрғындардан жаңа қонысқа бейімделу кезінде кері байланыс алуға және үй салушылардың кепілдікті міндеттемелерін бақылау кезінде тиісті қолдауды көрсетуге мүмкіндік береді. Жоғарыда аталған процедураға сәйкес көшірілген тұрғындар мониторингі аясында 2019 жылы 218 өтініш тіркелді, олардың барлығы шешілді (28-сызба). Олар негізінен көшкеннен кейін жаңа үйлерден табылған кішігірім құрылыс ақауларын жоюға қатысты болды. КПО барлық шағымдарды кепілдікті қызмет көрсету бойынша жауапты мердігер құрылыс компанияларына жолдады. Ақауларды жою жұмыстарына Аралталда төбе жабыны мен септик ыдыстарын жөндеу және 10 шағын ауданындағы екі 9 қабатты үй алдында балалар ойын алаңы мен жылу санауыш құрылғыларын орнату кірді.

Көшіруден кейін үйреншікті тіршілік мүмкіндіктерін қалпына келтіру программасы аясында, Аралтал тұрғындары КПО-дан бақшаларын қосымша қара топырақпен қамтамасыз етуді сұрады. 2019 жылы КПО тұрғындардың шаруашылықтарын қайта қалпына келтіру және өз аулаларында көкөністерді өсіру үшін Аралталға 375 жүк көлік қара топырақ жеткізді.

КПО-ның мониторинг процесіне сәйкес Ақсай қаласы және Аралталға көшірілген әлеуметтік тұрғындардан қорғалмаған топтар мүшелері басты назарда. КПО-ның тұрғындармен қарым-қатынас жөніндегі маманы кәрі жастағы жалғыз басты тұрғындарға көмек көрсету және әлеуметтік қызметкер жұмысына байланысты мәселелерді шешуге қолдау көрсету немесе құрылыс ақаулары мәселелерін шешу мақсатында барып тұрады. Мысалы, КПО қызметкерлері 2017 жылы Березов ауылынан көшіріліп, Ақсайдағы көпқабатты үйде тұратын жалғыз басты кәрі жастағы бір әйелге Орталық аудандық ауруханасында медициналық тексеруден өтуге және тіркелуге көмектесті. Сондай-ақ КПО көмегімен оған тұрақты түрде келіп тұратын арнайы медбике тағайындалды.

28-сызба. 2019 жылы жергілікті тұрғындардан келіп түскен шағымдар мен өтініштер / GRI 103-3 /



● Ауа сапасы бойынша
● Көшу бойынша

КПО Аралталда Березов және Бестау ауылдарынан көшірілген оқушыларға 300 орындық мектеп салды

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 16

ЕРІКТІЛЕР КӨМЕГІ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Березов және Бестау ауылдарынан көшірілген әлеуметтік қорғалмаған топтар мүшелері мониторингі аясында КПО-ның тұрғындармен қарым-қатынас жөніндегі маманы тұрғындармен жеке кездесулер, телефон соғу және олардың хаттарына жауап беру арқылы байланысады. Аралтал шағын ауданына барған кезде КПО маманы кәрі жастағы жалғыз басты әйелінің үй қақпасының алды қардан тазартылмағанын байқады.

Мақсаты:

Әлеуметтік тұрғындардан әлсіз тұрғындар категориясы мониторингі мақсаты ақпарат жинау, және мәселе туындаған жағдайда жергілікті басқару органдарымен бірге оны шешу үшін қолдау көрсету. Мұндай шаралар тұрғындардың жаңа өмір жағдайларына бейімделуіне және Компанияның қатысуынсыз туындаған мәселелерді шешуге көмектеседі.

Шешімі / әрекеттері:

Жалғыз басты әйелге қарды тазалауға көмек беру үшін КПО маманы қар басқан жолдың фотосуретін Бөрлі ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жіберді, кейін жергілікті ұйымның еріктілеріне өтінім түсті. Еріктілер бірден іске кірісіп, келесі күні жалғыз басты әйелінің үй маңындағы жол қардан тазартылды. Еріктілердің жұмысы бірден байқалды. КПО компаниясы «Gold» еріктілер корпусынан жастар Компанияның ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша тоқсан сайынғы марапаттау рәсіміне шақырды. Салтанатты кеш барысында еріктілерге алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.

Нәтиже:

Зейнеткер енді көмек қажет болған жағдайда кімге хабарласуды біледі. Сондай-ақ «Gold» жас еріктілер ұйымы пенсионерді көмек қажет ететін тұрғындар тізіміне қосып қойды. Сонымен қатар, жастар болашақта жұмыс жасауға ынталандыру ретінде және басқа еріктілерге үлгі ретінде сый-марапатқа ие болды.



«Gold» еріктілер корпусының қатысушылары ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша марапаттау рәсімінде

«Қарашығанақ мұнай-газ және конденсат кен орны айналасындағы елді мекендердегі газ иісіне қатысты шағымдарды басқару» процедурасына сәйкес Компания жыл бойы жергілікті тұрғындардан келіп түскен барлық шағымдарды уақытылы қарастыруды қамтамасыз етті. Олардың себептері мұқият талданып, КПО-ның тұрғындармен қарым-қатынас жөніндегі бөлімі арқылы оларға уақытылы жауап беріліп отырды.

2019 жылы Қарашығанақ кен орны айналасындағы елді мекендердегі газ иісіне байланысты жалпы 17 шағым тіркелді. КПО-ның тұрғындармен қарым-қатынас жөніндегі маманы шағым түсірген әр тұлғаман кезекті жиналыс өткізіп, онда шағымдарды тексеру және қоршаған орта мониторингі егжей-тегжейлі мәліметтері бойынша орындалған нақты іс-шаралар туралы ақпарат берді.

Қарашығанақ кен орны аумағында, және кен орны айналасы санитарлық қорғау аймағы шекарасында 18 экологиялық мониторинг станциясы (ЭМС) жұмыс істейді, сондай-ақ екі мобильді ЭМС бар. КПО атмосфералық ауаны экологиялық мониторинг жүйесі бойынша толық ақпарат осы есептің «Қоршаған орта мониторингі» тарауында берілген.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымына түсірген шағым

/ GRI 102-44 /

Соңғы бес жылдары бойы шыққан Тұрақты даму есептерінде біз 2013 жылы «Круд Эккаунтабилити» атаулы үкіметтік емес ұйымның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Ұлттық үйлестіру ұйымына (ҰҰҰ) шағым түсіргені туралы жаздық.

«Мәжбүрлі көшіру туралы ХҚК қолданыстағы стандартына сәйкес екі отбасын көшіруге құқылы деп танылсын, және оларға іс жүзінде ұсынылған келісімдердегі кез келген кемшіліктерді жою» туралы 2017 жылғы желтоқсандағы Қорытындыда атап өтілген ҰҰҰ ұсыныстарын орындау мақсатында КПО 2019 жылы ҰҰБ есебінде көрсетілген екі үй шаруашылығына өтемақы беру мәселесі бойынша Бөрлі ауданы жергілікті басқару органдарымен өзара әрекеттесіп, жұмыстанды.

2019 жылғы шілде айында КПО ҰҰБ қорытындысында көрсетілген ұсыныстарды орындау бойынша консорциумның қабылдаған іс-шаралары туралы хабарлап, Ұлыбритания ҰҰБ-на хат жіберді. ХҚК мәжбүрлі көшіру туралы қолданыстағы стандартына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес КПО жергілікті басқару органдарымен келіссөздер нәтижесінде екі отбасыға өтемақы төледі.

2019 жылғы 25 қыркүйекте Ұлыбритания ҰҰҰ өз сайтында «Консорциум екі үй шаруашылықтарын көшіру бойынша процесті жүргізу үшін қажетті күшін салды және қабылданған шаралар мәжбүрлі көшіру туралы ХҚК стандартына сәйкес екендігі» туралы ресми есеп ретінде жазды.



2019 жылы Батыс

Қазақстан облысына жалпы

330,26 млн кВт-сағ электр

қуаты берілді

ЖЕТКІЗІЛІМДЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ / GRI 102-9, 102-44 /


КПО өз жұмысында этикалық нормаларға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдардың талаптары мен нормаларын ұстанады. Осыған орай, КПО компанияда қабылданған нормаларға сәйкес жұмыс істеуге, бизнес жүргізудің жоғары стандарттарын сақтауға, сондай-ақ қызметкерлер мен өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндеттенетін мердігерлерді жұмысқа тартады. Олар үшін қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мен орнықты даму қағидаларын сақтау да міндетті ережеге айналады. Аталмыш негіздік қағидаттарға сәйкестік келісімшартты жасасудың әр кезеңінде, кейінгі сатып алу және ол аяқталғанға дейін ескеріліп тұрады.

КПО-да жеткізілімдерді ұйымдастыру құрылымының кең ауқымды тізбегі қалыптастырылған, оған Компания жұмыстарының айтарлықтай бөлігін орындайтын қосалқы мердігерлермен қоса 700-ден астам жұмыс істеп жатқан жеткізушілер кіреді.


2019 жылы КПО 580 жеткізушімен келісімшарттар мен қосымша келісімдер жасасты, оның ішінде 418 (72%) – жергілікті кәсіпорын; 162 (28%) – шетелдік компания.

2019 жылы КПО құны 254,1 млн АҚШ долларын құрайтын тауарларды жеткізу бойынша 1 037 келісімшартқа, және құны 889,9 млн АҚШ долларын құрайтын қызмет көрсету бойынша 658 келісімшартқа қол қойды.

29-сызба. 2017–2019 жж. КПО қызметіне қатыстырылған жеткізушілер



30-сызба. 2017–2019 жж. келісімшарттар мен келісімшарттарға қосымшалар бойынша құн өсімі динамикасы



КПО өкілдері Ақсай қ. RT Alliance азот өндіру зауытының ресми ашылу салтанатында



КПО келісімшарттар мен сатып алу жұмыстарын ҚР заңнамасына және Қарашығанақ жобасының Басқару бойынша бірлескен комитеттің тендерлік сауда жасау туралы ережелеріне сәйкес жүргізеді. Соңғы құжат Қарашығанақ жобасын іске асыру шеңберінде тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру процесін реттейді. Аталмыш ережелер, тендерлерге қатысу талаптары және жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында КПО ықтимал жеткізушілермен жиі кездесуге тырысады. Жиналыстарда құжаттарды ресімдеуде жиі берілетін қателіктер, өтінімдерді қабылдамау немесе қатысушыларды дисквалификациялау себептері туралы түсіндірмелер беріледі. / GRI 103-2 /

2018 жылдан бастап КПО YouTube арнасында¹² тендерге дейінгі онлайн-семинарлар өткізіп жүр, бұл ақпарат алмасу процесін жеңілдетеді, әсіресе шалғай аудандардағы қатысушылармен байланысып, бір уақытта бірнеше тендер қатысушыларына түсініктеме беруге мүмкіндік береді.

2019 жылы КПО жалпы сомасы

7,9 млн АҚШ долларын құрайтын

12 әлеуметтік және инфрақұрылымдық

жобаларды іске асырды

¹² 2020 жылдың ортасынан бастап i) тендерге дейінгі вебинар Skype немесе басқа бағдарламалық жасақтама арқылы қосылатындықтан, келешекте YouTube арнасынан өткізілмейді, ii) КПО "АЛАШ" базасына енді тіркелмейді.

Сонымен қатар Компания жергілікті нарықты дамытуға ерекше назар аударады. КПО-ның арнайы семинарларында, сондай-ақ Атамекен, Казсервис және мұнай-газ секторының басқа да ұйымдарымен және қауымдастықтарымен байланысқанда Компания жергілікті компанияларға қойылатын талаптарды нақтылайды, мұнай-газ саласындағы халықаралық деңгейде танымал әрі тәжірибелі тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерімен белсенді ынтымақтастыққа шақырады. Бұл әсіресе Қарашығанақты кеңейту жобасына байланысты өзекті болып табылады.

Жергілікті қамту бойынша мақсаттарға қол жеткізу ҚР алдындағы міндеттемелерді орындау ғана емес, сонымен қатар, болашақта шығындарды тұрақты түрде азайту тұрғысынан да маңызды.

Ашық оператор ретінде КПО жыл сайын www.kpo.kz вебсайтында сатып алу жоспарларын жариялап отырады.

КПО тендерлеріне қатысуға және Қарашығанақ жобасына тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жеткізуге мүдделі ықтимал жеткізушілерге КПО жеткізушілер дерекқорында (толығырақ КПО вебсайтында) тіркелу немесе өздері туралы ақпаратты жаңарту, немесе «АЛАШ» біріңғай жеткізушілер дерекқорында¹² тіркелу ұсынылады. «АЛАШ» дерекқоры қарқынды дамып келеді және Қазақстан Республикасындағы жеткізушілер туралы ең үлкен ақпарат көздерінің біріне айналып келеді. Сонымен қатар тендерге қатысу үшін ықтимал жеткізушілерге олардың материалдық-техникалық базасы мен тиісті жұмыс тәжірибесі туралы сенімді ақпарат беру маңызды.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУЫ / GRI 203-2, 102-44 /

КПО жергілікті қамту саясаты Қарашығанақ жобасының қажеттіліктеріне тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мүмкіндігінше жергілікті жеткізушілерден сатып алуға бағытталған. Компания, төменде келтірілген міндеттерді жергілікті әлеуетті арттыру және импортты азайту үшін орындайды:


- ▶ КПО қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында ықтимал отандық өндірушілерді және жеткізушілерді анықтау;
- ▶ Отандық өндірушілерге жаңа тауарлардың және жабдықтардың өндірісін, соның ішінде жоғары технологиялық өндірісті Қазақстанда игеруге жәрдемдесу;
- ▶ Технологияны меңгеру және бөлісу мақсатында, сонымен қатар жаңа жұмыс орындармен қамтамасыз ету үшін бірлескен кәсіпорын құруда қолдау көрсету;
- ▶ Мемлекеттік органдармен және қауымдастықтармен жергілікті қамтуды дамыту бойынша тығыз байланыста болу.

КПО жергілікті қамтуды дамыту саясатында қойылған міндеттемелерді орындау мақсатында, компания Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамтуды дамытудың екі жылдық бағдарламасын ҚР мемлекеттік машина жасау, индустрияландыру және цифрландырудағы бастамаларына сәйкес әзірлеуде және жүзеге асыруда. / GRI 103-2 /

Бағдарлама, жергілікті қамтуды дамытудағы мақсатты өрістерді және негізгі қызметтердің тиімділігін бағалау мен бақылаудың индикативтік көрсеткіштерін анықтайды. КПО жергілікті қамтуды дамыту бойынша бастамалары келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

- ▶ 2019 жылы Қарашығанақ жобасының жергілікті қамту үлесі, 31-сызбада көрсетілгендей, 57% (құны 683,5 млн АҚШ доллары) құрады.
- ▶ Жергілікті өндірілген тауарлар жергілікті қамтудың 11,9%-ға тең үлесімен КПО-ның жалпы сатып алу көлемінің 30% (құны 86 млн АҚШ доллары) құрайды.

31-сызба. 2017–2019 жж. КПО сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті қамтудың үлесі / GRI 204-1 /



1997 жылы ӨБТК-ге қол қою сәтінен 2019 жылдың аяғы бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудағы жергілікті қамтудың жиынтық үлесі 7,7 млрд АҚШ долларынан асты. / GRI 204-1 /

КПО компаниясының қолдауымен «Ақсайгазсервис» компаниясы

қысым астында жұмыс істейтін ыдыстарды өндіру мен жөндеуге

ASME стандарттарына сәйкес сертификаттаудан өтті



Жалпы сатып алу көлемінің 30% құрайтын, құны

86 млн АҚШ долларына

тең жергілікті өндірілген тауарлар сатып алынды

2019 жылы КПО жалпы құны 204 млн АҚШ долларын құрайтын 32 қазақстандық тендерді тек қана Қазақстандық компаниялар арасында өткізді. Нәтижесінде, жергілікті компаниялармен жалпы құны 77,7 млн АҚШ долларын құрайтын 25 келісімшарт жасасты. «Қазақстандық тендерді» өткізу мүмкіндігі жергілікті әлеуеттің дамуының сапалы көрсеткіші болып табылады және жергілікті нарықтағы компаниялардың бәсекеге қабілеттілігінің бар екенін дәлелдейді.

КПО компаниясы Батыс Қазақстан облысы өндірушілерінің тұрақты дамуына мақсатты үлес қосады. Мұнай-газ өнеркәсібіне машина жасауды дамытудағы ынтымақтастық саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум аясында КПО «БҚО мұнай-газ өнеркәсібіне машина жасау» кластеріне қатысушы кәсіпорындармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп келеді. 2019 жылы БҚО-ның машина жасаушы алты кәсіпорнына нарықты зерттеуде қатысу үшін 26 шақырту, соған қоса тауарлар, жұмыстар және қызметтерді жеткізу бойынша 32 тендерге шақыртулар жіберілді.

Жасасқан келісімшарттар нәтижелерінде 2019 жылы КПО БҚО кәсіпорындарына тауарлар, жұмыстар және қызметтер жеткізу үшін 410 млн АҚШ долларын төледі. Мұндағы жергілікті қамту үлесі 71,1% немесе ақшалай түлғанымындағы 291,6 млн АҚШ долларын құрады, соның ішінде:

- ▶ БҚО машина жасау зауыттарының арасындағы тендер нәтижесінде «Зениттехсервис» ЖШС-мен мамандандырылған механикалық өңдеу бойынша пайдалану қызметтеріне жасалған келісімшарт;
- ▶ «Орал трансформаторлық зауыты» ЖШС-мен трансформатор өндіруге және жеткізуге жасалған ұзақ мерзімді келісімшарт;
- ▶ БҚО машина жасау кәсіпорындарының арасында жүргізілген «қазақстандық тендер» нәтижесіндегі «Ақсайгазсервис» АҚ-мен каустик пен судың алты буферлі ыдысы өндірісіне жасалған келісімшарт.

Жергілікті жеткізушілердің әлеуетін дамыту

Бәсекеге қабілетті жергілікті жеткізушілерді қызметімізге тарту мүмкіндігі тауар, жұмыс, қызметтерді Қазақстанда меңгеруге бағытталған бастамаларды сәтті жүзеге асыруда анықтаушы фактор болып табылады. Жергілікті өндірушілердің және қызметтерді жеткізушілердің бәсекеге қабілеттілігін сапаны ішкі басқару стандарттарын және техникалық стандарттарды, сонымен қатар бизнесті басқарудағы озық әдістерді енгізу арқылы дамытуға және арттыруға болады.

КПО-ның жергілікті жеткізушілерді дамыту бағдарламасы аясында «ПЗТМ» және «Ақсайгазсервис» компаниялары ASME стандарттарын сәтті енгізіп, қысым астында жұмыс істейтін ыдыстарды өндіру мен жөндеуге ASME стандарттарына сәйкес сертификаттаудан өтіп, «U» мен «R» мөрлерін қоюға рұқсат алды.

ҚР жергілікті өндірісін дамыту үшін инвестицияларды тарту үшін және серіктестік қарым-қатынастарды орнатуға немесе қазақстандық ұйымдармен бірлескен кәсіпорындар құруға халықаралық компаниялардың қызығушылығын анықтау мақсатында КПО халықаралық қауымдастықтармен, соның ішінде Ұлыбританияның халықаралық сауда департаментімен, Италия мен Қазақстан сауда қауымдастығымен және т.б. халықаралық компаниялармен әріптестігін жалғастырды.

Мәселен, 2019 жылдың 23 қыркүйегінде Нұр-Сұлтан қаласында «ҚазСервис» және «Эни» арасында өткен қазақ-итальян форумын ұйымдастыруға КПО компаниясы қолдау көрсетті. Оған қоса, бірлескен жиналыстарға қатысып, өзінің қазіргі және жоспарланған қызметтері туралы мәлімет ұсынды.

Ұзақ мерзімді бастамалар

Компания 2019 есептік жылы отандық өндірісті дамыту бойынша КПО, «PSA» ЖШС және «КАЗЭНЕРДЖИ» қауымдастығы арасында жасалған өзара түсіністік туралы меморандум, сондай-ақ ҚР Энергетика министрлігі, «PSA» ЖШС және КПО арасындағы оригиналды жабдық өндірушілерінің тауарларын Қазақстанда өндіру бойынша өзара түсіністік туралы меморандум аясында ұзақ мерзімді бастамаларды жүзеге асыруды жалғастырды.

Сәтті жобалардың үлгілері туралы егжей-тегжейлі ақпарат төменде берілген.



2019 жылы Қарашығанақ жобасының жергілікті қамту үлесі 57% (құны 683,5 млн АҚШ долларды) құрады

СӘТТІ ЖОБА ҮЛГІСІ 17

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ МАШИНА ЖАСАУ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

Қазақстан экономикасына қосатын үлесі ретінде жергілікті қамтуды дамыту мақсатында өзінің сатып алу қызметіндегі Қазақстанда өндірілген тауарлар, жұмыстар мен қызметтердің үлесін ұлғайтуды КПО компаниясы өте маңызды іс деп біледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі елде өндірілетін тауарлардың сұрыпталымын, соның ішінде бірегей жабдықтар мен оған қосалқы бөлшектерді өндіруді және лицензиялық қызмет көрсетуді барынша кеңейту жөнінде жаңа бастама көтерді.

Осы бастамаларды іске асыру аясында КПО тұрақты сұранысқа ие 33 тауардың алдын ала тізімін анықтады. Тұрақты сұраныстың болуы және өнімді ел аумағында өндірудің экономикалық тиімділігі сияқты критерийлерге бұл тізімнің сәйкестігін талдау нәтижесінде тізімдегі тауар саны сегізге дейін қысқартылды.

Мақсаты:

Тауарлар мен бірегей жабдықтарды Қазақстан Республикасында өндіру арқылы Қазақстанның машина жасау саласының дамуына және өсуіне атсалысу.

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

ҚР Энергетика министрлігі мен «PSA» ЖШС бастамасымен КПО, ТШО және НККК компанияларының қатысуымен «Бірегей жабдықтар өндірісін Қазақстанда жүргізу» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел отырысы барысында КПО, ҚР Энергетика министрлігі және «PSA» ЖШС арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

Өзара түсіністік туралы меморандумды және дөңгелек үстел қорытындысы бойынша хаттамада бекітілген шешімдерді орындау мақсатында КПО Қазақстандағы өндіріске ықылас танытқан бірегей жабдық өндірушілерімен келіссөздер жүргізді. Компания әрбір өндірушімен «Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді Қазақстанда шығару бойынша жол картасын» дайындауға қатысты жұмыстар өткізді.

Нәтижесі:

2019 жылдың соңында тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді Қазақстанда шығару бойынша жол карталарын дайындау аясында бірегей жабдық өндірушілерімен біраз келісімдер жасалды. «Петровалвэ», «Джон Крейн», «Бейкер Хьюз», «Флоусерв», «Ханивелл» сияқты компаниялармен ел аумағында өндірілуі мүмкін тауарлар мен қосалқы бөлшектер санаттары, жүзеге асыру мерзімдері және ҚР-дағы өндірістің есептік көлемдері анықталды.

Келесі екі жылда жол карталарын іске асыру КПО-ның өндірістік және жобалық қажеттіліктеріне, ірі жобалар бойынша келісімшарттар жасасу стратегиясына және тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді Қазақстанда өндіру әрекетіне байланысты бірегей жабдық шарттарының орындалуына байланысты, атап айтқанда:

- ▶ КПО мен бірегей жабдық өндірушісі арасында ұзақ мерзімді шарт жасасу;
- ▶ шарттың әрекет ету мерзімі ішіндегі сатып алудың кепілдік жылдық көлемі;
- ▶ тиісті салықтардан босату немесе мөлшерлемелерді баламалы түрде көтеруді қабылдау.



КПО жоғары басшылығы жергілікті қамту бойынша конференцияда, Атырау қ.

СӘТТИ ЖОБА ҮЛГІСІ 18

ЕРТЕ ТЕНДЕРЛЕР МЕН СЫНАМА ТАПСЫРЫСТАРДЫ ӨТКІЗУ

Мәселенің мазмұны / қысқаша сипаттамасы:

ҚР Үкіметінің өндіріс пен қызмет көрсету кластерлерін дамыту жөніндегі бастамаларын қолдау мақсатында және Қарашығанақ кен орнын одан әрі кеңейту жобаларын жүзеге асыру барысында қажеттіліктердің өсуі мүмкіндігін ескере отырып, 2014 жылдың шілде айында КПО, «PSA» ЖШС және «КАЗЭНЕРДЖИ» қауымдастығы отандық өнеркәсіпті дамыту бойынша өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Мақсаты:

- ▶ Ерте тендерлер мен сынама тапсырыстары арқылы Қазақстанда өндірілетін тауарлардың түрін кеңейту
- ▶ ҚР аумағында жаңа өндірістік қуаттарды құру немесе қолданыстағыларын жаңғырту арқылы келісімшарт бойынша КПО тарапынан тапсырыс көлемі кепілденген жаңа тауарлар мен қызметтер түрлерін өндіруді игеру үшін жағдай жасау

Жағдайдың шешімі / қолданылған әрекеттер:

Өзінің жеткізу тізбегі бойынша келісімшарттық стратегиясында КПО ерте тендер және сынама тапсырыс сияқты құралдарды қолдану арқылы ел аумағында шығарылуы ықтимал тауарлардың, қызметтердің және жұмыстардың 15 түрін анықтады.

Ерте тендерлер және/немесе сынама тапсырыстарды өткізудің міндетті талабы – тауарлар, жұмыстар және қызметтердің Қазақстанда өндірілуі.

Нәтижесі:

Меморандумды іске асыру сәтінен бастап, яғни 2015 жылдан бері, ерте тендерлер мен сынама тапсырыс құралдарының көмегімен КПО жалпы сомасы 490 млн АҚШ долларын құрайтын жұмыстар мен қызметтердің 29 түріне және жалпы сомасы 61 млн АҚШ долларын құрайтын бұрын импортталған тауарлардың 22 санатын Қазақстан аумағында өндіруге арналған келісімшарттарды ұсынды. Оның ішінде 2019 жылы жалпы сомасы 11,2 млн АҚШ долларын құрайтын Қарашығанақ кен орнында қажетті келесі тауарларды ҚР-да өндіруге арналған 7 келісімшарт берілді:

- ▶ бекітпе бұйымдар,
- ▶ төсемдер,
- ▶ ернемектер,
- ▶ сүзгіш элементтер,
- ▶ кабель жаймалары,
- ▶ мотор майлары,
- ▶ құтқару капюшондары.

ЕСЕП БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

GRI көрсеткіштері / 131

Тәуелсіз растау туралы есеп / 143

Глоссарий / 144

Кері байланыс / 147

GRI КӨРСЕТКІШТЕРІ

GRI мазмұн көрсеткіштері / GRI 102-55 /

КПО-ның 2019 жылғы тұрақты даму есебі GRI нұсқаулығының «негізгі» нұсқасының талаптарына сәйкес әзірленді. / GRI 102-54 /

ӘМБЕБАП СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтеме, түсініктемелер	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
GRI 101 Негізгі қағидалар 2016				
GRI 102 Есептіліктің жалпы стандарттық элементтері 2016				
102-1	Ұйымның атауы	Есептің аясы мен қамту шегі (5-бет)		
102-2	Шаралары, сауда белгілері, өнімдері, қызметтері	Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар (13-бет), 2019 жылдағы өндіріс және сатылым (14-бет)		
102-3	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері	Кері байланыс (артқы мұқабға), Өндіріс шеңберінде (11-бет)		
102-4	Өндірістік нысандардың орналасқан жері	Өндіріс шеңберінде (11-бет)		
102-5	Меншік пен ұйымдық-құқықтық нысанның сипаты	Басқарма құрылымы (27-бет)		
102-6	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар	Біздің өнімдер және экспорттық бағыттар (13-бет)		
102-7	Ұйым ауқымы: i. Қызметкерлердің жалпы саны; ii. Бөлімшелердің жалпы саны; iii. Таза сатылым; iv. Қарыз және жеке капиталға бөлінген жалпы капитал; v. Жеткізілетін өнімдер мен қызметтердің көлемі.	i. Қызметкерлер және олардың дағдылары (67-бет), Өндіріс шеңберінде (11-бет); ii. КПО өндірістік нысандары (11-бет), 2-сурет. Қарашығанақ нысандары мен өнімдері (12-бет), 2014 жылғы Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік нысандар (Тұрақты даму туралы есеп 2014, 6-8-беттер); iii.-iv. Есепті қолдану аясы мен шегі (5-бет); v. 2019 жылдағы өндіріс және сатылым (14-бет)		
102-8	Еңбек келісімшарт бойынша, жынысы, жұмыспен қамтылу түрі және аймақ бойынша қызметкерлердің және басқа да жұмыскерлердің жалпы саны	Қызметкерлер және олардың дағдылары (67-68-беттер) 8, 9, 10-сызбалар және 8-суретті қоса алғанда, 68-бет		

ӘМБЕБАП СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтеме, түсініктемелер	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
102-9	Жеткізілімдерді ұйымдастыру	Жеткізілімдерді ұйымдастыру (123-124-беттер)		
102-10	Ұйым және оның жеткізілімдерді ұйымдастыруына енгізілген айтарлықтай өзгерістер	Айтарлықтай өзгерістер болған жоқ		
102-11	Сақтық қағидатын қолдану	2019 жылғы ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары (39-бет), Өндіріс тұтастығы (50-54-беттер), ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ мәселелері бойынша өзара әрекеттесу және ақпарат алмасу (40-41-беттер), ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар бағдарламасы (42-бет), Апаттық әрекет ету жүйесі (48-49-беттер), Төтенше жағдай мәселелері бойынша жергілікті халықпен қарым-қатынас (49-бет)		
102-12	Сыртқы бастамалар	Жергілікті тұрғындармен диалог жүргізу (117-бет)		
102-13	Қауымдастықтардағы мүшелік	КПО, «КАЗЭНЕРДЖИ», ӨСАБ қауымдастығының мүшесі (31-бет), Іскерлік серіктестіктер және қауымдастықтардағы мүшелік (Тұрақты даму туралы есеп 2015, 9-бет)		
102-14	Жоғары басшылықтың мәлімдемесі	Бас директордың алғысөзі (6-10-беттер)		
102-15	Негізгі әсер ету, қауіп-қатерлер мен мүмкіндіктер	Бас директордың алғысөзі (6-10-беттер), Қауіп-қатерлерді басқару (30-бет), Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы (34-47-беттер)		
102-16	Мінез-құлық құндылықтары, қағидаттары, стандарттары мен нормалары	Бизнес-этика (32-33-беттер)		
102-17	Кеңес алу тетіктері мен этикаға сай емес мінез-құлық туралы хабарламалар	Сәйкестікті сақтау жедел желісі және басқа да шаралар (33-бет), Еңбек қатынастары (76-бет)		
102-18	Корпоративтік басқару құрылымы	Басқарма құрылымы (27-31-беттер)		
102-40	Мүдделі тараптар топтарының тізімі	КПО стейкхолдерлері және 2019 жылы олармен өзара әрекеттесудің негізгі жолдары (5-сурет, 26-бет)		
102-41	Ұжымдық еңбек шарттары	Еңбек ақысы және жеңілдіктер (75-бет), Еңбек қатынастары (76-бет)		
102-42	Мүдделі тараптарды сәйкестендіру және белгілеу	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу (25-26-беттер)		
102-43	Мүдделі тараптармен әрекеттесу әдістері	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу (25-26-беттер)		

ӘМБЕБАП СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтеме, түсініктемелер	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
102-44	Негізгі тақырыптар мен мәселелер	Маңызды тақырыптар (23-24-беттер), Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу (14-17-ші беттер). Стейкхолдерлер тобы көтерген негізгі мәселелер келесі бөлімдерде баяндалған: <ul style="list-style-type: none"> ▶ Құрушы компаниялар, «PSA» ЖШС өкілетті органы – «Басқарма әдістері» бөлімінде (27-28-беттер); ▶ Жергілікті қоғамдастықтар – «Жергілікті тұрғындармен диалог жүргізу» бөлімінде (117-бет), Экономикалық ынтымақтастық ұйымына түсірген шағым (122-бет); ▶ Қызметкерлер – «Еңбек қатынастары» бөлімінде (76-бет); ▶ Студенттер – «Қазақстандық жоғарғы оқу орындарымен серіктестігі» бөлімінде (78-бет); ▶ Мемлекеттік органдар – «Қауіпсіздікті қамтамасыз ету» (Сәтті жоба үлгісі 7, 57-бет), «2019 жылғы ҚОҚ бойынша іс-шаралар жоспары» бөлімдерінде (82-84-беттер); ▶ Контрагенттер – «Жеткізілімдерді ұйымдастыру» (123-124-беттер), «Жергілікті қамтуды дамыту» (125-129-беттер) бөлімдерінде; ▶ Бизнес серіктестер – «Жергілікті қамтуды дамыту» (125-129-беттер) ▶ Кәсіптік одақтар – «Еңбек қатынастары» бөлімінде (76-бет) 		
102-45	Біріктірілген қаржы есептілігіне қосылған заңды тұлғалардың тізбесі	Бұл есеп КПО Б.В. филиалының Қазақстандағы өндірістік қызметі мен жобаларын қамтиды		
102-46	Есептердің мазмұнын және тақырыптар есебін белгілеу	Маңызды тақырыптар (23-24-беттер)		
102-47	Маңызды тақырыптар тізбесі	Маңызды тақырыптар, Тұрақты дамудың маңызды тақырыптары (4-сурет, 24-бет)		
102-48	Қайта жариялау	КСШ өндірісінің көрсеткіші «Энергияны жұмсау динамикасы, 2017–2019 жж.» (25-сызба, 101-бет), «2017–2019 жж. КПО нысандарында түзелген қалдықтар мөлшері, тоннамен» (27-сызба, 107-бет)		
102-49	Есептіліктегі өзгерістер	Айтарлықтай өзгерістер болған жоқ		
102-50	Есептік кезең	Есепті қолдану аясы мен шегі (5-бет)		
102-51	Соңғы есеп беру күні	Есепті қолдану аясы мен шегі (5-бет)		
102-52	Есептілік циклі	Есепті қолдану аясы мен шегі (5-бет)		
102-53	Есепке немесе оның мазмұнына қатысты сұрақтар үшін байланыс ақпараты	Кері байланыс (артқы мұқаба)		
102-54	GRI стандарттарына сәйкес Есепті дайындаудың таңдалған нұсқасы туралы ақпарат	Есептілік жөніндегі жаһандық бастама (5-бет), GRI мазмұн көрсеткіштері (131-бет)		
102-55	GRI мазмұнының көрсеткіші	GRI мазмұн көрсеткіштері (131-142-беттер)		
102-56	Сыртқы куәландыру	Ақпараттың тәуелсіз расталуы (5-бет), Тәуелсіз растау туралы есеп (143-бет)		

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтемесі, ерекшеліктері	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
GRI 200 Экономикалық тақырыптар 2016				
<i>GRI 103 Басқару әдісі 2016 және тиісті 103-1, 103-2, 103-3 сілтемелері келесі маңызды тақырыптарға жатады: нарықтарға қатысу, тікелей емес экономикалық әсер, сатып алу практикасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау, қорлар</i>				
GRI 103 Басқару әдісі 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегінің маңыздылығын түсіндіру	КПО ықпал ету шекарасы Батыс Қазақстан облысын қамтиды. Есепті қолдану аясы мен шегі (5-бет); карталар 13-бет (3-сурет. КПО экспорттық бағыттары) және 68-бет (8-сурет. Аймақтар бойынша жұмыс атқаратын КПО қызметкерлері), Өндіріс шеңберінде (11-бет)		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	ӨБТК-ға 5-қосымша: «Әлеуметтік инфрақұрылымға қолдау көрсету» (113-бет); ӨБТК және тендерлік сатып алу: «Жеткізілімдерді ұйымдастыру» (124-бет); Жергілікті қамтуды арттыру бойынша ӨБТК қағидалары: КПО жергілікті қамту саясаты (125-бет); КПО басқару жүйелері (29-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	Сапа кепілдіктері (30-бет)		
Нарықтарға қатысу				
GRI 202 Нарыққа қатысу 2016	202-1 – Жынысқа және жергілікті минималды еңбекақысына бөлгенде бастапқы деңгейлі стандартты еңбекақының қатынасы	Еңбек ақысы және жеңілдіктер (75-бет). Қарашығанақ мұнай-газ, конденсат кен орны Батыс Қазақстан облысында (Қазақстан Республикасы) орналасқан, «өндіріс қызметінің ерекше аймағына» жатады.	202-1-а. Қолданылмайды. Еңбекақы деңгейлерінде жыныс бойынша айырмашылық жоқ.	
	202-2 – жергілікті халық арасынан жұмысқа қабылданған жоғарғы басшылық үлесі	Жергілікті қызметкерлерді дамыту (70-бет); «КПО қызметкерлерінің санаттары бойынша жергілікті қызметкерлер үлесін арттыру жоспарындағы» 1+2-санаттағы «жоғары дәрежелі басшылар» ұғымына бірінші басшылар және олардың орынбасарлары кіреді (16-кесте, 70-бет). «Жергілікті» ұғымымен жергілікті қызметкерлер, ҚР азаматтары сипатталады.		
Тікелей емес экономикалық әсер				
GRI 203 Жанама экономикалық әсер 2016	203-1 – Инфрақұрылымдық инвестициялар мен тегін қызметтер	Әлеуметтік инфрақұрылымды қолдау көрсету (113-бет); Батыс Қазақстан облысын электр қуатымен қамтамасыз ету (114-бет)		
	203-2 – Айтарлықтай жанама экономикалық әсер	Жергілікті қамтуды дамыту (125-129-беттер)		
Сатып алу практикасы				
GRI 204 Сатып алу практикасы 2016	204-1 – Жергілікті өнім берушілер шығыстарының үлесі	Жергілікті қамтуды дамыту (125-бет), 2017–2019 жж. КПО сатып алудың жалпы көлеміндегі жергілікті қамту үлесі (31-сызба, 125-бет)		✓

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтемесі, ерекшеліктері	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау				
GRI 205 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет 2016	205-2 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет саясаттары мен процедуралары бойынша хабарлау және оқыту	Тәртіп кодексі және жемқорлық жөнінде ақпарат тарату және оқыту (33-бет); Контрагенттердің этикалық сәйкестігін тексеру (33-бет)		
Қорлар				
G4 Мұнай-газ секторына арналған ақпарат	G4-OG-1 – Бағаланған дәлелденген қорлар мен өндіріс көлемі мен сыныпта-масы (ішнара)	Өндіріс шеңберінде (11-бет)		
GRI 300 Экологиялық тақырыптар 2016				
<i>GRI 103 Басқару әдісі 2016 және тиісті 103-1, 103-2, 103-3 сілтемелері келесі маңызды тақырыптарға жатады: энергия, су, биологиялық әртүрлілік, шығарындылар, шығарындылар мен қалдықтар, экологиялық талаптарға сәйкестік</i>				
GRI 103 Басқару әдісі 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	КПО ықпал ету шекарасы Батыс Қазақстан облысын қамтиды. Қоршаған ортаға қамқорлық (81-бет)		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	Қоршаған ортаға қамқорлық (81-бет); Қоршаған ортаны қорғаудағы міндеттеріміз (21, 26, 30, 32, 36, 39-сызбалар, 85, 94, 100, 102, 106, 110-беттер), 2019 жылғы ҚОҚ іс-шаралар жоспары (82-бет); «2019 жылғы ҚОҚ іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру көрсеткіші, %» (19-кесте, 83-бет), Энергетикалық менеджмент жүйесі (100-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	Энергетикалық менеджмент жүйесі (100-бет)		
Энергия				
GRI 302 Энергия	302-1 – Ұйым ішінде энергияны тұтыну	Энергияны тұтыну (100-бет), 2017–2019 жж. КПО-ның энергия ресурстарын тұтыну мөлшері (31-кесте, 101-бет). КПО-да энергияны үнемдеу және тиімділігін арттыру саласындағы ҚР нормативті құжаттармен реттелетін стандарттар, әдістемелер мен келісімдер қолданылады.	302-1 – с (ii, iii, iv), d. Қолданылмайды. КПО бу және салқын-дататын энергия тұтынудың жеке есебін жүргізбейді, бұл мәліметтер электр энергиясының жалпы көлеміне кіреді. КПО электр қуатын, жылуды, ауаны баптау және бу сатпайды.	✓
	302-3 – Энергияны жұмсау	Энергияны жұмсау динамикасы, 2017–2019 жж. (25-сызба, 101-бет)		

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтемесі, ерекшеліктері	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
Су				
GRI 303 Су 2016	303-1 – Су көздері бойынша алынатын су көлемі	Су қорларын тұтыну және қайта пайдалану (102-бет), 2017–2019 жж. КПО-ның су тұтынуы (26-сызба, 102-бет), 2017–2019 жж. КПО-ның су тұтыну көздері (33-кесте, 103-бет)		
	303-3 – Айналма және қайта пайдаланылатын су көлемі	2017–2019 жылдары тазартылған сарқындарды қайта пайдалану (35-кесте, 105-бет). 2019 жылы КПО-ның техникалық қажеттіліктеріне қайта пайдаланылған сарқынды су көлемі Коншыбай жырасынан алынған техникалық судың 8,9%-ын құрады.		✔
Биологиялық әртүрлілік				
GRI 304 Биологиялық әртүрлілік 2016	304-1 – Меншіктегі, жалдаудағы, басқарудағы немесе қорғалған аймақтарға жақын орналасқан және олардың шекараларынан тыс жердегі биологиялық әртүрліліктің жоғары құндылығы бар аумақтардағы өндірістік алаңдар	Биотүрлілік (110-бет)		
	304-2 – Қызметтің, өнімнің және қызметтердің биологиялық әртүрлілікке елеулі әсері	Биотүрлілік (110-бет)		✔
	304-4 – Қызыл кітапқа кірген түрлер және өндірістік қызметтерден зақымдалған аймақтарда мекендейтін ұлттық түрлерді сақтау тізімі	1990-2016 жылдары өткізілген зерттеулер барысында Қарашығанақ кен орны аймағында тіркелген маңызды түрлер www.kpo.kz вебсайтының «Тұрақты даму/ЕҚ,ҚТ және ҚОҚ/Қоршаған ортаны қорғау/Биотүрлілік» бөліміндегі тиісті кестесінде көрсетілген		
Шығарындылар				
GRI 305 Шығарындылар 2016	305-1 – Тікелей парниктік газ шығарындылары	Парниктік газдардың тікелей шығарындылары (96-бет)		
	305-4 – Парниктік газ шығарындыларының қарқындылығы	Парниктік газдардың меншікті шығарындылары (98-бет)		
	305-5 – Парниктік газ шығарындыларын азайту	Парниктік газ шығарындыларын көлемін азайту (99-бет)		✔
	305-7 – NOx, SOx шығарындылар мен басқа да маңызды ауаны ластағыш заттар	Атмосфераға тасталатын шығарындылар (94-бет)		

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтемесі, ерекшеліктері	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
Шығарындылар мен қалдықтар				
GRI 306 Шығарындылар мен қалдықтар 2016	306-1 – Сапа және қабылдайтын нысан бойынша суды төгу көлемі	Тазартылған ағын суларды төгу (103-бет)		✔
	306-2 – Түрі мен көму әдістері бойынша қалдықтар	Қалдықтарды қайта өңдеу және орналастыру, «2019 ж. КПО-ның қалдықтарды өңдеу тәсілдері, тоннамен» (37-кесте, 108-бет)		
	306-3 – Елеулі төгілу	2019 жылы Қарашығанақ кен орны аймағында айтарлықтай төгілулер тіркелген жоқ. Айтарлықтай төгілулер анықтамасы топыраққа не суға көмірсутектердің/химикаттардың төгілуі арқылы қоршаған ортаны ластауға әкелген, сондай-ақ төгілген көмірсутектер/химиялық заттардың көлемі 1 000 литрден асқан оқиғаға қолданылады.		
G4 мұнай-газ секторы басқару мәліметі	G4-OG-7 – Бұрғылау қалдықтарының саны және оларды өңдеу және жою стратегиясы	2017–2019 жж. өңдеу тәсілі бойынша ұңғымалық операциялардан түзілген қалдықтар (38-кесте, 109-бет)		✔
Экологиялық талаптарға сәйкестік				
GRI 307 Экологиялық талаптарға сәйкестік 2016	307-1 – Экологиялық заңнама мен нормативтік талаптарды сақтамау	Экологиялық айыппұлдар (84-бет). Есеп беру кезінде Компанияда қаржылық емес санкциялар оқиғалары болған жоқ. КПО-ның 2019 жылғы қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар жоспарлары және берілген рұқсаттары (18-кесте, 82-бет)		
GRI 400 Әлеуметтік тақырыптар 2016				
GRI 103 Басқару әдісі 2016 (Басқару әдісіндегі бұл тәсілге жұмыспен қамту және қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары жатады)	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	Бұл тұрғыдан КПО Қазақстан тұрғындарын, әсіресе Батыс Қазақстан облысы тұрғындарын қамтиды. Қызметкерлер және олардың дағдылары (67-бет)		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	Еңбек ресурстарын басқару жүйесі нұсқаулығы (29-бет); Біліктілікті басқару жүйесі (71-бет); КПО-ның кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы (70-бет); Ұжымдық шарт 2019–2021 жж. (76-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	Еңбек ресурстарын басқару жүйесі нұсқаулығы (29-бет); Біліктілікті басқару жүйесі (71-бет); КПО-ның кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы (70-бет); Ұжымдық шарт 2019–2021 жж. (76-бет)		

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтемесі, ерекшеліктері	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
Жұмыспен қамту				
GRI 401 Жұмыспен қамту 2016	401-1 – Жаңадан қабылданған қызметкерлер мен кадрлардың тұрақтауы	Қызметкерлер және олардың дағдылары (68-69-беттер): Кадрлар айналымының сызбалары (11, 12, 13)		
	401-2 – Жұмыспен толық қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілетін, жұмыспен уақытша немесе толық емес қамту шарттарында жұмыс істейтін қызметкерлерге берілмейтін жеңілдіктер	Еңбек ақысы мен жеңілдіктер (75-бет)		
Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары				
GRI 402 Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынастары 2016	402-1 – Қызметтегі өзгерістерге қатысты хабарландырудың ең қысқа кезеңі	Өндірістік қатынастар (76-бет)		
Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік				
GRI 103 Менеджмент саласындағы көзқарас 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	КПО ықпал ету шекарасы Батыс Қазақстан облысы Қарашығанақ кен орнындағы өндірістік нысандар мен Атырау облысындағы КПО-ның экспорттық құбыр желісін қамтиды. Тақырып КПО мен мердігерлерді қамтиды.		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша міндеттеріміз (5-кесте, 35-бет); Денсаулық сақтау саласындағы міндеттер (13-кесте, 60-бет); Салауатты өмір салтын насихаттау (63-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	ЕҚ және ҚТ бойынша көрсеткіштер (36-бет); 2006–2019 жж. Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығының көрсеткіштерімен салыстырғандағы КПО көрсеткіштері (4-сызба, 39-бет); 2019 жылғы КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша жетілдіру жоспары (39-бет); ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ карталар бағдарламасы (42-бет)		
GRI 403 Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік 2016	403-2 – жарақат түрлері мен коэффициенті, кәсіби аурулар, жұмыс уақыты жоғалған күндер және жұмыс орнында болмау коэффициенті, сондай-ақ жұмыста кісі өліміне апарған жағдайлар саны	ЕҚ және ҚТ бойынша көрсеткіштер (36-бет), Қызметкерлердің жұмыс орнында денсаулыққа байланысты болмауын қадағалау (62-бет), Кәсіби аурулар (63-бет)		✓
	403-3 – Кәсіптеріне байланысты жоғары жарақаттылығы мен ауру-сырқаттың жоғары тәуекелі бар қызметкерлер	Қызметкерлердің сырқаттануын бақылау (62-бет); Қызметкерлердің жұмыс орнында денсаулыққа байланысты болмауын қадағалау (62-бет); Кәсіби аурулар (63-бет); Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау (63-бет)		
	403-4 – Кәсіподақтармен жасалатын ресми келісімдерде денсаулық пен қауіпсіздік мәселелері (шнара)	Қызметкерлердің сырқаттануын бақылау (62-бет); Денсаулыққа төнетін қауіп-қатерді бағалау (63-бет)		

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтемесі, ерекшеліктері	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
Оқыту және білім беру				
GRI 103 Басқару әдісі 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	Қазақстан тұрғындарын қамтиды. Қызметкерлер және олардың дағдылары (67-бет)		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	Еңбек ресурстарын басқару жүйесі нұсқаулығы (29-бет); Ұжымдық шарт (76-бет); КПО-ның кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы (70-бет); Біліктілікті басқару жүйесі (71-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	Жергілікті қызметкерлерді дамыту (70-бет); Қызметкерлерді оқыту (71-бет)		
GRI 404 оқыту және білім беру 2016	404-1 – Бір қызметкерге шаққандағы оқу сағаттарының орта жылдық саны	Оқыту бойынша статистика (72-бет)		✓
	404-2 – Қызметкерлер біліктіліктерін арттыру және басқа қызметке өту кезінде көмектесу бағдарламалары	Шәкіртақылық бағдарламалар (77-78-беттер)		
	404-3 – Бағалау және мансаптық даму бойынша тұрақты қайта қараулар жүргізілетін қызметкерлер үлесі	Қызметкердің жұмысты орындауын және дамуын бағалау (75-бет)		
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер				
GRI 103 Басқару әдісі 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	КПО ықпал ету шекарасы Қазақстанды қамтиды		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	Тәртіп кодексі (32-бет); 2019–2021 жж. арналған ұжымдық шарт (Еңбек қатынастары 76-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	Ұжымдық шарттың талаптары 2-3 жыл сайын қайта қарастырылады		
GRI 405 Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер 2016	405-1 – Басқару органдары мен қызметкерлердің әртүрлілігі	Жергілікті қызметкерлерді дамыту (70-бет), Жасы және жынысы бойынша жергілікті және шетел менеджерлерінің саны, 2019 жыл (14-сызба, 71-бет)		
	405-2 – Еркектер мен әйелдердің базалық еңбекақыларының қатынасы	Негізгі еңбекақы жұмысшы санаттарына жыныс белгісіне қарамастан бекітіледі, сондықтан әйелдер мен ерлердің негізгі еңбекақылары тең.		

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтемесі, ерекшеліктері	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
Қауымдастықтар мен ұжымдық келіссөздерді жүргізу бостандығы				
GRI 103 Басқару әдісі 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	КПО ықпал ету шекарасы Батыс Қазақстан облысын қамтиды.		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	2019–2021 жж. арналған ұжымдық шарт (76-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	Ұжымдық шарттың талаптары 2-3 жыл сайын қайта қарастырылады		
GRI 407 Қауымдастықтар мен ұжымдық келіссөздерді жүргізу бостандығы 2016	407-1 – Бірлестіктер бостандығы мен ұжымдық келіссөздерді жүргізу құқығы бар, елеулі тәуекелге ұшырауы мүмкін бөлімшелер мен жеткізушілер	Өндірістік қатынастар (76-бет)		
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы				
GRI 103 Басқару әдісі 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	КПО ықпал ету шекарасы Батыс Қазақстан облысы, Қарашығанақ кен орны нысандарындағы КПО мен мердігерлерді және Атырау облысындағы экспорттық құбыр желісін нысандарын қамтиды		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	Қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі міндеттеріміз (12-кесте, 55-бет), Қауіпсіздікті басқару жүйесі (Қауіпсіздікті қамтамасыз ету, 56-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	Қауіпсіздікті басқару жүйесі (56-бет)		
GRI 410 Қауіпсіздікті қамтамасыз ету практикасы 2016	410-1 – Адам құқықтарына қатысты саясаттар мен процедуралар бойынша оқытудан өткен қауіпсіздік қызмет қызметкерлері	Сәтті жоба үлгісі 8 (59-бет)		

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтемесі, ерекшеліктері	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
Жергілікті тұрғындар				
GRI 103 Басқару әдісі 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	КПО ықпал ету шекарасы Қарашығанақ кен орны айналасында орналасқан елді мекендер мен БҚО Бөрлі ауданы Ақсай қаласын қамтиды		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	Жергілікті тұрғындармен диалог жүргізу (117-бет) ; Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас бойынша міндеттеріміз (43-кесте, 116-бет); КПО мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік процедурасы; Мәжбүрлі көшіру процедурасы; Көшірілген тұрғындар мониторингі, Шағымдар мен өтініштерді қарастыру (118-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	Көшірілген тұрғындар мониторингі, Шағымдар мен өтініштерді қарастыру; 2019 жылы жергілікті тұрғындардан келіп түскен шағымдар мен ұсыныстар (28-сызба, 120-бет); КПО жергілікті тұрғындармен жұмыс жасау процедурасы IFC стандарттарына негізделген		
GRI 413 Жергілікті қауымдастықтар 2016	413-1 – Жергілікті қауымдастықтармен жұмыс, жергілікті қауымдастықтарға әсерді бағалау мен дамыту бағдарламалары	Көшірілген тұрғындар мониторингі (118-бет) , Шағымдар мен өтініштерді қарастыру (118-бет) , Экологиялық мониторинг (90-93-беттер)		
G4 Мұнай-газ секторына арналған басшылық	G4-OG-12 – Өндіріс қызметтерге байланысты мәжбүрлі қоныс аудару және көшу процесі адам өміріне қалай әсер етті (ішара)	Көшірілген тұрғындар мониторингі (118-бет) , Березов және Бестау ауыл тұрғындарын көшіру (Қарашығанақ тұрақты даму туралы есеп 2017, 105-106-беттер)		
Апатқа қарсы әрекет етуге дайындық				
GRI 103 Басқару әдісі 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	КПО ықпал ету шекарасы Батыс Қазақстан облысы Қарашығанақ кен орнындағы КПО нысандары мен Атырау облысындағы экспорттық құбыр желісін қамтиды. Тақырып КПО мен мердігерлерді қамтиды. Апаттық әрекет ету жүйесі (48-бет)		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	Апаттық әрекет ету жүйесі (48-бет) , КПО Апаттық әрекет ету жүйесі (7-сурет, 48-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	2019 жылы өткізілген апатқа қарсы әрекет ету жаттығулары (https://www.kpo.kz/kz/ornyty-damu/e-tzhne-o-blimi/auiipsizdik-tekhnikasy/apatty-basaru.html), Төтенше жағдай мәселелері бойынша жергілікті халықпен қарым-қатынас (49-бет)		

ТАҚЫРЫПТЫҚ СТАНДАРТТАР				
GRI Стандарты	Жарияланатын мәліметтер	Сілтемесі, ерекшеліктері	Алып тасталынған ақпарат	Сыртқы растау
Өнеркәсіптік қауіпсіздік және өндіріс тұтастығын басқару				
GRI 103 Басқару әдісі 2016	103-1 – Маңызды тақырыптар мен оның қамту шегін түсіндіру	КПО ықпал ету шекарасы Батыс Қазақстан облысы Қарашығанақ кен орнындағы КПО нысандары мен Атырау облысындағы экспорттық құбыр желісін қамтиды.		
	103-2 – Басқару әдісі және оның компоненттері	Өндіріс тұтастығын басқару жүйесінің негізгі қағидалары (КПО 2016 жылғы Тұрақты даму есебі, 42-бет); Өндіріс тұтастығы саласындағы міндеттер (11-кесте, 50-бет); Өндіріс тұтастығының тосқауылдар моделі (51-бет)		
	103-3 – Басқару әдісін бағалау	2019 жылға арналған ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ саласын жетілдіру жоспары (39-бет), Өндіріс тұтастығы тиімділігінің негізгі көрсеткіштері (52-бет); Апаттық дабыл жүйесін оңтайландыру жобасы (54-бет); Технологиялық процесс қауіпсіздігі негіздері бойынша науқан (54-бет)		
G4 Мұнай-газ секторына арналған ақпарат	OG13 – Қызмет түрлері бойынша технологиялық қауіпсіздік оқиғалар саны	Өндіріс тұтастығы (50-бет); Алғашқы қорғаныш қабаты тұтастығының бұзылуы (52-бет)		✔

ТӘУЕЛСІЗ РАСТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП



«Эрнст энд Янг — консультационные услуги» ЖШС
 Өл-Фараби да-лы, 7/77
 «Есентай Тұрар» ғимараты
 Алматы қ., 050060
 Қазақстан Республикасы
 Тел.: +7 727 258 5960
 Факс: +7 727 258 5961
 www.ey.com

ОО «Эрнст энд Янг — консультационные услуги»
 пр. Аль-Фараби, 7/77
 здание «Есентай Тұрар»
 г. Алматы, 050060
 Республика Казахстан
 Тел.: +7 727 258 5960
 Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young Advisory LLP
 Al-Farabi Ave., 7/77
 Esentai Tower
 Almaty, 050060
 Republic of Kazakhstan
 Tel: +7 727 258 5960
 Fax: +7 727 258 5961



Building a better working world

құлықтың фундаменталды қағидаттарына негізделген.

Тәуелсіз растау орындалған негізгі процедуралары

Біз тапсырманы Халықаралық бухгалтерлер федерациясы (IFAC) шығарған «Өткен кезеңдердің қаржылық ақпараттың аудиті мен шолып тексеруінен өзгеше бағалы сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалар» 3000 сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырмалардың Халықаралық стандартына (қайта қаралған) сәйкес орындадық, оған келесі процедураларды орындау кіреді:

► тұрақты даму саласындағы саясаттар, қызмет пен нәтижелер үшін, сондай-ақ тиісті есептілікті дайындау үшін жауап беретін Ұйым басшыларымен және мамандарымен сұхбаттасу;

► Ұйымның тұрақты даму саласындағы саясаттарына, қызмет нәтижелеріне және есептілігіне қатысты шешуші құжаттарды талдау;

► Көрсеткіштер бойынша есептілікті дайындау процесін және тұрақты даму саласындағы есептілікті дайындау үшін пайдаланылған процесті қарастыру арқылы тапсырманың басқа жағдайларын жете түсіну;

► мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу саласындағы қызметті талдау;

► Есепті халықаралық және қазақстандық мұнай-газ саласындағы компаниялардың біріккені дайындаған тұрақты даму саласындағы есептермен және мүдделі тараптар қозғаған салаға тән болатын тұрақты даму саласындағы тақырыптар тізбесімен салыстырмалы талдау;

► 2019 жылғы тұрақты даму саласындағы Компанияның саясаттарын, оқиғаларын және қызметінің нәтижелерін қозғайтын бұқаралық ақпарат құралдары мен Ұйымның корпоративтік баспа басылымдарындағы іріктелген жарияланымдарды зерделеу;

► Ұйым анықтаған тұрақты даму саласындағы елеулі мәселелерді талдау;

► жоғарыда аталған процедуралардың негізінде Ұйым үшін елеулі болатын тұрақты даму саласындағы мәселелерді анықтау және бұл мәселелердің Есепте көрсетілу амалдарын талдау;

► Ұйым деңгейінде көрсетілген деректер Есепке лайықты түрде жиналғанына, дайындалғанына, біріктірілгеніне және қосылғанына көз жеткізу үшін 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы Көрсеткіштер бойынша деректердің іріктелуін талдау;

► Есептің 101 GRI Стандартында баяндалған тұрақты даму саласындағы қолданыстағы есептілік қағидаттарына сәйкестігін бағалау.

Тапсырманы орындау кезінде жүзеге асырылған, шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін процедураларымыз сипаты мен мезгілдері бойынша ерекшеленеді, олар ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезіндегі қарағанда мейлінше көлемді келеді. Тиісінше, шектелген сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезінде болған сенімділік деңгейі ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындау кезіндегі қарағанда барынша төмен келеді.

Тұжырым

Жүзеге асырылған процедуралардың және қолдағы дәлелдердің негізінде былай деп есептеуге мәжбүрлейтін еш факторлар назарымызда аудартады:

► Есеп 101 GRI Стандартында баяндалған тұрақты даму саласындағы есептілік қағидаттарына сәйкес келмейді,

► Көрсеткіштер GRI Стандарттары мен КПО-ның Тұрақты даму кодексіне сәйкес барлық елеулі аспектілерде шынайы ашылып көрсетілмеген.

Ernst & Young Advisory LLP

Алматы
28.07.2020

КПО-ның 2019 жылғы тұрақты дамуы туралы есепке қатысты тапсырма жөніндегі есеп

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстандық филиалының басшылығы мен мүдделі тараптарына

Тапсырма мәні

«Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» Қазақстандық филиалының (бұдан әрі «КПО» немесе «Ұйым») тапсырмасы бойынша біз «КПО-ның 2019 жылғы тұрақты дамуы туралы есепте» (бұдан әрі – «Есеп») келесі қамтылған сапалы әрі санды ақпаратқа қатысты шектеулі сенімділікті қамтамасыз ететін тапсырманы орындадық.

► Есептің Есептілік жөніндегі жаһандық бастаманың (бұдан әрі — «GRI») 101-стандартында баяндалған тұрақты даму саласындағы есептілік қағидаттарына сәйкестігі;
 ► Есептің «GRI Стандарттары бойынша ашылып көрсетілген мәліметтердің кестесі» тарауында көрсетілген және онда «/» символымен белгіленген тұрақты даму саласындағы қызметтің көрсеткіштері (бұдан әрі – «Көрсеткіштер»);

- Жергілікті өнім берушілерге жұмсалатын шығыстар үлесі;
- КПО ішінде энергияның тұтынуы;
- Кеп рет және қайталап пайдаланылатын судың үлесі және жалпы көлемі;
- Қызметтің өнім мен қызметтердің биоалуандыққа елеулі ықпалы;
- Парниктік газдардың тастауларын қысқарту;
- Ағын сулардың сапасын және қабылдайтын объектіні көрсете отырып лықсыма көлемі;
- Бұрғылау қалдықтарының саны және оларды қайта өңдеу әрі жою стратегиясы;
- Өндірістік жарақат түрлері мен деңгейі, кәсіптік аурулар деңгейі, жоғалған күндер мен жұмыс орында болмай қалу коэффициенттері, сондай-ақ жұмыспен байланысты ажалды жағдайлардың жалпы саны;
- Бір қызметкерді оқытуға жұмсалатын орта жылдық сағат саны;
- Қызмет түрлері бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік шіеленістерінің саны.

Көрсеткіштерді КПО басшылығы тиісті қағидаттардың, тұрақты даму саласындағы есептілікті қамту және әдістер саласының негізінде таңдады және дайындады.

Тапсырманың қолданыстағы критерийлері

Біздің тапсырманың қолданылатын критерийлер GRI Стандарттары және КПО-ның корпоративтік сайтында жарияланған КПО-ның Тұрақты даму кодексі болды. Біз мұндай критерийлер тапсырманың мақсаттарына сәйкес келеді деп жорамалдап отырмыз.

Басшылықтың жауапкершілігі

Ұйым басшылығы Есепті дайындау үшін және оның 101 GRI Стандартында баяндалған тұрақты даму саласындағы есептілік қағидаттарына сәйкес келетіндігі және оған қосылған Көрсеткіштер барлық елеулі аспектілерде 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы Ұйымның тұрақты даму саласындағы қызметі нәтижелерін GRI стандарттары мен Есептің 4-бетінде «Есеп туралы» бөлімінде сипатталған тұрақты даму саласындағы КПО қағидаттарына сәйкес шынайы етіп көрсетіндігі үшін жауапкершілік көтереді. Мұндай жауапкершілікке айтарлықтай бұрмалануы жоқ 101 GRI Стандартында баяндалған тұрақты даму және көрсеткіштер саласындағы есепті дайындауға жеткілікті болатындай, есептілік қағидаттарына сәйкес келетін мұндай ішкі бақылау жүйесін өзірлеу, өндіру және қолдау кіреді. Ұйым басшылығы есептілікті таңдау және оның лайықты қағидаттарын қолдану және өлшеу мен бағалаудың тиісті әдістерін пайдалану үшін жауапкершілік көтереді.

Біздің жауапкершілігіміз

Біздің жауапкершілігіміз мыналар жайында тәуелсіз тұжырымдар жасайтындығымызда:

- Есеп 101 GRI Стандартында баяндалған қағидаттарға сәйкес келеді.
- Көрсеткіштер барлық елеулі аспектілерде шынайы ашылып көрсетілді.

Біз №1 сапаны бақылау жөніндегі Халықаралық стандартты қолданамыз және тиісінше, сапаны бақылаудың толық жүйесін, оның ішінде этикалық талаптарды, кәсіптік стандарттар мен қолданыстағы заңнамалық және нормативтік талаптарды сақтауға қатысты құжаттандырылған саясатпен және процедуралармен расталған жүйені қолдаймыз.

Біз тәуелсіздік талаптарын және бухгалтерлер үшін Халықаралық этика стандарттары жөніндегі көнек шығарған кәсіптік бухгалтерлерге арналған Этика кодексінің басқа да этикалық талаптарын сақтаймыз, әрі ол адалдықтың, объективтіліктің, кәсіптік құзырлықтың және лайықты мұқияттылықтың, құпиялық пен кәсіптік мінез-

ГЛОССАРИЙ

АББРЕВИАТУРА	СИПАТТАМА
АСД	Автоматтандырылған сыртқы дефибриллятор
БАҚ	Бұқаралық ақпарат қауымдары
ББК	Басқару жөніндегі бірлескен комитет
БҚК	Бірлескен қызмет жөніндегі келісімшарт
БМС	Бастапқы мұнай станциясы
БСШЖ	Биотүрлілікті сақтау шаралар жоспары
БӨП	Бақылау-өткізу пункті
БҰҰ	Біріккен ұлттар ұйымы
ГҚДҚ	Газды комплексті дайындау қондырғысы
ГТГ	Газ турбиналы генератор
ДТҚБ	Денсаулыққа төнетін қауіптерді бағалау
ЕҚЖОЖ	Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі
ЕҚ, ҚТ мен ҚОҚ	Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау
ЕТО	Есепке алынуы тиіс оқиға
ЖЖЖ	Жоспарлы жөндеу жұмыстары
ЖКО	Жол-көлік оқиғалары
ЖҚ	Жол қауіпсіздігі
ЖҚК	Жергілікті қамту бойынша қосалқы комитет
ЖҚҚ	Жеке қорғаныс құралдары
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ҚБ	Қоғамдық бірлестік
ҚҚБ	Қызметкерлерге қамқорлық бағдарламасы
КСШ	Көмірсутегі шикізаты
КҚК	Каспий құбыр желісі консорциумы
ҚАТЖ	Қарашығанақ-Атырау тасымалдау жүйесі
ҚАТС	Қарашығанақ Атырау тасымалдау станциясы
ҚБЖ	Қауіпсіздікті басқару жүйесі
ҚКЖ	Қарашығанақты кеңейту жобасы
ҚМГКК	Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кешені

АББРЕВИАТУРА	СИПАТТАМА
ҚНЭ	Қауіпсіздіктің негізгі элементтері
ҚОҚБЖ	Қоршаған ортаны қорғаудың басқару жүйесі
ҚОТЖ	Қарашығанақ-Орынбор тасымалдау жүйесі
ҚӨК	Қарашығанақ өңдеу кешені
ҚСБ	Қауіп-қатерді сандық бағалау
МАС	Мұнай айдау станциясы
МӨЗ	Мұнай өңдеу зауыты
ӨБК	Өтім бойынша бірлескен комитет
ӨБТК	Өнімдерді бөлісу туралы түпкілікті келісім
ӨБЖ	Өзгерістерді басқару жүйесі
ӨҚД	Өндірістік қауіпсіздігі бойынша декларация
ӨҚН	Өндіріс қауіпсіздігінің негіздері
ӨМК	Өтім бойынша Мердігер комитеті
ӨСАБ	Өндіруші салалардың ашықтық бастамасы
ӨТБЖ	Өндіріс тұтастығын басқару жүйесі
ӨЭБ	Өндірістік экологиялық бақылау
РШТ	Рұқсат етілген шекті төгінді
РШШ	Рұқсат етілген шекті шоғырлану
СБК	Сатып алу бойынша бірлескен комитет
СҚА	Санитарлық қорғаныс аймағы
СМК	Сатып алу бойынша мердігерлер комитеті
ТЖ	Төтенше жағдай
ТММ	Тарихи мәдени мұра
ТПҚН	Технологиялық процесс қауіпсіздігі негіздері
ТНК	Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері
ҮЖТ	Үкіметаралық жұмыс тобы
ҰБО	Ұлттық байланыс орталығы
ҮЕҮ	Үкіметтік емес ұйымдар
ҰҰҰ	Ұлттық үйлестіру ұйымы
ХҚК	Халықаралық қаржы корпорациясы

АББРЕВИАТУРА	СИПАТТАМА
ХТҚО	Халықаралық табиғатты қорғау одағы
ЭКБЖ	Электрондық кіруді бақылау жүйесі
ЭМЖ	Экологиялық менеджмент жүйесі
ЭМС	Экологиялық мониторинг станциясы
ЭӘДҰ	Экономикалық әріптестік және даму ұйымы
ЫҚЖ	Ықтимал қауіпті жағдайлар

CH ₄	Метан
CO	Көмірқышқыл газы
CO ₂ -e	Көмірқышқыл газының эквиваленті
CO ₂	Көмірқышқыл газы
CH ₃ SH	Метилмеркаптан
C ₆ H ₆	Бензол
C ₇ H ₈	Толуол
C ₈ H ₁₀	Ксилол
GRI	Есептілік жөніндегі жаһандық бастама
H ₂ S	Күкіртсутегі
IOPG	Халықаралық мұнай және газ өндірушілер қауымдастығы, 1985 жылдан бастап қатысушы компаниялардың жаһандық масштабтағы оқиғалар туралы мәліметтерді жинайды
IPIECA	Халықаралық экологиялық мұнай компанияларының қауымдастығы
ISO 14001	Қоршаған ортаны қорғау бойынша басқару жүйесін енгізу жөніндегі халықаралық стандарт
ISO 50001	Энергия менеджменті жүйесінің стандарты
NO ₂	Азот оксиді
N ₂ O	Азот тотығы
OHSAS 18001	Кәсіпорында денсаулықты сақтау және еңбек қауіпсіздігін басқару жүйесін дайындау және енгізу сипаттамасы бойынша халықаралық стандарт

АББРЕВИАТУРА	СИПАТТАМА
OPITO	Оффшорлық компанияларды мұнай-газ саласы бойынша оқыту ұйымы
SO ₂	Күкірт газы



Ақсай қ. балаларына арнап өткізілген жол қауіпсіздігі шарасында

Сіздің пікіріңіз біз үшін маңызды!

Тұрақты даму 2019 есебіміз бойынша кері байлыныс формасын толтыруыңызды сұраймыз





БАЙЛАНЫСУШЫ ТҰЛҒАЛАР / GRI 102-3, 102-53 /

Тұрақты даму жөнінде есеп беру

Лыскова Ольга
Сулейменова Ляззат
Кабиева Анита

Эл.пошта: Sustainability@kpo.kz

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

КПО корпоративтік мәселелер бөлімі

«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.»
Қазақстандық филиал
Промышленная зона көшесі 81Н
090300, Ақсай қ.
Бөрлі ауданы
Батыс Қазақстан облысы
Қазақстан Республикасы

Барлық тұрақты даму туралы есептерімізді
келесі сілтеме арқылы табуға болады:
www.kpo.kz/sustainability

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ ПАРАҚШАЛАРЫМЫЗ:

www.facebook.com/kpobv

www.linkedin.com/kpobv

www.instagram.com/kpobv

www.vk.com/kpobv

www.youtube.com/Karachaganak